

Л 2017

4858к

**Талғат
КЕҢЕСБАЙ**



ОЙШОҒЫР

Талғат КЕҢЕСБАЕВ

ОЙШОҒЫР



АЛМАТЫ
«БАСПА»
2017

ӘОЖ 821.512.122 – 32

КБЖ 84(5қаз)-44

К 31 ✓

«Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді»

К 31 Кеңесбаев Т.
Ойшоғыр: Повесть, әңгімелер. / Талғат Кеңесбаев. – Алматы: «Баспа» ЖК, 2017. – 288 б.

ISBN 978-601-80663-3-7

Белгілі жазушы Талғат Кеңесбаев «Ойшоғыр» повесінде тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қоғамның қалыптасу кезеңін және адамдардың қарым-қатынасын, бауырмалдылығын суреттейді.

Кітаптың тілі шұрайлы. Шығармалары жеңіл оқылады.

Кітап қалың оқырманға арналған.

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84(5қаз)-44

ISBN 978-601-80663-3-7

© Кеңесбаев Т., 2017.

© «Баспа» ЖК, 2017.

ҚАРАҢҒЫ ТҮННІҢ ЖҰЛДЫЗЫ

*«Ноқтаға басыңды ілсең,
шыға алмайсың...»*

Шәкәрім

...Әлгінде ғана Найзатасқа иегін сүйеген алып күн еңкейген сайын қынадай қызарып, биік қарағайлардың арасынан Зуканың ауылына қарай найзадай қадалып біраз тұрды. Әдемі сурет еді. Бәрін бір бүйірден шыға келген ай сәулесі бұзды. Ақ пен қызыл алмаса алмай кілк-кілк етіп біраз тұрды. Жел де соқпады. Шөп басы да қозғалмады. Бірақ сонау-сонау жартастан іркіт-іркіт боп құйылған ақ шуақ төңіректі билеп алып еді.

Ай жарықтық туыпты. Шермиіп-ақ тұр. Ақ сәуле жылжи-жылжи ауыл шетіндегі өзеннің үстінен, әрбір шаңырақтың төңірегінен саумалдай ақтарылып түскен. Үй ішіндегілер әлдеқашан ұйқыға кетсе де оның кірпігі айқаспай қойған. Өзін жайсыз сезінгені сондай, «түу, ертоқымды жастанып далаға жатпаған екенмін-ау» деп бір ойлап қойды.

Аспаннан ақ сәуле төгіліп тұр. Алты қанат ақ боз үйдің ішіне күміспен күптеп қойған сияқты сандық, кебежелердің сүйегі жылт-жылт етеді.

Зука ұйықтай алмай әрі-бері дөңбекшіп, орнынан тұрды да иығына бешпентін іле салып, киіз үйдің сықырлауығын аша бергені сол еді, кіші ұлының: «Ауа-Ата, тайыма, мінгізші...», – деп ұйқысырағаны естілді. «Әй, құлыным-ай, айналайын, сен де ат жалын тартып мінуге жарарсың!» деп іштей ойлана сыртқа шықты.

Құдайдың қара аспанында самсаған жұлдыз көп екен. Тіпті, күміс тағаны әдейілеп шегелеп қойған сияқты. Жалт-жұлт етуін қарашы. Толған Ай әне-міне жарылатындай шатынап-ақ тұр екен. Төңірек құлаққа ұрған танадай.

Желі бойы жер жүріп еді, алдынан ала тазысы шықты. Құйрығын бұлғақтатып, жанына келді де шоқиып жерге отыра кетті. «Қансонарды аңсап, құса боп жүрсің-ау», – деп басынан сипап еді, ойнақтап алдынан кетпей қойды. «Әй, адалым-ай, шибөрілер сенің енең мен ұяластарыңды талап өлтіргенде, сүт араласқан қан-қан емшекті түртініп жатыр едің. Тіпті, көзінді ашпағансың. Солташым биенің сүтімен асырап еді. Екі қар басқанда Алтайда қызыл түлкінің бәрін қынадай қырып едің».

Ала тазы құйрығын бұлғандатып жолын бөгей берді. «Көлге бармашы, үйге қайтшы» дегендей, үстінен аттап кетсе, балағынан тістеп, қыңсылады дерсің. «Мынаны кешегілер оқытып қойған ба?» деген ой келді. Кеше қалың тұман сейіле бастағанда ауылға керуен келген.

– Анау Дихуадан шығып, Жеменейге бара жатыр едік, – деді ұйғырдың саудагері. – Жолдан сәл қияс кетіппіз, құдайы қонақпыз. Оның үстіне түйелер тасырқады, – деп тең-тең жүктерін шешіп, ауылға ерулеп келген.

...Керуеншілер көңілді жігіттер екен. Дәл алтыбақан тіккендей қылып, екі шетінен арқан керіп тастады. Үстінен жалаңаяқ жүргендеріне, аузымен шок шайнап, от бүріккендеріне ауылдың балалары, кемпір-шалы таң қалды. Бір шокша сақалды сібе жігіті иттермен адамша сөйлесіп, небір алыпсоқ төбеттерді дәл бір ерке баладай бұраңдатып қоятын сиқырын көрсеткенде, ұлы Солтан-Шәріп: «Әке, мыналар тегін адам емес, ұнамай тұрғаны» демесі бар ма? Оның бұл сөзін Зуқа естіме-

гендей елеусіз қалдырған. Оның үстіне биыл ел сүрі қардан жүдеп шыққан.

Сарышұнақ аяздың құшағы қатты болды. Тебін болмай, жылқыны сай-саланың қарын аршып, үйір-үйірге бөліп, иіріп бағып, әйтеуір, күн көзі жылт еткенге дейін жазықтағы малды тау-тастың бүйіріндегі шөбін ағаш күрекпен күреп, күйсетпесе де, күйін келтірмесе де, қыс құрсауынан аман-есен алып шыққан.

...Зука ақырын басып көлдің жағасына келді. Биыл қар суы көп болғандықтан арнасы кеңіп, бүйірі шығып қалған еді. Әскери машықтанудан кейін жігіттермен осында келіп түскенді ұнататын. Суы шымыр-шымыр етіп әр-әр тұстан адамның тынысын тарылтпай жігерін жанитын бір қасиеті барын ол іштей сезетін еді. Анадан туғандай тыр жалаңаш шешінді де суға қойып кетті. Құлаштап малтыды. Сүңгіп шықса, жағалауда қалған ала тазы бір сілкініп алып үрді-ай дерсің...

«Бұған не көрінді?» Осы кезде байқап қалды, қараңқұраң еткен төрт адам төрт бұрышта тұр екен. «Бұлар кімдер?» деп ойлағанша болған жоқ, шалманы кезек-кезек лақтырды. Біреуі оң білегін іліп алса, біреуі мойнына оратылды. Жағалауда тұрғандар арқанды тартқаны соншалық, Зука қылқынып демі шықпай бара жатты. Жантәсілім бар күшін жинап, өзіне қарай арқанды тартып еді, біреуі суға күмп ете түсті. «Ух!» деп демалып алған кезде ала тазы да қыңсылап үрді.

Солтан-Шәріптің құлағына үңгірдің түбінен шыққандай үн естілді. Селк етіп оянды да орнынан атып тұрып, ештеңе түсінбей далаға шықты. Ай сүттей жарық екен. Ол жан-жағына қарады. Қазанбай ағасы дамбалшан көлге қарай жүгіріп барады екен.

Зука аласұрды. Түнгі қарақшылар да жан-жаққа тартып, жанын қинап жатыр еді.

Ала тазы айнала үріп жүр. Солтан-Шәріптің бір бөле болғанын іші сезді. Жанұшыра айқай салды.

– Төлегетай аға! – деді Солтан айғайлап. – Аға, әкем... Қол-аяғы дірілдеп, даусы шықпай қалды.

– Не болды?

Солтан жалт қарағанда Төлегетай ағасы да жүгіріп келеді екен. Айдың жарығы көл жағасындағы арпалысты күндізгідей көрсетіп тұр еді. Әп дегенде Қазанбай үйдей біреуді тік көтеріп алды да жерге ыңқ еткізіп тастады. Анау байғұстың бір жері опырылып кетті ме, ыңырсығанда даусы қаттырақ шығып еді. Қазанбайдың ту сыртынан кездікпен ұрғалы жатқан кезінде ала қаншық секіріп барып жаудың білегінен ондырмай тістеп айырылмай қойды. Дәу қара шыр көбелек айналғанда тазы ит те онымен бірге айналды. Осы кезде жүгіріп келе жатқан Төлегетай екпінімен секіріп келіп қос аяқтап кеудесінен тепкенде, әлгінде ғана Зуқаға шалма лақтырған дәуді шалқасынан түсірді. Бір бүйірден шыға келген тапал төртбақ жігіт жерден жылқының басындай тасты көтеріп алып Қазанбайды ұрғалы жатқанда Солтан-Шәріп атылып келіп арқасына қона кетті де, басын әрі-бері бұрап жіберді. Осы кезде Зука да жағалауға шығып мойнындағы арқанды сыпырып жіберді де локсып-локсып, тізерлеп отыра кетті.

– Әй, тірімісің? – деді Қазанбай.

Зука сөйлей алмаса да, бір дыбыс шығарды.

– Иттің ғана баласы-ай, – деп Төлегетай Зуканың алдындағы арқанды алды да әлгінде ғана Солтан мойнын бұрап жыққан дәу қараны шимайлап-шимайлап байлап тастады.

Ай бір сәтке тоқымдай қара бұлттың арасына кіріп-шығып, қайтадан айнадай жарқырады.

– Зуқа, амансың ба? Бұл не? Бұл не? – деген Төлегетайдың сұрағына тізесінен келетін суға отыра кеткен батыр әрең дегенде:

– Бұлар төр-теу, – деді үзіп-үзіп.

– Әне біреуі, міне екіншісі, – деді Қазанбай.

– Қалған екеуі қайда? – деп Төлегетай жан-жағына жалтақтай қараса, ешкім жоқ. Тіпті қамыс басы да қозғалмайды. Солтан-Шәріп әкесінің киімдерін алып барып киіндіре бастады.

– Ауылды оятып алмайық, – деді Зуқа ақырын ғана.

– Мына екеуін байлап тастадық. Өй, мыналар керуеншілер ғой, – деді Қазанбай.

– Қап, әттеген-ай, Солташ балам айтқанда мән бермеп едік. Қап, әттеген-ай...

– Не болды?

– Не болды? – деп ауылдан екі-үш адам келе жатыр еді, Зуқа ұлына сыбырлап:

– Жәй балалар ойнап жүр ғой деп қайтарып жіберші аналарды, – деді.

– Ойнап... Ойнап жүрген бала екенбіз, – деп жерге былш етіп бір түкірді Қазанбай. – Солташ, сен осы жерде қал, мен оларды қайтарайын.

Солтан-Шәріп әкесін киіндіре бастады. Айдың жарығымен байқап қалды, әкесінің арқан қиған күретамыры күп болып ісіп шыға келіпті. Солтан-Шәріп әкесін киіндіріп болғанда Қазанбайдың дауысы қатқылдау шықты.

– Не болды сендерге? Түн жарымда бөрінің көтіндей шулап? Барындар ауылға. Зуқа екеуміз күресіп, Зуканы

жығып кеттім. «Қардың басын қар алар, қанның басын қан алар» деп өтірік күлген болды.

– Ой, түге, кәртайғанда сендерге не болған-ей? Түн жарымда алысып-жұлысып? Шошып кеттік қой, – десе, жуан дауысты біреуі:

– Қазан аға, сізді қараңғы түнде байқамай шапалақпен бір тартып жібере жаздадым-ау. Қайынағама қолым тисе ұят болды-ау, маскара бола жаздадым-ау, – деді скіншісі тырқылдай күліп.

– Бар, жатындар! Жығылған күреске тоймайды деген, қазір құрдасыммен тағы да бір алысайын.

– Түу, мыналарға дауа жоқ екен-ау! – деп жуан дауыс алыстай берді.

Төңіректі бір шолып шыққан Төлегетай алқын-жұлқын жетіп келді:

– Ана албастылар жын ба, шайтан ба, ізім-қайым жоқ, – деді. – Бұлар керуеншілер. Қазір ауылымен жатқан жерінде лақша бақыртып сабайын, – деді Төлегетай.

– Қой, Төлеш, түн ішінде елді дүрліктірмейік. Таң атар, мына екеуін байлап оңаша жерге апарындар. Қылбұрауды салындар. Анықтандар олардың кім екенін, – деді Зуқа.

Қазанбай жағалаудан түйежапырақты жұлып алып ыңырсғаннның аузына тықты. Екіншісін күлақ шекеден бір ұрып талдырып тастады.

– Ал, Төлегетай, мына екеуін саған тапсырдым. Біз ана керуеншілерге барып, әкесін танытайық, – деді Қазанбай.

– Мен де барамын, – деп еді Солтан-Шәріп,

– Сен үйге бар, – деді ақырын ғана Зуқа. – Ана шешен алаңдап қалар.

Солтан-Шәріп үн-түнсіз үйге қарай кетті. Екі иығы төмен түсіп салбырап, өкпе-наласы бар баладай ақырын ілбіп басып барады. Сол түні қолдарына қару ұстаған үшеуі ауылды сыртынан бақылап жүріп таң атырды...

– Керуен қозғалмапты, бірақ ана иттердің бір де біреуі жоқ, жүктері тең-теңімен үйіліп жатыр. Қыбырлаған біреуі болсашы, бәрі қашып кетіпті, – деп, күйінді Қазанбай.

Әйелдер жағы бие бау басына жинала бастағанда Төлегетай Зуқаға:

– Бауырым, түнде өліп қалсаң қайтер едік? – деді шын туыстық пейілімен.

– Адам өлім туралы айтпау керек. Оны Алла ғана біледі. Алланың жолындамыз. Кейінгі ұрпақ артымыздан құран оқып, атымызды айтып жүрсе, онда біз дұрыс өмір сүргеніміз. Өлсем қара жердің құшағына енемін. Бір нәрсеге көзім жетті, Солташымның менің артымнан құран оқитынына сенемін. Адамның көзі тірісінде бұл да аз сүйеу емес.

Қазанбай осы жерде өзін іштей кінәлады. Алдыңғы күні Зуканың үйде отырған жерінен өзі барып, «керуеншілердің ойын-сауығын көрейік» дегені есіне түсті. Зуқа біраз тартыншақтағанымен, қадалып тұрып алып еді, досы еріксіз келіскен. Енді Қазанбай шындап өкінді. Өйткені керуеншілерге бара жатқанда:

– Ассалаумағалейкум, ағатай! – деп алдарынан шыққан Солтан-Шәріп қос қолдап жылы жүзбен амандасқан.

– Уағалейкум, балам! – деп құшақтаған Қазанбай оның қақпақтай иығынан қағып-қағып қойған. – Зуқа, қарашы мына батырға, айналайын балам, ризамын саған. Ана жолы көкпарда жарадың, қыраным!

– Солташ, балам, мына керуеншілердің ойыны қалай? – деп Зуқа аспанға керілген арқанмен әрі-бері жүгіріп жүрген өзбек жігітіне күле қарап: – Адам ба, шайтан ба мынау? Астапыралла, көрмегенді көреді екенсің ғой, – деді.

– Әке, осыларға ішім жылымай тұрғаны, – деген Солтан-Шәріптің қауіптен айтқан сөзін естімегендей, Қазанбай айналасына қарап кетті.

Ауылдың қабаған итін ұршықша иіріп, әрі-бері секіртіп жүрген ұйғыр жігітіне таңырқай қарады. Сол сәтте әкесінің қабағынан салқындықты аңғарған Солтан-Шәріп иығын сол жағына бұрып, олардың жанынан ұзай берді.

– Өзің айтпақшы, көрмегенді көреді екенсің ғой, ой алла-ай, иттің тілін білетін адам болады екен-ау!

– Керуеншілер тұманда адасып ауылдың іргесіне келгесін ауқаттанып, тыңайып алсын деп қонақ еткенмін, – деді Зуқа.

– Естідім, – деді Қазанбай. – Жаңа Солташ бірдеңе дегендей болды ма, әлде мен қақас естідім бе?

– Әй, қойшы соны, – деді Зуқа. – Әке, осы Жұқияның мінез-кұлқы ұнамайды деді кеше. «Осыны келген жағына кері қайтарып жібергеніңіз дұрыс», – деп ақыл айтып отыр маған. Оған ұнамағанның бәрін қуа берсем жанымда адам қала ма менің?! Жұқия ұйғыр болса да менің жанымда жүрген жігіт емес пе? Оның сөзіне еріп, орыс Иванды бездірсем, менен пана іздеп келген Ильхом аканы да қусам не болады?.. Менің Зуқа атыма жараса ма?!

– Солташым жақсы, – деді Қазанбай. – Ана жолы Ақыт оның зеректігі туралы бір тұщымды сөз айтып

еді, – деп келе жатыр еді, жандарына мұртты саудагер жігіт келіп, сампылдап сөйлей бастады:

– Мәнті жеңіздер, ұйғыр жігіті Шәрәфат мәнті жасап жатыр еді. Дәмін татыңыздар! Тіл үйіреді, – деп асты-үстіне түсті. – Зуқа аға, жеңгей үйде ме? Бір аздаған сыйлығым бар еді.

– Ол не сыйлық? – деп Зуқа гүр ете түскенде, анау жалт беріп, әңгімені басқа жаққа бұрып, «мәнтінің дәмін татыңыздаршы» деп иіліп әлек болған еді...

* * *

...Киіз үйдің көлеңкесінде қамшы өріп отырған Зуқа құрық тастам жерде бес-алты баланың әңгімесін ап-анық естіп отыр.

– Ана жолы, – деді бөспебай Жарқын. – Екі кештің арасында Зуқа атам: «Әй батыр бала, тайынды ертте, менімен бірге барасын» дегесін, атымды ерттей сала қолыма шоқпарымды алып, ол кісіге ілесіп жүре бердім. Зуқа атам сөзге сараң ғой, жол бойы ештеңе демеді. Бір төбені асып түскеннен кейін астымдағы құла тайым құлағын қайшылап, оскырына бастады. «Әкем-ау, бұл не?» деп қоям. Таудан құлдилап бір үйір қасқыр бізге қарай келе жатыр.

– Ата! – дедім, «былай тұрыңыз, мен көрейін» деп, шоқпарды олай-былай сілтеп, екі-үшеуін домалатып түсіріп едім, қалғандары құйрықтарын бұтына қысып тауға қашты. Сонда Зуқа атам: «Әй, балам-ай, батыр екенсің ғой, келер жолы жорыққа сені ғана ертем», – деп маған айтты ғой.

«Сен барғанда мен қалам ба?» – деп кішкене қара бала танауына келіп қалған мұрынбоғын оң қолымен сол жағына бір тартты.

Зуқа жымыып күлді де олардың көзіне түспей үйге кіріп, шапанды желбегей жамылып, басына тартқан шытты көзіне түсірді. Балалардың жанына ақырын басып барып, ортада әңгімені естіп отырғандарға білдірмей, Жарқынды желкеден лып еткізіп көтеріп ап, өзенге қарай әкете берді. Өзінің білген қалмақша сөздерін құрап, әлдене деп сөйлей бастады. Жарқын болса тілін тартар емес, тіпті қорыққаны да білінбейді.

Балалар болса, жерден тас алып, «қалмаққа» жаудырып жатыр.

– Ей, қуарған қу қалмақ, босат деймін, Зуқа атам білсе, мойныңды шілдің мойнындай ғып бұрап алады.

Жібер деймін саған, жекпе-жекке шық, қазақтың кім екенін көрсетейін мен саған! Жібер кәне! Жігіттер, қайдасындар?! – деп Жарқын бұлқынып жатыр. Осы кезде бағанадан Жарқынның әңгімесін тыңдап отырған бір топ бала келіп, шапанының етегінен тартқылай бастады. Тумысынан балажанды Зуқа еріксіз күліп жіберіп еді.

Аяғы жерге тиген Жарқын құлағына дейін қып-қызыл болып кетсе де:

– Ой, ата-ай, сіз бе едіңіз, баламен бала болып кеттіңіз бе? – деп өкпелей сөйледі. Дәл бір үлкен адамдай кесек сөйлеп, кеңірдегін қозғап тұрған Жарқынның басынан сипады.

– Әй, батырсың ғой бала, нағыз батырсың! – деді.

– Рас па, ата? Естідіңдер ме ей, жүгермектер, атам мені батыр деп айтқанын?

– Иә, иә, – деп әр тұстан міңгір-міңгір еткен балалар расында қорқып қалып еді. Осы кезде жандарына қозының қарнына айран құйған, балалар «ақ апа» деп айта-тын үлкен кісі келді.

– Амансың ба, қайным? – деп амандасты Зукамен.

– Амансыз ба, жеңеше? – деп Зука амандасып, былтыр орыстармен болған шайқаста қаза тапқан жас жігіттің анасына ілтипатпен сәлемдесті.

Көгалды жерге бір жапырақ шытты төсеп жіберіп, түйіншектегі бауырсағы мен құртын шашып жіберген кемпір балаларға айран құйып берді де:

– Қайным, ақ түйенің қарны жарылды, – деп зорлана жымиған болды. – Сүйінші, қайным, өзіңе үйге барайын деп жатыр едім, алдымен мына балаларға айран беріп алайын деп бұрылдым. Шулап жүрген бұлар да міне, аға болды бүгін! Еркек бала әкелді келінім! «Өлі арыстаннан тірі тышқан артық» деген, қайтеміз енді, – деп бір уһілеп алды.

– О, бауы берік болсын, жеңгей! Ұзағынан сүйіндірсін, сүйіншіңіз менен.

– Еее, сүйінші деген не тәйірі? Аман болсын! Ырымдап өзіңе ат қойғызып алсам ба деген едім қырқынан кейін. Енді міне алдымнан шықтың. Сенің жолыңды берсін! Сен сияқты батыр болсын!

Осындайда тыныш тұратын Жарқын ба:

– Апа, менің атымды қойыңыз. Өмір жасы ұзақ болады. Жетім бала демесеңіз, мен де бір атаның баласымын. Мен Тобықты, оның ішінде Мотышпын, – деп танауын делитті.

– Рас-ау! – деді Зука оның өткірлігіне сүйсіне қарап. – Осы бала сөз тауып кетті, ақ жеңеше, осы батырдың атын қойсақ лайық болар еді. Мен сіздің сүйіншіңізге екі құлынды бие, екі сауын сиыр, жиырма қой берейін. Баланың несібесі болсын! Ертең бәрін жинап, ұлым Солтан-Шәріп алдыңызға әкеліп береді.

– Түү, ата-ай, әттең, Доғал атамның ауылы алыста ғой, менде бір үйір жылқы әкеліп берер едім, – деген кезде Жарқынның көзіне мөлт-мөлт етіп жас келіп еді.

– Қой, балам, оның не? – деп ауылдың бүкіл баласы «ақ апа» деп атайтын әйел адам оны бауырына басты. Құдай бұйыртып немерем қырқынан шыққан күні той жасаймыз, сонда тай жарысты сен бастайсың Жарқынбай.

– Рас па, ақ апа? Сарбаздарым естіп тұрсындар ма? – деп балаларға күле қараған кезде, Жарқынның көзінен жас тамып-тамып кетіп еді.

Зуқа әйел адаммен жылы қоштасты да, балалардың басынан бір-бір сипап, ауыл шетіндегі көрікті қыздырып жатқан ұстаханаға қарай аяндады. Найман атаның ағайынды төрт жігіті осы ұстахананы ұстайды. Қылыш, найза осылардың қолынан шығады.

– Ассалаумағалейкүм, жігіттер!

– Әәә, Зуқа аға, уағалейкүмассалам, жоғары шығыңыз!

– Армысыз, аға!

– Аға, қымыз ішіңіз, – деп бір үлкен шарамен қымыз әкеп берген Әбубәкір, – Әбілдәбек, батыр отыратын бөстек әкел, тізе бүксін, – деді бауырына.

– Жок, тізе бүкпеймін, өздеріңнің амандықтарыңды білейін дегенім ғой.

– Міне, аға, мына қылышты қараңыз, – деді екі көзі оттай жанған Әбілдәбек. – Қара тасты қақ бөлетін, бөлсеңіз де жүзі қайтпайтын алмас қылыш. Келіп қалған екенсіз, сізге сыйлайын.

– Ой, бауырым-ау, бұның не? Мен сендерге айтпап па едім? Сендер жасаған әр заттың өзінің бағасы, құны бар деп айтып едім ғой. Тегінге мен ештеңе алмаймын.

– Батыр, ашуланбаңыз. Біз сауда жасап жүрген сарттар емеспіз, наймандармыз. Бізге пана болдыңыз. Бізде де жүрек, бізде де ықылас бар. Алмасаңыз, інімнің адал ниетін аяққа бассаңыз төсімізді қолтықтап «шүү, қаракұйрық» деп, еліміз Шәуешекке қарай тартып отырамыз.

Зуқа сөзден тосылып қалып еді.

– Жігіттер-ау, мен сендерден сыйлық алайын деген оймен келген жоқ едім. Қызық болды-ау мынау өзі?

– Батыр, – деді Әбубәкір. – Менің де қолымнан шыққан бір бұйымымды сынап көріңізші. Мына найза темір құрсауды да, таспен қапталған қалқанды да тесіп өтеді. Сабы қайыңнан жасалып тұзға қайнатылған, өте ыңғайлы. Кәне, сынап көріңіз. Сілтеңізші бір, қай жерге дейін ұшыра алады екенсіз, – деп ұста жігіт аңқылдай күлді.

Жеп-жеңіл үшкір найзаны қолына ұстаған Зуканың көзі оттай жайнап кетті. Артынан ілесе шыққан найман жігіттеріне ризашылықпен қарап, найзаны алып бір-екі айналдырып «бісміллә» деп сілтеді дерсің.

Білеу-білеу білегінің бұлшық еттерін ойната, найзаны құлаштай лақтырған кезде ауада ұзақ қалықтап барып, бұлақтың арғы шетіндегі төбенің ұшына барып дік етіп қадалды.

– О, батыр! Атқа мініп, қазір барып алып келейін, – деді бозбала жігіт.

– Жә, – деді көзін жалт еткізген Әбубәкір. – Бұл саған не, баланың ісі ме, әлде тот басып қалатын ойыншық жасаппын ба мен?!

– Аға, енді осы найзаны бір ай жасадыңыз, асылға қызықпайтын адам бола ма? – деп еді.

– Қысқарт, – деді Әбубәкір көзі жарқ-жұрқ етіп. Туысынан тірліктің береке-бірлігін ғана ойлайтын Зуқа ақырын ғана:

– Әй, Әбе, мынауың бір үйір жылқының жұмысы екен ғой, – деп шынайы ризашылығын білдірді.

– Батыр, беріп те жатырсың, алып та жатырмыз, ниетіңе рахмет! Мына жиенім бір қызды ұнатып қалып, үйлендірсек пе деген ойымыз бар еді. Апаратын қалың малымыз жоқ, несін жасырайын, темір-терсекті арқалап апармаймыз ғой енді.

Зуқа кеңкілдей күлді. Оның бұл күлкісі шынайы еді.

– Әттең, Қазанбай досым да қартайыңқырап қалды. Оны да үйлендіретін едім. Бірақ, мына жиеніңнің жолы екен, ол жас, бұны үй қылып, шаңырақ көтеріп берейік. Анау найза қадалған жерге отау көтереміз. Оған дейін ырымдап, сол жерден найзаны алмайық, – деді.

– Алла риза болсын, батырым! Жастарға сенің батан дарысын деп, құдалыққа дайындаламыз ендеше.

Зуканың кеудесін шаттық кернеді. Бір қазақ өмірге келіп, бір қазақ үйленіп отау тіккелі жатқанын естіп, шын қуанып кеткен еді.

Кешегі керуеншілердің ылаңы ауыл арасына тарап кеткен, ұста жігіттер олар туралы ырымдап сұрамаған. Тек батырдың мойнын арқан қысып көгеріп қалған жерлеріне ақырын ғана көз тастаған.

– Батырға қымыз әкеліндер, – деді Әбубәкір ризашылықпен.

Шара толы қымызды сіміріп салған Зуканың беліне Әбділдәбек алмас қылышты байлады. Олармен қоштасып, бұрылып бара жатқан кезде, сонау тау басынан сақ-сақ еткен пулеметтің даусы шықты. Зуқа аң-таң боп тау жаққа қарап, сілейіп орнында тұрып қалды:

– Бұл не?

«Бұл не?» деді ішкі ойы үш рет қайталап. Жауап орнына тау жаңғырды.

Тауды жаңғыртқан алтын шайып жатқан қытайлардың айғайы еді. Олар оққа ұшып, жаралысы жанталаса ойбайлап жатқан дауыстары таудан-тасқа жаңғырып, ап-анық естілді.

– Атты әкеліндер!

– Атты әкеліндер! – деген дауыстар қатты естілді. Ауыл дүрлікті.

Пулемёттің сақ-сақ еткен дауысынан үркіп, желідегі құлындар шынғыра кісінеді.

– Батыр! Батыр, міне ат! – деп Әбділдәбек ер салынбаған күрең атты көлденең тартты. Зуқа «Иә, аруақ!» деп қарғып мінді. Тауға қарай тұра шапты. Бұлақтан қарғып өткенде қадалып тұрған найзаны іле жөнелді.

Бір бүйірден Қазанбай жігіттермен атқа қонып, Зуқаның соңынан ілесіп:

– Терең сайға қарай, терең сайға қарай! – деп айғайлап келеді.

Зуқа оған жауап қатпастан, биік-биік шыңдарға, құз-жартастарға қарады. Бір төбеден асып түскеннен кейін айналаны ап-анық көрді. Сақылдаған пулемёттің аузынан от шашқандар жартастың ығын паналаған екен. Алтын шайып, бейқам жүрген қытайларға ажал отын төгіп жатыр.

Қазанбай Зуқамен қатарласа берді.

– Байқа, байқа! – деді. – Мен алдыға түсейін.

– Жок, – деді Зуқа ат үстінде айғайлап. – Мен алдыға түсейін, сен жігіттерді абайла!

– Жок, мен барамын, сен абайла! – деп Қазанбай атын қамшылай бастап еді, Зуқа алдыға озып кетті.

Пулемёт сақ-сақ етіп, Зуқаның айналасына оқ жаудырып, оны шіліктің арасына бір-ақ тықты. Қазанбай артына қараса, тайына жайдақ мінген Жарқын шауып келе жатыр екен.

– Әй, қайт, қайт кейін! Жарқын, кейін қайт, қайт деймін мен саған!.. Жарқын болса оның дауысын естімей, Зуқа атасының соңынан Шілікті кезеңге қарай тура салды. Сақ-сақ еткен пулемёт оғын енді Жарқынға қарай атқылады. Осы кезде қия жартасқа қарай жаяу жүтірген Зуқа бойын жасырып үлгеріп еді. Найзасына сүйеніп тау басына тез-тез өрмелеп шықты. Шапшаң-шапшаң қимылдап, дәл бір тау барысы сияқты тастан-тасқа секіріп, пулемётшілердің төбесінен бірақ шықты. Көзі шалып қалды, күз жартастың түбінде төрт-ақ адам екен.

Далақтап шауып келе жатқан бала Жарқын сақылдаған пулемётке қарсы шапты. Қолындағы таяғын сермеп-сермеп, әлденеге кіжініп келеді, оны қалқалай Қазанбай да тұра шапты. Осы кезде Жарқынның мінген тайына оқ тиіп, мұрттай ұшты. Қазанбай құлап жатқан жерінен Жарқынды теңге ілгендей іліп алып, Шілікті сайға түсіп кетті. Қазанбайдың артынан ерген жігіттер жартастың басына шыққан Зуқаның белгісінен кейін сол жаққа қарай ауды. Пулемёттің оғы тастардың бетін отпен шабақтай бастады. Ыс-ыс еткен оқтың даусы тауды одан сайын жаңғырта түсті. Зуқаның көзіне қан толды... Найзаны тасқа тіреді де, төмен қарай секірді. Айналып-айналып кеп дік етіп, пулемётшілердің дәл төбесінен түсті. Әуелі басы айналып, көзі қарауытып ештеңені көре алмай қалған, оң жақ құлағының түбінен өтіп, бармағының басын тілгілеп өткен жау қылышынан кейін көзі қайтадан жарқ ете түсті. Әлгінде ғана Әбділдәбек берген қылышпен қауғабас орыстың басын

шауып түсірді. Дудар-дудар басы шатқалға құлап кете барды. Басы жоқ денеден қан атқылады дерсің...

Екінші орыс пулемёттің мойнын Зуқаға қарай бұра бергенде, найзаны сермеп қалды. Дәл өңешіне қадалды.

Басы шабылған орыс жерге жығылмай, әрі-бері жүгірді де гүрс етіп құлады. Тастың арасына қорыққанынан тығылған үшінші адам дәу ұйғыр еді. Күні кеше ғана керуенімен келген саудагер сияқты болып көрінген. Қолындағы нағанын әрі-бері басқанымен, Зуканы дәл көздей алмай қойды. Ту сыртынан жетіп келген Қазанбай оның үстіне секіріп қона кетті. Мойнын бұрап-бұрап жіберіп еді, бейшара көзі алайып сылқ етіп жерге құлады. Ауыл жігіттері де жетіп келді... Бәрінің көзінде үрей. Қан-қан болып жараланған Зуқаға тура қарай алмай өздерін кінәлі санап тұрғандары көрініп тұр. «Тықыр» еткен дыбысқа жалт қараса, екі тастың арасында қалш-қалш етіп отырған кешегі саудагер қазақ екен.

– Ой, әкенді... – деп Қазанбай ұмтылып еді.

– Тоқтай тұршы, – деді Зуқа даусы шаршап шығып.

– Қазір, қазір, – бармағынан аққан қан қылыштың арнасымен жүріп ұшына дейін барды.

– Зуқа аға, мен ғой, мен ғой, – деді жаны мұрнының ұшына келген саудагер.

– Қазір, – деді Зуқа тістеніп...

Екі тастың арасын паналаған саудагер қазақтың жанына келіп қылышты көтеріп тұрды.

– Батыр сауға, қазақпыз ғой. Кеше жеңешеме түкті кілем сыйлап едім ғой, жанымды қия көріңіз. Бұны істеген сіздің ата жауыңыз – Жин Шурын. Егер де алтын шайған қытайларды қырып тастасақ, бұның бәрін сізден көретін еді. Бұны істеткен анау, анау қытай, – деп саусағын шошайтты. Өзі дір-дір етіп бұтына жіберіп

қойды. Қазанбай «түй, иттің ғана баласы» деп жиіркеніп, теріс бұрылды да жерге бір түкірді.

– Батыр, мына хайуанды маған беріңізші, азаптап өлтірейін, – деп ызаға булыққан жас жігітті Зука тоқтатты.

– Әә, иттің ғана баласы, – деп қылышын сатқын қазақтың кеудесіне тіреп, – сен қазақсың ғой, – деді Зука.

– Иә, иә, Зука аға, мен қазақпын ғой, кеше жеңгейге арабы кілемді әкеп берген мен ғой, танымай қалдыңыз ба? Өлтірмеңізші мені! Үйде екі балам, ауру шешем, жас әйелім бар, сауға-сауға... жанымды қия көріңізші. Кешіріңізші, аға, Жин Шурын маған алтын береміз деген соң келісіп едім.

– Сен қазақсың ба?

– Иә! Иә, иә, аға, қазақпын, мен де орта жүзбін, аға! – деп кеңкілдеп жылады.

– Орта жүзден садаға кет, иттің баласы! Қазақтан садаға кет! Еркек болмай әнтек болғыр. Мен сені тірі қалдырамын, – деді Зука.

– Ой, Зука, не айтып тұрсың? Сен өлтірмесең, мен өлтірем, – деп Қазанбай алдыға түсіп келе жатыр еді, Зука оған зірк ете түсті. «Тұра тұр, бұндай өзінің халқын сатқан адамға өлім деген – жеңіл жаза».

– Иттің ғана баласы, – деп Қазанбай бұзып-жарып келе жатыр еді, жанындағы жігіттер ұстап-ұстап қалысты.

– Сені өлтірмеймін, иттің баласы, – деді Зука тістеніп.
– Өлім саған аз. Шейіт болған қазақтан садаға кет.

Зука қылышын көтеріп, ең ұшын оның танауына жақындатты. Ана байқұстың қорыққанынан екі көзі қылиланып, денесі дір-дір етті.

Алмас қылыш жарқ еткенде, оның таңқиған танауын ұшырып жіберді.

Бағанадан қан иісін аңдып, таста қонып отырған бір құзғын аспанға ұшқан оның танауын іліп ап, терең сайға қарай ұша жөнелді. Тұрғандардың бәрі танауы қабағына дейін түбірімен сырылып қалған, екі көзі бірінбірі жеуге ұмтылғандай жексұрын бейнені көріп, теріс айналды.

– Жігіттер, кеттік, тиіспеңдер мына сорлыға! – деді Зуқа.

Қазанбай жүрегі айнып, лоқсып-лоқсып жіберді. Жігіттер тасты шақыр-шұқыр басып, Зуканың соңынан еріп төмен түсе берді. Алтын шайған қытайлардың басшысы әлдене деп шошына айғайлап, бұларға шәңкілдей бастады. Қорыққаны сондай, қол-аяғы дір-дір етеді. Бір сөзін ұғып, бір сөзін ұқпай тұрғанда, қайдан жүргені белгісіз Әбдікәрім деген ұйғыр жігіті келіп, оның әрбір сөзін аударып бастады.

– Зуқа батыр, егер де сіз болмасаңыз бәрімізді өлтіріп, алтынымызды тартып алатын еді ғой, – деген сөздерін Әбдікәрім аударғанда Зуканың басы айналып тұрса да, тез есін жиып:

– Жігіттер, пулеметті сол жерде өртеп жіберіңдер, жаңағы хайуанға тиіспеңдер! Осыдан өлтірсеңдер, бірінді де аямаймын! – деп, даусы қатты шықты.

Қытай үстіндегі жейдесін жыртып, Зуканың жарасын таңғандай болды.

– Қазанбай, – деді ақырын ғана, – Жарқын қайда?

– Оққа ұшты, батыр. Кеудесінде жаны бар болатын. Шілікті сайда.

– Мені апар сонда.

Шілікті сайға бірін-бірі сүйеп екі дос жеткенде, жас бала Жарқын қансырап жатыр екен.

– Зуқа ата, Зуқа ата, амансыз ба? Қорқып кеттім ғой, сізге бірдеңе бола ма деп. Жаңа ғана мені марқұм әкешем жанына шақырып кетті. Бірақ өлмеймін ғой, иә. Мен бүгін ғана тудым емес пе иә, ата. Осы таң ата ғана шық кеппей өмірге келдім ғой. Жаңа ғана әруақ болған ата-анам «бізбен бірге жүрші, балам, жанымызда болшы» деп шақырды. Мен оларға Зуқа атамның тірі екенін көрсем болды, арттарыңнан қуып жетем дедім. Мен уәдемде тұрамын, мен жігітпін. Мен әкем сияқты Алаштың баласымын. Алаш жолында садаға кетемін, ата-ау! Тірі екенсіз ғой, ата, шүкір...

– Тірімін, балам. Айналайын, кәне көтерейінші.

– Ата, мені қозғамаңызшы. Бетіңізге, қолыңызға не болған, ата-ау? Тек сізден бір өтініш, басыма белгі қойғанда тете жазумен Жарқын, Тобықты, Мотыш, Доғал деп жазып қойыңызшы. Кішкентай Жарқынға жарқын болашақ тілеймін, ата-ау, – деген сөздерді ап-анық айтты да үзіліп жүре берді. Зуқа қолдары дір-дір етіп, оның көзін алақанымен басты.

– Жігіттер, – деді даусы ақырын шығып. – «Бөрүү баласы ит болмайды» деп қырғыздар айтпақшы, оның әкесі Алаштың арманын орындаймын деп Жарқынның кеудесіне нұр құйған. Жап-жас баланы арулап қояйық. Қазанбай, қырқы, жылы, басын көтеру екеуміздің мойнымызда.

Қазанбай тумысынан батыр жігіт, досқа адал, сөзіне берік, өте таза адам.

Досының бір ауыз сөзінде үлкен мағына жатқанын үнсіз түсініп, басын изеді. Келіскені...

Олар ауылға тас қараңғысында бірақ қайтты. Ертеңінде бесін уақытында ауылға бірнеше атты адамдармен Ақыт келді. Астына мінгені – былтыр Зуқа сыйлаған елік жирен. Құйрық-жалы төгіліп тұр, өмілдірік, құйысқаны күмістелген, тұрқы ұзын, өте сүйкімді ат еді. Жанына ерткені – ақ шапан киген, боз жорға ат мінген қасиетті Албанның дуалы ауыз қариясы Дүрмекбай. Жас жігіттер жағы алдарынан иіліп, сәлем беріп, шылбырларын қолдарына алып, қонақтарын қолтықтап-қолтықтап түсіріп еді.

– Ассалаумағалейкүм!

– Уәлікүмассалам!

Үлкендер жағы көздеріне жас алып, Зуқамен қауышса, Ақыт досымен күрсініп құшақтасты.

– «Жақсы би ауылымен көшіп жүреді» деген, бұның дұрыс болды, Ақыт, – деп Зуқа оны қайта-қайта құшақтады. Үлкендер жағы:

– Келін, батырыңды Құдай сақтап қалған екен, естіп жатырмыз, бар жаманшылық осымен қалсын, – десті.

– Аман болсын, айналайын!

– Елге жасаған жақсылығы көп қой.

– Ата-бабасы текті адам, көктегі Құдай да, жердегі періште де біледі.

Бабан Нұрмұхамбет ұстаз болған, әкең Сәбит молданы көзіміз көрді. Марқұм кең еді ғой, ақылдың кені еді ғой.

– Қайнымның жақсылығын біз де білеміз, – деп әңгіме ауанын басқа жаққа бұрғысы келген жеңгесінің сөзі де ешкімнің езуін тартқызбады.

Дастархан жасалып, қонақтардың шынтағына қос жастық тасталды. Екі жігіт босағадан кішігірім торпақтай қызыл ісекті әкеп, төрде отырған Дүрмекбай ақса-

қалдан бата сұрады. Ақсақал ықыласпен батаны жасап тастады. Осы кезде Қызыекенің көзі алдыңғы күні «керегі жоқ» дегеніне қарамай саудагер жігіттің тастап кеткен арабы кілеміне түсті. Орнынан атып тұрып, аяусыз кейіппен буылған кілемге қарап, кенеттен қайраттанып, «үлкендер отыр екен-ау» демей, тік көтеріп есіктің алдына алып шығып, жанып жатқан оттың ортасына тастай салды. Шытырлап жанған қу ағаш үстіне кілем түскен кезде одан сайын лапылдап жана бастады. Босағадан аттай бере Қызыеке жылап жіберді.

– Сіздердің жолдарыңызда садақа, – деді Қызыеке күрсініп.

Бұны сырттай бақылап тұрған Ақыт Қызыекеге риза болғаны сондай:

– Рахмет, айналайын, білгенің ғой, білгенің ғой, – деп тебірене тіл қатты.

Әңгімені басқа жаққа бұрғысы келген Қазанбай:

– Қызыекенің Солташтың бала кезінен болашақ қайын жұртына жинаған дүниесі, күйе түскен соң отқа жаққаны ғой, бар бәле осымен кетсін, – деп әуелі отырғандарды күлдірмек еді, бірақ сөз аяғы күрсініспен аяқталғанын өзі де байқамай қалды. Осы кезде:

– Ассалаумағалейкүм! – деп ұста Әбубәкір кірді. Жанында шымыр келген жас жігіт бар.

– Уағалейкүмассалам! – деп Зуқа орнынан атып тұрды.

– Әй, Ақыт, мына жігіт Әбубәкір ұста – темірді қамырша илейтін азамат.

– Аа, айтқансың, айтқансың. Кел, бауырым, төс қағыстырайық. «Шебердің колы ортақ» деп қазақ бекер айтпаған. Кел, кел! – деп жылы ұшырай амандасты.

Екеуі төс қағыстырды. Әбубәкір отыра беріп, жанындағы жас жігітті таныстыра кетті:

– Зуқа аға, мына жігіт Аягөзден келген Серікзат деген ақын жігіт.

Семейде Алашорданың бір жиынына қатысып, Шәкәрім қажымен жақын болғаны үшін қызылдар қудалап, соңына түсіпті.

– Не дейді? – деп отырғандар үрпиіп қалды.

– Қызылдар дейсің бе?

– Сонау Хабар асуы арқылы ауылға әрең дегенде өтіп, әйтеуір жеті күн дегенде Зуқа батырдың ауылы қай жерде деп сұрай-сұрай бізге жетіпті. Қонақ үстіне қонақ болғанымызға ғафу етерсіз! Біз кетейік.

– Ол не дегенің, Әбіш-ау? Іздеп барып өзім де сәлем беретін едім ғой.

Алыстан келген екен, қош көрдім, бауырым!

Әлгінде ғана Зуқа бір шатақты шығара ма деп ынғайсызданған Ақыт түсі жылып:

– Айналайын, төрлей ғой, жол азабын көрген екенсің. Бұл үй ағаңның ғана емес, осы отырған бәріміздің үйіміз. Бұл кешегі қажыға барған, ұстаз болған адамның үйі. Бұл шаңырақтың киесі бар. Осы үйдің әр уығында қазақтың несібесі бар, бірлігі бар, бауырым, – деген сөзіне Зуқа риза болып:

– Ақыт ағаң өте дұрыс айтады, төрле, бауырым, төрле, – деді.

Зуқа мен Ақыттың достық пейілін аңғарып қалған төрде отырған Дүрмекбай:

– Менің Бегалымдай ғана бала екенсің, кел, менің оң жағыма отыр, – деп төрге шақырды.

Осы кезде үйге ақырын басып Төлегетай кірді.

– Ассалаумағалейкүм, ақсақал!

– Аа, Төлеш, амансың ба, барсың ба, балам, – деді Дүрмекбай.

– Ақсақал, Бегалыңыз мықты азамат. Жиеніңіз өзіңізге тартып туған. Ой, ана жолғы Шәуешектегі жәрменкеде күрескені-ай! Оңынан келгенді оңға, солынан келгенді солға жамбасқа алып әй, бір лақтырды-ау! Әй, Шақар ғой! Әй, батыр Шақар ғой! Шақар...

– Иә, әңгіме айта отыр, балам, – деді Дүрмекбай Серікзатқа қарап.

– Ақсақал, ниетіңізге рахмет. «Үлкен отырып кіші сөйлегеннен без» деген, менің отырып домбыра тартып, ыңылдап ән айтатын әдетім бар еді. Рұқсат етсеңіздер маған сол жеңіл болар, – деп мейірлене күлген Серікзаттың жүзіне қарап Ақыт іштей риза болды да:

– Шырқа, бауырым, шырқа, өзіңнің ағаңның үйі.

Мақсұтбайдың Серікзаты төрде ілулі тұрған домбыраны қолына алып, әрі-бері шертіп отырды да алдындағы шара толы қымызды төңкеріп тастап:

– Хабар асуы – ол қазақтың қаралы асуы екен ғой. Сол асуда менің де сүйегім қурап қалуы керек еді. Сол жерден шейіт болған жандардан менің жаным артық па? Алашым үшін шейіт болсам, арманым не? Бірақ маған ақ өлім де бұйырмады. Шәкәрім қажы: «Әй, Серікзат, қарағым, ақыл – денеге егілген дән, суғарылса кіреді оған да жан, табаныңның астында адамның денесі қалмасын» деп еді. Мен адамның қу сүйегінің үстімен өттім ғой. Өзімді кінәлі санаймын, – деп тоқтады.

– Жоқ, бауырым, кінәлама өзіңді. Осы отырған тірі жүрген біздің де кінәміз жоқ. Алланың емес, бұл қу Советтің, Қызылдардың ісі. Қазақтың жері елдің көзінің құрты болған заман болып тұр ғой, бауырым-ау, – деп Зуқа толқып кетті.

Осы кезде көз жасы сақалынан тамып-тамып түскен Дүрмекбай «Балам, баста, баста», – деді ақырын ғана.

– Сол Хабар асудан өтіп, Жалаулының тұсында бір үнгірде тығылып жатып, үнімді шығармай, курайды домбыра қылып, іштей егіліп жазған әнім еді. Хош көрерсіздер! – деп, Серікзат домбырасын сабалап-сабалап алды да, даланың қоңыр даусына салды.

«Басынан мұнар көшіп, бұлт аунаған,
Бабамның қонысы еді бұл тау маған.
Тарғыл жол жолбарыстай Тарбағатай,
Сен десе жүрегімнен жыр саулаған.

Беу, асқар белі даламның,
Ертеңіңе алаңмын.

Қиянатқа қимайтын,

Бауырыңда өскен балаңмын.

Қызылтас қыран ұшқан қия белім,

Япыр-ай, қай өлшемге сияр едің.

Майлышат – ер Қабанбай туын тіккен,

Ұлтыма құтты мекен, ұям едің!»

Дастарған басында отырғандар теңіздей толқыды.
Ертістей егілді.

Серікзаттың даусын сыртта отырып естіген ауыл адамдары:

– Апыр-ау, біздің ауылды айтып жатыр ғой.

– Біздің тауды айтып жатыр ма?

– Не дейді, атақонысымды айтып жатыр ма? – деп, бұлар отырған киіз үйге жақындай түсті. Жүзін жас жуған Қызыеке сыртқа шығып кетіп, бетін бір жуды да, қазан-ошақ басында жүрген келіндерден қуырдақ дайын болғанын естіп табаққа салғыза берді.

– Ақсақал, елдің ағасысыз, исі Албанға ғана емес бүкіл қазаққа қадірлі адамсыз. Менің әкемнің көзің

көрдiңiз, «әкең өлсе де, әкеңдi көрген өлмесiн» дегенi
Мен сiзге ұзақ ғұмыр тiлеймiн, ақсақал!

– Рахмет, рахмет балам! Бек ризамын, – дедi Дүрмек-
бай.

– Әй, Зука, екеумiз әкеге бала болдық, шешеге пана
болдық. Осы Дүрмекбай ақсақалға не боламыз сонда?
– дедi Ақыт күлiмсiрей. Оның бұл сөзi әшейiн достық,
казаки көңiл едi. Оны түсiне қойған Зука:

– Бұл кiсiлерге бәле емес, бала боламыз да. Сенi бiл-
меймiн, Ақыт, менiмен Қазанбай екеумiз бәле боламыз-
ау, осы, – деп күлдi.

– Е, шiркiн, – деп күлдi Дүрмекбай. – Қаны таза, тегi
түзу Албанда бiр сөз бар, «тексiзден қорық» деген. Ал,
екеуiңнiң достығына, iшiнара туыстықтарына бек риза-
мын. Балам, алты Алаштың баласы Ақыт пен Зукадай
болсын деп тiлеймiн.

– Әумин, әумин! – деп, отырғандар қауқылдасып қал-
ды.

Осы кезде дастархан басында отырған ақ жаулықты
әйелдер қозғалақтап қалып едi, iшiнен Қауия апа шы-
ғып:

– Қайным-ау, жүдеп қалыпсың ғой, – дедi ақырын
ғана. Бәрi үнсiз қалды.

Осы кезде Зука өткiр көзiмен ағасы Төлегетайды ша-
қырды. «Не айтасың?» деп едi ақырын ғана. Зука «семiз
бiр тай болса» деп сыбыр еттi. Ағасы басын изедi де
үйден елеусiз шығып кеттi.

Қуырдақпен бал қымыз iшiп, қонақтар бiраз ес жина-
ған соң, жастар жағы отырғандардың қолдарына құм-
ғанмен су құйып, қызмет қылып жатқанда екi дос Зука
мен Ақыт төбе басына шықты. Оңаша әңгiмелесiп тұр.

– Зуқа, досым-ау, айтшы, саған не керек? Не жетпейді саған? Бабаң да, әкең де ұстаз болған адамдар. Шәкіртке дәріс берген, не болған саған жаралы арыстандай аласұрып? Ел аман, жұрт тынышта өзіңе жау іздеп.

– Мен бе? – деп Зуқа көзі жарқ ете түсті. – Мен бе осыны жасаған?

– Сенің қарекетінді имансыздың қарекеті демеімін. Сен батыр адамсың.

Батыр аңғал болады. Абайла, қызбаламба. Мен саған елінді қорғама деп айтып тұрған жоқпын. Мен саған абайла деп тұрмын. Гомандиннің саясатын сен түзей алмайсың, бұл елдің өз заңы бар!

– Кетсін біздің өр Алтайдан! Табанын жалтыратсын!

– Еее, қайран өр Алтай, мен қайтейін биігінді деген ғой. Екеуміз малтып көрмеген теңіздің түбінде жатыр ғой көп сыр, Гомандиннің құйтырқы саясаты. Ей, аңғал досым-ай! «Құйрығы жоқ, жалы жоқ, жылан қайтіп күн көрер» деген бабамыздың сөзі бар ғой. Желге қарсы шаптырмайды ғой мұсылман баласы.

– Адам баласы ешқашан қолына бекер қару ұстамайды. Ал, жауласқанмен жауласу, жауды жеңу адамның басты парызы деп білемін, – деді Зуқа.

– Ислам ағамыздың баласы Оспанға берген батанды үлкен танымдық жол деп білемін. Сенікі ерлік. Өзіңнен кейін болмасын деген жаман ниеттен ада екенінді көрсетеді. Сенікі кемеңгерлік.

– Еее, Ақыт-ау, қалам ұстаған алдымда шәкіртім болса, жым-жырт жүре беретін едім ғой. Мен әділетсіздікке төзбеймін.

– Білем, білем! Қазақтың даласы кең еді ғой... Мына төбе біздікі еді.

– Күндердің күнінде жаттың табаны тие ме деп қорқамын. Менің де үрейленетінім осы...

– Иә, иә, дұрыс айтасың, досым! Ендігі үміт анау Манғыстау даласындағы пір Бекеттің өмірін, Баянауыл жотасындағы Мәшһүр-Жүсіптің, Шыңғыстаудағы Абай ағамыздың асыл сөздерін қазақ баласы бойына сіңіре ала ма? Осы менің ойым. Біз соған үлгереміз бе? Әлімсақтан мұсылмандығымызды сақтай аламыз ба? Қабанбай атамыздың қазаққа осыншама жер алып бергендегі арманын жас ұрпақ «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып», береке-бірлік орната ала ма? – деді Ақыт күрсініп.

– Иә, Ақыт-ау, менің де ойым сол. Кешегі хан Кененің басы қайда? Сол бастың ішіндегі арманы қайда? Алаштың ардақтысы, менің төл құрдасым Әлихан Бөкейханның қазақтың болашағын ойлағаны қайда? Кімнің қанжығасында кетті? Осы қазақтың мықтыларының арманын орындайтын ұрпақ тәрбиелей аламыз ба? Күрескер болмасак та солардың кеудесіне бір дән еге аламыз ба? Мен жатсам-тұрсам соны ойлаймын, досым-ау. Қазақтың басына үйірілген бұлт сейіле ме? Айтшы. Бұл сұрақты сен қойсаң, мен жауап бере алмайтынымды білемін... Өйткені ешкім қазақтың сұрағына жауап бере алмайтын заман келді.

Екеуі бір сәтке үнсіз қалды. Үнсіздікті Зука бұзды.

– Ақыт-ау, – деді досының иығын қапсыра құшақтап. – Сенің жүрегің қазақтың кең даласы сияқты. Сол даланы кімдер біздің қолымыздан тартып алмақ? Қызымызды күң, ұлымызды құл етпек? Болашағымыз не болады? Мына жақтан орыс, мына жақтан қысық көз екі өкпеден қысып бара ма деп қорқамын. Солай болған күнде де қой екеш қой да бауыздар алдында тұяғын

бір серпиді ғой. Күң әйелден құл бала туатынын әрбір қазақтың баласы білсе екен деймін.

Осы кезде астындағы жорғасын тайпалтқан Қазанбай келді.

– Әй, екеуіңе не болды-ей? Дауыстарың қатты шығып жатыр ғой, – деп аттан түсті. – Жігіттер бір семіз тайды жетектеп келді. Асау екен, қызыл май болмай тұрғанда барайық. Обал болады.

– Ой, Дүрмекбай ақсақал бар емес пе? – деді Зука.

– Ол ақсақал бырылдап ұйықтап жатыр. Жүзге келу онай деймісің, – деді Қазанбай.

– Шаршаған-ау қария... Ақыт, сен бер батаны, – деді Зука.

Үшеуі аяндап ауылға келгенде, жігіттер бүйірі тоқ қызыл тайдың аяғын буып жатыр еді. Ақыт екі қолын алдыға созып бата бере бастаған кезде, бір жел толқып оның дауысын естіртпей жіберді. Тек бір ауыз сөзін ғана маңында тұрғандар естіп қалды: «Қазағымның бірлігі болсын! Әумин!». Зуканың көкжал жігіттері апаш-құпаш қимылдап, әп-сәтте тайды жәукемдеп, терісін есік алдындағы арбаның үстіне тұздап, жайып тастады.

Ақыт үйге кірмей, олардың әр қимылын үнсіз бақылап тұрды. Көзінде қуаныш бар еді. «Шүкір, осы жастарым аман болса, елім де, жерім де, кең далам да аман болар» деп іштей ойлады.

Палуан Мұқан деген жігіт келіп:

– Ағалар, мынаны әкем марқұм бала кезімде шикідей асатушы еді, – деп телшенің майынан бір-бір кесіп алып, – асаңыздаршы, – деді.

– Пәлі, – деді Ақыт кеңкілдей күліп. – Біздің жігіттер қазақтың жөнін біледі екен-ау, ә, Зука?!

– Оой, Ақыт-ау, бұл сонау Буыршынның жігіті, Жәдік, оның ішінде Байғара атаның ұрпағы. Жауырыны жер иіскемеген палуан.

– Тұлпардың тұрысынан, сұңқардың қанат қағысынан белгілі ғой.

Көрініп тұр ғой, Зука, бұл бауырымыздың палуан екені, – деді Ақыт.

Дүрмекбайдың ұйқысы қанған кезде, жас ет былқып пісіп еді.

Бағанағыдай емес, Дүрмекбай көңілденіп жан-жағына мейірлене қарап: «Ас алыңдар, қарақтарым, ас алыңдар!» деп, жастарға бір-бір асатып қойды.

– Ақсақал! – деді шетте отырған бір жас жігіт. – Баяғыда сіздің бала кезден бірге өскен досыңыз Кеңесжан ақсақал өз жаназасын өзі шығарар алдында «Кеңес аға, не арманыңыз бар?» дегенде, «Адам баласында арман көп қой, мен жасарымды жасадым, асарымды асадым. Немере-шөберелерім ат жалын тартып мінді. Құдайға шүкір, арманым орындалды. Бір-ақ арманым бар, артымда Дүрмекбай қалып бара жатыр» депті, – деген кезде отырған жастар мырс-мырс күлді.

Жастардың күлетін де жөні бар еді. «Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды» деген, Дүрмекбай мен Кеңесжанның арасындағы қалжың елге көкжайлауға жайылған қалың жылқыдай кісінеп кетіп еді.

Дүрмекбай жағы Кеңесжанның балаларына «сендердің аталарың нашар, біздің атамыз көп жасады» десе, Кеңесжанның балалары «сендердің Дүрмекбай әкелерің біздің әкемізден бір мүшел жас кіші екен» деп, ауыл арасына сөз жарастырып, бала баламен, күйеу күйеумен, келін келінмен қалжыңдасып жататын.

– Еее, қарақтарым-ай, Кеңесжан кең еді ғой. Өзгеге өлім тілемейтін, өзіне өмір тілейтін адам еді. Елі мен жерін ойлаған кең адам болатын. Мықты аңшы, құралайды көзге атқан мерген еді ғой.., – деді Дүрмекбай.

Жаңа ғана мырс-мырс күлген жастар жағы ұялып төмен қарады. Екі қарияның екі дүниеде достығын сақтап қалғанына Зуқа іштей қатты риза болды. Әйелі Қызыеке жаққа қарап, көзімен «бері кел» дегендей белгі берді. Қызыеке – текті елдің қызы. Дүниенің бетіне қарап қызықпайтын адам, бар тілегі ерінің үстінде. Ол лып етіп оның жанына келді. Зуқа сыбыр етті. «Ақсақалға шапан». Қызыеке үйден ақырын білдіртпей шығып кетті де, әп-сәтте күйеуінің оң тізесіне таман мұқият бүктелген шапанды елеусіз ғана әкеп қойды. Бұл шапан оқалы еді. Былтыр көктемде сонау Үрімшінің жәрмеңкесінен құлынды биенің құнын беріп алған-тын. Бөркі құндызбен көмкерілген, жағасы бұлғыннан тігілген мақпал шапан еді.

– Ақсақал! – деді орнынан тұрып. – Елдің үлкенісіз, ауылымызға көптен келмеп едіңіз, мынау шапан сізге, – деп, төрде отырған Дүрмекбайдың иығына жапты. Дүрмекбай Зуқаның шекесінен төмен қарай сызып өткен қылыш ізін көріп, жүрегі шым етті де, дауысын қырнап:

– Аман бол, қарағым! «Алған жомарт па, берген жомарт па?» деген сөз бар біздің қазақта. Сенің ауылыңды, амандығыңды көріп, кәрі көңіліме қуат берген, бізге жол бастап келген Ақыт баламның иығына жабайын. Шырағым Ақыт, иығыңда тозсын осы шапан! Жасың, ғұмырың ұзақ болсын! Кеменгерсің! Екеуіңнің достығыңа сызат түспесін, – деп, Ақыттың иығына жауып, басына бөркін кигізді де, Зуқа мен Ақытты қатар құ-

шақтады. – Аман болындар, қарақтарым, елдің иесі де, киесі де осы сендерсіңдер! – деді.

Дастархан басында отырғандар толқып кетті. Зуқа отыра бергенде, палуан Мұқанға жаныма кел дегендей ишара жасады. «Ауылдағы тәй-тәй басқан баладан, тайға мініп жүргендеріне дейін жина, есіктің алдына әкел, ақсақалдан бата сұраймыз», – деп ақырын ғана айтты. Мұқан екі бүктетіліп, есіктің сықырлауығынан білдіртпей шығып кетті.

Қонақтар ет жеп, сорпа ішіп тоғын басып отырған кезде, екінді уақыты болып қалған еді.

– Ақсақал, – деді Зуқа, – жаңа сіз Ақыт екеуімізге достықтарың берекелі болсын дедіңіз. Рахмет! Алла риза болсын! Ағайын аман болсын, достық маған өте қымбат. Қазақтың қырық руынан менің ауылыма пана іздеп келген адамдар өсіп-өніп жатыр. Солардың ұрпақтарына бата беріңіз. Есік алдында жастар жиналып тұр.

– Әп, бәрекелді, Зуқа батырым-ау, бұның білгендік. Текті атаның баласысың ғой. Менің батамда не тұр? Бірақ сен менің жасымның үлкендігін сыйлап тұрсың-ау. Жол Ақыттікі еді ғой.

– Жоға, ақсақал. Албан деген қасиетті елдің үлкенісіз, бар деп аспайсыз, жоқ деп тозбайсыз. Жастарға үлгісіз, сізден бата алмаған ұрпақ кімнен бата алады?

– Айтқаның жөн, Зуқа балам. Жол Ақыттікі болсын, білім мен парасаттың кені осы балам ғой.

– Ата-ау, – деді Ақыт еркелей сөйлеп, – мені қартайта бердіңіз ғой.

– Әй, Ақыт балам, кәрілік надандық емес, – қасиет, жастың наданынан сақтасын Құдай. Ал, сен ғұлама-сың, Зуқа батырым екеуің кемеңгерсіңдер. Сендер аман болындар! – деді Дүрмекбай.

Алты қанат үлкен үйден Дүрмекбайды Ақыт пен Зуқа қолтықтап шығарған кезде:

– Ата! Ата!

– Ата, бата!

– Ата, бата! – деп шу-шу етті балалар.

Ақыт қолын көтергенде бәрі басыла қалды. Жымжырт. Бәрінің көзінде үміт оты оянып, жайнап сала беріп еді.

– Ал, балалар, аталарыңның батасын тындандар!

Дүрмекбай «Әумин!» деп қолын жайды да, балалардың көздеріне қарап бір сәт тұрып қалды.

Әумин десең міне, бата –

Құлыннан тұлпар,

Балапаннан сұңқар.

Тұсау кесерден азамат,

Білектен күш,

Жүректен ниет,

Саумалдан сусын,

Аспаннан күн,

Жерден жомарттық,

Түннен жұлдыз болсын, сендерге!

Аман болындар, қазақтарым,

Бірліктерің мен тірліктерің бір болсын!

Ру-руға бөлінбей,

Жүз-жүзге жіліктенбей,

Бір қазақ болындар, құлындарым!

Әумин!

– Әумин!

– Әумин!

– Әумин!

Әйелдер жағы шашу шашқан кезде, бала біткен шу-шу етіп ауылды мәре-сәре қылды.

* * *

Ай жарық еді.

Сүттей жарық еді.

Түндігі ашық.

Алты қанат ақ үйдің іші ондық шам шанбаса да жап-жарық еді.

Жап-жарық еді...

* * *

Ертеңінде қонақтар қайтуға ынғайланғанымен, Зуқа әр нәрсені сылтауратып бөгей беріп еді. Бесін намаз уақытында Зуқа оларды дастархан басынан тұрғызды. Дөң астындағы әскери машық өткізетін жерге жүз жастағы Дүрмекбайды әуелі екі жігіт қолтығынан жетектеп келе жатыр еді, қария әрі-бері шапқылап еттерін қыздырып жүрген сарбаздарды көріп ана екеуінің қолын қағып тастап, өзі ширақ қимылдап, аяғын тез-тез басып жүре берді дерсің... Жан-жағына «ой, бәрекелді» деп күлімдей қарап, «Ақсақал, атқа мініңіз» дегенге қармай:

– Ой, батырларым-ай, бар екенсіңдер ғой! – деп өңешін созып-созып қояды. Тіпті алдына палуан келсе күресе кететіндей ынғайы бар. Ширақ.

Оюлы үлкен текеметті төбе басына жайып, төрт жорға атпен ауылдан табақ-табақ жылқының еті мен бал қымызды жаяу жүргіншілерден бұрын жеткізді. Ауыр-ауыр құс жастықтар тасталып, бәрі әзірленіп қойылған екен.

– Әй, Зуқа, сен бағанадан сөзді неге созып отыр деймін? Мына құрметті көрсетпек ойың бар екен ғой, – деп кеңкілдей күлді Ақыт.

– Ақа, барымыз да, нарымыз да осы енді. Әдейі мақтан үшін көрсетейін деген жоқпын, бесіннен кейін жігіттердің «не бел кетер, не белдік үзілер» дейтіндері бар еді. Соған тұспа-тұс келіп қалдыңыздар, айып етпессіздер, – деді Зуқа.

– Пәлі, о не дегенің? Сенің сарбаздарыңның әскери шеберлігін көрсек несі айып екен? «Сақтықта қорлық жоқ» деген, – деп Ақыт тау жаққа қарады.

Оның бұйткен мінезін Зуқа кеше екеуара әңгімені жуып-шайғанын іштей сезді. Досының көрегендігіне риза болғандығы сондай:

– Ақа-ау, өзің айтпақшы, сақтанғанды кім жек көрсін? Көзіңе түскен сарбаз болса, қолыңнан қақпаймын.

Ауылыңа көшіріп, алдына малын салып отауын көтеріп беремін. Айтқаным айтқан. Саған салмақ салмаймын.

– Батырым-ау, сенің екі сөйлемейтінінді білемін ғой, сенің сарбаздарың бүкіл Алтайға, қала берді қалың қазаққа пана болады. Маған сарбаз емес, бала шәкірт берсең болар еді.

– Ой, пәлі-ай, балапанды ұядан ұшыру оңай деймісің? Бұғанасы қатпаған балаларды саған берсем онда менің кім болғаным? Алсаң әбден ысылған сарбаздарды ал. Сен бала оқыта алмайды дегенім емес, ертең мына қалың жұрт «тентек Зуқа, бұзакы Зуқа балаларға қарамай, шәкірттерін ауыл-ауылға бәсіредей таратып жатыр» деген әңгімеге қалармын. Оның үстіне балапанды ұядан таратпайды, ұшырады ғой.

Осы кезде жандарына жорғасын тайпалтып келген Төлегетай жасы үлкен болса да елдің көзінше інісі Зуқаға:

– Батырым, әскер дайын. Машықты бастай берейік пе? – деді. Бағанадан делебесі қозып келе жатқан Дүрмекбай:

– Баста, балам, баста! – деп айқайлап жіберді. Төлегетай жымынып Зуқаға қарап еді, ол көзімен Ақыт жақты ымдады.

– Ұстаз аға, – деді Төлегетай Ақытқа қарап. – Сіз не дейсіз?

– Не дейін, әкеміз Дүрмекбайды демін алып отыратын бір жерге отырғызсандаршы, түге, – деп жорта ашуланған болды.

Дүрмекбай болса ынғайсызданып:

– Әй, қарақтарым-ай, өздерің біліңдер. «Күлсең – кәріге күл» деп, менікі жай ғой, – деп сөздің аяғын жұтып қойды.

Олар төбеге келіп текеметтің үстіне жайғасты. Әкелген құс жастықтар қонақтардың шынтағына тасталды. Алма ағаштан әдемілеп ойылған үлкен кеселерге толтырылып қымыз құйылды.

Әуелі Зуқа бата сұрайын деді де, бұл ұрыс машығы екенін есіне түсіріп, ойындағысын айтпай қалды. Есік пен төрдей жалы төгілген жорға мінген Төлегетай жігіттерді екі топқа бөліп, аударыспақ ойынын бастап жіберді. Бұл аударыспақ деп аталғанымен, осы төңіректе көп ешкім көрмеген ойын болып шықты. Ат үстінен ұршықша иіріліп жерге түсіп, жүгіріп барып екінші аттың артына секіріп мініп, жерге аударып тастау бір караған кісіге қызық болғанымен кез-келген адамның бойына қорқыныш үйретін ойын екен.

– Арасында орыс, татар, өзбек көп екен, – деді отырғандардың бірі.

Бұл сөзді естігенмен, Зуқа мән бермеді. Есіл-дерті сарбаздардың амандығы, астына мінген аттардың аяғы шорт сынбасын деген ойдың жетегінде отыр еді. Төлегетай дабыл қағатын жігітке белгі берді. Дүңгірлеп дабыл қағылды. Дала дүр сілкінді. Тау-тас жаңғырды.

– Иә, аруақ!

– Аруақ! – десіп, айқұш-ұйқыш жебелер атылып, найзалар шаншылып жатты.

– Абылай! Абылай! Абылай! – деді Төлегетай.

– Қаракерей Қабанбай! – деді әскерлер.

– Қанжығалы Бөгенбай! – деді Төлегетай.

– Шапырашты Наурызбай! – деді әскерлер.

– Шакшақұлы Жәнібек! – деді Төлегетай.

– Батыр Баян! – деді әскерлер.

– Абылай! Абылай! Абылай! – деп Төлегетай жорғасын тайпалтып шеңбер жасап ортаға кеп тұра қалды.

– Ер Жәнібек! – деп ұрандатты Дүрмекбай. Әскерлер:

– Ер Жәнібек! Ер Жәнібек! Ер Жәнібек!

– Алаш! – деді Зуқа орнынан атып тұрып.

– Алаш! Алаш! Алаш! – деп, бар әскер қаз-қатар тізіліп ту көтерді.

– Батырлардың ұрпағы, бар екенсіндер! – деп Дүрмекбай орынан атып тұрып, қолын көкке көтеріп. – Алашым бір болыңдар! Батыр болсаңдар Алатаудай, Алаш болсаңдар Әлихандай болыңдар, әумин! – деп, бетін сипады.

– Әумин!

– Әумин!

– Әумин! – десіп, айнала ұран көтеріп кетті. Олардың дауысын жартастар қағып алып, «Әумин! Әумин! Әумин!» деп, өр Алтайды жаңғыртып ала жөнелді.

Отырғандар енді қызу әңгімеге кірісті:

– Анау жігіт батыр екен!

– Анау жігіт айлакер екен!

– Анау жігіт нағыз жоян екен! – десіп жатты. Шулаған жұртты Ақыт оң қолын көтеріп тыныштандырды:

– Құдайға мың да бір рахмет, қазағымның бірлігін көрсеттіңдер, жігіттер! Аллаға шын мадақ, Аллаға шын құрмет, Аллаға шын тағзым! Ризамын Алла қазаққа Зуқадай батыр бергеніңе!

– Зуқа!

– Зуқа!

– Зуқа! – деп сарбаздар шулап кетті. «Қойыңдар!» дегендей Зуқа оларға күле қолын көтерді. Жүз шақты сарбаз меймандар отырған төбеге келіп қол берісіп амандасты. Бағана ғана жігерленіп отырған Дүрмекбай шаршап, жөтеліп қалып еді, жанындағы жігіттердің бірі тостағанмен қымыз ұсына қойып, ақсақалды тыныштандырды. Қазанбай келіп, Зуканың құлағына әлдене деп сыбырлады. Ол болса ақырын жымиып, басын изеп-изеп қойды. Олар отырған жерге елу күзелген тай, жиырма құлынды бие, бір үйір өңкей күрең байталды екі жылқышы дүрілдетіп айдап әкелді.

– Ақыт! – деді Зуқа даусы саңқ-саңқ етіп. – Мынау сенің ауылыңа берген сыйым, азырқанба.

– Ойбай-ау, Зуқа, мынауың не? Мен сенен ештеңе сұрамап едім ғой, тіпті дәметкен де емеспін, өзің білесің менің мінезімді де, – деп Ақыт қып-қызыл болып кетті. – Алмаймын.

– Жә, достым, ол сенің жеке басыңа емес, елу тай шәкірттеріңе, жиырма құлынды бие солардың сусыны, бір үйір күрең байтал биылғы соғым болсын. Қолымды қақпа. Төбедегі басымды төменге сүйреме. Досым емессің бе?!

Биыл қыстан жүдеп шыққан ауылының жағдайын жақсы білетін Дүрмекбай өзін өте сабырлы ұстады да:

– Қарағым, Ақыт, ауылымызға беріп тұрған несібеге рахмет айтайық.

Бұл жас ұрпақтың ырысы ғой. Зуканың әкесі Сәбит сені оқытып еді. Сәбиттің әкесі Нұрмұхамед маған ұстаз болып еді. Шегінерге жер қалмай тұр, арқалап апармаймыз, тұяқты мал ғой, айдасақ ауылға өздері барар. Жастар қуанар. Жетілмей тұрғандар жетілер. Жаңа ғана өзін айттың ғой, Аллаға рахмет Зуканы қазаққа берген деп. Сол Алла берген қазақтың қолын қақпа, балам, – деді.

Екі дос қатты құшақтасты. Кешкі салқынмен ауылына көңілденіп қайтып бара жатты...

* * *

...Жылжып жылдар, жүріп жолдар қысқарды. Зуканың ауылынан небір қиыншылықтар, небір дауылдар, құйындар, борандар, жаймашуақ күндер өтті.

* * *

Желден жүйрік уақыт зымырап өтіп еді. Қара Ертіспен өмір ағып еді.

* * *

– Ақ жеңешем келіп тұр, – деді Қызыеке.

Құран аударып отырған Зуқа «қазір» дегендей ишара танытып, төрге барып малдас құрып отырды. Киіз есікті ақырын көтеріп, бала көтерген кемпірмен бірге ұлы мен келіні кірді. Келін босаға жақта қалып, жас жігіт:

– Ассалаумағалейкүм, батыр әке! – деп, қос қолдап амандасты.

Қызыкенің жанындағы отырған жас келіншек:

– Әке, амансыз ба?! – деп басын изеп кеудесін қолына қойды.

«Бар бол!» деп ишара білдірген Зуқа мұрты тебіндеген жас жігітке үңіле қарап:

– Оу, Жарқынбысың? – деді.

– Иә, әке! – деді даусы саңқ-саңқ еткен жас жігіт.

– Мынау сол Жарқыныңның күшігі бір жасқа келді. «Өлі арыстаннан тірі тышқан артық» деген. Аумаған атасы емес пе? – деп күрсінді әйел.

«Бұлар қалай тез өскен?» деп Зуқа іштей ойлады да:

– Иә, жеңеше, не бұйымтайыңыз бар? Айта отырыңыз, – деді.

– Батыр қайным-ау, елдің бұйымтайына үйреніп қалыпсың ғой, ақылдасайын деп келдім. Батанды бер жастарға, заман осылардікі. «Білікті бірді жығар, білімді мыңды жығар» деген атам қазақ. Ақыттың ауылына оқуға екеуін бірдей аттандырмақпын. Ал, мына балапанымды бауырыма басып, бұны да өзін сияқты батыр ғып шығарсам деймін. Бір қазақтың баласын тәрбиелейтін ақылым да, күш-жігерім де жетеді. Тек мына балалар қатарынан қалмасын, оқысын, рұқсат ет! Батанды бер!

Зуқа ойланып отырып қалды да:

– Еее, оған да талай заман өтіпті-ау. Арманшыл Алаштың Жарқыны оққа ұшқан күні туып еді-ау, осы Жарқын. Қарашы, міне, уақыттың зымырағанын. Азамат болып қалыпты.

Осыдан екі жыл бұрын осы екі жастың некелерін де қиып еді. Біле білсе келін бала мына ұлдан бес жас үлкендігі бар жауынгер жігіттің жесірі болатын. Сонда ақ

жеңгесінің айтқаны ғой: «Жесірді елмен теңестіретін сыңары ғана. Менің немерем азамат болды. Көзімнің тірісінде үйлендірейін деп рұқсат сұрап отырмын», – деп.

– Ал, қолдарыңды жайыңдар! – деді Зука. – Батыр болсаңдар Қабанбайдай болыңдар! Аман болыңдар! Жаксы ұстазға шәкірт болуға барарсыңдар. Қазақ даласын білектің күшімен ғана емес, біліммен сақтайтын заман келе жатыр. Оқыңдар! Жетіліндер! Қанат қағыңдар! Қазақтың даласы кең. Әумин! – деп Зука бетін сипады.

– Әумин! – деп екі жас та, ақ ана да:

– Айтқаныңыз келсін! – деп беттерін сипады.

* * *

...Жылжып жылдар, жүріп жолдар қысқарды. Зуканың ауылынан небір қиыншылықтар, небір дауылдар, құйыңдар, борандар, жаймашуақ күндер өтіп еді. Қамшының сабы сынды, қылыштың жүзі қайырылды. Көз жасы көл болды. Қан су болып ақты.

Бірақ...

Бірақ...

Өр Алтай шөкпеді.

Тек күңіренді.

Күңіренді...

* * *

Зука ұзақ жол жүрді.

Жол тым-тым ұзақ еді.

Шаршамады.

Оның атын қазақтың әр ауылы, әр тау-тасы, әр өзен-орманы «Зука-Зука» деп айтумен болды. Ол Таклама-

кан шөлі, Тибет, Гималай, Кашмир, Түркия жерінде де ақырындап айтыла бастады.

* * *

...Жылжып жылдар, жүріп жолдар қысқарды. Зуқаның ауылынан небір қиыншылықтар, небір дауылдар, құйындар, борандар, жаймашуақ күндер өтті.

* * *

Зуқа өр Алтайдың басында тұр. Зуқаның рухын Жин Шурын өлтіре алмап еді. Өлтірмек түгілі сындыра алмады. Сындырмақ түгілі иілте алмап еді. Зуқа оған иілмей кетті. Өйткені Зуқа әлдеқашан Жұлдызға айналып кеткен болатын.

Көзге түртсе ештеңе көрінбейтін қараңғылық. Ешқандай дауыс та жоқ. Айсыз қара аспанда бір жарық жұлдыз жарқырап тұр еді. Бұл ерекше жұлдыз еді. Сол Жұлдыз қара түнде ұзақ-ұзақ жол жүріп, Такламакан шөлі, Тибет, Ауғанстан, Иран, Ирак, Ресей, Моңғолия, Гималай, Кашмир, Түркия, Қытай жерлері арқылы ақырын жылжи-жылжи Ұлытаудың жерін басып өтіп, Есілдің ағысымен Арқадағы Қараөткел жеріне де жетті.

Сол бір заманда Зуқа қазақтың қараңғы түнінің жарық Жұлдызы болған еді.

P.S: Ал бүгінде ұрпағының адал ниетінің, тектілігінің, бар болғанының арқасында елдің мәңгілік жарық жұлдызына айналды. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған береке-бірліктің арқасында тәуелсіз елдің рухани батырына айналды.

Батыр ұрпағы қай ғасырда да текті...

ОЙШОҒЫР

Повесть

«Әркімді заман сүйремек...»

Абай

...Сағым көтеріп, сағыныш бұған Алатауға қарап Телжан ойланып тұр. «Қанша жыл өтті? Иә, иә, бақандай он жыл зырлап өте шығыпты-ау. Жас ақын-жазушылардың жиынына келгендеріне... Алматыға сонау Алтайдың бір қолтығында жатқан ауылдан келген ол бас-аяғы бір аптада республикаға танымал болып шыға келемін деп мүлдем ойламаған... Газеттер күн құрғатпай суреттерін басып, радио, телевидение дегенің кезекпен-кезек тікелей эфирге шығарып әп-сәтте «жұлдыз» боп шыға келді... Ауылға телефон соққанда келіншегі өкпелей сөйлеген: «Сен немене ұлың екеумізді ұмыттың ба?! Телевизорға түскенде ылғи жаныңда мөлиіп тұратын қыз кім?» – демесі бар ма. Ақкөңіл, ақ көйлек Телжанның үйленгеннен бері келіншегінен естіген ауыр сөзі осы болды.

Еркек емес пе, ашуланған!

«Өзің емес пе едің, талантыңды өшірмей, Алматыға ұмтыл, аяғыңа байлау болмаймын» деп салған.

Әйелінің жеңіле қоюы екіталай.

«Етегіңе жармастым ба?... Барамын дедің. Бар дедім. Тек анау балағыңа ошағандай жабысқан қызыл көйлекті қыз кім дегенім бе «сезікті секіретер» дегендей, шегірткедей ыршығаның не?» – деді дауысын көтеріп.

Енесі жарықтық айтушы еді, ұлы дүниеге келгеннен кейін «Қарағым Телжаным, мына менің қызыммен айтысып-тартысып жеңбейсің. О заман да бұ заман, Керейдің қыздары ешкімнен жеңілмеген «әке-көке» деп алдай сал» дейтін...Сол есіне түсе қалды. Тез бойын жинады.

– Жаным-ау, күнім-ау! Қатын боп қызғанғаныңнан айналайын. Сені түнде түсімде көріп едім, Ертістің ағынына қарсы итеріп жатырсың, осыған көрінген екен ғой. Барамын ғой, екі-үш күнде ұлдарымды ерекше сағындым, – деп өтірік-шыны аралас сөздерді айтып-айтып жіберіп еді, Райханның даусы дірілдеп еріп сала берді.

– Сен өзі үш мезгіл тамағыңды ішіп жүрсің бе? – деп сұрады. Телжан соңғы бес жылда күндіз-түні қағаз шимайлап, қилы-қилы мінезді кейіпкерлерді басынан өткізген бір әйелдің көңілін аулай білетін жағдайға жеткен кезі еді...

– Баяғыда, студент кезде сенің бөлмеңнен жеген рожкидің дәмі ауызға келді ғой, – деп бірді тастады.

– Қашан? Есімде жоқ, мүмкін ана Үржардың қызының бөлмесінен жеген шығарсың, – деген кезде Телжанның үні өшті.

– ?...

– Алло! – деді Райхан дауысы ап-анық шығып. – Қайдасың?

– Иә, иә. Тындап тұрмын ғой.

– Сен кетер күні таңертең «бір жаңалық бар сияқты ма» деп едім ғой сол рас-ау деймін. Кешеден бері әлгі гранат дегенді жегім келіп, аңсарым ауып кетеді. Қызық, ә...

– ?...

– Алло, папасы, тыңдап тұрсың ба, ақшаң болса, бір-екі килосын ала салшы. Сондай қиын жегім кеп тұр.

– Неге? – деп сұрады Телжан.

– Неге деп менен сұрап тұрсың ба? – деп келіншегі күлді. – Жарайды, қашан қайтасың? «Шалқар» радиосынан сөйлепсің ғой. Әйелім, ұлым бар деп айттың ба?

– Радионы тыңдаған екенсің ғой...

– Жоға, біздің үйде радионы жөндейтін еркек бар ма? Дүкенге барғанмын, сатушы әйел айтты. «Жаңа ғана жігітің сөйледі. «Әдебиет», «әдебиет» деп бір әйелдің атын үш рет айтты. Тіпті, сенің атыңды атамады да, «Туған жерім – жер жәннаты» дегеніне де шүкір деп соғы-е-е-е-п отыр. Мен қарап тұрамын ба: «Жеңеше, сіз білмейді екенсіз ғой, менің азан шақырып қойған атым «Әдебиет» қой дедім. «Мәдениет бөлемнің атына ұқсастырып қойған» деп періп жібердім. Көзі «банка» болды ғой.

«Жап-жас боп қатыншылын қарашы қайнымның» деп бетін шымшып қалды.

– Мені ұмытқан жоқсың ғой, иә?!

– Есің дұрыс па? Ұмытқаны несі, сендерді сағынып өлгелі жүрсем. Үйден шыққаным бес күн емес, бес ай болған сияқты, – деп шынын айтып еді, келіншегі қорғасындай еріп кетті.

– Сенің тілеуінді тілейміз ғой. Аман-есен оралсан болды. Кеше кешкісін Ахмет нағашымның үйіне звондағанмын. Нағашым дачаға кетіпті, жеңгем саған риза боп отыр. Жүз грамм ішпейді екен деп. Дұрыс, сен күйеу баласың, басқа жерде ішсең ішерсің, туыстардың үйінде сол құрғырды татып алмашы, сен іше де алмайсың ғой, екі стөпкіден кейін қылжиып қаласың ғой.

Айтпақшы, қайтарда гранаттан бір кило ала келші, сен келгесін үйге кісілер келеді ғой, өрік... мейіз...

Осы кезде «уақыттарың бітті» деп телефонистка үзіп тастады.

Телжан өкініп қалды. Бөлменің ішін әрі кезіп, бері кезіп біраз жүрді де қойды. Кенет терезенің алдына кеп тоқтағанда көзі ақбас Алатауға түсті... «Біздің Мұзтауға қатты ұқсайды екен. Тіпті, егіз сияқты. Бірақ, мына дүниенің екі бұрышында...» деп ойлады. «Келгелі Көктөбеге бір шықпаппыз ғой». Аяғына кроссовкасын киді де, далаға беттеді. Қонақ үйдің алдында шыққанда шашы жалбырап Семейден келген прозаик жігіт тұр екен.

– Ассалаумағалейкум, бауырым! – деді көз таныс боп қалған жігіт.

– Неғып тұрсың таң атпай?

– Қонақ үйдің күзетшісі қуып шықты, әкеңнің... Ертең қорытынды ғой. Бір күннің әрі не, берісі не шыдармын. Бір повестьпен қатыстым, ілігемін бе білмеймін, қай секцияға түскенімді де білмеймін. Обком комсомолдың жолдамасын ала алмадым, – деп күрсініп қойды. – Холда тұрған дивандарын аяй ма, әкеңнің...

Телжанның есіне Ахмет ағасының «Анау Семейден келген жігіттен бірдеңе шығады. Стилi жақсы!» деген сөзі есіне түсті.

– ?...

– Бауырым, бөлмеңе кіріп жуынып алуға бола ма?

– О, не дегенің?! Түнде келсең ғой холға түнегенше, диван бос тұр ғой.

– Ауылға телефонмен сөйлесемін деп заказ бергенмін, креслода ұйықтап қалыппын... Таңертең телефонның безілдеген даусынан шошып ояндым! – деп күлді...

- Дұрыс болған сөйлескенің... Үй ішің аман ба екен?
- Шүкір, рахмет! Мен Көктөбеге бара жатыр едім... Жүр «Көктөбеге» барып келейік... Аспалы көпір арқылы көтерілеміз....
- Ой, қымбат шығар... Өзің бара бер, мен осы жерде тоса тұрайын.
- Тоса тұрамының не? Мә кілт, бөлмеге кіріп, жуынып-шәйініп демала бер...
- Жо-жоқ, иесі жоқ үйге кірмейтін әдетім еді... Телжан шаршап тұрған жігітті аяп кетті де:
- Қой, бұл не тұрыс? Жүр, қысылма! – деді. Екеуі бесінші қабаттағы Телжанның бөлмесіне келді.
- Семейлік жігіт бокша дорбасынан орамалын, сабын мен сақал қырғышын алып шықты да, жуынатын бөлмеге кеткен кезде есік қағылды. Ашса, фестивальге келген Тараздың асау ақыны Бауыржан екен...
- О, Бауке, жоғары шық...
- Телжан, Семейдің прозаигін көрдің бе?
- Мұнда... – деді Телжан ванна жақты иегімен нұсқап.
- Уһ! – деп Бауыржан орындыққа отыра кетті. – Қызық жігіт өзі... «Кілтті дежурныйдан аласың!» деп айтып кеткенмін. Кеше кешкісін Көсемәлі екеумізді Сайын ағай таудағы дачасына шақырған, өте кеш келдік... Келсем, бөлмеде жоқ, дежурныйдан сұраймын, «Кілтті тастап, кетіп қалды» дейді. Ұят болды... Сенде түнеді ме?
- Жоқ, есіктің алдынан кездестірдім. Сайын аға «Жабайы алманы» жазған жазушы ма?
- Иә, керемет ағамыз ғой. Ұят болды-ау, а... Мен буфетке барып бірдеңе алып келейін...
- Мен де барайын! – деп Телжан оған ілесе шықты.

– Ну, мальчики! – деп күле қарсы алған ұйғыр әйелі Бауыржанға көзі түсіп ойланып қалды да: – Не қалайсындар? – деді...

– Мантыдан үшеу, үш пирожки, лағман заказ берсек, бөлмеге апаруға бола ма?..

– Бөлмеге апаратындай не болды сендерге, ауырып қалдыңдар ма? Осы жерде отырып-ақ ішсеңдерші! «Тар жерде отырып тамақ ішкенше, кең жерде отырып таяқ жеген жақсы» деген сөз бар ғой...

– Рас-ей! – деді Бауыржан, – Ертағаны шақырып келейік...

– Оны қасқыр жей ме? Біреуің барсаң да болады ғой. Ал сен, Сәкен Сейфуллинге ұқсайтын жас жігіт, қала тұр, – деп алтын тістерін жарқырата күлген ұйғыр келіншек Бауыржанға сүйсіне қарады.

Телжан бөлмесіне келсе, Ертаға танауы пысылдап, ұйқыға кетіпті...

«Ағай... Ағай...» Желке тұсынан шыққан дауыстан селк ете түсті. Жалт бұрылып қараса, хатшы қыз екен.

– Неге телефонды көтермейсіз? Сізді срочно бастық шақырып жатыр...

– Ааа...

– На ковер...

Есік тарс жабылды да туфлидің өкшесі тақ-тұқ етіп ұзай берді.

«Телефонның дауысын қалай ғана естімедім».

Кабинетінен шығып бара жатып, кең терезеден анық көрініп тұрған Алатауға тағы да көзі түсті. Ұшар басынан бұлттар үзіліп-үзіліп көшіп жатыр екен...

Бұлттар көшіп....

Нәзік...

Балаң ақынның бармағы майысып отырып жазған алғашқы шумақтары сияқты...

Сәл-пәл түсініксіздеу...

...Ұзын дәлізбен қабылдау бөлмесіне қарай келе жатып, алдыға басқан аяғы кері кетті, мың-миллион құмырысқа илеуінен қашып, бұның арқасын паналағандай жауырыны жыбырлап жынына тимесі бар ма?!

...Орындыққа елеусіз отыра кетті. «Көшпен көрген – ұлы той, жігіттермен бірге Ақмолаға тартып кету керек еді» деп ойлады. Оған келіншегі қойды ма, «Осы министрлікте істегеніңе үш-төрт жыл болды, сенен кейін келгендер «Самалдан», «Мамырдан» үй алып жатыр. Сен болсаң ынжықсың, не жарығы, не суы жоқ «Шаңырақта» отыра береміз бе? Мына екі ұлың ертең-ақ үйленеді, сонда елге не бетіңмен қарайсың? – деп, үлкені үшінші класс, кішісі бес жастағы екі ұлын көз алдында «үйлендіріп» те тастады. Қойшы, әйтеуір, таңертең бастығының алдынан бір-ақ шыққан. Сөзін әріден бастаған: сонау Өскеменнен арман қуып Алматыға келгенін, келіп алған соң пәтерден пәтер ауыстырып, жер алып, шағын үй салып алғанын, әзірге жарық пен су мәселесі ғана шешілмей тұрғанына дейін қозғаған. Осыншама уақыт сөйлегенінде бастығы тындады да, үн-түнсіз шығарып салған.

Содан бері бір апта өтсе де бастығының «үнсіздігі» жанын жегідей жеген. «Мекеме Ақмолаға көшіп жатқанда Алматыда қалайын, үй беріңіз» дегені орынсыз болғанын өзі де сезеді. Бастығы не ойлады екен?! Не

ойлаушы еді?.. «Нашар жігіт екен, командама алып едім, қиыншылықтан қашып кетті...»

– Телжан Алтаевич, неге отырсыз, бастыққа кірмейсіз бе? – деген хатшы қыздың дауысын естігенде селк ете түсті.

Буын-буынынан әл кетіп, бастығының алдына барды.

– Жағдай қалай?

– Жа-ақсы.

– Міне, біз жолға дайындалып жатқан, – деп, бастығы кабинет ішіндегі ұқыпты жинақталған қораптарға көз жүгіртіп өтті. – Ертең контейнерге тиейміз де, «Ақмола қайдасың?» деп тартып отырамыз.

– Ертең ертерек келемін, тым құрыса жүктерді тиесіп жіберейін, көшке ере алмағаныма ренжімеңіз, – деді бар күшін жинап.

– Жоқ, әуре болма! Бүгіннен бастап сенің өз шаруаң басыңнан асатын болады.

«Өз шаруаң» дейді бастығы. «Менен аулақ жүр!» дегені ғой. Іші удай ашыды. «Не де болса, жігіттермен бірге кету керек еді».

– Екі айдан соң, баспаға қызметке орналасасың, екі жыл бойы кезекті демалысыңды алмапсың.

– Ренжімеңіз маған, – деді басын көтермеген бойы.

– А, айтпақшы, – деп бастығы күліп алды. – Ұмытып барамын, ана жолы айтқаның жақсы болды. Кеше әкімшіліктен алашақ үйлеріміз бар еді, саған үш бөлмелі пәтер беретін болдық.

– Не?!

Орнынан атып тұрды. Есі шыққаны соншалық, үстелді айналып, бастығының алдына жетіп барған.

– Рас па?

Бастығы күлді. Қолына үйдің бір жапырақ қағазын ұстатып, арқасынан қақты. Аузына сөз түспей кабинеттен шығып бара жатып, қайта кірді.

– Рахмет! – деді көзіне жас алып. – Бұл жақсылығыңызды ұмытпаймын, Құдайдан қайтсын!

– Отыр, – деді бастығы орындықты нұсқап. – Екеуіміз ұятқа қала жаздаппыз.

– Қалай?

– Сенің менде жұмыс істегенінді елдің бәрі де біледі. «Жанында жүрген жігітке үй бермей кетті» деген жаман атқа қалдыра жаздадың! Өзің шешіліп ештеңе айтпайсың, қайдан білейін, саған пәтер керегін. Ал қазір, мына қағазға менің атыма өтініш жазып бер, – деді бастығы күліп.

– Алтеке, бір бөлме болса да жетер еді ғой... – деді даусы дірілдеп.

– Қазаққа үйдің көптігі жоқ! – деді бастығы. – Тезірек жаз өтінішінді, уақытым жоқ, «Шаңырақтағы» үйінді саяжай қылып ал...

Телжан өтінішті әрең жазды. Бастығы қонжытып қолын қойды. Бар болғаны осы.

Аялдамаға келіп, үйдің қағазын мұқият оқып шықты да, орамалына орап, төс қалтасына салып алды.

Автобустың төбесі көрінер емес. Такси ұстамақ болып қол көтергені сол еді, «шиқ» етіп, «Опель» келіп тоқтады.

– «Шаңыраққа».

– «Шаңырақ» деген қай жер?..

– Рыскулова – Петрова и дальше, – деді. Өзінің қолы әрең жеткен «Шаңырақты» білмегеніне ыза болып.

– Қанша төлейсің?

– Өзіңіз біліңіз, – деді мәрттік танытып.

– Екі жүз?

– Кеттік.

«Опельге» мініп тұрғаны осы. Іші кішігірім үй сияқты. Біртүрлі жылы, біртүрлі қызық. Қарға адым жүргеннен кейін, жүргізуші шал жанар-жағармайдың қымбаттағанын айтып зар жылай бастады. Шопырдың сөзін бөліп тастап, өзінің талай жылғы арманының орындалғанын, бастығының жомарттығын жайып салды.

– Құтты болсын! – деді бағанадан шаршап сөйлеп отырған шофер көңілденіп. – Абрам Иванович.

– Телжан, – деп қолын ұсынды.

Танысып алғасын өзін еркін сезінді.

– Абрам Иванович, сіз де біздей кезіңізде пәтерден пәтерге көшіп жүрген шығарсыз?

Орыстың шалына сұрағы ұнамай қалды ма, жылдамдықты үдетіп жіберді.

– «Верный – наш город».

Осы шалдың «личный жизнін» сұрап нем бар? Семейдегі досым – Ертаға болса, мына шалды шырқ үйірің, мәшинесін мактап, «Опельде» неше үйір жылқының күші барын, жеті атасынан бастап жіліктеген кезде шал бұларды жүз теңгеге «Шаңыраққа» қалай апарып тастағанын өзі де білмей қалар еді. «Опель» зуылдады. Телжанның көз алдына құмырсқаша қыбырлап, баспана салып жатқан қазақтың балаларының тірлігі кино лентасындай зырылдап өте шықты.

Өзінің қоржын үйінің ауласына келіп тұмсық тіреген кезде:

– Осы үй сенікі ме? – деді Абрам Иванович.

– Иә.

– Шіркін. особнякка не жетсін!



Іші жылып сала берді. Қалтасынан жүз теңгеліктің төртеуін суырып «опельдің» иесінің алақанына салды.

– Үйге кіріп, шәй ішіңіз!

– Рахмет, Телжан бауырым.

Терезеден бәрін көріп тұрған келіншегі:– Неменеге жетісіп, таксилетіп жүрсің? – деді өкпелеп.

– Енді, енді...

– Жүр, сөйтіп, балаларға одан да печенье ала салсаң қайтер еді.

– Балаларға үй әкелдім! – деп, жылдам-жылдам бүгінгі күнгі «ұлы жаңалығын» жеткізген. Келіншегі пәтердің қағаздарын кеудесіне басып, ал жыласын келіп. Даладан жүгіріп келген екі ұл үрпиісіп, әке-шешесіне қарап тұр.

– Әкелерінді құшақтап, беттерінен сүйіндер.

Ұлдары жақындаған болды. Өздері бірденеден қорқып тұр. Шешелеріне тығыла береді.

– Сен қазір базарға барып кел, – деді суық сумен бетін жуып жатқан келіншегі.

– Менде үш жүз теңге бар.

– Иномаркамен жүргенді білесің, – деп келіншегі сандықтың түбінен жүз доллар алып шықты. – Балаларға аяқкиім аламыз ба деп сақтап жүр едім. Таксилетпей, Аманжолдың машинасымен барып келсеңші.

– Үйінде ме?

– Иә, жаңа Жамал келіп кеткен. Біраз бензин құйып бер, ұят болмасын.

– Кеттім онда, – деді Телжан.

– Токтай тұр. Курстастарыңа айтарсың. Келгені келер, келмесе өкпе жоқ...

– Кете берейін бе? Семейге Ертағаға звондайын.

– Тұра тұр. Шымылдығын желбіреп тұр ма? Әйгерімге айтсаң айтарсың, анауынды қоя тұр... айтпақшы «обменный пункттің» алдындағы жалған ақшаға айырбастайтын жылпостардан байқа!

– Қиын қызықсың ғой. Бала емеспін ғой.

– Кешке ұрттап алып, «Алтайдай жер қайда?» деп жүрме! Ұят болады.

– Райхан, болды ғой енді.

– Тұра тұр, алатын тамақтардың тізімін жазып берейін. Ұлдарынды ала бар...

– Ура! – деп қуанды екі ұлы. – Қалаға барамыз.

– Бөгет қылып қайтемін бұларды?

– Ертiп жүруге ұяласың ба? – деді келiншегi. – Күлге аунап тапты ғой дейсiң бе, өз ұлдарың!

Көршiсiнiң «Москвичiмен» дастарханға керектiнiң бәрiн жеткiзiп алды. Қазан көтерiлiп, ет пiскен кезде көршiлер мен қаладағы туыстар да келiп қалды. Бәрi мээ. Пәтердiң құжатын қолдан-қолға өткiзiп көрiп жатыр. Ол қатты қобалжыды. Ет пен сорпа iшiп отырған қонақтардың бiреуiнiң май бармағы «Телжан Алтаев» деген жазуды басып қалса қайтпек.

Қонақтар үйдi-үйiне тарасып, ыдыс-аяқты жинастырып жатқан кезде, жалп етiп жарық өштi. «Шаңырақтың» тұрғындары үшiн бұл үйреншiктi жағдай болса да, дәл осы сәтте қараңғылық орнағанына ыза болды.

– Бұлар өстедi, ендi.

– Сенiмен ерегесiп жүр ме едi, өшiргiсi келсе, өшiредi... Одан да пештiң аузын аш та, оттың жарығымен балаларды төсегiне жатқыз.

Берілген тапсырманы орындап келсе, Райхан пердені ысырып, үй ішіне ай жарығын молынан түсіріп қойыпты.

– Папасы, үйдің құжаттарын әкелші, көрейін.

Сандықтан пәтердің қағазын алып келді.

– Ой, жылағаның не?

Келіншегі иығы селкілдеп, үнсіз жылады. Қапсыра құшақтап алды. «Ақылдым менің, сен болмасаң қайтер едім? Өскеменде пәтерден пәтерге көшіп жүргенде сыр бермедін». Шашынан иіскеді.

– Сені сүйем, Райхан, сенен басқа ешкімнің керегі жоқ...

– Рас па? – деді келіншегі кемсендеп.

– Рас, жаным, сенен басқа ешкімнің керегі жоқ маған.

– Саған менен басқа қатын бір күн де шыдамайды.

Айтып-нұқып отырмаса, аяғыңды баспайсың ғой...

– Иә, жаным, сен болмасаң...

Екеуі құшақтасып, күбірлей бастады. Ақсаумал сәуле үйдің ішінен шыққысы келмей шыр айналды.

Пәтер деген аты болмаса, он екіде бір нұсқасы жоқ болып шықты. Құрылысшылар бастаған да тастаған. Суық суынан басқа ештеңесі дайын емес. Жарық тартылмаған. Телжан қатты қобалжыды. «Көшпен көрген ұлы той», ептеп жөндеп аламыз ғой» деген келіншегінің сөзі көңілін өсірді.

Екі жұма тырбандап, қабырғаларын әктеп, сыртқы қос есікті салдырды. Ыстық су мен газды қосса көшіп келмек.

Бір күні әбден шаршап, ай жарығымен үйге келсе, шам түбінде келіншегі хат оқып отыр.

– Тамағың дайын тұр, – деді күлімсіреп. – Папасы, мен ертең балаларды ертіп ауылға қарай жүріп кетсем, өздері келе алмайды екен... Жамал проводниктермен келісем деп отыр...

– Дұр-ры-ыс, – деді есінеп. – Барсаң бар, мені қайтесің, скоро аллергиям басталады ғой... Мен де сендермен бірге барайын ба?

– Ештеңе етпейді, оншақты күнде қайтып келеміз, жолда Семейдегі Әйгерімге, бір күнге соқсам болады.

– Ертағаларға деп айтсаңшы. Ер адамның есімін бірінші айту керек, – деп түзетті.

– Әй, соныңды қойшы. Айналайын Әйгерім болмаса, – деп келіншегі құрбысын мактап жатыр...

Сонымен, Телжан үш бөлмелі пәтерде жалғыз өзі. «Шаңырақтағы» үйге алаңдамайды. Көршілері сенімді. Жалғыз серігі – радиоқабылдағыш. Кешкісін білте шамның жарығымен кітап оқыған болады. Әбден зерікті. Жұмысты қайнатып жіберуге болар еді, оған ақша қайда? Бәрі удай қымбат. «Китайский» дүние алмаңдар деп анау күні қонақтар санасына патриоттық сезімді мықтап құйған. Басқаға шама қайда? Жоқ! Ауылға ертіп кетпеген Райханға өкпелі.

Есік қағылды. Орнынан сүйретіле тұрып, құлыптың құлағын бұрады. Өз көзіне өзі сенбейді. Босағада баяғы «Опельдің» иесі тұр.

– Абрам Иванович!

– Да, откуда вы меня знаете?

– Помните «Шаңырақ?»

– Какой еще, «Шанырах»?.. Ладно, – деп қарқылдап күліп алды да, – Черт с вами! Сіз бен біз көрші болдық, – деді.

– Құтты болсын!

– Жағдай былай, бауырым, қазақтармен көрші болған қандай жақсы, – деді ыржалақтап. – Жаңадан есік қойғызып едім. Қарай саларсың. Үйде балалар бар ма?

– Құдайға шүкір, екі ұл.

– Жөн екен, біз қалада көп болмаймыз, әйелдің төркіні Германияда еді, екі-үш ай сол жақта боламыз ба деп жүрміз. Балаларыңа да ескертіп қой, есікті қолдарымен ұстап жүрмесін.

– ?!

Осы кезде көршінің жылтыр есігін талпақ танауымен итеріп бульдог шықты да, теңселіп жақындай берді.

– Кому говорят? Ложись на место! – деп иесі зекіген кезде, зып беріп ішке қайтадан кіріп кетті.

– Өте ақылды ит, – деді Абрам Иванович, – бұл үйді шынын айтсақ, осы үшін алдық. Ана жақта көршілер мазасыз...

Есікті шалдың тұмсығына тіреп тұрып жапты. «Жетпіс жеті әкенді... Абрам Иванович... итке бола үй алған, қап әкеннің...» тамағына өксік тығылып, үш бөлмелі пәтердің ішінде шығыршыққа айналған тиіндей шыр айналды.

«Шаңырақтан» жер алып, қанша қазақтың аш-жалаңаш балалары күні үшін күрке соғып, күнге қақталып жүр. Көршілерін жамандайды еше, қарашы, талай рет жігіттер «национальный вопростарды» қозғаған кезде, әңгімеден қашқақтап кетуші еді. Енді, міне, алдынан шықты. «Ертең газеттегі жігіттерге айтып, жазу керек, бұл Абрам Ивановичтің тірлігін...»

Есік қағылды. «Әкеңнің... Абрам Иванович, көрсетем мен саған». Жұлқып ашты. Ыржиып Аманжол тұр.

– Ассалаумағалайкум! – деп қолын ұсынған ескі көршісін қапсыра құшақтады.

– Келгенің кандай...

– Әй, тасбауыр болып кеттің бе-ей? Сағындық қой, барсың ба?

– Жүрміз ғой, өздерің қалайсындар?

– Үш күн болды телевизор жанып кеткен, сендердікін көріп жүрміз.

– Е, жарайды, неғып босағада тұрсың, жоғарыла!

– Жок, давай киін, қатын жіберді саған. «Райхан жок, қарны ашып жүрген шығар» деп таңертең бір әтештің басын шапқызды. Көже дайындап жатыр.

– Несіне әуре болдыңдар.

– Оны ана құрдасына айт... Жолдан екі кило картоп алуым керек, өзі бензинге ақша жоқта, біздің қатын да кісіге тапсырманы үйіп беретін әдеті.

Көліктеріне отыра бергені сол еді, жандарына сөмке көтерген әдемі келіншек жетіп келді.

– Осы үйде тұрасыздар ма?

– Иә, – деді Телжан.

– Сіздің көршіңізбін, мына үйде тұрамын, – деп, келіншек қатар тұрған бес қабатты үйді көрсетті.

– Біреуді іздеп жүрсіз бе?

– Орталық базарға апарып тастамайсыздар ма?

Ол ыңғайсызданып, Аманжолға карап еді, сабазын қамшы салдырмады.

– Сіздей әдемі жан айға апар десе де апарамыз.

– Я такая невезучая. Муж бросил. Даже номер моей квартиры тринадцатый, – деді келіншек көлікке отырып жатып.

Базарға қалай жеткендерін білмей қалды. Әдемі келіншек үш жүз теңгені шытырлатып тұрып Аманжолдың қолына ұстатты.

– Жок, алмаймыз, – деді Телжан.

– Сіздер болмасаңыздар, басқа біреуге бұдан да көп төлеймін ғой, – деп келіншек көзін төңкерді. Мәшін ішінде француз әтірінің иісі қалды. Көңілді қытықтайтын жұмсақ иісте Аманжолдың жұмысы жоқ, ақшаны алған ол машинаның руліне, о жер, бұ жеріне соғып, «ұшықтап» жатыр.

– Әй, сен майлыаяқ болдың, бензин де, бір бөтелке «Тараз» да болатын болды.

Қала ішінде олар екі сағаттай айналды. «Ақсайға» барып, одан «Саяхатқа» екі жолаушыны апарып, есептесіп болған Аманжолға:

– Әй, сен мені үйіңе апарасың ба, жоқ па? Әлде Алматыны алты айналдырып аштан өлтірейін деп пе едің? – деді.

– Кетші-ей! Мен сен үшін жанталасып жүрсем, кешке жақсылап бір отырайық та, біздің қатынды білесің, үстелдің үстіне өмірі екінші бөтелкені қоймайтынын. Өзіміз ала барсақ еркін отырамыз ғой...

Аманжол «сценарийді» құрып жатыр. Ол үндеген жоқ. Бағанағы көрші келіншектен ақша алып, ынғайсыз жағдайға қалдырғанын айтты.

– Кетші-ей! И так конкурентов много, – деді Аманжол. – Көрмейсің бе, көшеде қаншама такси қаңтарылып тұр.

Көліктен түскеннен кейін Аманжолға ермей аулада тұрып қалды. Өзінің үйіне қарады. Қара құлыпты

көріп, жүрегі бұлқынды. Аулада сары самауыр мұржасынан түтін шығып тұрушы еді. «Шаңырақ, Шаңырақ, қаншама қазақтың баласына пана болдың?..»

– Әй, городской құрдас, бізді менсінбей тұрсың ба? – деген Жамалдың даусынан ойы бөлініп кетті.

– Жоға...

– Ә, бәйбішенді сағынып жүрсің-ау, – деп күліп алды. – Үйге кірсенші.

Дастарханның төріне шыққаннан кейін жүрегін басты. Сүт қатқан қою күрен шайдың екі кесесін ішкеннен соң, маңдайынан тер бұрқ етті.

– Түү, сенің шайың не деген тамаша!

– Бізге бірдеңе бермеуші ме едің? – деді Аманжол келіншегіне қарата.

– Өзің неге ала келмедің? – деді Жамал. Үн-түнсіз үшеуі шай ішіп біраз отырған соң, Жамал жарқылдап күліп алды да, – Тәкең кеп қалды ғой, – деп бір бөтелке әкеп ортаға қойды, – осыдан басқа жоқ, сұрамаңдар.

Екі еркек әп-сәтте түлеп шыға келді. Өздері де, көздері де жайнап, бағанағы бойкүйездіктің бұғауынан шығып, буын-буындары босап, «Таңертеңмен бір сұлу қыз суға келеді...», «Бойында Арыстың, өзіңмен таныстым...» деп әнге баса бастады.

– Әй, қатын, тағы бірдеңе жоқ па? – деді біраздан соң Аманжол.

– Қайдан болсын, тамақ алыңдар, – деді Жамал екеуіне кезек-кезек қарап.

– Ой, ұмытып кетіппін ғой, мынау «калымнан» түскен акша, – деп бес жүз теңгені келіншегіне берді.

– Бензиніңе қалдырдың ба?

– Тәкең аман болса, бензин табылар.

– Көршіден қарызға алған бір бөтелке бар еді, – деп Жамал бір шөлмекті алып келді. – Осыдан кейін «көке» десеңдер де жоқ.

– Ой, біздің қатын маладес, а?!

– Құрдас-ау, рахмет саған, бізді сыйласаң, Құдай сені сыйласын! – деді Телжан.

– Құдайы көрші, Тәке, сен үшін ғой.

– Бұл енді, өзіміз барып алып келмесек, бізді менсіне ме? – деді Аманжол.

– Айтасың-ау, әкіри.

– Жә, болды, қойындар. Алып қойсандаршы.

– Ой, біздің қатын маладес, кел Тәке, сенің үйің құтты болсын, сол үшін!

Қырлы стакандар сарт-сарт соғылды.

– Құрдас-ау, – деді Жамал даусын өзгертіп. – Өзіңе бір өтінішім бар, сендер көмектеспегенде кім көмектеседі маған. Кенже сінлім былтыр тұрмысқа шығып еді ғой, ауылда өзің білесің, жұмыс жоқ. Әбден қиын болды. Сендер үйлерінді бір жылға бере тұрындар. Базарға шығып, нан-шайларын айырсын дегенім ғой...

– Әй, қатын, сен не айтып тұрсың, есің дұрыс па? – деп Аманжол басын көтеріп алды.

– Сен тыныш отыр.

– Бала-шағаны әрең асырап отырғанда, сінлінді шақырып...

– Осыған-ақ менің төркінім жақпай-ақ қойды.

– Пошла ты, осы үйді салғанда кім көмектесті?! Біреуі бір шеге әкеп берді ме? Ұлым аман болсын, сол үшін қабырғам қайысып еңбек етіп жүрмін. Білесің бе, ей, сен қатын? Құдай бар болса, осы үйде қызық көріп, ұрпақ өсірсем деймін.

– Ой, шіркін-ай, – деп, Жамал ернін сылп еткізді. – Қорлық көріп жүрсің ғой, бейшара.

– Қойындар, – деді Телжан.

– Әй, қатын, – деді Аманжол өзеуреп. – Сен менімен неге ақылдаспайсың, а?

Қырлы стакандар сарт-сарт соғылды.

– Көрсетемін мен саған, командовать еткенді, көзіңе көк шыбын үймелетем, – деп Аманжол тісін шықырлатты.

– Үймелетіп жүрсің ғой, сенің арқанда қытайдың ала қабын арқалап базарда жүрмін.

– Әй, қойсаңдаршы! – деп, Телжан екеуінің арасына түсті.

– Қонақ отыр демейді, қатын сияқты менімен салғыласып отырғанын қарашы. Осы досыңа айтшы, не жазығым бар, менің төркінімнің аты естілсе төбе шашы тік тұрады. Не жазығым бар саған, мына досыңның көзінше айтшы. Ұлың екеуің үшін дипломды сандықтың түбіне тастап, қап арқалап жүрмін ғой... Көк машинаны мініп алып кетеді «калым, калым» деп. «Калымға» барып жүрсің бе, қатынға барып жүрсің бе мен қайдан білейін?!

– Жаңа ғана мен саған ақша бердім ғой.

– Пішту, біздің базарда арба сүйреткендер оны жарты-ақ сағатта табады.

Қырлы стакандар сарт-сарт соғылды.

– Мен саған басынғанды көрсетемін, бұл үйдің иесі менмін! – деп, Аманжол кеудесін жұдырықпен соғып-соғып қойды. – Мен ұнамасам саған, ана базардың бастығына тиіп ал, қарық боларсың.

– Ой, ұятсыз, арам! Саған дауа жоқ екен ғой. Айтып тұрған сөзінің сиқын қарашы! Жақсылықты білмеген

қайыршы, ана астыңдағы көк машинаны кім берді саған? Менің әкем берді.

– Әй, бұлдап жүргендерің он жыл болған «Москвич» пе? Ала беріндер итаяқтарыңды, ұлым екеуміз «Жигули» аламыз.

– Атаңның қак басы, бірінші бұтыңа дені дұрыс шалбар алып алсаңшы.

– Әй, әкеңнің...

– Әй, әй қой енді жынданбай, көзімді көгертесің. Ертең базарға шыға алмай қаламын.

– Саған қолымды былғап қайтем, – деді қалш-қалш еткен күйеуі. – Бері кел, ұлым...

Бағанадан диван үстінде көзі бақырайып отырған Арман қорғана басып әкесіне келді.

– Ұлым менің, сенің атаң великий адам болған... әрине, сені көре алмай кетті... апарам сені Атамекенге, сен үшін салдым осы үйді. Мен сені Түркияда оқытамын. Әлі «Шаңырақты» паналаған талай қазақтың ұл-қызы өсіп-өнеді. Жетімі жетіледі, жетпегені байиды, қаладан благоустроенная квартира алады, әлі қол бастайтын батыр ұл да, ел бастайтын көсем ұл да осы Шаңырақтан.

Аманжол ұлын құшақтап ұйықтап кетті. Анда-санда былдырлайды, «ұлым менің, екеуміз атаға барамыз...».

– Құдай-ау, осы досыңа не жазығым барын білмеймін, аузына бірдеңе тисе болды, менің төркініме тиіседі.

Телжан үндемеді.

– Сені шақырып алып, концерт көрсеттік, ренжімеші. Өзімізсің ғой, қазір көрші апайымызды шақырып, үшеуіміз тамақ ішеміз.

Телжан далаға шықты. Өзінің үйіне қарады. Шап-шағын. Жетімсіреп тұр. Екі жыл бейнеттеніп салған үйі. Кеш болса да екі ұлы үйге кірмей ойнап жүруші еді.

Терең күрсінді. Жүрегі бар екенін сездіріп шым-шым етті. «Әй, Райхан-ай, мені де ауылға ала кетсең қайтер еді... Шөп шауып рахаттанып қалар едім ғой...»

...Көрші апай қаладан келген жиенін қоса ертіп келді. Асығыс екен. Қонақтар бір-екі кесе шай ішкен соң қозғала бастады. Телжан да рұқсат сұрап, солармен бірге қайтпақшы болды. Аманжол ұлын құшақтаған бойы ұйықтап жатыр.

– Құрдас, ренжіме бізге, ер азаматсың, бағанағы өтінішімді аяқасты етпе, сіңлімді көшіріп алсам, базарға шығып, өз күндерін өздері көрсе жарар еді, – деп Жамал нығарлап қойды. – Квартираларыңды төлейміз ғой.

– Мәселе шешілді, – деп Телжан келте қайырды.

Қалаға кірген кезде жазғы кеш түсті. Көз байланбаса да көше шамдары жана бастады. Телжан пәтеріне кірмей, подъездің алдындағы орындыққа барып отырды. Шаршаған ба, буын-буынынан әл кетіп, басы айналды.

Қарсы үйдегі төртінші қабатта, балконда тұрған бағанағы келіншекті көрді. «Ақшасын қайтарып беру керек, біз көрші тұрамыз. Дүниеқоңыз Аманжол үш жүз теңгесін қағып алды. Маған ұят». Сүйретіліп орнынан тұрды. «Менің үй алғанымды көре алмайды. Қонаққа шақырғандары осы ма? Қатыны екеуі ұрсысып...» Басы айналды. Бойын түзеген болды. Екінші қабат. Үшінші... Қалтасын ақтарып, үш жүз теңгені мығымдап қолына ұстады. «Қайтарып беру керек, ұят болады».

Төртінші қабат. Он үшінші пәтер. Әдемі есік. Қорықпай қоңырауды басты. Қызыл халат киген сүйкімді келіншекпен сөйлесіп тұр.

– Бағанағы жігіт сізден ақшаны алғанда, «қайтарып бер, қайтармасаң өзім қайтарам», – дедім.

– Бұныңыз не, мені кім деп жүрсіз?

– Сіздей әйелді сыйлау керек. Машинам болса, сізді Шымбұлаққа алып барар едім. Міне, әкелдім...

– Ой, рахмет, нағыз джентельмен екенсіз ғой.

Мен қайтайын...

– Үйге кіріңіз, кофе ішейік.

– Кеш болып кетті, рахмет.

– Мені кім деп ойлайсыз?..

Келіншек жорта бұртиып өкпеледі. Ренжіткісі келмеді. Үйге кірді. Керемет... Кофе...

– Мүмкін, ептеп виски ішерсіз. Өзім ішіп көрген емеспін, бірақ сіздей джентельмен үшін...

Келіншек зыр жүгірді. Жүгіріп жүріп музыка қойды. Жүгіріп жүріп балконды жапты.

Маса кірмесін деп жарықты өшірді.

Энергия үнемдеу керек... дәліздің жарығын өшіріп, май шам жақты.

«...Вишня, вишня,

Зимняя вишня...»

...Қатты шөлдеп оянды. Дір-дір етеді. Көзін жұмып, қайта ашты. Масқара! О жер, бұ жері ашық әдемі келіншек сәл езу тартып ұйықтап жатыр. Орнынан атып тұрып, терезеден далаға қарады. Таң атып қалыпты. Құдайы көршісі Абрам Иванович бульдогын қыдыртып жүр. Журнал столының үстінде тұрған вискиді бокалға толтыра құйып тартып жіберді.

«...Вишня, вишня,

Зимняя вишня...»

Екі күн далаға шықпай, үйінде жатып алды. Үсті басын кір-кір сезінеді. Көрші келіншекті ойласа, атып тұрып ваннаға барады. Жуынады. Сабынданады. Бәрібір. Киінеді. Қайта ауыстырады. Кір. Үш күнгі тозақ.

Үшінші күні бұрынғы жұмыс орнына барды. Бастықтың қабылдау бөлмесінен басқа кабинет быт-шыт. Басқа мекеме қоныстанып жатыр екен. Өз кабинетіне келді. Ешкім де, ештеңе де жоқ. Бос. Тек баяғы қызыл телефон еденде тұр. Иесі келгенін сезді ме, кісінеп жіберді. Көтерді.

– Ты, где ходишь? Номер пятьсот восемнадцатый.

Тастай салды. «Еркелегені».

Ертаға-ай!

Қуанғаны соншалық «Қазақстан» қонақ үйіне қарай құстай ұшты. Семейдегі досы. Келген сайын осы қонақ үйге жатады. Мұндай қуанбас. Күйзеліп жүргенде келе қалғанын қарашы. Әр келгенде жігіттердің басын қосып, еркелететін әдеті. Қайырболаттар да осында шығар. «Ертаға келді» дей салуды да білмейді.

Кешке сауна. Ресторан. Бильярд. Ертағаның жүрісі осы. Құдай біледі. Құрдасы Досымханның машинасы қонақ үйдің алдында қаңтарылып тұрған шығар. Бірақ көрінбеді.

«№518-ші бөлме...»

Тікұшақпен бесінші қабатқа көтерілгендей сезінді. Пысылдап лифтінің есігі ашылғанда, біреу радионы бар даусымен қойған екен деп қалды.

«Болса-дағы қаталдықтың, қаскөйліктің бейнесі,

Қасқыр болып ойланамын кейде осы.

Қақпан қауып, сирағымды шорт кесіп,

Жүрсем егер тағдырыммен кектесіп –

Ұлыр едім ұзақ-ұзақ аспанға,

Жалғыз ғана жауыз Аймен беттесіп»...

«Бес жүз сегіз, бес жүз тоғыз...» – деп бөлмелерді жағалай санап келе жатыр.

«Қасқырларым қасқырлыққа құнықсын,

Ал адамдар қасқырлықты ұмытсын.
 Мен де жедім Адам жеген тәтті асты, –
 Неге олар меніменен қастасты?

Айт оларға,
 Қакпандарын... Қакпандарын әкетсін.
 Адамдығын өздеріне бас етсін,
 Адалдығын қасқырларға паш етсін!»
 Дауысқа жақындай түсті.

«Бес жүз...»

«...Мен – қасқырмын
 Қакпан кескен сирағын,
 Қасқыр болып, қасқырлықты сыйладым.
 Қасқыр болып ұлып тұрып Адамға,
 Осы жырды, осы сырды сыйладым».

«Передача түсіріп жатыр ма?» – деп ойлады.

– Ой, Әбе, молодец. Жарайсың!

– Міне, поэзия...

Міне, «518» деп ішінен ойлады да есікті қақты.

– Сіз Телжан ағасыз ба? – деп сұлу қыз бетінен сүйгенде ыңғайсызданып қалды.

– Ерекең осында ма?

– Әрине, жоғарылаңыз үш күн болды сізді қайдан табарын білмеді досыңыз, – деп күлгенде дүрдиген ернінің арасынан аппақ маржандай тістері жарқ етті. Қаз мойын, мойыл көз, қара шашы иығына төгілген сұлу қыздың оқтаудай түзу аяқтарына көзі түсіп кеткенін өзі байқамай да қалды.

– О, Тәкебайчик, келдің бе? Құшағын айқара ашып, Ертаға қарсы жүрді.

– Ассалаумағалейкум, досым?!

Екеуі төс қағыстырған соң, Телжан төрде отырған ақшашы жалбыраған, қабағы катулы адамға қос қолдап амандасты:

– Ағасы, Сіздің қолыңызды алып қояйық.

– Амансың ба, бауырым, түсің жылы екен сендей азаматтың қолын алуға болады.

– Танысып қойындар, мына төрде отырған Арлан қасқырдай азулы Алдияр Ойшоғыр деген менің жездем, ұлтымыздың ұлы ақыны. Мына жігіт қазақтың Шукшини Телжан Алтаев деген азамат, менің жан досым! Ал, Даукен, күй мынаны...

Ақсары, жұқалау жігіт ширақ қимылдап, вискиді құйып шықты. Алдияр стаканды кері итерді.

– Осы вискиді ұнатпаймын. Қандаланың исі шығады, – деп тыжырынды.

– Алдияр көке, шетелден келген виски жаман болмас. Ойбай, өзімді таныстырмаппын ғой... Атақты Шұбартау көтерілісінде хан сайланған Мырзаш атаның ұрпағы – Даулет боламын.

– Дәулескер күйші, ақын, менің бауырым каратист, – деген Алдияр қалың қабағын ашып күлді. – Алып қойындар.

Телжан стаканға ернін де тигізген жоқ, столдың шетіне қоя салды.

– Оу, достым мұның не? – деді Ертаға.

Телжан басын шайқады. Ертаға бөтелкені қолына алып стакандарға толтырып құйды да орнынан тұрып сөзін бастады. – Алдияр аға, сіз қазақтың ұлы ақынысыз.

– Әй, осы сөзді қой дедім ғой саған, қазақта Ұлы ақындар көп, Бас ақынымыз – Абай, жаңашыл ақын – Мағжан, ал сендер ауызға келгенді оттай бермесендерші.

– Әй, ағатайым-ай дұрыс айтасыз, ат-шапаным, міне! – деп Алдиярдың алдына бір пачка ақша қойды. Алдияр сол кезде томағасын сыпырған қырандай өткір көздерімен жалт-жұлт етіп, Ертағаға қарады. – Әкет, мынауыңды!

Ертаға оның сөзін естімегендей, сөзін жалғай берді.

– «Арпа ішінде бір бидай» демекші, ортамыздағы гүліміз Күлчетай үшін ішейік, – деген кезде Алдияр орнынан атып тұрып, алдындағы үстелді бір-ақ төңкерді.

– Оңбаған, тексіз дейін десем жақсы атаның баласысың. Не деген азғынсың-ей, а, а, кет жоғал, көзіме көрінбей мә, ақшаң мына қатыныңның ышқырына тығарсың, – деп лақтырып жібергенде бөлменің ішіне жапырақ жауғандай болды.

– Жүр кеттік, Даукен!

– Әбеке, бір ашуынды берші, маған! – деді Ертаға жалынып.

– Әй, идиот, ел-аман жұрт тынышта әп-әдемі келіншегінді тастап, мына жәлепті мияулатып, жаныңа неге ертіп жүрсің-а? Сен жазушы едің ғой. Құдай-ау, не боп барасың сен...

– Ой, ағашка, вы что я всего дважды была замужем, об этом Еруха хороша знает...

– Бұйырса деңіз, – деп Дәулет бір түйреп өтті. – Дай бог не последний раз. Оның кекеп тұрғанын түсінбеген Күлчетай оны бас сап сүйді.

– Шіркін, заочный жеңгейдің сүйгені-ай, – деп Дәулет әндетті.

– Есің барда, елінді тап, Ертаға! – деп Алдияр есікті тарс жапты.

Дәулет кешірім сұрап оның соңынан кетті.

Екі дос бір-біріне үнсіз қарап тұр. Екеуінің кеудесінде екі белгісіз сұрақ. Күлчетай тонқандап ақша жинап жүр. Ертаға оның бөксесінен бір тепті.

– Ты что? – деп, Күлчетай күлді. – Мен саған доппын ба?

Күлчетай ашуланған жоқ күлді.

– Арақ бар ма?

– Қазір, қазір дорогой, қазір, – деп жиналған ақшаны онсыз да тырсылдап тұрған омырауына тыға салды. Көзі жайнап күлімдей қараған кезде, Ертаға еріп түскені анық еді.

– Келші, жаным...

Күлчетай Ертағаның құшағына қойып кетті.

– Жаным сол, сен болмасаң қайтер едім?..

– Ашуланбашы, жүрегің ауырады ғой. Қазір бәрін жасаймын, – деген кезінде мөлдір көздеріне жас толды. Телжанның жүрегі жылыды.

Күлчетай бетін жууға кеткенде, Ертаға ашулана сөйледі.

– Сендер мені түсінбейсіңдер, маған өмір сүру керек. Өлмеуім керек, сол үшін Күлчетай сияқтылар керек маған...

– ?...

– Мені жазуды тастап кеттің деп жазғыратындар көп. Олар өтірік жанашырлар. Мен атақты болғым келмейді, түсінесің бе? Келмейді... Мен жазбаймын, диктофонға оқимын...

– Ну... ну, койшы, жаным, – деп Күлчетай оны құшақтады. – Ауырып қаласың, аған болғасын айтады, ол кісі ақын ғой.

– Қолың су ғой, жаным, сүртсеңші, – деді.

– Дауысың қатты шықты, ауырып қалды ма деп шошып кеттім ғой.

– Жаным сол, мына жерді жинастырып бізге арақ берші.

– Қазір, қазір, – деп Кулчетай зыр жүгірді. Қимылына көз ілеспейді. Әп-сәтте бәрі дайын болды.

– Мен ішпеймін, – деді Телжан – Маған вообще ішуге болмайды. Көтере алмаймын, осы құрғырды ішпей-ақ қойсам деймін.

– Алдияр сияқты үстелді төңкеріп кетіп жүрме! – деді Ертаға күліп.

– ?...

– Кәні, мен бағымды сынап көрейін, – деді Кулчетай каркылдай күліп. – Ағамыз мені сыйлайтын шығар... кәне... кәне, молодец!

– Кездесуіміз үшін!

– Сен үшін!

– Кулчетай үшін!

– Достығымыз үшін!

– Семей үшін, – деп Ертағаның көзі жасаурап ешкіммен қағыстырмай-ақ тартып жіберді. – Қайран Семей, саған не дейін, көзден бұл-бұл ұштың ғой.

Телжан қатты қысылды. Екі облыс бірігіп, орталық – Өскеменге кеткен. Ертағаның өкпелеп отырғаны осы жағдай.

– Ертаға, тебе нельзя переживать, – деп Кулчетай мойнына асылды, – жүрегің ауырып қалады. Қойшы, жаным?!

– Кулчетай дұрыс айтады. Ертаға, қойшы осы саясатқа жоламайықшы, саған жаны ашып отырған қарындасымыз үшін.

– Кәрттайғанда көрген қызығым ғой, кәне, кәне, орныңнан тұршы, айналшы былай. Қалай, Телжан досым, кәне, фигурасын қарашы...

Бокалдар сыңғыр-сыңғыр етті.

Бір кезде далаға шыққан. Бет алыстары – Көктөбе. Түнгі аспанға қарап Ертаға қайтадан әнге басты.

«Семейім менің, Семейім,

Аһ, саған енді не дейін?»

– Ертаға-ау, мен квартира алдым ғой, қонақ үйге жатпай үйге жүр? – деп бағанадағы айтпаған ең басты жаңалығын айтты.

– Құтты болсын! Сүйіншің, міне.

Досы қалтасынан әдемі былғары әмиянын алып шықты да, бес жүз доллар санап берді.

– Ой, Ертаға-ай, мынауың не? Сен немене осы үшін келді ғой дейсің бе? Өзің жолаушы жүрсің ғой...

– Сіз, Ерекенді ренжітпеңізші, жүрегі ауырады ғой, – деп қалды Кулчетай. – Қазақтың салты емес пе, алыңыз.

– Азырканып тұрсың ба? – деді досы.

– Ертаға, қойшы енді.

Телефон шырылдады. Ертаға әлдекіммен оңаша сөйлесе бастады.

– Телжан аға, – деді көзін төңкеріп. – Сіз маған ренжімеңізші. Біз Көктөбеге өзіміз көтерілейік деп едік. Сіз барсаңыз өзіңіз білесіз, Семейді айтып жүрегін ауыртады. Тек маған ренжімеңізші.

– Қалай, такси аламыз ба?

– Ертаға, ренжіме, мен қайтайын. Ертең үйде тосамын.

– Кулчетай екеумізді ме?

– Әрине.

– Ақылдым менің, міне, нағыз дос. Кулчетай, қалай, а, Телжан ағаң?!

Әдемі қыз мөлдір көзін төңкеріп «мынау» дегендей, бас бармағын көрсетіп қойды да: – Я удивлена, почему у него нет подруги?

Телжан ыза болған. Намыстан. «Подруга... көрсетейін мен саған подруганы, көрші келіншекті көріп таң қаларсың.» Асығыс қоштасқан.

Ештеңе ойлаған жоқ. Ойлауға мұршасы да болмады. «Рамсторға» соғып, «Вискидің» біреуін қолтығына қыстыра шыққан. Беталысы – белгілі он үшінші пәтер. Көрші келіншек...

«Арғы жағын айтпаймын, ішің білсін, әлу-ай...»

...Үшінші күні қарға адым жердегі өз үйіне сүйретіліп әрең жеткен. Күндіз-түні «Вишня, вишня». Жалығып кетті. Оның үстіне кербез келіншек «за товаром» басқа қалаға бару керек болып қалды.

– Әй, қайда жүрсің?

Селк ете түсті. Кілтті бұрап тұрған қолы дірілдеді. Жалт бұрылса, Аманжол.

– Сен өзің қайдан жүрсің? – деді бойын тез жинап алып.

– Қыдырып жүрмін. Қайдан жүрсің дейді ғой. Қатының келе жатыр төркінінен, бүгін сағат он сегіз нөл-нөлде. Екі күн сені іздеп жүрмін. Ұшты-күйлі жоқсың... «Айттыңдар ма, келетінімді» деп сенің қатының менің қатынымның подругасының жұмысына күнде звондайды екен. Біз не айтамыз. Қанша бензин жақтым... клиенттер жоқ, қазір...

Өне бойын ток соғып өткендей болды. Буын-буынынан әл кетті. Есікті ашып, ішке кіре бергенде қайдан келгені белгісіз, қарғыбауын сүйретіп бульдог жетіп келді де, өкшесін жалай бастады.

– Ой, шешенді...

Бульдогты бүйірден бір тепкен кезде, баспалдақтан төмен қарай домалады.

– Дауысы қандай жаман, – деді Аманжол тыжырынып. – Қыңсылағанын қарашы, кәпірдің.

– Арғы атасы қасқыр емес, ит қой.

Телжан үш бөлмені әрі-бері кезіп жүріп алды. Қалай болды, солай. Өзгеріс жоқ. «Әттеген-ай, Ертаға берген бес жүз долларға тым құрымағанда ванна мен дәлізді жөндеп алуға болатын еді. Оған...»

– Шыбындаған жылқыдай өстіп жүресің бе? – деді Аманжол. – Бар вокзалға. Жынды ма-ей мынау? Қатының мен бала-шағаң келе жатыр ғой...

Жүрегі шаншып-шаншып кетті. «Не істесем екен, не істесем?...»

– Ақша бар ма сенде? – деді Аманжол тызылдап.

Қалталарын ақтарып жүріп, әбден шиыршықталған жүз доллар тауып алғанда, бетіне қан жүгірді. Кербез келіншектен есін бір жиғанда жасырған болуы керек. Жақсы сақталыпты.

– Аманжол, сенің осындайда ойлап табатын стратегияң бар еді ғой.

– Әкел, долларыңа қазір былай істейміз: біраз бензин құйып аламыз да, газеттен жарнама арқылы үй жинайтын адамдарды тауып аламыз. Бір сағаттың ішінде пәтерінді айнадай жарқыратады.

– Ой, сен...

– Сөзді бөлме, қазір сені моншаға апарып тастаймын, сыпыртқы алып, біраз сабаланып ал, сосын ұйғырлардың кафесіне барып лағман жейміз де, вокзалға барамыз. Бензин құямыз.

– Ой, сен өзің...

– Немене, қатыныңнан сөз естігің келіп тұр ма?

– Мә, мынаны алып, не істесең оны істе, – деді көк қағазды беріп жатып. – Кілтті саған беремін, мені моншаға апарып таста.

– Үйде ет бар ма?

– Мазақ қылып тұрсың ба?

– Бәрі түсінікті, – деді Аманжол ойланып. – Уақытты өткізбей кірісейік, ендеше.

Моншаға бара жатып көліктеріне бензин толтырып алды. Газет сатып алып, екі-үш жерге телефон шалып, бағаларына келісті. Осының бәрі Телжан үшін азап, өне бойы тырысып, шөлдей береді.

– Қазір базарға барып, бір-екі пачка «китайский кафель» сатып алайық.

– Әй, әкеңнің, сен өзі мені моншаға емес...

Телжан қатты ашуланды.

– Сізге екі сағат болды, – деді моншашы.

– Тағы бір сағатқа жалғайын, – деді Телжан, – есімді жаңа жиып келе жатырмын.

– Мейліңіз.

Телжанның басына ой келді. Жаман. Қорқынышты. Сұмдық. «Мүмкін, ол әйел... қазір не көп, жаман ауру көп...»

Тастарды қайнатып тұрған саунаға кіріп барды. Ойдан құтылмақ.

Ой. Ой. Ой. Сол оймен бір сағат жүріп, сүйретіліп далаға шықса, Аманжол күтіп тұр екен.

– Әй, өлтірмесең бір саптаяқ сыра берші.

– Жүр, ұйғырлардың кафесіне барамыз, сыра не болады...

Телжан есін жинады. Көңілді. Сорпасы бетіне шыққан үлкен екі кесе лағман мен бір қырлы стакан арақты тастап алған. Терлеп... бапты қою күрең шай ішіп отыр.

– Бетің бері қарап, кісі болып қалдың-ау.

– Айтпа деймін, тағы бір жүз...

– Кет-ей, жүз грамың бар болсын, бағасы қандай қымбат, үш литр бензиннің ақшасы...

...Вокзалға жарты сағат бұрын келіп алды. Көліктерінен түсе бергенде май-май шүберекті қолына ұстатқан көршісі: – Беті-қолыңды жақсылап ысқылап жібер.

– Есің дұрыс па, жаңа ғана моншадан шықтым ғой.

– Әй, қатының келе жатыр ма?

– Келе жатыр.

– Түріңе қарашы, аршыған жұмыртқадайсың. Әйел деген еркегінің өзі жоқта жүдеп-жадап жүргенін жақсы көреді. Сонда сезіктенбейді. Шалбарың үтіктелмепті, оған да шүкір.

Телжан оның айтқанын істеді.

– Міне, жақсы болды, «Джон негр баласына» ұқсама-саң да, үй салып жүрген кезіндегі қалпыңа түстің.

– Кетші-ей.

Пойыз дәл уақытынан жаңылмай, II Алматы вокзалына ентіге жетті. Екі ұлы сағынып қалыпты. Құшақтап алып «папалап» жатыр.

– Сағындым ғой сендерді.

– Бізді ұмытқан жоқсың ба? – деді Райхан.

Телжанда үн жоқ.

Балаларын бауырына басып, бір кезде жан біткендей: – Сендерден күннің исі шығады ғой, – деп қойды. Райхан әлде бірдемені айтпақ болып қозғала бастап еді, Аманжол да бір қу емес пе, «заправка жасап алайық, ә», – деп қойып қалды. Сөзді қуса, сөз шығатынын білген Телжан әрі қарай жақ ашпады. Үйлеріне де келді. Заттарын көтеріп жоғарыға көтерілді. Телжанның құлағы, екі беті ду-ду етеді. Есік ашылды. Екі бала кірді. Райхан үш бөлмелі үйді аралап шықты да, ұзын дәліздің дәл ортасына келіп жалп етіп отыра қалды.

– Мама, мама не болды? – деп, екі бала шешелерін айналсоқтап жүр. Бұл әйелінің жанына баруға бата алмады. Сәлден соң Райхан орнынан тұрды. Көңілді. Ештеңе болмаған сияқты. Бұған жымыып қарады.

– Папасы, «Шаңыраққа» барайық.

– Үйді бізден тартып алды ма? – деп үлкен ұл жылап жіберді. – Кеткім келмейді бұл үйден он милиция келсе де шықпаймын. Менің үлкен атам майдангер болған екен...

– Қой, Бекош, жылама...

Кіші ұл сөмкеден қамшы алып шықты да:

– Бекош, қорықпа, мынаумен атам қасқыр соққан екен. Ержан көкем берді. Любой мелисаны сабаймыз, біз үйімізді бермейміз...

Райхан күлді. Екі ұлын бауырына басып, «Қорғандарым», – деді.

– Бекош, мына үйді сенің атыңа жазып берейін...

– Менің атыма «Шаңырақтағы» үйді... – деп, кіші ұл танауын көтерді.

Райхан ойланып біраз тұрды да, «Кеттік нотариуска» деді...

«Күнәһар» жігітте не сөз болсын, Телжан үн-түнсіз келіскен...

«Сенім хатқа» Телжан қол қойғанда, Райхан «енді үйді қатырып жөндеймін», – деді...

Райхан аяқ астынан көңілденіп сала берді...

Жолдан Аманжолдың машинасына бензин құйып, құтты мекен «Шаңыраққа» қарай тартып отырды.

Шаңыраққа келгеннен кейін Райханның үнсіздігі оны арбаға жеккеннен де ауыр болды. Күнұзақ үлкен ұлды ертіп, қаладағы үйге кетеді. Шығыршықтың ішінде шыр айналған тиін құсап үй айналасында айналсоқтап жүріп, маңайдағыларға Телжанның да қадірі кетіп еді. Оны өзі сезген.

Сол күні Райхан қатты шаршаған, тіпті ауырып келген сияқты көрінді. Бұның қайнатып қойған шайына да караған жоқ, бір сағаттай төсекте сұлық жатып алды. Қайта-қайта «Мамаңа не болған?» – деп үлкен ұлынан сұрай береді. Бала болса иығын қиқаң еткізеді де қояды. Жауап жоқ.

– Мамасы, тұрып шайыңды ішсеңші, – деді бір кезде жанына барып. – Монша жағып қойдым. Түсіп алсаңшы.

Әйелі басын көтерді. Қатты бір уһіледі дерсің.

– Өлтіремін, ол қатынды! – деді тістеніп.

Шай ішіп отырып, ақкөңіл Телжан ойлады: «Е-е, ауылға барып ана үлкен абысынымен тағы да ұрсысып келген екен ғой, баяғы. Ағам балаларға атаған малдарын сатып, ақша қылып берейік деген болар. Жеңгем сыры белгілі ғой, қасқыр жеп қойды деген шығар».

– Сен ауылға барып, бір-екі апта демалып, шөп шауып келсеңші, қайнағамның денсаулығы болмай жүрген көрінеді, – деді Райхан ақырын ғана.

«Бәсе, айттым ғой, бар бәле сол жеңгемнен келді. Былтыр үлкен ұлдарын оқуға түсіруге көмектесе алмап едік, соған өкпелеп жүр ғой. Біздің қолда не тұр екен? Әй, жеңгем-ай! Осы жолы мінез көрсетпей-ақ қойсаң қайтер еді?!». Сонымен, ертеңіне түс қайта Телжан Түркісіб бағыты бойынша жүретін пойызбен «Өскемен қайдасын?» деп кетіп бара жатты...

Қаракөк аспан үлкен көл сияқты. Ай болса, қол-аяғын бауырына тыққан ұлу сияқты еді. Сүйкімді. Бейкүнә. Қозғалмайды орнынан... Бүк түсіп жатыр... Момын...

Кешкі тамақтарын ішіп алған соң ағайынды екеуі әңгімелесіп отыр. Ақырындап. Естелік. Сағыныш. Ағайындылықтың ақ көйлегінің түймесін ағытып еді ғой...

– Бауырым, – деді ағасы құшақтап Телжанға, – Міне, екеуміз екі үй болдық. Мені бағып-қаққан атам мен апам да бұл күндері жоқ.

– Менің әке-шешем де жоқ... – деді Телжан даусы өзгеріп. – Биыл алты жыл болыпты. Бірінен соң бірі кетті. Ендігі келетініміз сенің үйің, Ержан аға.

– Менің сенен басқа бауырым жоқ, – деді Ержан жанып жатқан отқа көзі жасаурай қарап. – Кішкентай кезімде қолым тигені рас, оны кек санамай үйге келгеніңе рахмет. Артымнан ерген бауырым емессің бе, атамнан қалған, ағамнан қалған малдарды өсіріп жатырмын. Саған тиесілі жиырма қой, отыз екі қозы. Сатамын десең өзін біл, уақытымен қырқып, купкеге түсіріп отырамын. Ит-құстан аманбыз. Тәтем орыстың екі сиырын сауушы еді

ғой, сен аудандық газетке орналасқанда біреуін сойып, базарға өткізген. Қара ала сиыр әбден қартайған соң, оны арзанға сатып жібергенмін. Бұзауының өзі қазір мүйізі қарағадай болды. Малың түгел, бауырым.

– Мал түгендеуге келген жоқпын. Мен маған тиесілі дүние бар деп ойлағанда емеспін. Сонша малды қайда ұстап отырсың?

– Қайдасы несі, осында ауылдың шетіндегі атамдардың ескі үйі бар еді ғой. Соны оралман ағайындар сұрап алған. Бір жақсы адамдар... Солар сауынға сұрап алған. Ұсақ малды соларға қосып қойғанмын... Бір жақсы адамдар...

– Ол үй жақсы еді ғой. Атамның әңгімесін тыңдауға, апамның құрт-майын жеуге баратынмын. Сен болсаң, мені қуатын едің ғой. Үйлеріңе келе жатқанымды біліп, анандай жерден төбем көрінісімен, Ақбақайды айтақтап қорқытатынсың. Ақбақай да абалап үргенмен, мені бірде-бір рет қауып көрген емес.

– Ағайынның арасына ит болса да түспейін деген ғой.

– Әй, сен не айтып отырсың, екеуіңнің араларыңа түскен иттерің сонда мен болғаным ба? – деп екі шелек суды үйге алып бара жатқан жеңгесі долданды.

– Сен туралы әңгіме жоқ, – деді Ержан.

– Қайдан білейін, жазушы бауырыңа өтірікті шындай қылып, ақсақты тыңдай қылып әңгіме соғып отырсың ғой. Менің қайныма сенің малың не керек, бір кітап жазады, бір үй алады біз ауылда күндіз-түні шапқыласақта мына тұрған Өскеменнен үй түгілі, тауық қора ала алмаймыз.

– Жеңеше, баяғыда «Шаңырақтағы» моншасына түсетін үй сіздердікі.

Жеңгесі естімеген адамдай үйге кіріп кетті.

– Ертең атамның үйіне барайықшы.

– Әрине, барамыз. Саған отбасылық жоспар құру керек. Мен қазан айында екі торпағыңды өткізіп ақшасын жіберіп отырайын, сен Алматының маңынан семіз бір бұзау сатып алып отыр. Кемінде тоқсан келі ет шығарады. Қолыңа тиын-тебен түсе қалса, жылқының қазы-қартасынан ептеп алып тоңазытқышқа салып тастандар. Үнем болады. Келімді-кетімді кісілерің болады. Сен еркек адамсың, отбасың жүдеп қалмас үшін дастарханың мол болу керек. Бала-шағаның ішіп-жемі, киім-кешегі сенің мойныңда. Келін түсінгі мол бала. Ана жолы ауылға келе сала өз үйіне бармай осында келді. «Ата-енем сіздерсіздер» деген келіннің сөзін естігенде... – деп Ержан көзіне жас алды.

Жел соғып өтіп еді от ұшқын шашып, лаулап жана бастады. Телжан ағасының көңіл-күйі бұзылғанына өзін кінәлі санағандай, – Ержан сен маған ренжулісің бе?! – деді.

– Е, жоға, аға-тәтемнің баласына қалай ренжиін. Сенің командировкаға кеткенінді пайдаланып құжаттарын да тапсырмаған екен. Ол инженер болғысы келмейді екен. Әнеу күні Ақмолаға барып келді. Ауылшаруашылық институтына түсем дейді. Факультетін айтып еді тілім де келмейді. Жер телімін өңдеу сияқты агроном емес, айтып еді ұмытып қалдым.

– Қазір оқудың түрі көп қой...

– Әйтеуір, тіл-көзден аман болсын екі қарындасың әлі кішкентай өзің көріп отырсың?

– Иә, тәтті балалар. Сен де кішкентай кезінде бұзық едің ғой, атамның сақалын тартып талай жұлқыладың ғой... Атаң да қандай салмақты адам еді. Айтпақшы, – деп күлді Ержан, – сенің кіші ұлың керемет, менің

қойнымда жатты. – «Ата, сасықсыз ғой бірақ, менің атамсыз, сақалың неге жоқ?» дей ме... Менімен ойнап, бауыр басып қалып еді.

– Келер жылы соңғы қоңырау соғылысымен, ұлдарды өзіңе жіберемін.

– Құдай тілеуінді берсін. Жанымнан тастамаймын. Шөп шапқызып үйретейін.

– Әлі отырсындар ма? Ағайынды қоңыр қаз құсап, – деп жеңгесі шлапшын толы кірдің суын жанып тұрған оттың үстіне төге салды.

Шала от...

Бықсыған түтін...

Ағайынды екеуі аң-таң.

Түтін...

Аспанда...

Аспанда...

Аспандағы бүк түскен Ұлу – Ай бой тасалады.

Екі апта деген не, тәйірі, өте шықты. Әй, бір армансыз шөп шапты-ау. Аға-жеңгесі де құрақ ұшып мұны күтіп әлек. Жеңгесі, тіпті, «Қайным, шаршап жүрсің ғой» деп ішкі жақтан бір «медоуха» алғызды. Күні бойы жертөледе суып тұрған «медоуханың» бір саптыаяғын тастап алсаң, тұяқ серппей ұйықтайсың.

Шығыс жақтың қазақтары қонақжай, бауырмал, мейірімді болып келеді. Туыс үшін етінен ет кесіп береді. Телжандай бауырынан несін аясын, жақсылап-ақ күтті. Екі апта осылай өте шықты.

– Женеше, – деген Телжан күйген картопияны жеп отырып. – Осы Райхан ана жолы неге ренжіп келді?

– Ойбай, көтек, не дейді? Ренжігені несі? Өй, кет әрі, жап-жас болып қатынжандысын қарашы, мынаның!

Жеңгесі осылай деді. Осылай деп қана қойған жоқ, кір жайып жүрген көрші Кержақтың кемпірі – тетя Марусяны шақыртты, магазинге бара жатқан бір-екі әйелді қол бұлғап шақырып алды. Күйген картошканы орталарына қойып, әй жиналысты ашты дерсің. Қайнысының екі ұлына осыдан біраз жыл бұрын атаған екі тайды құлындатқанын, сөйтіп төрт мал ғып беріп, оны сатып, ақшасын бергенін, осы жолы Райхан келгенде сүйіншіге құлағындағы құйма сырғасын шешіп бергенін, мына қайнысының үй алдық деп бір ауыз ағасына телеграмма жібермегенін, үлкен ұлын Алматыға оқуға түсірмей жерге қаратып жібергенін, оқуға түсірмегенін қойшы, ағалап артынан ерген інісіне бір костюм-шалбар кигізбегенін, қойшы әйтеуір, жеңгесі жарты сағат «жергілікті Алтай» радиосының тікелей эфиріне шыққан.

Кержак кемпірді білмеймін, қалған екі-үш әйел күнкілдесіп, беттерін бір-бір шымшып, әуелгі бағыттарын өзгертіп, көше-көшені бойлап кеткен.

Жеңгесіне тағы бірдеңе айтайын деп еді, үйден қатты-қатты жөтеліп, ағасы шықты. Күйеуінің төбесі көріне сала қазан-ошаққа қарай сырғып бара жатқан жеңгесін ымдап шақырып алды. Бір ауыз сөз айтқан жоқ... бірақ, шапалақпен оңдырмай бір тартқан кезде жеңгесі жерге домалап түсті. Телжанның зәресі ұшып кетті.

– Сен ертең үйге қайт! – деді ағасы Телжанға ақырын ғана.

Ертеңінде Өскеменнен Телжан аттың басын Семейге бұрды. Қазір дегенің ақшасын төлесен кез-келген ино-маркамен Семейге жетіп барады екенсің. Айналасы екі сағатта «Ауди-100»-ге екі жүз жиырма шақырым де-

ген не, досы Ертағаның есігінің алдына барып, бір-ақ тоқтаған. Төртінші қабатқа лифтімен көтерілді. Өзіне таныс, бірақ көптен келмеген отыз жетінші пәтердің есігінің қоңырауын басты.

– Папа, сен бе? – деді қыз баланың дауысы. Іле есікті ашып жіберді.

– О-о-о, Айжанка, үлкен боп өсіп қалыпсың ғой!

Қыз бала томсырайып қалды. Ішкі бөлмеден шешесі шықты.

– Бәле, біздің үйге де Телжанның келетін уақыты болады екен-ау. Жоғарыла, жоғарыла. Қайдан жүрсің? Алакөлден келе жатырсың ба, күнге керемет күйіпсің ғой?

– Жок, Алтайдан келе жатырмын. Біздің Ертаға мырза қайда? – деді. Әйгерім екі иығын бірдей көтерді.

– ?

– Мына үйді сатайық деп... көруге кісілер келеміз деген еді, солар ма десем, өзің екенсің ғой. Кел, жоғарыла, шай ішейік, – деп ас үйге шақырды.

Қуыршағын құшақтаған Айжан өз бөлмесіне кіріп кетті.

Ас үйде екеуден-екеу отыр.

– Үйлерің құтты болсын! – деді Әйгерім күліп. – Жаксы болды, қаладан үй алғандарың. Балалар өсіп келе жатыр. Ертең кемпір-шал болғанда «Шаңырақта» екеуің ғана қаласындар ғой. Айтпақшы, бағана Райхан звондаған, кешке сен келеді деп көрші-қоланды шақырып қойыпты ғой. Ал, сен болсаң, Семейде жүрсің, – деп қойды.

– Түстен кейін осы жерден самолетпен ұшамын. Ертаға мырза қайда?

– Махаббат майданында жаралы болып, ауруханада жатыр дейді.

– Ауруханада жатқаны қалай? Тағы да жүрегі ауырып қалды ма?

– Әй, білмеймін соны, қай жері ауырып жатқанын. Бір жұма болыпты ғой, әйтеуір. Оны қайтесің, шайынды іш. Өзіңнің ел-жұртың аман ба?

– Иә, енді, Ертаға...

Осы кезде қоңырау шылдырлады. Үйге орыстың әйелі мен екі еркек кірді.

– Мы по объявлению.

Әлгі үшеуі төрт бөлмелі үйді жарты сағат қарады.

– Семь тысяч даем, – деді орыстың әйелі.

– Да вы что? Мы купили эту квартиру за пятнадцать.

– Ну и что, сейчас Семипалатинск – не областной центр.

Үй сатып алмақ болған үшеу кеткесін Телжан тықыр-ши бастады. Әйгерімнің қабағы түсіп кеткен.

– Ертаға қайда жатыр? – деп қайта-қайта сұрағаннан кейін бе, «қайда-қайда болушы еді, городскойда» дей салды.

Телжан аяқкиімін киіп жатыр. Жанына Айжан келді.

– Аға, мынаны папама барсаңыз «мен берді» деп айтыңызшы, оның аяғы ауырады ғой, – деп қолына байпақты ұстатты.

Ол қоштасып үйден шығысымен қалалық емханаға жаяу тартқан. Анда-санда дұрыс келе жатырмын ба деп сұрап қояды.

– Қазір тихий час, екі сағаттан кейін келіңіз, – деді бір шелек су көтерген әйел.

– Екі сағаттан кейін самолетім еді, айналайын.

– Кімге келіп едіңіз?

ген не, досы Ертағаның есігінің алдына барып, бір-ақ тоқтаған. Төртінші қабатқа лифтімен көтерілді. Өзіне таныс, бірақ көптен келмеген отыз жетінші пәтердің есігінің қоңырауын басты.

– Папа, сен бе? – деді қыз баланың дауысы. Іле есікті ашып жіберді.

– О-о-о, Айжанка, үлкен боп өсіп қалыпсың ғой!

Қыз бала томсырайып қалды. Ішкі бөлмеден шешесі шықты.

– Бәле, біздің үйге де Телжанның келетін уақыты болады екен-ау. Жоғарыла, жоғарыла. Қайдан жүрсің? Алакөлден келе жатырсың ба, күнге керемет күйіпсің ғой?

– Жоқ, Алтайдан келе жатырмын. Біздің Ертаға мырза қайда? – деді. Әйгерім екі иығын бірдей көтерді.

– ?

– Мына үйді сатайық деп... көруге кісілер келеміз деген еді, солар ма десем, өзің екенсің ғой. Кел, жоғарыла, шай ішейік, – деп ас үйге шақырды.

Қуыршағын құшақтаған Айжан өз бөлмесіне кіріп кетті.

Ас үйде екеуден-екеу отыр.

– Үйлерін құтты болсын! – деді Әйгерім күліп. – Жаксы болды, қаладан үй алғандарың. Балалар өсіп келе жатыр. Ертең кемпір-шал болғанда «Шаңырақта» екеуің ғана қаласыңдар ғой. Айтпақшы, бағана Райхан звондаған, кешке сен келеді деп көрші-қоланды шақырып қойыпты ғой. Ал, сен болсаң, Семейде жүрсің, – деп қойды.

– Түстен кейін осы жерден самолетпен ұшамын. Ертаға мырза қайда?

– Махаббат майданында жаралы болып, ауруханада жатыр дейді.

– Ауруханада жатқаны қалай? Тағы да жүрегі ауырып калды ма?

– Әй, білмеймін соны, қай жері ауырып жатқанын. Бір жұма болыпты ғой, әйтеуір. Оны қайтесің, шайынды іш. Өзіңнің ел-жұртың аман ба?

– Иә, енді, Ертаға...

Осы кезде қоңырау шылдырлады. Үйге орыстың әйелі мен екі еркек кірді.

– Мы по объявлению.

Әлгі үшеуі төрт бөлмелі үйді жарты сағат қарады.

– Семь тысяч даем, – деді орыстың әйелі.

– Да вы что? Мы купили эту квартиру за пятнадцать.

– Ну и что, сейчас Семипалатинск – не областной центр.

Үй сатып алмақ болған үшеу кеткесін Телжан тықыр-ши бастады. Әйгерімнің қабағы түсіп кеткен.

– Ертаға қайда жатыр? – деп қайта-қайта сұрағаннан кейін бе, «қайда-қайда болушы еді, городскойда» дей салды.

Телжан аяқкиімін киіп жатыр. Жанына Айжан келді.

– Аға, мынаны папама барсаңыз «мен берді» деп айтыңызшы, оның аяғы ауырады ғой, – деп қолына байпақты ұстатты.

Ол қоштасып үйден шығысымен қалалық емханаға жаяу тартқан. Анда-санда дұрыс келе жатырмын ба деп сұрап қояды.

– Қазір тихий час, екі сағаттан кейін келіңіз, – деді бір шелек су көтерген әйел.

– Екі сағаттан кейін самолетім еді, айналайын.

– Кімге келіп едіңіз?

Телжан досын мықтап таныстырып шықты.

– А-а, білеміз ол кісіні. Дәрігерлер әйтеуір, клиникалық смерьтен алып қалды ғой. Екінші қабатта, бесінші палата. Платныйда жатыр. Сізді өткізбейді, қазір тұра тұрыңыз, мен мына суды апарып тастап өзім кіргізіп жіберейін.

Телжан палатаға кіріп, тұрып қалды. Әуелі досын танымай қалған. Екі жағы суалып, шүңірейіп көзі ғана қалыпты.

– Ертаға, саған не болған? – деді кереуетте жатқан досын құшақтап. – Ауырып қалдың ба?

Ертаға басын ғана изеді. Жымиып біраз жатты да:

– Ты откуда?

Телжан қысқаша өзінің қайдан келе жатқанын, самолеттің реті Семейден келіп тұрған соң, осылай қарай бұрылғанын айтты.

– Бәсе, – деді не қуанарын, не ренжитінін білмей.

Қос жастықты сәл көтеріп, шалқалай жатқан Ертаға еріндері дірілдеп, кемсең-кемсең етіп жылады.

– Телжан, сен маған ренжімеші. Менің ешқандай кінәм жоқ. Бар ойлағаным артымнан еретін бір ұл болсын дедім. Атадан жалғыз едім. Әкем марқұм да жалғыз өсіп еді. Ұрпақ желісі үзіліп қалмасын деген едім ғой. Мен өлсем біздің әулеттің шежіресі де әрі қарай дамымай қалады екен. Қателеспедім демеймін, қателестім. Тек мен өлгесін детдомнан бір ұлды алып, менің фамилияма жаздыршы. Менің ұлым деп қамқор болшы...

Телжанның тамағына өксік тығылды. Өмір мен өлімнің арасында жатқан досын қатты аяды. Айжан берген байпақты алып, білдіртпей жастығының астына тығып қойды.

– Ереке, өйтіп айтпашы, жазылып кетесің әлі.

Ертаға басын шайқады.

– Болмайды енді, енді болмайды.

Осы кезде есікті ақырын ашып бір жас қыз кірді.

– Сәлеметсіз бе! – деді Телжанға қарап.

– Сәләматсың ба, айналайын!

– Ертаға аға, мына көйлектеріңізді жуып, үтіктеп әкелдім. Қазір су ысытып қойдым, басыңызды жуып алыңызшы.

– Кешке қарай жусам деп едім.

– Аға, кешкі автобуспен ауылға кетемін. Мамам алпысқа толып, туған-туыстарды шақырып жатыр екен. Күні бойы бухгалтерияға бардым, ақша бере ме деп. Енді подаркасыз қалай барамын деп тұрмын, – деді.

Пейджер шылдырлады. Ертаға әрең оқыды. Көзі шатынап, терезеге қарап тұрды да: – Сука! – деді тістеніп.

Жас қыз беті ду етіп қызарды да, шығып кетті.

Біраздан соң сатыр-сұтыр етіп, есікті алқын-жұлқын ашып Кулчетай кіріп келді.

– Чо, лежишь, да? Ну, лежи! Сен білесің бе?.. – деп бірденені айтып келе жатты да, бұған жалт бұрылып қарап: – А-а, сіз бе, қалыңыз қалай? Қашан келдіңіз? – деді.

– Жаңа келдім.

– Сен білесің бе? – деді Кулчетай Ертағаға сұрланып.

– Сенің әперген мына тоның, оказывается, не настоящая норка. Каспийде қырылған итбалықтың терісі екен, Қытайда жасалған представляешь, подругаларымның алдында маскара болдым! – деп пакеттегі салынған тонды еденге бір-ақ тастады да, шығып кетті.

Жұп-жұмсақ, әп-әдемі, қоңыр күрең тонды Телжан жерден көтерді. Екі дос үнсіз, бір-біріне не айтарын білмейді.

– Рұқсат па, аға? – деп жаңағы сары қыз келді.

– Кіре ғой, айналайын.

Қыз бала леген мен ыстық су құйылған ыдысты керуеттің басына қойды да:

– Ой, қандай жақсы тон, – деп қызыға қарады, бірақ қолымен ұстаған жоқ.

Ертағаның шашын үш қайтара сабындап жуып, сүрте бастады.

– Ертаға аға, сіз қысылмаңызшы, әлі-ақ аяғыңыздан тұрып кетесіз. Менің де сіз сияқты ағам бар, қазір әскерде. Сағынып жүрмін. Мамам екеуімізге хат жазбай, дружить етіп жүрген қызына ғана хат жазады.

– Қалыңдығы әдемі шығар, ә? – деп күліп қойды Телжан.

– Қайдан білейін, аға. Бір-екі рет көрдім. Көп боянады екен. Бірдеңе айтайын дедім де, ағатайым ренжіп қала ма деп ойладым. Өзіне ұнаса болады да, әйтеуір мамамды күтсе болды. Маған бәрібір, мен әйтеуір үйден кететін адаммын ғой.

Ертаға орнынан үш ұмтылып тұра алмады.

– Телжан, ана тонды әперіп жіберші, – деді Телжанға қарап. – Ал, айналайын, сенің мамаңның тойына деген Телжан ағаң екеуіміздің сыйымыз болсын, мына тонды ала ғой, – деді.

– Жо-жоқ, аға, мынадай қымбат нәрсені алмаймын. Ауылға алып барсам көршілер не деп ойлайды? Қалаға кеткен қыздардың бәрі бұзылған, теріс жолмен ақша табады деп ойлайды. Жо-жоқ, атамаңыз, керегі жоқ маған. Мамама бір орамал, бір-екі килограмм индийский шай болса болады.

– Онда былай болсын, Ақзер. Мына тонды ал, сендер төрт қыз пәтер жалдап тұрасындар ғой.

– Иә.

– Осыны сатындар да, төртеуің керектерінді алындар. Қазір алып кет, ал әзірге мынаны мамаңа апарарсың, – деп бес мың теңге берді.

– Рахмет, аға, дүйсенбі күні айлық аламын, бірден қайтарып беремін сізге, – деді күліп. – Ал тонды бергеніңіз үшін рахмет, төрт қызға дедіңіз ғой, мен жалғыз келіп алмаймын, төртеуіміз келіп алайық. Өзіңіз беріңіз. Олар мен туралы не ойлап қалады? Әзірге сіздің пала-тада тұрсын, – деп, өзі шкафқа іліп қойды.

– Жолың болсын, Ақзер, мамаңа сәлем айт.

– Сау болыңыздар. Ертаға аға, рахмет сізге, дүйсенбі күні қайтарып тастаймын ақшаңызды.

Ақзер бұлармен қоштасып шығып кетті.

– Шіркін, – деді Ертаға шалқасынан жатқан күйі. – Қазақтың қыздарының бәрі осы баладай болса ғой, шіркін! Халқымыз әлдеқашан ілгері басып кетер еді ғой.

Телжан үн-түнсіз. Үлкен терезені айқара ашты. Бір кезде бөлменің ішін қоңырсыған түтін исі алып кетті.

– Жап, ойбай! – деді жөтеліп. – Мына орман өртенгелі бір жұма болды. Көз алдымда қарағайлар емес, кітапханалар жанып жатқандай елестейді маған, – деді Ертаға.

Телжан үн-түнсіз.

– Екі ұлыңды спортпен шұғылдандыр. Қазір балаға компьютер үйрету керек, сол жағын ескерерсің. Менің кішкентай Айжанкама да көз қырынды саларсың... Баламның мектеп бітіргенін көрсем деп едім. Оған енді қайда... – деп күрсінді.

Телжан үн-түнсіз.

– Ал енді, сен аэропортқа үлгермейсің, вокзалға қарай зымыра. Пойыздан қалып қоярсың. Сау бол. Қайда

жүрсен, аман бол, – деп қолдары дірілдеп, мойнындағы тұмарын шешті де:

– Мына қасиетті тұмарды атам марқұм мойныма бірінші класқа барғанда тағып беріп еді. Айжанкам мектеп бітіргенде, бұл бабаңнан қалған тұмар еді деп мойнына тағарсың, саған аманат...

– Ертаға, олай демеші, әлі-ақ жазыласың ғой.

Екеуі үнсіз қоштасты. Алай-дүлей көңілмен вокзалға жетті.

Вагонның есігі жабылар-жабылмастан қарғып мінген кезде оны кеудесінен итеріп жерге түсірмек болған жолсеріктің иығын қапсыра құшақтай алғанда темір арба танауы пысылдап, өкшесі тақ-тұқ етіп орнынан қозғала бастап еді... «Былай тұр! Құлаймыз, есікті жабайын», – деді қараторы жігіт күлген болып....

Телжан ақырын жылыстап терезенің алдына барды... Семейдің төсін қақ жарып ағып жатқан Ертіске қарап еді жүрегі бұлқынды. Қайран, ақкөңіл досым сенің тағдырың не болар екен?» Тамағына өксік тығылды. «Қайран, Ертаға досым, далада қалдың-ау... Сен неге аласұрдың? Неге? Неге?..»

«Жаңасемейге» кеп айылын бір тартып алған пойыз сар желіске басты. Көз алдынан өтіп жатқан бағаналар...

«Қайран, Ертаға, досым-ай...»

– Орналастыңыз ба, көке? – деп жанына келген жігіт жымыып күліп – Шаршайсыз ғой...

Телжанның басы айналғандай болды. Көз алды қарауытып барып ашылды. «Маған не болған, шаршағанмын-ау...»

Осы кезде ту сыртынан ән салған қыз баланың нәзік даусы естілді. Қандай тамаша ән...

«Біздің ауыл Барлықтың бөктерінде, елигай.

Ұзақ болды ауылдан кеткеніме, елигай,
Қоңыр тауда қой бағып әнге салдым, елигай,
Құлағыңа жел болып жетпеді ме, елигай...

Қош есен бол, көргенше,
Дәм-тұз айдап келгенше,
Әннен айтып кетейін,
Ішке бүге бергенше...»

Телжанның басы айналғаны тоқтады. Жаны жай тап-
қандай. Тамаша дауыс... Балаң дауыс...

«Таудың қызыл пісті деп бүлдіргені, елигай,
Сағындың ба ауылыңды бұл күндері, елигай?
Алыс аулы, қарағым, қалған кезде, елигай...»

– «Өй бәрекелді, өркенің өссін...»

– «Нағашылырына тартқан...»

– «Садаған кетейін, құлыным...»

– «Астанада ән салуға жеткізсін құдай...»

– «Айтқаныңыз келсін...»

Қазақи бауырмалдық... Сырт көз қызығарлықтай,
жылы қарым-қатынас... Сарт етіп есік ашылғанда жау-
лық тартқан егде әйелмен сақалы шошайған қарт адам-
ды жаңағы ән салған кішкене қызды, тағы да екі адам-
ды байқады. Купенің босағасынан күліп шыққан жас
жігіттің жүзі жылы екен.

– Ассалаумағалейкум, аға! – деп, қос қолдап амандас-
қан ол Телжанға сұраулы жүзбен қарады.

– Уағалейкум! – деді Телжан танымаған сыңай таны-
тып.

– Жолаушымыз, ағасы, Жарма, Семейден келе жа-
тырмыз... Осыдан он шақты күн бұрын Тарбағатайдан
шыққанбыз. Алматы келдік... Содан жолдамыз. Қазақ-

тың даласы кең екен ғой, – деп, Телжанның білегінен ұстап аз тұрды.

– Не болды, бауырым?...

– Аға, қан қысымыңыз жоғарылап тұр ғой... Қане, бізге кіріңіз.

– Жо-жок, әуре болма...

Бейтаныс жігіт купесіне кіріп, кішкене қол қобдишасын алып шықты.

– Ағасы, сіздің қан қысымыңыз жоғарылап кеткен сияқты. Кәне, өлшейік.

Телжан үнсіз келісті. Жолсеріктің купесіне барып қан қысымын өлшетті.

О, аға, мынау болмайды ғой... Жатыңызшы, мына жерге... Кәні, кәні, – деп ине салды.

– Жата тұрыңыз. Қан қысымыңыз көтеріліп тұр... Телжанның әп-сәтте бойы мұздап өтті де, көз алды ашылып сала берді...

– Ой, рахмет, атың кім бауырым?

– Хан-Толқын Керей деген бауырыңызбын. Жоғарғы сыныпты дәрігермін. Үрімжінің доғдырлық оқуын бітіргенмін... Семейге, Жарма деген жерде жатқан Керей-Жәнібек батырдың басына барып зиярат қылып келе жатырмыз...

– О, – деді таңырқап Телжан. – Сонау Қытай елінен атаңызға бола келген екенсіз ғой.

– Біз әуелі Үрімжіден Алматыға келдік... Содан Ақмолаға жеттік... Жүдеу қала екен.

– Жаңа еліміздің Астанасы болып жатыр. Біздің қазақ не көрмеген? «Мың өліп, мың тірілген» қазақпыз ғой... Дербестік алдық, оған да құдайға шүкір...

Пойыз зулап келеді. Жолсерік жігіттің үш адамы бар. Қазанның қара күйесіндей дәу жігіт орысшалап, боқтық араластырып сөйлей бастады.

– На хрена сидите здесь? Мы совещаемся, идите вы отсюда...

Телжан күмілжіп ештеңе айта алмай қалды. Оралман жігіт ағылшын тілінде:

– Excuse me, but I am measuring pressure of this man and going to give him injection, – деп еді, үшеуі бірдей аң-таң болып қалды.

Екеуі тамбурға шыққан кезде «Әкешім, анам шақырады», – деді қызы купеден басын шығарып.

– Ағасы, білмеген жердің ой-шұңқыры көп деген. Келініңіз аландап жатыр. Аяғезде қан қысымыңызды бір өлшесем... Біз Бақтыдан өтеміз ғой, Мұқан деген Буыршынның батыр жігіті қарсы алады. Ол да бізбен кеденнен бірге өтеді. Таңертең үлгеруіміз керек. Кеші-рерсіз...

Терезеден кең далаға қарап тұрғанда жанына жолсерік келді.

– Байеке, орналастыңыз ба?

– Ағаңа орын тауып бермейсің бе, жаның ашыса, – деді Телжан.

– Ашуланбаңыз, бәйеке, аман болсақ табамыз плацкарт пойдет?..

– Әрине, – деді Телжан селқос қана.

– Базар жоқ, бәйке...Қазақша жақсы сөйлей аласыз ба?

– Мен не орысқа ұқсаймын ба? Жоқ, әлде...

– Ашуланбаңыз, бәйке. Абайды оқығансыз ба, қазақша мақал-мәтел білесіз бе?

– Бір кісідей.

– О, бәйке, жақсы сізді Князьдың купесіне апарайын сөйлесіп көріңіз, чоң қазақ мүмкін қабылдап қалар сізді...

– Князь? Ол кім? Мафияның серкесі ма?

– Солай десе де болады. Биылға осымен үшінші мәрте менің сменама дөп келді. Өзі шатақ шал. Бір купені бірақ алады ешкімді кіргізбейді. Бывший заготовитель. Осы жолы бәйбішесі жанында екен ана жолы немересі Рүстем болған еді, ой, керемет бала, умный пацан...

– Түсінікті, – деді шаршағанын сезе бастаған Телжан.

– Мен не істеуім керек?

– Сәлем берсеңіз болды, арғы жағын Князь өзі шешеді орын береме, жоқ әлде ит қосып қуама, – деп қырғыз жігіт ыржалақтап күлді. – Он мощный психолог...

– Тонымызды шешіп алмас, барайын... баста жолды, бауырым...

Екеуі бесінші купенің есігінің алдына барып біраз бөгелді. Телжан қымыздың исін сезгендей болды.

Жолсерік есікті қақты да, кейін шегініп кетті.

«Кіре бер деген» гүрілдеген дауыс шықты. Имене басып Телжан ішке кірді.

– Ассалаумағалейкум, ақсақал...

– Уағалейкум, бізде орын жоқ саған...

– Үйге кірген жыланға да ақ құйып шығарады деген атам қазақ. Таңдайым кеуіп қалды, – деп күлді...

– Ой, енеңді ұрайын, сөзді тауып кеттің кел отыр. – Бәйбіше басыңды көтер, қонақ келді. Қалғып кеткен әйел адам басын көтерді де Телжанға:

– Амансың ба, әкем, – деп жылы амандасты.

– Сәлеметсіз бе, тәте? – деп бидай өңді ақ самайлы әйел адамға амандасқан Телжан дөңгелек жүзіне айбар

біткен шегір көздері от шашып тұрған шалға қарады. – Аға!...

– Тұра тұр! – деді. – Әй, Зұлқаш, мына ұлға қымыз күй.

Әйел адам ыдысаяқты реттеп, шеті кертілмеген таза кесеге толтыра бетінің майы көбіктенген қымыз құйып, «Ас болсын әкем, мына құрттан да ала отыр», – деді.

Телжан бет аузын шымырлатқан қымыз толы кесені бірақ қотарды.

– Вот, бал қымыз екен...

– Бұл – Саржалдың қымызы.

– Керемет екен...

– Әкем, кесенді бер, шөлінді басып ал, айналайын, – деп әйел тағы да толтырып қымыз құйды. Шал болса, дастархан үстінде беті жабулы табақтан бір тілімнен қазы-қартаны алып, Телжанға берді.

– Ас болсын, балам!

– Рахмет, аға, сіздерді әуреледім ғой.

– Көп сөйлемей, қымыз іш...

Телжан кесе толы қымызды тағы да төңкеріп тастап, шал ұсынған етті жеген кезде маңдайынан шып-шып тер шықты. – Рахмет, сіздерге!

– Ас болсын, қарағым. Демінді алып тағы да сіңіріп іш. Саржалдың қымызы бал ғой, ағанның Шабак деген бауыры бар сол баптайды бұл қымызды.

– Да, – деді Телжан таңырқап, – Саржалдың шабағы мынандай болса, шортаны қандай болады екен.

– Елдің бәрі солай айтады, – деп әйел адам күлді.

– Шабағым мықты азамат боп өсті, бала кезінде тентек болған шығар. Қазір керемет жігіт болды. Үйір-үйір жылқы бағып отыр. Қайтсе текті атаның баласы ғой. Оның Ике атасы Алашорданың қамқоршысы болған.

Қытайда менің әкеммен жақсы араласып еді. Икенің обалына қалған Совет өкіметі ғой. Қытай қазақтары Шәкерім атамның ұлы Зият ағамды да ерекше құрмет тұтатын еді...

– Сіз Қытайда туған оралмансыз ба?

– Жоқ, мен Мақаншы деген жерде туғанмын. Әкем Түркісіб жолында бригадир болған. Сүйегіміз Тобықты, оның ішінде Көкше деген тармағынан. Атамекенім Шыңғыстауда.

– Аа, түсіндім, кешіріңіз.

– Кешірім сұрағаның не? Сенікі дұрыс. Шәуешекке әкем марқұм НКВД-ның бір орысын атып тастап, бір-ақ түнде қашып барған. Шағантоғайда осы жақтан барған тобықтылар баршылық екен. Жақсы өмір сүрдік. Шығыс Түркістан ежелден қазақтың атақонысы ғой. Есінде болсын, Қытай қазақтары үш аймаққа бөлініп айтылады. Іле, Алтай, Тарбағатай.

Шал үш саусағын бүктіде сәл ойланып барып сөзін жалғады.

– Мен, Кеңесжан Қылышұлы деген ағаң боламын...

– А-а, – деп желкесін қасыған Телжан өзін қысқаша таныстырды.

– О, жақсы үлкен атаның баласы екенсің... Қаратайдың ішінде қайсысың?

– Сарғалдақ...

– Сен өзіміздің бала боп шықтың, кел қымыз іш, – деп Шал өз қолымен толтырып қымыз құйып берді. – Саржалдың қымызын бір тартшы...

– ?

– Қалай екен?

– Тамаша, Саржалдың қымызына не жетсін...

– Рахмет, балам! Әдетте Өскемен жақтан келетіндер Шардан мінуші еді, сен Семейден отырдың?

– Досым ауырып жатыр еді, соның көңілін сұрайын деп Семейге бұрылғанмын...

– Солай де... Досыңның көңілін сұрауға сонау жерден бұрылсаң, тегін жігіт болмадың? Шылым шегемісің?

– Жок, аға...

– Арақ ішесің бе?

– ?

– Түсінікті...Өзің не қызмет жасайсың?

– Мен жазушымын, – деді аты-жөнін қайталап.

– Осы Алтай тек жазушыларды ғана дүниеге әкеле ме? Шіркін, Оралхан керемет еді ғой...

– Ол менің бауырым еді ғой, – деп, әйел адам ауыр күрсінді.

Купенің ішінде аз уақыт үнсіздік орнады. Пойыз жүйіткіп келе жатыр.

– Ал, жарайды, аға, мазаларыңызды алмайын! – деп орнынан тұра бергені сол еді, Шал жеңінен баса тартқанда қайта қалай отырғанын білмей де қалды.

– Отыр! – деді Шал, әмірлі дауысын қатты шығарып, – Мен сенімен әңгімелесіп отырмын ғой, ошақтан секірген сиыр емес шығарсың, әлде дәмнен үлкенсің бе?

– Атасы-ау, қойсаңшы, бала емес пе?

– Әй, женщина, замолчи, а... Қайдағы бала? Мен бұның жасында бір ауданның заготконторасын ұршықша иіргенмін.

– Иә, білемін ғой нені иіргенінді, нені илегенінді... Қонаққа неге ұрсасың? Біздің Ерланымыздай жас бала, не болды сонша?

Бәбішесінің сырын білетін Шал әп-сәтте өзі де, даусы да өзгеріп шыға келді.

– Әй, балам-ай, тәтен дұрыс айтады сен жоғарыда тұрған заттарды мына жерге қой. Мен саған төсек-орын әкелткізейін. Шал орнынан тұра, есікті ашып...

– Әй, Әбділдәбек, қайдасың? – деп айкайлады.

– Не болды, бәйке? – деп, жолсерік жігіт жүгіріп келді.

– Бәйке...

– Сен қымыз ішпеуші ме едің?

Әбділдәбек желкесін қасыды.

– Бар, қонағымызға төсек-орын әкеп бер.

– Есть, товарищ Генарал! – деп, қолын шекесіне апарған жолсерік кері бұрылды.

Телжан аң-таң.

– Балам, әкеңнің кейде аяқастынан артист боп кететіні бар... Ренжіме орналасып ал, кәзір жақсылап шәй ішеміз.

– Бәйбіше, қолымды жуып келейін. Бауырыңды орналастыра бер.

– Жарайды, атасы...

Телжан аң-таң. Үйленіп, үй болғанда оңашада апасының «Балам, әйеліңе қол тигізіп ашындырма... Онымен қатынды тәрбиелей алмайсың, жөн-жосықсыз қазымырлана берме! Өзінің миында бар адам болса, ерін сыйлап өтеді», – деп айтқан сөзі есіне түсті...

– Генарал қайда? – деді төсек-орынды алып келген жолсерік.

– Қолын жууға кетті. Кел, тізе бүк! – деп, үлкен кесеге толтырып қымыз құйып берді. Жолсерік жігіт түрегеп тұрып бір-ақ төңкерді де, түшкіріп жіберді.

– Жаракімалла! – деп, Кеңесжан купеге кірді.

– Бәйке, әже, сіздер демала беріңіздер. Пойызда бригадир мен проверяющийлар аралап жүр, – деп қырғыз жігіт орнынан тұруға ыңғайланды.

– Сен оларға айт, есікті тоқылдата бермесін. Саржалдың қымызын олар үшін әкеле жатқан жоқпын. Қырғыз Ұлы халық... Әбділдәбек, соны сен сезінесің бе? – деді Кеңесжан.

– Рахмат, бәйке!

Улутчыл дейт билбеген,
Улутун кимдер сүйбөгөн,
Қырғыз деп келіп дүйного,
Қырғыз деп кетем дүйнөден...

– Ой, жарайсын, Әбділдәбек...

– Менин улутм Қырғыз, Улуу даңазалуу айкөл Манас баатырдын урпағымын, Қурманжан датканын уulumун, қазаққа күйоо баламын... айалым Нұргул Қордайдан...

– Ой, бәрекелді, қыздарымыз қытай мен шүршітке кеткенше сендей адал қырғызға барғаны дұрыс болған, қызымыз жаман жерге бармапты.

– Рахмат, бәйке, мен кеттім.

– Танысқаным қуаныштымын, күйеу бала! – деп Телжан қолын қысты. – Саған да рахмет!

– Телжан, балам, қолыңды жуып кел, шәй ішейік. Мына жерге тәтең шағын дастархан жасап жіберсін.

– Мен де көмектесіп жіберейін.

– Әй, – деді Кеңесжан дауысын көтеріп, – Сен не үйіңде қазан ошақтың басында жүрген еркексің бе, көп оттамай бар қолыңды жуып кел.

Телжан күліп, шығып кетті. Қолын жуып тұрып ойланды. «Бір керемет кейіпкер таптым. Бір повесть жазбасам...» деп ойлады. Тамбурға шығып, қазақтың кен даласына ұзақ қарап тұрды. «Қайран, Ертаға! Қандай ақкөңіл жанашыр досым, бұл жағдайға қалай ұрындың? Отбасың да керемет еді... Неге быт-шыт болдыңдар? Неге? Неге? Ендігі тағдырың не болмақ? Кулчетайға

қайдан ғана ұрындың екен? Досым-ай, саған енді қалай ғана көмектесем екен? Емі бар ма сенің дертіңнің? Досым-ау...» Тамағына өксік кептеліп келе жатқанда «Телжан» деген дауысқа селк ете түсті. Жалт бұрылып қараса, Шал екен.

– Қазір, аға.

Қайтадан беті-қолын жуып кеп, купеге кіргенде таңырқап тұрып қалды. Төрдегі пойыздың шағын үстеліне аңшылардың кішкентай ошағы тұр. Оның ішіне май шамды кесіп, білтесін жағып, үлкен шәйнектің танауын шуылдатып қойыпты.

– Кел, кел, бауырым, жоғарыла! – деп алдында тұрған шахмат тақтасы сияқты шағын дастарханды жеңіл көтеріп алды. – Жоғары өтіп кет. Тез... тез...

Телжан жайғасып отырды.

– Не болды, әкем, бір жерің ауырып тұр ма? Түрің бозарып кетіпті ғой! – деді Зұлқаш.

– Жоқ, тәте, жол шәршатты ғой... Қайта Сіздерге кездесіп, жолым болды.

– Жас адам шаршай ма екен? Сендей кезімізде...

– Иә, білеміз, бұның жасында не істегеніңді, – деді түсін салқындатып Зұлқаш.

– Мына шағын дастарханды... – деді әңгіменің ауанын басқа жаққа бұрып жіберген Кеңесжан, – Ерланымның досы Жұмағали балам арнайы жасатып берді. «Батя, дойбыны шебер ойнайсыз, әрі жол жүрсеңіз дастарханыңыз ені жетпіс, ұзындығы мына таяқшаларын қосқанда жүз тоқсанға барады. Өте қолайлы» деп еді, рахат болды осындайда...

– Бауырыма шәй ішкізсеңші...

– Ойбай, кешір, бауырым! Тәтең Ақжарда туған, Тәуке руынан. Екеуміз Қытай елінен шаңырақ көтеріп келдік Атамекенге...

– О, Сіз жезде болдыңыз, ақсақал...

– Осы Үлкен атаның балалары бір-бірінді сонау жерден танысындар ғой... Қазақта «Бай-байға, сай-сайға құяды» деген сөз бар. Мен осы мақалға «Найман-Найманға құяды» деген сөзді қостым...

Телжан күліп жіберді де, теңселіп келе жатқан пойыздың терезесінен далаға қарады.

...Екі өкпесін қолына алып, басындағы қып-қызыл тақиясы қай сайда қалатынына қарамай, әр шүрегей төбенің басынан бір-бір секіріп, жанұшыра жүтірген бауырмал баладай батып бара жатқан күн жирен кекілін желбіретіп бұлардан қалысар емес...

Пойыз жер апшысын қуырып келеді.

Зулап келеді.

– Қой, бала, қымыз іштік, шайға қандық, енді Аягөзге төрт сағат бар, кішкене демалып алайық. Сосын бір бір кесе қымыз ішеміз де, жақсылап ұйықтаймыз. Аягөзде жарты сағат тұрады. Оятсам, ренжіме. Біз кәрі адамбыз, тізе сырқырайды, бел ауырады бір жерде құлап жатсам, елден ұят...

– Ой, қойыңызшы, жезде, ауыра қалады екенсіз... Сұлу әйел көрсеңіз, көзіңіз жайнап, жас жігіт боп кетесіз ғой...

– Өй, ененді ұрайын, қызталақ...

– Ал, балаңмен жасты адамнан сөз есті. Рахмет, бауырым, сенің айтқаның дұрыс. Ал, енді демала ғой, бауырым...

– Ой, ененді ұрайын, мынау қайтеді-ей, а...

Кеңесжанның даусында реніш жоқ еді...

Телжан басы жастыққа тиісімен қор ете түсті...

«— Телжан, қалайсың, бауырым, сені сағындым ғой! — деді ақ көйлек киген Ертаға күлімсіреп. Өзі әбден жүдеген. Көптен сақал-мұртын, шашын алдырмаған сияқты...

— Амансың ба? Саған не болды? Мына күйге қалай түстің? Не болған саған? Не болған?

Ертаға үнсіз...

— Мода қуып жүрсің бе? Ертаға-ау, бала боп кеттің бе?

— Ұлымды сағындым! — деп, жылап жіберді. — Сағындым. Ол қайда, көрген жоқсың ба?

— Сенде ұл жоқ еді ғой... Қайдағы ұлды айтып тұрсың? — деді Телжан.

— Өзімнің ұлым... ұлым менің! Мен одан адасып қалдым. Кішкентай еді ғой, башпайлары қандай сүйкімді еді?!

— Білмеймін ғой...

— Сен мені білмейді екенсің ғой, — деді Ертаға. — Сен білмейсің ғой, расында мені.

— Әбден білемін. Серісің, мырзасың, қолың ашық, бірақ көрінген жәлептерге жем болдың? Ақшаң көп екеніне мақтанып, оңды-солды шаштың.

— Досым-ау, табаламашы мені... — деп жалт қарағанда, Телжан шегініп кеткенін байқамай қалды.

— Ренжіп қалдың ба? Өзің айтшы, мына Кулчетайды қайдан тауып алдың?

— Ол менің өмірімді ұзартады. Ұл тауып береді маған. Ол мені байытады...

— Ана көзі бақырайған жәләп қатын ба?

– Иә, ол сондай қатын, бірақ ол менің өмірімді ұзарта-тын адам. Өзі сұлу.

– Әй, ит досым-ау, әбден миыңды айналдырып жіберіпті ғой. Оқытып қойған ғой сені.

– Ха...ха...ха... – деп Ертаға күлді. Күлген сайын кішірейе берді, кішірейе берді. Бір кезде күлкісін тоқтатып, кемсең-кемсең етіп, жылай бастады. – Мынаны қарашы, досым, тырнақтарым өсіп кетті. Қазір аламын. Содан соң ана дөңнің астында бұлақ бар, егер тартылып қалмаса, сені шақырамын. Үш рет атыңды айтып, дауыстап шақырамын. Келмесең, әрі қарай ұлымды іздеуге кетемін.

Күн шымылдық ішіне кірді. Қап-қараңғы. Қараңғы. Қараңғы.

Бойы тоңазып үрейлене бастады.

– Телжан...

– Е, бәсе, досым-ау, мені қалдырмаушы едің!»

«– Телжан деймін...»

«Бөтен дауыс».

– Телжан-ау!

Тасырлатып жанынан бір үйір жылқы шауып өтті.

Ол көзін ашып алды да, ештеңе түсінбей сәл жатты.

«Семей-Қызылорда» пойызы Аягөз қаласына келіп тоқтады...

...Орнынан тұрып, төменге түсіп, есінеді кеп. Кеңесжан басына телпек киіп далаға шығуға дайындалып апты. Мырс етіп күлді...

– «Күлсең, кәріге күл!» – айда, алдыға түс, – деді Кеңесжан. – Не болды сонша ұйықтап? Жас жігіт емессің бе, ширақ болу керек!

– Сіз, солдат сияқтысыз, жезде...

- Бауырым, ренжіме, өзіңнің ағаң ғой, – деді Зұлқаш.
- Бір жерде сүрініп құлап қалмайын дегені ғой...
- Ой, тәте, ағамыз құлайтын адамға ұқсамайды. Біреуді бір ұрып құлатпаса...
- Ой, ененді... сөзді көбейтпе! Түс алдыға...
- Ассалаумағалейкум, аға! – деп түсіп келе жатқан Кеңесжанды қолтықтап алды.
- Бұ қай бала?
- Аға, бұл балаңыз дәрігер, Хан-Толқын, – деді Телжан.
- Ассалаумағалейкум, – деп сол сәтте жандарына шойыннан құйғандай, қол-аяғы балғадай еңселі жігіт жылы жүзбен амандасты.
- Менің бауырым – Мұқан. Руы – Буыршын.
- Елің кім? – деді Кеңесжан.
- Керей, Жәдік одан Байғара, – деді Мұқан.
- О, Қуандық батыр Ер-Жәнібектің сенімді серігі болған... Қанас өзені өткел бермей жатқан шығар, – деді Кеңесжан. Олардың сөзін бөлген Хан-Толқын:
- Кешірерсіз, сіздің қан қысымыңызды өлшейін! Біз асығыспыз! Бақтыдан өту керекпіз. Ықтиярхатты алып, Қазақ еліне көшіп келемін, – деді.
- Хан-Толқын тез-тез оның қан қысымын өлшеп болған соң:
- Ал, ағайын, сау болыңыздар! Аман болыңыз, ақсақал! Түнімен жүріп барып, Бақтыдан ертесімен өтіп кетсек... Талай жігіттер бері қарай көшпек, бізде ілігүміз керек...
- Ал, жолдарың болсын! – деді Кеңесжан.
- Аман болыңыздар!
- Олар жылы қоштасты.

Перронда ығы-жығы халық. Қолдарына бір-бір пакет ұстап алған саудагерлер тауарларын ұсына бастады.

– Колбаса алыңыз...

– Сергиопольский сыра алыңыз...

– Қымыз Саржальский...

– Шәшілік... шәшілік баранский...

– Лайбаран емес пе?

– Жағың қарыссын, кәпір! – деді шаң-шұң еткен әйел дауысы, – Өзің лайбарансың...

– Аға, чистый самопал алыңыздар.

– Былай тұрайықшы, – деп шал оны қолтықтап алды. Екеуі вокзалдың сәл адам қарасы аздау бұрышына барып тұрды.

– Аға, мына жаңбыр по заказу жауды ғой...

– Сенің ниетің ғой, бауырым. Әлгі жастарды ойлап тұрмын да, біз көшкенде заман жақсы екен-ау...

– Сіздің купеге кіргенше Хан-Толқынмен танысқанмын. Ал, Мұқанмен жаңа таныстым. Жақсы жігіттер екен...

– Атам марқұм да, әкем жарықтық та осы Түрксібті салысқан адамдар. Аягөздің тарихы тереңде ғой. Бұл – қасиетті жер. Ее, шіркін, Аягөз – қазақтың алтын қазынасы ғой. Сендер, жазушылар, әсіресе, жастар қызқыркын туралы жазғанға үйірсіңдер. Ол да керек тақырып шығар... Бірақ, тарихты, кешегі ашаршылықты, қазақтың басынан өткен зұлмат заманды неге жазбайсыңдар? Жаңағы екі жігіт туралы жазуға болады ғой...

– Аға, ол күрделі тақырып қой...

– Мысалы, сен ауылыңнан келе жатырсың... Сол елде қариялар бар шығар, солармен әңгімелестің бе?

– Жоқ, ол жағын ойламаппын да...

– Әне, көрдің бе? Миыңа да кіріп, шықпады. Сенен кейінгі жастар, тіпті де ойламайды.

– Байқаймын, әдебиеттен хабарыңыз бар сияқты...

– Әу, демейтін қазақ жоқ қой, бала кезімнен батырлар жырын жаттап өскенмін. Оның үстіне Шәуешектің гимназиясында Төлеубек Жакыпбайұлы екеуміз бірге оқыдық.

– О, ол кісі мощный жазушы ғой. «Қыран» туралы көркем туындысын оқығанмын. Нағыз классика. Керемет жазушы ғой...

– Ой, айналайын балам-ау, зерделі азамат екенсің ғой.

Дұрыс айтасың, керемет еді ғой... Ана бір жылы Алакөлге барғанмын. Судан шығып жағалауда отырсам, ақбас шал өтіп барады. «Әй, Аманжан!» – деп айтып қалғанымды білмей қалдым. Көздері күлімдеп жаныма келді, аз-кем ойланды да, «Дауысыңды танып тұрмын», – дейді.

«Ал, тап, кіммін?» – дедім тамағыма өксік тығылып...

Бір кезде Аманжан орнында сілейіп тұрды да қалды. Көзінен жас парлап тұр.

– Кеңес-ау, бұл сенбісің? Тірі ме едің?

– Менмін.

Екі шал елу жыл өткен соң, Алакөлдің жағалауында осылай табыстық. Қытайда жүргенде Төлеубек үшеуміз ойын-сауықта домбыра тартып, ән салатын едік. Төлеубектің кейінгі тағдырын содан естідім...

– Сіздің әкеңіз Түрксібтің жол бригадирі болған екен. Өзіңіз Мақаншыда өмірге келіпсіз. Сонда Қытайға бара жатқанда жолда туғансыз ба?

– Әй, сенде, бір журналист сияқты тергейсің ғой. Менің шешем өте мейірімді адам еді, жарықтық кішкентай балаға «әй» деп сөйлемейтін. Дауысы сондай

жұмсақ еді... Босана алмай қиналған әйелді табанын қыздырып, булап босандырып алатын ерекше қасиеті болған. Совет өкіметі қазақтың бар малын қырып елде жоқшылық жайлап алған. Бала-шаға, кәрі-кұртқа аурудан қырылып жатады. Өкімет арнайы «медбригада» жабдықтап, ауыл-ауылға жібереді. Менің шешем де солардың қатарында болады. Ауыл-ауылды аралап жүріп, екі ай дегенде Мақаншыға жеткен күні толғақ қысып, Қатынсудың жағасында босанады. Кіндігімді балтамен өзі кеседі. Сөйтіп, өмірге келген жаман ағаң...

– Мен жазайыншы осы оқиғаны...

– Е, баяғыда бір бауырым қырам-жоям, жазамын деп кеткен еді. Көрмедім содан... Ал, сенің Ертаға досыңның «Бамбук таяғы» деген әңгімесінің оқиғасын мен айтып бергенмін. Оны ол, тіпті әспеттеп, бамбук таяғының ішіне апиын тығып шекарадан алып шыққан. Одан Мәскеудің бандиттерімен байланыстырып, әбден былықтырыпты.

– Аға, Ертағаның ол шығармасы жоғары бағаланды. Оқырмандар іздеп жүріп оқиды...

Оның «Ыстықкөлдін салқыны» деген повесі керемет еді. «Бамбук таяғында» шындыққа жанаспайтын бос қиялдан туған нәрселер көп. Шындығында, ол – ұйғырдың жігіті. Ақсуатта бір байдың баласын өлтіруге Қытайдан тапсырма алған адам еді ғой. «Базар» өзенінде жуынып жатқанда аяғы тайып құлап мерт болған. Оны сенің Ертаға досың көтеріп, әлдеқандай қылып аспандатты. Шекарадан қолында таяғы ғана бар болғаны болмаса, ештеңе ерекшелігі жоқ. Ол жай ғана оқиға... Бамбук таяғының ішінде «Николайдың басы» деген орыстың алтын тиындары болған...

– Көркемдік шешім ғой, аға...

– Әй, оттамашы, сен де... Жүр, мінейік, пойыз жүргелі тұр.

Шалдың дауысымен қатар күн күркіреп, шатырлатып найзағай ойнады.

– «Бісіміллә...»

...Екеуі бір-бір кесе қымыз ішіп жатуға ыңғайланды. Жоғарыға шығып алған Телжанның ұйқысы келе қоймады. Кеңесжан одан оны-мұныны сұрап жатыр. Әлгінде шығып кеткен Зұлқаш жылы су әкеп, шалының аяғын мұқият жуды да, жақсылап сүртіп, қайтадан шағын пластмасса легенді төгуге шығып кетті.

– Аға, баяғының байлары сияқтысыз ғой, – деді Телжан күліп.

– Әй, баламысың деген, менің шешем жарықтық та әкемнің аяғын жуған. Онда тұрған не бар? Көп оттамай ұйықта...

Пойыз жүйткіп берді дерсің... Күн күркіреп, найзағай ойнап жатыр...

Жарк-жұрк... Купе ішінде біреу шақпақ шағып жатқан сияқты.

«Бісіміллә...»

Телжан Семейде ауруханада жатқан досын ойлады.

«...Не болдың, Ертаға-ау, не болдың? Сен не істедің өз-өзіңе?.. Мен сенен ақша сұрадым ба? Кітабыңды шығарамын... Қалған ақшаны өз қызыңның атына банкіге салып қоямын. Тек аман болшы, досым... Тез жазылып кетші...»

Телжан қалғып кетті...

«...Әппақ әлем. Қапалақтап қар жауып тұр. Зулап келеді... Жоқ, ұшып келеді. Соншама асығыс. Тау-тасқа қарайтын емес. Аэрошана биік төбенің басына ышқынып шықты да, терең сайға ұза-а-ақ ұшып барып дік ете

түсті. Қар бұрқ етті. Ақтүтек. Телжан ештеңе көре алар емес...

– Досым, қайдасың? – Ертағаның дауысы.

– Мен мұндамын. Ештеңе көрінбейді?

– Қозғалма, әр жағың күз, сен байқамай тұрсың... – деді Ертаға.

Қанша уақыт тұрғанын білмейді. Айналасы жарқырап, жылып, қар еріп, көл-көсір суға айналды.

– Ертаға қайдасың?

– Мен мұндамын... Аууу, мен мұндамын...

Қараса, досы Көктөбенің басынан қол бұлғап тұр.

– Сен, Көктөбеге қалай шықтың? Семейде ауруханада жатыр едің ғой...

– Мені Көктөбенің басына шығарған Алдияр ағаның қасқыры. Сол көкжалға мініп келдім.

– Мынауың ертегі ғой, Ертаға-ау...»

...Күн көтеріліп, Телжанның маңдайын күйдіріп бара жатыр...

Торғай шырылдап берсін.

«Қапшағайға келдік... Қапшағай...»

...Телжан көзін ашты. Орнында жата берді. Басы меңзең.

Әй, сен, басымды қатырмашы! – деп Кеңесжан қолындағы ұялы телефонын лақтыра салды. – Осы сенің ұлыңның басы істемейді. Үйдің фундаменти екі ай бұрын құйылып қойды. Мынау жынды «Батя, план өзгерді» дейді ғой маған. Кірпіштен саламыз дедік қой...

– Балаңыздың бір білгені бар шығар, – деді Телжан көзін уқалап, – Заман өзгерді ғой...

– Әй, шатырға шығып алған қораздай қиқуламашы. Онсыз да түнімен біреуге «тоқта», «тоқта» деп қой қайырғандай айқалап, ұйқы бермедің...

Телефон қайтадан шырылдады.

– Әй, кемпір, ал сенің ұлың. Ал, мына телефонды, давлением онсыз да...

– Алло, – деді Зұлқаш, – Балам, амансың ба? Иә, әкең екеуің таң атпай тіл табыса алмай жатырсыңдар. Өзі ғой дейсің бе, әрине, өзі. Ол мінезін білемін ғой... Сейсмологияға есептелген дейсің бе? Ааа, жақсы болған, айтатынын. Ағаштан құрап саласыңдар, а? Әу баста солай істеуге лайықтадыңдар. Жай айтқанмын дейсің бе? Е... дұрыс Гуляның идеясы жөн... жөн... – Зұлқаш біраздан соң телефонды жапты.

Үлкен кісілердің бір-біріне қарап үнсіз отырғанына Телжанның күлкісі келді, орамалын алып, төмен түсті де, жуынуға бет алып, тамбурға кеп, терезе алдында тұрды. Жол бойындағы саяжайда адамдар қарасы көп...

«Бәріміздің туған жеріміз бар... Жер жетерлік... Бірақ, Алматыға ұмтыламыз. Прописка жоқ, тіпті бір түнеп шығатын жер жоқ болса да... Орталық болғаны үшін бе? Базар болғаны үшін бе? Әдемі биік үйлері үшін бе? Ауылда да адам қызығарлықтай үй тұрғызып, бау-бақша егіп тұруға болады ғой...»

– Әй, Телжан! – деген шалдың дауысы шықты.

Ойы бөлініп кетті. Купеге кірсе, бағанағы ашулы Шал емес, басқа адам отырған сияқты. Күлкісі келді.

– Кел, бауырым, қымыз ішіп алайық. Шайды үйіне барып, келіннің қолынан асықпай ішерсің. Қазір Алматыға жетеміз. Алдымыздан немереміз шығады жолдас-тарымен...

– Мен көмектесіп жіберейін...

– Жоқ әуре болма! Өзің жолдан келе жатырсың. Түнімен біреуді айғалап шақырып шықтың. Қымыз іш те, үйіңе тезірек жетуді ойла, бала...

– Аға, жолығамыз ғой. Рахмет сіздерге!

– Айтпақшы, Зұлқаш, қағаз-қалам берші, мына ұлға әдірісті жазып берейін. Ертең кешке таман келінді ертіп, қонақ болып кетіндер! «НЕМБИ» бригадасы қашан келуші еді... Үш күннен кейін шығады, келін самолетпен ұшамын деді ме?

– Ұшақпен келейінші, – деп, рұқсат сұрады. Онысы дұрыс, ағаш тиеген машиналармен келе ме енді.

– Алтыным, Гуля қызым ғой ақылды бала, көрдің бе? Үйді ағаштан салайық. Ой, айтқан ақылыңнан айналайын. Мынаның ұлы соны ойлауды да білмейді, – деді. Бағана ғана «ертоқымын бауырына» алғаны есінде жоқ... Зұлқаш апай күлді де қағаз бен қалам берді.

– Сен бері отыр, – деді қағаздың бетіне адресін жазып жатқан Кеңесжан дыбыстап, – Алматы. Мыңбаева 139, Бауман көшесімен сәл жоғары көтерілсең, алдыңда үлкен үй тұр... Семейге келсең, «Пожарная, 89» деген әдірске келесің... тәк, бүгін он үші ме, он төрт күні кешкі он тоғыз ноль-ноль деп жазып қояйын, – деп бір жапырақ қағазды Телжанның қолына ұстатты. Кешікпей кел.

– Біздің баламыз машинасымен барып алып келсін, – деді Зұлқаш апай.

– Баламды мазаламандар, оны сол күні Қапшағай жаққа жіберемін. Телжан мен келін өздері келеді.

– Аға, ана қалада, мына қалада үйіңіз бар екен. Әйтеуір құрылыс екен, Астанадан бірақ салмадыңыз ба үйді...

– Мен де солай айтамын. «НЕМБИДІ» сонда жіберсе, бір-ақ айда тұрғызамыз деп отыр, – деді Зұлқаш апай.

– «НЕМБИ» деген фирманың аты ма?

– Жоға, – деп Кеңесжан аға күлді, – Біздің ұлымызбен бірге оқыған балалар ғой «Нұрмағанбетов, Ертуғанов, Манкенов, Бекишев, Искаков» деген фамилияларының басқы әріптері ғой.

– О, жақсы... мынандай жігіттермен үй емес, қала салуға болады ғой. Астанадан Көктөбелі коттеджді бір-ақ тұрғызбайсыз ба?

– Әй, балам, бізде жас болдық, тәтенмен жайлауда таныстық. Алдына келген ақындарды сөзбен сабап жеңіп жатыр екен... Бір үзілісте «Қарындас, не арманыңыз бар, орындаймын», – деп қолымдағы ақ перчаткамды шешіп алдына тастадым.

– Ой, Кеңесжан, қой енді, – деп Зұлқаш ыңғайсыздана күлді.

– Содан... – деп орнынан қозғалып қойған Кеңесжан, – Кеш бата ауылына қайтатын болды. Жанында құрбысы бар, менің жолдасым бар дегендей, ауылына шығарып салдық. Содан қойшы, бір жылдан кейін құда түсіп алдым ғой... Күндіз-түні жылайтын туған жерін айтып... Сосын елуінші жылдардың басында бір баламызды көтеріп, бері өттік қой. Одан кейін алпысыншы жылдары бір көш болды. Туыстарымыз бен таныстарымыз келді. Біз ол кезде Шыңғыстауда Бозанбай атамның қорасында отырғанбыз. Бұл біздің атамыз, әкемнің әкесінің қыстауы... Құт болды. Ерланым сол жерде туды. Міне, тырбындап Ерланды жеткізіп едік, енді оның баласын бағып, сол жетсе деп жүрміз. Ал, Астанаға келсек, ол жер қазаққа қоныс бола ма? Соңғы жетпіс жыл келімсiктердiң ойнақ салған жері. Қайта-

дан Алматыға көшіп келсе, не істемекпіз? Сұрағы көп, жауабы аз өмір болды ғой... Қытайда жүргенде Алматыда оқитын студенттер каникулға келгенде жыр қып айтатын еді. Сонда біз ойлайтынбыз, Қазақ елінің Астанасында бір күн тұрып өлсек деп. Өмір өзгерді, бәрі өзгерді. Құдай осымызды көп көрмесін, тәуба құдайға, енді ғасыр жаңалығын кейінгі жастар көрсін. Ал, жарайды, бауырым, сен бізге алаңдама. Пойыз тоқтағанда, біз елдің бәрі шығып болғаннан соң бес минуттан кейін есігімізді ашамыз. Әдет солай... толпаны ұнатпаймын. Әлгі сөз жазатының бар ма?

– Иә, диктофونым бар...

– Диктофоныңды алып ал, айтпақшы, «Көк тудың желбірегені» деген өлеңді жазған Шәуешектен келген жігітті танысың ба, соны да ерте келсең...

– Иә, Алмас қазір қаланың сыртында саңырауқұлақ өсіреді. Білемін жақсы жігіт.

– Менен сәлем айтарсың, жөнді білетін жігіт қой, түсінер... Оның сол өлеңі қазақтың гимні болады әлі... Келсін де...

– Сау болыңыздар, көп рахмет!

– Жолың болсын!

Телжан үлкен кісілермен жылы қоштасып, купеден шыққанда жолаушылардың сөмкелеріне сүрініп қала жаздады. Ара-арасынан ептеп өтіп шығып келе жатып еді, жолсерік жігіт шықты.

– Жолуңуз шыдыр болсун, «чоң» бәйке, – деді күліп.

– Рахмет саған, бауырым, аман бол, – деп Телжан мың екі жүз теңгені қолына ұстатып, шығатын есікке қарай жүріп кетті. Сыртқы есіктен алып, Алатау көрінген кезде оның есіне Төлеубек марқұмның кітабындағы «Хош бол, балапаным», «Хош бол, ана» дегендей ана қыран

Алтайға, бала қыран Алатауға кетті. Орнында мелшиіп, мәңгі қозғалмай Хантәңірі қалды...» деген сөздері түсті.

Вагонның есігі ашылғанда қапырық ауа тынысын тарылтты. Жерге секіріп түскен оны таксист жігіт демеп жіберді, «Көке қайда барасыз?»

Телжан баратын бағытын айтты.

– Тоса тұрасыз ба, бір-екі адам алайын! – деген кезде есіне Аманжол түсіп, күліп жіберді. Шеткері шығып тұрған кезде жанына ақ-сары, орта бойлы жігіт келді.

– Телжан аға, амансыз ба?

«Мына жігітті қайдан көріп едім» деп ойлағанынша...

– Аға, мені танымай қалдыңыз ба? «Қазақстан» қонақ үйінде Ертағаның нөмірінде Алдияр аға бар, кездесіп едік қой...

– Аа есімде, – дей салды.

– Неғып тұрсыз, апарып тастайын? – деп қолындағы телефон трубкасын әрі-бері айналдырды. – «Апар» деген жеріңізге апарып тастаймын. Ертағаның досысыз ғой...

Жүрегі жылып сала берді. Жан-жағына жалтақтап қарағаны сол еді, бағанғы жігіт жетіп келді. Ыржындап күлді.

– Әй, Сметана, пассажир ұрлағанды қойсаңшы...

– О, Берік, сәлем. Кешке үйдесіндер ме?

– Иә, үйдеміз. Алмагүлдің подругасына барып қайтайықшы деген. Кілт қазір құдықтың басында бір тас тұр, соның астына бастырып қоямыз. Ертерек келсең монша жаға сал...

– Ағаны мен апарайын, а? – деді досына жалынған дай.

– Әй, Сметана, досым-ай, кімде кошелек барын білесің, а?! – деп, ақкөңіл жігіт қарқылдай күлді. – Мені

пассажирыларым Талғар жаққа Тұздыбастауға барады екен. Ағатай, ренжіменің, өзім апарып тастаушы едім.

– Жок, Сметана досың апарады ғой, – деді ойында ештеңе жоқ. Таксист жігіт ал кеп күлсін.

– Менің атым – Даулет, – деді бұрыннан таныс екенін білдірген жігіт қызарақтап, – Аға, жүреміз бе?

– Кеттік...

Жолда келе жатып Даулет жан-жағына қараумен болды.

– Не болды, бауырым, жан-жағыңа жалтақтап?

– «Обменный пунктке» қарап отырмын да, доллар бүгін елу тиынға өсіпті. Кеше жеті де елу еді бүгін сегіз мың теңге боп кетіпті. Ол ақшаны табу үшін таңертеңнен кешке дейін шапқылап жүрміз.

– Доллар жинап жүрсің бе?

– Иә, аға, теңгеге сенім бар ма? Ертең бір доллар жүз теңгеге бір-ақ секіrmесіне кім кепіл? «Каменканың» жоғарғы жағынан жер алғанмын. Ертаға ағамнан бір керемет дачаның жобасын алғанмын.

– Ол ағаңмен қашан кездесіп жүрсің?

– Осы көктемде Алдияр аға үшеуміз Ақсуаттың тау-тасын мына көкқасқамен араладық қой. Бір ауылға жетеміз де, атқа мініміз. Алдияр ағаның бауыры Берікжан бәрін дайындап қояды. Керемет болды...

– Сметана, – деді жас жігіттің атын ұмытып қап, – Бензин құймаушы ма едің?

– Болады, қазір бұрылайын. Сіз отыра беріңіз, менде он литрлік талон бар еді.

– Жок, әуре болма, бауырым. Мен жасап берейін.

– Бес литр жетеді, аға.

Телжан көліктен шықты да, бензин құятын жігітке «Мына машинаның бағына қанша бензин сыяды, сонша толтыр», – деді.

– Оператор әйелге бір бакқа жететін ақша беріңіз де, жанында тұрыңыз. Мен қолымды көтергенде тоқтатады. Жетпей қалса, төлейсіз. Артылып қалса, маған шайлық бересіз, – деп жас жігіт көзін қысты.

Телжан оның айтқанын істеп, кабинаға кіргенде Дәулет ренжи сөйледі.

– Аға, мынауыңыз не? Біз мына бензинмен екі-үш күн шапқылаймыз. Мына талонды алыңызшы, ұят болды-ау.

– Қой, бауырым, о не дегенің? Бауырым емессің бе? Оның үстіне алдымнан шықтың?

– Қарсы алыңыз дейсіз. Онда жолаушыға шай беру менің міндеттім ғой. Екі кварталдан кейін ұйғырлардың кафесі бар, тамақтары мықты, сонда барайық.

– Барайық, сен өзімнің бауырымсың ғой. Жүз грамм ұрып алғым кеп тұр! – деп шындығын айтты.

– Оо, Сіздерді түсінемін ғой, – деп Даулет жылдамдықты үдетіп жіберді.

– Бауырым ақырын... Келін сол кафеде істеуші ме еді?

– Жоға, аға, мен үйленбегенмін.

– Сөйлесіп жүрген қызың бар ма?

– Иә, қалыңдығым бар. Әзірге «үйленейік» деп айтқан жоқпын. Ақсуаттан келісімен, Ертаға көкем қатты риза болып, мың долларға «Верхний Каменкадан» жоғары жерден бір орыстың кемпірінен дача мен он соттық жерді Алдияр ағама алып берген. Ақын көкеміздің мінезі қызық қой. «Мен сендерге орыстың Иваны емеспін жер тырмалайтын» деп менің атыма жаздырды. Үйленгенше он соттық жерге бір времянка салсам, ақша бо-

лады ғой. Қазір орыстың кемпірінен сатып алған дачаны бес мың долларға сұрап отырғандар бар. Оны жалға беріп қойдым. Жақында екінші жерге ақырындап құрылысты бастаймын. Бар нәрсе басын жоғалтпайды ғой.

– Тойыңа шақырасың ғой.

– Спиритке барсыздар, аға, бірақ той «Чупа-чупста» болады, келе алсаңыздар.

– Ол қай жердегі ресторан?..

– Ол менің туған жерім, – деп күлді. – Семейдің Шұбартау ауданы.

– Аа, білемін. «Комсомол жастар бригадасын» бастаған аудан ғой.

– Әй, ағай, қайтейін?! Сіз де айтасыз-ау. Өзіңіз ойлаңызшы, мектепті жаңа бітірген бала, қолындағы аттестатын тастап, «қой бағамын» деп жұлқынып шыға келе ме? Олардың ата-анасы жоқ па? Ағалары, әпкелері жоқ па? «Арманыңнан адаспа, айналайын» дейтін. Совет өкіметінің қазақ жастарының оқусыз, білімсіз, ауру, ой-санасы төмен болсын деген ниетінен туған проектілары ғой. Совет өкіметінің ең кеш орнаған жері біздің Шұбартау ғой... Беріспей «көтерілістен-көтеріліс» жасаған ғой. Мырзахан деген атамизды Совет өкіметіне қарсы көтерілісте Хан сайлаған.

Даулеттің даусының қатты шыққанынан Телжан оның ренжіп қалғанын байқады да, әңгімені басқа жаққа бұрып жіберді.

– Бауырым, Алдияр ағамызбен туысқансыздар ғой.

– ?

Бұрылыстан сызылып келе жатқан көлікті босатып жіберді де, Дәулет артына бұрылып, – Аға, не дедіңіз? – деп сұрады.

Телжан сұрағын қайталады.

– Аа, – деді Дәулет дауысын созып, – Туыстығымыз былай ғой. Алдияр көкем маған негізінде жезде, бірақ ол кісіні «аға» деймін. Ол үйдегі Күлзия апай мен менің шешем екеуі туған бөлелер. Менің нағашы апайым. Ал Ертаға досыңыз Күлзия апайдың бауыры. Бір Мотыштың балалары ғой.

– О, екеуміз, тіпті, жақын болдық қой.

– Келдік, аға, – деп Дәулет көлікті тоқтатты.

– О, біздің үйге де барсақ болар еді, – деді.

– Жок, аға, жаңа қоныстанып жатырсыздар. Кейін келінің екеуміз шашуымызды алып барамыз. Биыл Әсемді алып барайын деп отырмын. Алдымен Түркістанға барып, зиярат етіп, Астанаға бір-ақ барсам. Бір жақсылап қыдырып, қайтар жолда Қарқаралы арқылы келе жатып, солға бұрылып кетемін де, «Шұбартау қайдасың?» деп тартып кетпейміз бе Әсем екеуміз. Босағаны бір аттатып алғаннан кейін той камына кірісеміз. Барлық сметасы жасалып қойылған, чики-чики болады бәрі.

Екеуі ішке кірді де, жоғарғы жақтағы кең үстелге отырды. Ас мәзірін карап отырған Дәулет даяшыға сұйық лағман, бір шәйнек шай, оны-мұны тапсырып, бір бөтелке арақты қосты.

– Ой, Дәулет бауырым, оның бәрін кім ішеді?

– Алдыңызда қалсын...

Даяшы зыр жүгіріп жүр. Бәрін әкеп, үстел үстіне қойды. Мойны ұзын бөтелкені қылтамағынан ұстаған күйі Дәулет жымыып күлді де, – Аға, қырып салмаймыз ба? – деді.

– Не дейсің? – деп көзі бақырайып, Телжан оған таңдана қарады.

– Алдияр ағамен көп кездеспегенсіз-ау?

– Расында ол кісіні білеміз ғой талантты ақын екенін. Бірақ, біліңкіремейді екенмін.

– Оны байқадым. Қырып салу былай, – деп үлкен стаканға шүпілдетіп арақ құйды. Құйды да үстінен әрі-бері пышақтың жүзімен қырды. – Міне, осыны қырып салу деп айтады. Ал енді тартып жіберіңіз, братан.

Телжан күлкісі келсе де, бойын жинап жас жігіттің көңілін қалдырғысы келмей, бір-ақ тартты.

Оны-мұны келген кезде Дәулеттің телефоны шырылдады.

– Аға, отыра бересіз бе? Мені келініңіз Әсем шақырып жатыр. Подругасының ағасы Айдын Жомартовичтің үйінде екен... Мен «Тастаққа» барып келейін.

– Ой, келінді ренжітпе бар, бар. Менің сөмкемді әкеп бересің бе?

– Сіздің сөмкені қасқыр жей ме, жата берсін салонда, асықпаңыз. Қазір Айдын Жомартович мозганы итереді. Бір қырт әкеңнің... Құлақ шекесінен бірақ тартар едім, Әсемнен ұят құрбысының ағасы.

– Үлкенді сыйлау керек.

– Профессор болса, өлейік пе? Маған, «өкіметке налог неге төлемейсің?» дейді еше...

Осы кезде телефон шырылдады. Дәулеттің жаны шығып кете жаздады.

– Әсема, қазір келе жатырмын. ГАИ тұр, – деп трубканы жаба салды.

– Аға, аландамай отыра беріңіз. Девушка, мен төлеймін ақшасын.

– Мәйліңіз, ака...

...Телжан жалғыз. Ойланды. Дұрысы, кеше Ертағамен ауруханада кездескенін есіне түсірді.

– Сен мені дұрыс түсін. Менің «Ыстықкөлдің салқыны» деген повесім менің өмірімді тас-талқан етті, – деді Ертаға. – ...Ол кезде Айко екінші балаға аяғы ауыр еді ғой. Алты айлық еді мерзімі. Енеміз келді де, астаң-кестенін шығарды. Ондағы маған қойған кінәсі «Қырғызстанда әйелің бар екен» – деп базардағы қатындар айтты дей ме... Үшінші күні Айко мұрттай ұшты. Төртінші күні жедел жәрдеммен ауруханаға апарды. Түсік тастады. Қан қысымы қатты көтеріліп кетіпті. Баланы өз қолыммен жерледім. Өзім сүйегіне түстім. Ұл бала екен. Жерлеп жатқанда ақ шүберек ашылып қалып башпайларын көргенде... не болғанымды білмеймін. Енді Әйгерім бала көтере алмайды ешқашан да... Үйде ұйықтай алмаймын... Тіпті, бірге отырып тамақ іше алмайтын дәрежеге жеттік.

«Біз сені түсінбеппіз ғой, Ертаға досым...» деп іші удай ашыды. Ақырын жан-жағына қарап алды да, үлкен стаканды орталап тағы да ішті.

Ішін тіліп-ақ түсті.

Даяшыны шақырды.

– Қай ауылдың қызысың? Атың кім?

– Эльмира. Меркеденмін, эка, – деп қолын кеудесіне қойды. – Тындап тұрмын.

– Әлгіндегі мантыңды әкелші...

– Біраз күтесіз...

Телжан келіскендей басын шұлғыды. Ертағаның денсаулығы үшін бірді тартты. Ойланды. Ұзақ. Ойланып отырып, есіне нелер келіп, нелер кетпеді. Қайран досы Ертаға-ай! Қандай ақкөңіл, қандай бауырмал, елдің бәріне жақсылық жасап, жалпақтап, бір түйір нанын бөліп беретін ақкөңіл досы неге ғана солай болды екен, а? Ойланды. Ұзақ. Ойланып отырып, сонау бір кезде

Өскеменде тұрғанда бір күні Ертаға келіп, түні бойы бұған өкпе айтқаны есіне түсті. «Сен қорқақ, жалтақсың. Өзіңнің пікірің жоқ. Сен білесің бе, екі дос орманда келе жатып, алдынан аю шыққанда, біреуі ағаш басына өрмелеп кетіп, екіншісі жерде өлген болып жата қалғанда аю иіскеп, тиіспей кеткен. Досы: – Аю сенің құлағыңа не деп сыбырлады? – дегенде: – «Қиын жағдайда сатып кететін адаммен жолдас болма», – деп айтты, – дейді емес пе? Мен де сендей адаммен дос болып жүрген ақымақ екенмін», – деп есікті тарс еткізіп жауып кетіп еді ғой.

– Әка, міне мантиңыз, – деді Эльмира иіліп.

– Маған шай әкеліп беріңізші. Сүт қосыңыз, ащылау болсын, – деді.

– Хоп, мәйлыңыз.

Ойланды. Ұзақ. Ойланып отырып есіне түсірді. Ертағаның бір кітабы шыққанда бір ауыз сөз айта алмады ғой. Дұрысы – айтпады. Министрлікте отырып қаншама адамның кітаптарын мемлекеттік тізімге кіргізгенде, досының атын жазбады. Неге? Жазғысы келмеді. Келмеген емес – елемеді. Оның үстіне «досын кіргізіп жатыр» десе, сұмдық қой... Маған кету керек бұл министрліктен...

Ой, ой. Ойлар...

– Официантка! – деп айғайлады бір кезде.

– Не боп қалды, әка? – деп үзіліп даяшы келді. – Не болды, әка?

– Счет әкел...

– О не керек? – деп төбесінен қарап Дәулет тұр.

Жарты сағаттан кейін ұйғыр қыздың қолынан сүйіп, кафеден шықты. Тілеуің бергір, Дәулет «Әсем», «Әсем» деп әңгіме айтып үйіне жеткізіп тастады.

– Ур-ра, папам келді! – деді, есіктің алдынан кіші ұл қуанып...

– Амансың ба, балам? Үйде кім бар?

– Үйде қонақтар бар, папа, – деп сыбырлады.

Үйге кірді. Танымай қалды өз үйін өзі. Қонақтар мәз-мәйрам болып қарсы алып жатыр. Алдынан Аманжол шықты.

– Әй, қайда жүрсің? Енді болмаса қайтайын деп жатыр едім. Аэропорттан қарсы алуға бардым. Онда жоқ екенсің. Үлгермеген екен деп ойладым. Оның үстіне бензин жоқ.

Жаңалап қайта дастарқан жайғанмен, отырыстың сәні болмады. Бәрі бұған жалтақ-жалтақ қарап, шаруаларын айтып, бір-бірлеп қайта бастады. Төрде отырған егде әйел адам:

– Қарағым, Телжан, келін екеуіңе Құдай айдап, көрші болдық. Талдықорғандағы екі қабатты үйімізді, балалардың мал-мүлкін сатып, әйтеуір мына үйге қолымыз жетті. «Талдықорған областной центр емес деп» балалар – бәрі осылай қарай үдере көшкеннен кейін мал-мүліктің барлығын сатып, осылардың баласын бағайын деп келгенім ғой. Бала-шағасының қызығын көрсін, Абрам Моисеевич әйтеуір, біраз ақшасын түсіріп, бізге үйін сатты.

Телжанның арқасы мұздады.

Көрші кемпір бата берді. Қонақтар тарады. Аманжол да рұқсат сұрап ұлы екеуі қайтуға ыңғайланды.

– Әй, отыра тұрсаңшы. Жамал қайда, өзі?

– Ой, оны қайтесің? Басы ауырып жатыр үйде. Давление дей ме баяғы, өзің білесің. Мен келсем болды емес пе саған?

– Онда, мен ертең «Шаңыраққа» барам, біздің моншаны жағып қой.

– Жаға алмаймын, – деді Аманжол.

– Неге, неге жаға алмайсың? Отының жоқ па немене?

Аманжол еңкейіп оның құлағына сыбырлады: «Райхан ол үйді сатып жіберген».

«Сатып жіберген, сатып жіберген. Райхан сатып жіберген... Райхан, сатып, сатып...»

Құлағында жаңғырық.

Телжанның іші удай ашыды. Көзіне ып-ыстық жас келді. Тамағына өксік тығылды. Аманжолмен қоштасар-қоштаспастан балконға шықты...

«...Вишня, вишня,

Зимняя вишня...»

Басы айналды. Ауа жетпей барады. Аяқкиімін киіп жатыр еді, екі ұлы екі жағына жармаса кетті. «Сендер мені сыйламайсыңдар», – деп бұлқынды. Әйелі бұрқсарк. Көз алдында дүние дөңгелеп бара жатыр. Аяғын нық басты... баспалдақпен төмен қарай кетіп бара жатыр... бара жатыр...

...Шөлдеп жатып оянды. Бүйтіп оянғаны бар болсын. Алак-жұлақ етіп жан-жағына қарады. Ай жарығын өткізген әдемі перде. Костюм-шалбары орындықтың басында ілулі тұр. Ойбай, маскара, кеудесінде әйелдің аппақ қолы жатыр. Әйелге бұрылып қарауға шама қайда? Мәрмәрдай аппақ әйел қолын ақырын сырып тастады да, тез-тез киінді. Галстугін түзер-түземестен, носкиін іздеді. Жоқ. Таппады. Аяғын ақырын-ақырын басып, есікке қарай бара жатыр.

– Қайда барасың?

Селк ете түсті. Бар күшін жинап, мойнын бұрды.

Райхан басын қылтитып, көрпеден шығып келе жатыр.

– Қайда барасың?

– Туалетке.

– Сонда осылай киініп барасың ба?

– ?

– Бар, енді, барып кел.

Түнемелден сүйретіліп шығып, сүмірейіп қайта кірді. Шешінді.

– Терезені ашып, пердені сырып тасташы, ауа кірсін үйге, – деді Райхан. Келіншегінің айтқанын істеп орнына келіп жатқан болды.

– Ал, сөйле...

Телжанда үн жоқ. Тілі байланып біраз жатты да:

– Мына пердені «ЦУМ-нан» алдың ба? – деді.

– Жоқ, көрші қатын берді.

– Қай?...

– Әлгі сен үйіне қона жатып, «Вишня, вишня» деген кезде қанден күшік сияқты құйырығынды бұлғандатып билейтін, сайқал қатын ше...

Телжан өлді. Өлген жақсы ғой, жүрек соғып тұр, құлақ естиді, бірақ бүкіл денесі мұз. Тас. Қозғалмай жата берді.

– Енді, сен мені тында, – деді сұп-суық біздей сау-сағын күйеуінің бүйіріне тіреген Райхан. – Енді менің айтқаным болады. Ол қатынды бүгіннен бастап ұмытасың. Мен сені Алтайға шөп шабу үшін емес, мына бес байдан шыққан шибұт қатыннан құтқарайын деп жібердім. Бір жыл осында, Алматыда тұрамыз. Үйді жекешелендіріп алайық. Сосын Астанаға жұмысқа барасың. Семейдегі досыңды ұмыт. Одан енді саған пай-

да жоқ. Ауылдағы оралмандар тұрып жатқан Атамның үйін жерімен жекешелендіріп алып, жерін кеңейтіп, құжаттарын дұрыстап қояйық. Оралман ағайындар тұра берсін. Қайынағамның екі қызын қолымызға алайық. Үлкен қыз Нұргүл «Тәте, өскенде модельер болғым келеді» дейді. Екінші қыз да эне-міне дегенше бой жетеді. Қолымызда тұрсын, өзім тәрбиелеймін. Салақ шешелері не үлгі көрсетеді. Қайран қайынағам қандай жақсы адам... Әттең, жаман салпы етек қатынға қор болды. Бізге уақыттың талабына сай өзгеру керек. Әркімнің өз шындығы болады. «Шаңырақтағы» үйді сатпағанда ақшаны қайдан алады екенмін. Соның бетіне қарап отырамыз ба? Бағана нағашым «Телжан келсе ғана барамыз, үйдің иесі жоқ кезде неге қонақ шақырасың» дегенде ыза боп жылағаным шындық... Бірақ, ойлап қарасам нағашымдікі дұрыс екен.

Құрысын бәрі, «Жыртық үйдің құдайы бар» деуші еді, апам жарықтық. Енді осы үйді ұқсатайық. Біржан қайныма қамқор болайық. Өмірге ұмтылып тұр. Жақында ауылға барып атам мен апама қатым түсірейік. Сосын қайынағамның екі қызын алып қайтамыз. Есіңде болсын Семейдегі досыңа жолаушы болма, өлмесе одан әрі...

– Олай демеші, ол бізге...

– Пішту, онсыз да таңымыз атып, тауығымыз шақырған. Жолатпа оны осы үйге. Бөлмелерді адыраспанмен аластап, тазалап қойдым.

Бағана Семейден Әйгерім звондаған. Байқұс досың сүйретіліп үйіне келіпті. Жанында дәрігермен нотариус бар дейді. Жарты күн отырып барлық ақшасын, дүниесін Әйгерімнің атына жазыпты. Қаншама дүние дейді. Ақмоладағы құрылысқа ақша салып екі бөлме,

үш бөлмелі үйлердің қағаздарын, тағы да Семейден он екі дачаны қызының атына көшіріп беріпті. Талғарда бір дачамен Баянауылда бір гектар жерді өзіне қалдыруды өтініпті. Мұншама дүниені қай уақытта жинаған, саған екі миллион беріпті ғой... Кітап шығарып берші деп. «Бүлінгеннен бүлдіргі алма» деген. Қайтарып таста ақшасын. Сенің ана қатынға ұрынғаның сол досыңнан алған тәрбиең. «Егер де жазылсам жазда Баянауылда боламын, қыста Талғарда тұрамын» депті. Өліп қана қалмайды екен есалаң қайыршы, менің подругамның жастық өмірін құртты... Не деген ит жанды мынау, а! Әйгерімге айттым «Алматыға кел, сонша ақшамен Семейде қалма» деп, «Айжанканың болашағы үшін үлкен қалаға келгенің де дұрыс қой» деп айттым. Біздің астыңғы қабаттағы апай бір мектептің директоры екен, араласайық. Мен өстіп базарда ала қап арқалап жүре беремін бе? Дипломым бар, мектепке жұмысқа шығайын, жоқ әлде, ана қатынды орналастырасың ба?

— ...

Райхан иығы селкілдеп жылады. Ол келіншегін не жұбатарын, не жұбатпасын білмей үнсіз жатыр...

Күз келді ме, қыс келді ме, терезеден суық жел соға бастады...

АҚҚУДЫҢ ӨЛІМІ

Әңгіме

Нұрлан Балғымбаевтың рухына

...Аяқ астынан көтерілген дауыл кәрі теңізді шайқап-шайқап басын жағалауға соққызып қойды. Аузынан ақ көбік бұрқырап, екі езуін аспанға білеп, жағалауда жүргендердің зәре-құтын қашырып, маңайына ешкімді жолатпай бурадай шабынған Каспий кешке таман жуа-си қап, түн тып-тыныш, моп-момақан бола қалмасы бар ма? Кембағыл қариядай анда-санда ауыр күрсініп қойып, таңды атырып еді.

Таңның қызыл арайы нұрға бөлеп, күн көтеріле берді. Теңіз бетін шимайлап шуылдаған шағалаларға сән беріп, егіз аққу кеп қонған... Жұптасқан екеуі әрі-бері сырғып ағып, қараған жанның көзін қызықтыра бастады. Аналығы еркелеп, ұзын әп-әдемі мойындарын доғаша иіп, аталығының бауырына тығыла берді. Аталық болса кең құшағын ашып, қанаттарын қағып-қағып қойып су бетіне әлсіз толқындар туғызып еді. Ондағысы «Кел, жаным, еркелеші... Аспан да сенікі, теңіз де сенікі еркеле, жаным, еркеле...» Аналық болса «Сен де мендіксің...» дегендей, жақындай түсіп билей бастады.

– Ата, ата смотри, птицы танцуют, – деген сонау Семейден келген он жасар жиенінің сөзі осы екі аққуға тамсана қарап, қызығып тұрған Нағашыбайдың ойын бөліп жіберді.

– Мағжантай, қазақша сөйле балам, олар аққулар. Біздің қазақ киелі құс деп бағалайды. Тіпті, атпақ түгілі саусағын да шошайтып көрсетпейді.

– Аа, понял, – деп желкесін қасыды да – Ну, жарайды дегенді қосып қойғанда, Нағашыбай күліп жіберіп жиенінің басынан мейірлене иіскеді. – Айналайын!

Осыдан бір бес күн бұрын Семейде тұратын күйеу баласы кеп: – Аға, енді алла бұйыртса, бес жылдан кейін сексеннің сеңгіріне шығасыз. Тілеулеріңізді тілеймін. Апам екеуіңізге амандық тілеймін. Сол тойды Гүлназ екеуміз жасаймыз. Мына Мағжан бүгіннен бастап сіздің тәрбиенізде болады. Қазақша оқуға бергенмен, аула орыс тілді... Күзге таман келіп, мектепке дайындап кетемін.

Нағашыбай мен кемпірі екеуінің аузын аққа тигізіп отырған осы кенже күйеу баласы. Мың жылқысы бар. Қымыз өндіреді. Жылдың төрт мезгілі төрт жабағы сойып әкеп тастайды. Жұмасына елу литр қымыз жіберіп тұрады. Пойызбен екі күн шайқалып жеткен «Саржал» қымызы әбден бабына кеп, еріндеріне тиеді. Кемпіршалға одан басқа не керек? Көрші-қолаң да мәз. «Осы кісілер қайда тұрса, біз де сол жерге көшеміз, жегеніміз жылқының еті мен бал қымыз» деп мәз-мейрам болады.

Шал теңіз бетінде билеп жүрген аққуларға қарап, Семейдегі балаларын ойлап кетті. «Құдай, қарақтарымды көлденеңнен сақтай гөр», – деп күбірледі.

– Ата, что с тобой почему руки дражать? – деді немесі.

Шал жауап қата алмады. Бойын сұп-суық тер басты.

– Ассалаумағалейкум, аға! – деп қос қолын созып келе жатқан көрші жігіт Асхатты көргенде есін жиғандай болды.

– Оу, Асеке, көрінбедің ғой.

– Атырау жаққа барып келдім.

– Мағжантай, ағаңа амандас, – деді.

– Здрасти, то есть, Ассалаумағалейкум! – деп ыңғайсызданған бала қолын кеудесіне қойды.

Асхат немересінің жылы сөйлегеніне риза боп қалды.

– Сарқыт келін де екі-үш күн көрінбей кетті.

– Ол апама айтып кетіпті ғой Алматыға кеткенін, өзіңіз білетін Мұхит досым үй алған. Гүлжанат Сарқытты үйге мебель аламыз, ақылдасайық деп шақырған ғой.

– О, құтты болсын! Сол бауырым бір мықты азамат ана жолы газеттен оқыдым, аса талантты архитектор деп жазыпты.

– О, ол мықты архитектор ғой, Астананың бес жылдығына арнаған жобасы бас жүлде алыпты.

– О, жақсы!

– Аға, – деді Асхат. – Түріңіз біртүрлі боп тұр ғой, бір жеріңіз ауырып тұрған жоқ па? Өңіңіз бір түрлі...

– Жай әшейін, түнде дұрыс ұйықтамадым...

– А, бәсе, – деді Асхат – Жүріңіздер, казір жарты сағаттан кейін кино басталады. Арендаға алып едім ғой кинотеатрды. «Менің атым Қожа» деген фильм, содан соң «Терминатор» дегені болады.

– Ура, «Терминатор» деп қуанды бала.

– «Қожан» дұрыс қой, – деді атасы.

– Мен «Терминаторды» көргім кеп қанша ақша шаштым, – деді Асхат. – Бірге көрейік, Нағашыбай аға.

– Жоқ бауырым, кешке кемпір ет асып, сендерді шақырғалы жатыр еді. Мен осы жерде отыра тұрайын, екеуің барып тез келіндер.

– Ой, аға. Тез болмайды, нарық заманы түсінесіз ғой. Өзі арендаға алып едім, сеансты ауыстыра алмаймын. Бірінші «Менің атым Қожа», содан соң «Терминатор» болады. Біраз уақытқа созылады.

– Я терплю, – деді Мағжан.

– Ой, иттің ғана баласы-ай, – деді зілсіз ғана Нағашыбай.

– Ата, мен иттің баласы емеспін. Мен – қасқырмын, – деді немересі тап-таза қазақша сөйлеп. Атасы болса оған таң қалып. – Құлыным-ау сол, тіліңнен айналайын, – деді.

– Аға, біз бара берейік, өйтіп-бүйткенше сеанс та басталып кетеді, жүр Мағжан, кеттік.

– Барындар, барындар, – деді Нағашыбай.

Ақсақал аяндап жүре бастады. «Айналайындарым, аман болса екен. Екі қыздан көрген төрт немере бар, солар аман болса екен. Осы қазақ қыздан туғанды жиея деп айтады. Ол дұрыс емес қой, олар де немере ғой» деп іштей күбірлей сөйлеп келе жатыр еді, «Здрастье, аға» деген дауысқа селк ете түсті. Қараса, тап алдында тапал бойлы, шартық қарын, қолында екі үлкен дорбасы бар, қысық көз, тақырбас, шойынқара қазақ тұр екен.

– Иә, амансың ба?

– Аға, мына жерден шетелдіктерді көрген жоқсыз ба?

– Түсінбедім...

– Ну, ақшасы көп. Богатые люди дегенім ғой. Нағашыбай оның шалақазақша сөйлегеніне қырсығып:

– Кімнің ақшасы маңдайында жазулы тұр дейсің? – деді.

– Ай, старики, вы странные какие? Мен шалақазақпын. Кондюркин Қазақбаевич деген браташқаңызбын.

– Кондюркин? Сонда сен кімсің? Түрің қазақ, өзің Кондюркин?!

– Атам пограничник болған. Қытаймен екі ортадағы заставада жұмыс істеген. Атамның любимый командирі Кондюркин болған. Честь его, меня и звали. Кондюр-

кин екеуі Қытайға қашып бара жатқан қазақтарды қырып, бір жерге үйіп, үстіне темекі тартқан.

– О, жеті басты айдаһардан туған шегіртке. «Ананды ұрайын, жерімді, елімді бұлғамай кет, бұл жерден...». Үлкен кісінің дауысы қатты шығып кетті.

– Зачем так, ағашка. Бұл жер сіздікі емес, инвесторлардыкі. Гафурдыкі, Джордждыкі, Ти Эндікі. Олар ақша бермесе, бұл жер қараң қалар еді. «У вас бабки есть, копейки есть? Нет, нету. Кроме пенсии ничего нет. Түк жок, сендерде тәуелсіз еліміз дейсіздер, пустой разговор, қазақ бірінің етін, бірі жеп, бірін-бірі түрмеге тығып жатқаны өтірік емес. Бір басшы сайлап едіңдер, соның балағына жармасып, орнына таласып, бөрінің көтіндей шулап жүрсіндер. Это не правда, что ли? – деп Кондюркин екі иығы селкілдеп күлді.

– Қараң қалса да, қара жер болып кетсе де, менің әулие бабаларым жатқан жер. Кет бұл жерден, – деп ашуға булыққан Нағашыбай сөйлей алмай тұрып қалды...

– Ну, ладно ағашка, кеттім сау болыңыз, – деп Кондюркин дорбасын арқалап, жөнep берді.

Кондюркин ұзамапты. Дауысы ап-анық естілетін, көзге тәп-тәуір көрінетін жалпақ тастың үстіне жайғасыпты. Осы кезде даурығысып сөйлей, бастарына шляпа киген сақалды мен бадырақ көз азербайжан, қысық көзін күлімдеткен қытай келді.

– О, Кондюркин Қазақбаевич. Сенің көңілің өзіңнің қазағың сияқты кең ғой.

– Менің туыс бауырымсың ғой, – деді азербайжан Гафур.

– Жомартсың ғой, жомартсың, – деді қытай Ти Эн.

Бәрі дабырлап сөйлеп, виски тығынын жұлып алып, қылқылдатып іше бастады.

– Досым Қазақбаевич, – деп Джордж Кондюркиннің арқасынан қақты да: – Көкеңе айтып, Алматының бір жақсы жерінен жүз гектар ғана жер алып берші. Сендердің жоғалтқан апорттарыңды қайта тірілтейін. Сұраған ақшанды аласың. Мына мұнай да бітеді, сонда немерелерім не жейді. Түсінсеңші мені, досымсың ғой, біздің ақылды курьерімізсің ғой, – деді.

Кондюркин Қазақбаевичтің бетіне қан жүгірді...

– Осы мен Пекинде оқып жүргенімде, адайлардың жылқысы туралы естіген едім. Бар болса, тапшы бір табын жылқыны. Жерімен қосып сатып алайын. Туыстарымды әкеліп бақтырайын. Біз де сендердің халықтарына еңбек етейік! – деді Ти Эн.

Шетте отырған Иван мырс ете түсті. Қазақбай мас бола бастады.

...Нағашыбай бәрін көріп отыр еді. Көрмейін десе көзі бар, естімейін десе құлағы бар еді, енді қайтсін... Кеудесі қыж-қыж қайнап, буын-буыны дірілдеп орынынан қозғала алмай отара берді. Амалсыз еді...

– Мен өз жерімде жүрмін. Маған ештеңе керегі жоқ, – деді Гафур желкесін қасып: – Хотя...

– Когда хозяин гуляет, деньги роль не играют, – деп Кондюркин бөсті.

– Біздің бар сенеріміз, Қазақбаевич, сенсің. Сен біздің курьерімізсің, кімге конверт береміз, кімге не береміз, бәрін ұқсататын сенсің. Кондюркин Қазақбаевич үшін осыны алып қояйық, – деді Джордж.

– Кон... Каз... үшін, – деді Гафур.

– Кондюркин үшін! Атыңнан айналайын, Кондюркин, – деді қысық көз Ти Эн.

Бокалдар сарт сұрт соғылды.

– Ура...

- Ура...
- Ура...
- Тфу, ананды ұрайындар-ай, қор болған жерім-ай, – деп күрсінген Нағашыбай бұл жерден тезірек кетуге тырысты. Елу қадамдай жер жүріп барып, ентігін баса алмай отыр еді, кемпірі жүгіре басып алдынан шықты.
- Атасы-ау, не болды, өңің қашып кетіпті ғой...
- Мына жеріміз не болады, бәйбіше-ау? – деп күрсінді.
- Жерге не болыпты, өзі немере қайда? – деді ештеңеге түсінбеген бәйбішесі.
- ?
- Мағжантай қайда? – деймін.
- Киноға кетті, көрші Асхатпен бірге...
- Шөлдеген шығарсың мына қымыздан ішші, өңің бозарып кетіпті. Мен Мағжантай екеуің шөлдеген шығар деп ала салып едім.
- Ту, Саржалдың қымызын-ай, сарайымды ашып жіберді ғой, бұдан кейін қандай дәрі керек адамға, – Рахмет, бәйбіше, – деп қымызды толғап-толғап жұтқан Нағашыбай.
- Атасы-ау, сен ренжіме, бағана ана үлкен қыз бен күйеу бала келіп, нервіме тиіп кетті. Сонау Семейде жатқан сіңлісі Гүлназды күндеп, күйеуінің айтқанынан шықпайды, ана күйеу баламыз бажасын күндеп жерден алып жерге салды. Әбден давлением көтеріліп кетті. Кеше Серікхан алып келген қымыздан елу литрін құйып алып кетті. Мағжан келді, енді Гүлназды алдап шақырып алайық та қайтармай қояйық, – дейді еркек басымен ұялмай-қызармай. Екі қызымыз екі түрлі. Сұмдық қой. Менен болмай үлкен күйеу балам машинасына бензин құямын деп отыз мың теңге ақша алып кетті. Не істейміз бұларды? Айналдырған апалы-сіңілі

екі қыз. Екі күйеу бала. Үлкені кішісіне өш. Бұлар тату болмаса не болады.

– Тыныш, тыныш кемпір. Көршілер келе жатыр.

– А, мында отыр екен ғой, қыз Жібек пен Төлеген құсап, күйеу балаларың әкелген қымызды екеуің оңаша ішіп отыр екенсіңдер ғой, – деп сылқылдай күлді алтын тісті әйел.

– Жиендеріңіз келді дей ме? – деді жастауы.

– Иә, иә келді. Семейдің дәмін, бәріңе дайындап қойдым. Қымыз ішуге кешке бәріңді жинағалы отырмын.

– Бәйбіше, екі құрбыңмен бара бер. Мен балаларды тосып алайын.

– Сөйтейін, сөйтейін. Сен өзінді байқашы, ауырып қалма.

– Нешеуа, нешеуа, Саржалдың қымызы бар ғой.

Әйелдер кеткеннен кейін Нағашыбай теңізге қарап ұзақ ойланып кетті. «Айналдырған екі күйеу бала солар тату болмаса не болмақ. Осы үлкен күйеу баланың іші тарлау өзі. Еркек болып табыс та таппайды, тұрақты жұмысы да жоқ. Бірді-бірге соғып жүргені».

Осы кезде инвесторлардың қарқылдып күлгендері, айғайлап қосыла өлең айтқандары ап-анық естілді.

Нағашыбай катулана, қабағын түйіп оларға қарады. Кондюркиннің «Бұл жер сіздікі емес, инвесторлардыкі. Гафурдыкі, Джордждыкі, Ти Эндікі. Олар ақша бермесе бұл жер қараң қалар еді. У вас бабки есть, копейки есть, нету. Кроме пенсии ничего нет. Түк жоқ сіздерде» деген сөзі есіне түсіп, жүрегі шым-шым ете қалды.

Инвесторлар әнге басты... Дарылдаған төртеуі жұп-жұмсақ, үлпілдеген нанды вискиге малып, аспандағы шағалаларға лақтыра бастады. Шағалалар шаңқ-шаңқ етіп таласа, виски малынған нанды қағып алып жатты.

Айналсоқтап осы маннан кетер емес. Аспанда бір сәтте шағалалар соғысы басталды да кетті. Маңайдағылар мас шағалалардың шуылынан үрейленіп қалғандай еді.

Аспанда шағалалар соғысы... Он шақтысы жерге құлады. Төрт инвестор вискиге нанды матырып, қызық көріп, қайта-қайта лақтырды. Қызық...

Шағалалар аспанда шоғырланды. Әрі айналды, бері айналды. Тиісерге қара таппағандай, шикылдады, шаңқылдады. Осы кезде сыңарына өкпелеп, шетке қарай сырғып жүзіп бара жатқан аталық аққуға көздері түсті. Шағалалар өткір тұмсықтарын төмен қадап, құлдилап келді де аққуға шабуыл жасады. Әп-сәтте айдынның бетінде аққудың аппақ қауырсындары қып-қызыл қанға боялды.

Ықылық атып Каспий жатыр. Өксігін баса алмайтын жас бала сияқты...

Күн ұясына барып басын тигізді...

Теңіздің беті қып-қызыл...

Осы көріністі көріп тұрған Нағашыбайдың көзінен аққан жас аппақ сақалын жауып кетіп еді...

Жалғыз аққу сыңарын жоқтап, бауырлай ұшып барады. Қос қанаты болғанымен, қосағы жоқ. Енді ағара алмайды. Қызарып батқан күннің шапағына шомылған теңіздің үстімен мәңгілік қараңғылыққа сіңіп бара жатқан сыңар аққудың жүрегі қан жылап ұшып барады.

Ұшып барады.

Ақырын-ақырын қанатын қағып...

Сұнқылдап ұшып барады...

Жылап барады...

1999 жыл. Алматы.

2017 жыл. Астана

КІМ КІНӘЛІ?..

(Қаз-қалпында)

Сонау сексенінші жылдардың ең соңғы жылының, ең соңғы күзі еді...

Семейдеміз. Ақырын ел қатарлы жүріп жатырмыз... Көрші апа бар. Күні бойы есік алдында отырады... Жай отырмайды апамыз... ауладағы балаларға бас-көз... Көзі қырағы, балалардың қылығына рахаттанып қалады. Сөйтіп, жүріп жаттық.

– Апа-ау, елдің баласын бағып шаршадыңыз-ау, – дейміз.

– Ештеңе етпейді, келіндердің алғысы жалғызым Ардабегіме тисе болды. Ол да оқимын-тоқимын деп жүріп, отызға келді үйлен-үйлен деймін... Тыңдамайды, не сендер айтпайсындар?.. Ардашым үйленсе, бір күшігін көріп өлсем, арманым жоқ!..

Елді жүдетіп, әйгілі 90-жылдардың басы келді. Таңертеңгі қалтаңдағы ақшаң, түстен кейін жай ғана қағаз. Осындай аласапыран уақытта көрші бала Ардабек үйленетін болды. Көкшетаудың ай десе аузы, күн десе көзі бойшаң келген бір сұлу қызын әкелді. Орысы бар, қазағы бар жабылып көмектесіп жібердік... Дүрілдеп той өтті... Ардабек, келін екеуі базарда. Анда-санда ет асып, көрші-қоланды жинап, қытайдың ұзын мойын көк бөтелкесін, яғни, сырасын ішіп қарқ боламыз. Жастар татып алмайды. Сөйтіп, жүріп жатырмыз... Бір күні апа өз аяғымен кеп сүйінші сұрап тұр, таң ата келінім босанды? Өзі бір күледі, бір жылайды. «Сначала нянь-

ку, потом ляльку», – деп, тұрған орнында билеп алғанда керемет бақытты адам еді-ау апамыз!.. Келін мен нәрестені көршілердің бір «Жигули», бір «Иж Комби» деген машинасымен алып шығатын болды. «Апа шақырып жатыр...» дегесін жүтіріп бардық... Үстелді жайнатып, екі қазақтың қызы жүр... Бұлар Ардабектің фирмасында істейтін қыздар... Анда-санда аяғы ауыр келінді аяп, апаға көмектесіп кететін еді. Апаны да моншаға апарып келетін осылар. Ардабек арақ ішпейді... анда-санда бізге түсініксіз «уағыз» айтып қояды... Біз «күнә» деген сөзден басқасын ұқпаймыз...

– Апа, тындап тұрмын, не тапсырма?..

– Ал, Талғатбек! (Ол кісі мені үнемі солай атайтын). Мен болсам, Апа, «Бек» деген артықтау десем, Ардабегімнің ағасы емессің бе? – дейді, кейіннен оған да үйреніп кеттім...

– Баламның атын сен қой... Қазақша болсын... Есіме сүйінші сұрап үйге келгенде, «Таң ата туды...» деген сөзі есіме түсті.

– Арай болсын!

Апа бір орнында тұрып, сілейді де қалды. Екі қыз мені құптап жатыр. Апа жылады. Орындыққа барып отырды...

– Мен таңертең ғана Арай болса ғой деп ойлап едім...

Апам екеуміз ресторанның штампасы қойылған «Белый аист» коньягынан бір тартып алдық... – Әй, пұшық қыз, бергел! – деді, – Сен бухгалтерсің ғой...

Бір бөлмеге кірді де екеуі екі, яғни төрт костюм алып шықты: – Ал, Талғатбек, мыналардың қайсысы келеді... Атам қазақтың ырымы... Екі қыз болмай, таңдап-таңдап сұр костюмге тоқтадық... Осы тройка дұрыс деді...

Апам кұйды, мен тарттым. Кешкісін екі машинамен келін мен немерені есіктің алдына алып келгенде, апа подъездің алдына үстел жасап, сырнайлатып-кернейлетіп қарсы алды. Баланың аты-жөні жазылған қағазды алып, жылап жүр... Әндетіп үйге кірдік...

...Дастарқан басына отырғаны отырды, отырмағаны түрегеп тұр. Мен ет турап, ваннаға кіріп қолымды сүлгімен сүртіп тұрсам, танауыма сәбидің бұрқыраған иісі келді. Келіннің дауысы сыбырлап сөйлесе де, ызғарлы...

– Ты, смотри у меня егер де сен гулять етсең, мен де гулять етемін...

– Сен не айтып тұрсың, ол бухгалтер мықты адам...
Өне-бойым мұздап кетті...

...Келін сөзінде тұрды. «Гулять»-ты бастады. Арақ ішті... тіпті кейіннен есіктің алдында тоңқайып мас боп жататын болды... Апа жүдеп-жадап, далаға шығып, ел көзіне көрінуден қалды. Ардабектің жағдайы, енді...

Кейіннен ағасы кеп, байлап алып кетуге ыңғайланды. Апа жылап жүр. Келіннің ағасына жалынып жүр...

– Қарғам-ау, немеремді тастап кетші...

– Шешей-ау, түсінемін, бұл – балама барам деп үйден кашады. Онан кейін қайдан табамын? – деп өксіп-өксіп жіберді...

Аңырап апа қалды. Ештеңе түсінбеген сәби «апалап» ол кетті...

Босағаға сүйеніп, Ардабек қалды...

Біз де тарадық...

Өйткені, олардан жанымыз бөлек еді.

Кейіннен, ешкімге білдірмей олар қаладан көшіп кетті. Қым-қуыт уақыт... Күйбең тірлік... Жылжып жылдар, жүріп жолдар қысқарды...

Олардың үйін сатып алғандар «Шаштараз» салонын жасады.

Біз де Семейден көшіп кеткенімізге үшінші жылға аяқ басты.

...Кітап дүкеніне кіргемін. Телефонымды шырылдағасын көтердім. Курстасым екен... Біраз сөйлескен соң, ...жаңбыр жауып тұр, – деді.

– О, менің Семейіме, жаңбыр жауғаны жақсы хабар, – дедім. Сөйлесіп болғанша, жаныма онсыз да ұзын сирағын ұзартқысы келгендей, біз өкше киген келіншек төбемнен төніп тұр...

– Иә, – дедім...

– Комсомол проспектісін білесіз бе?

– Білемін... бірақ, ол қазір басқаша аталады...

– Ардабекті, апашканы білесіз бе, я же дура была...

Вот, Арайка, помните... я вас сразу узнала...

Келіншек сөйлеп жатыр. Мен кішкене сүйкімді қыз балаға қарап үндемедім...

– Біз, промзонада, общягада көп жыл тұрдық қой... Арай мектеп бітіргенде әкесі іздеп кеп, екі бөлмелі пәтер сатып әперіп... платныйға оқуға түсіріп, ақшасын төлеп кетті... Он помагает Арайке... Дочасына айтты: «Красный диплом» алсаң, «Джип» әперем деп обещать етті... А я пить бросила...

Келіншектің бетінен, сөйлеген сөзінен өр көкіректің, көкбет әйел екенін аңғару қиын емес еді...

Олармен қоштасар-қоштаспастан қолыма ілінген кітапты алдым да сыртқа ұмтылдым...

Сіркіреп жаңбыр жауа бастады...

Шіркін-ай, нөсер боп жауса екен!!!...

Таңғы 04:18:37

13.08.2014 жыл.

Астана.

МҰЗАЙНА

*Көкала үйрек, көк үйрек,
Көкті жапқан көп үйрек,
Қайда кетіп барасың,
Қара Ертісте жоқ үй деп?
Нұржан Қуантайұлы*

Күн қабағы көңілді. Жылы. Жел жоқ. Қармақтарына ештеңе ілінбеген балықшылар асай-мүсейлерін жинап, қалаға қайтуға ыңғайланды.

– Ертісте балық құрып қалған ба? Үш күннен бері ырымға болсын бір шабақ ілінбеді ғой, – деп сақалды күңк етті.

– Кешке дейін шыдай тұру керек еді, – деді кішкентай қара жігіт.

– Әй, сен де айтасың-ау! Байқамаймысың, жылдан-жылға мұз да жұқарып келе жатыр.

– Алыста, Америка жақта дей ме, үлкен мұз еріп, жер беті жылынып келе жатыр дейді ғой.

– Енең айтты ма? – деді сақалды кекеп.

– Жоқ радиодан естідім.

– О, онда енді елу жылдан кейін Ертісте крокодилдер жүзіп жүреді десеңші...

– Жағына жылан жұмыртқаласын. Сен-ақ осы, қара аспанды төндіріп біттің, тым құрымаса бірер сағат қармақ салып көрейік.

– Басымды қатырмашы, қалсаң, өзің қал. Онсыз да аяғым сырқырап, түні бойы ұйықтамай шығамын. «Есін барда – елің тап» деген, қайтайық.

Өзен бойында танысып, туыстай болып кеткен екі балықшы төрт-бес жылдан бері бірге келе жатыр. Бұл балықшылар үшін өте сирек болатын татулық. Күн одан сайын жылына түскендей. Ертістің екі езуі жырылып кеткен, беті көкпенбек. Олар жағалауға жетіп қалғанда кара жігіт қалт етіп тұра қалды.

– Әй, сақал ананы кара!

Токтай қалды. Мұз үстінде төңкеріліп есік жатыр, босаға жақтауы аман.

– Өлмегенге өлі балық деген, бауырым. Ертең базарға апарып сатамын. Кім екен, ә, бүп-бүтін дүниені суға тастаған?

– Саяжайды тонап жүргендер өздерінше жарқабаққа тыққан түрлері ғой, – деді кішкентай балықшы. Екеуі біраз әуреленіп, есікті жақтауымен бірге көтеріп, шетке қойды, есік орнында төртбұрышты мұз қалды.

– Әкелші ана қайланды, мұзды шағып тастайын.

– Қайтесің, – деді дәу жігіт сақалын сипап-сипап алды да, саптамасының өкшесімен итеріп-итеріп қалды. Сол ақ екен, суға батып барып, қайта шыққан төртбұрышты мұз ағыспен ақырын-ақырын жылжи берді. Темекісін тұтатып жатқан сақалды ойланып қалды. «Есіктен шыққан мұз қай жерге барып ериді екен?» деп ойлады. Тағы, тағы басына ой келді. Бірақ жанындағы жолдасына жақ ашып ештеңе айтпады.

«Күндіз-түні радио тыңдайтын бәле мазақ етіп жүрер».

– Ертісті қытайлар бұрып жатқан көрінеді, – деді мықшыңдап келе жатқан кішкентай жігіт.

– Радио айтты ма?

– Жоқ, енем айтты.

– Ой, енеңді...

Олардың дабырлап сөйлеген дауысын Ахау-үйрек апанық естіп жатты. «Адамдар не деп бара жатыр екен?» Сөйлесу. Шіркін. Ахау-үйректің жанында Муза болса... Ой. Ой. Ой. Құс. Құса болған. Ахау-үйрек Музамен өткізген соңғы түнді есіне алды.

«Муза-Мұңылығым. Жанымда қалшы, қалқам. Екеуміздің туып-өскен Ертісіміз бір қысқа пана болар, өлмеспіз. Өлсек, екеуміздің канатымыз бірге айқасып, өзеннің ағысымен бірге кетерміз».

«Қала алмаймын, – деп мұнайды Ахау-үйректің кеудесіне басын қойып жатып. – Аналық рұқсат бермейді. Таң ата жылы жаққа ұшамыз. Жаныңызды қинамай, бізбен бірге неге кетпейсіз?»

«Біздің Ахау-үйректердің заңы бойынша, мүшел жасымызда туған жерімізде қыстап шығуымыз керек».

«Жанымда қал деп жас мені қинағанша, қайраттанып, менімен бірге жылы жаққа қарай канатыңызды неге қақпайсыз? Жақсы көргеніңіз осы ма? Жоқ, әлде менің әлсіздігімді сынап көрмексіз бе?»

«Жо-жоқ, Мұңылығым, сен ұшып бар жылы жаққа. Тоңсам, мен тоңайын. Семейдің сақылдаған сары аязында канатымнан қайрылып қатып қалсам да, әр қауырсыным сыбызғыдай сызылып, саған деген сағыныш әуенін жел арқылы жеткізер».

«Ахау-аға, мен де сізді қинамаймын. Бір жаратушы бізге қанат берді. Аспан да, қамыс қоғасы шулаған көлдер де біздің еншімізде. Бірге болып, балапандарымызды өсіріп, көл бетін мәре-сәре қып жүрсек, басқа құстардан неміз кем? Сіз жанымда болсаңыз, аспан асты, жер үсті мен үшін жұмақ, Ахау-аға».

«Жаным, Мұңылық, сенің жас ғұмырыңды қор етем бе деген қорқынышым да жоқ емес, иә, иә, сені қызға-

нам. Көл бетінде сен ерекше сұлусың. Бәрі саған сұқтанып қарайтын сияқты. Сен жап-жассың. Ал, мен...»

«Жо-жок, атамаңызшы Сіздің жүрегіңіз де жас, жаныңыз да жас, қауырсындарыңыз сұлу, қанатыңыз қатты. Өте кеш болса да, сізге кездесіп едім. Амалым қанша, Аналық сіз екеуміздің бірге болғанымызды әу бастан қалмаған».

«Балапанын қорғаған Аналықты кінәламаймын».

«Рахмет оныңызға. Аспанға ұша алған, көлде жүзе алған сіз әлі жассыз, Ахау-аға».

«Түсінемін сені, Муза. Соңғы уақытта сен маған жадырап сөйлемейтін болдың. Суда жүзіп келе жатып, мені көрсең, бірнеше рет жалт бұрылып кеттің ғой».

«Сіздің мұңлы көзіңізге қарасам, жылағым келеді».

«Жыламашы, Муза! Біз онсыз да аспанның көз жасынан жиналған көл ішінде жүрміз ғой».

«Біздің көлдер де жетім».

«Сыңары жоқ жан иесінің бәрі мен сияқты жетім», — деді Ахау-үйрек.

«Мен сіздің жаныңыздамын», — деді Муза мұңайып.

«Таң ата жылы жаққа кетесің ғой».

«Ал, сіз неге қаласыз?» — деді Муза жыламсырап.

«Болмайды ғой, болмайды», — деп Ахау-үйрек терең күрсінді.

«Бақ», «Бақ».

Аналықтың дауысы түнгі тыныштықты тіліп түсті. Муза-Мұңылық дір-дір етті. Әдемі мойнымен Ахау-үйректің кеудесінен, арқасынан айналып өтті де, шолп етіп суға түсіп кетті. Желсіз түнде, жарық ай астында басын шайқап-шайқап жүзіп барады.

Ай астында...

«Бақ», «Бақ...»

Таң атты...

Ахау-үйрек қалғымаған. Ой. Ой. Ой. Жанын жегідей жеген. Қанатын қаға алмай, сіресіп қалған. Жылы жаққа жиналған барлық үйрек дүр етіп, кепкен жапырақтарды шулатып аспанға көтеріліп, Ертісті үш айналып қоштасты. Муза төмендеп, Ахау-үйрекке қарай келе жатыр еді... «Бақ», «Бақ». Аналық үйрек шоқып-шоқып қайтадан қайырды ғой. Осының бәрін өз көзімен көрген Ахау-үйректің шығарға жаны жоқ еді...

Муза қаңқылдап ұшып бара жатыр.

«Қош бол, Мұңылық! Жаным! Келер жаз аман-есен кездесейік. Тағдыр бізге өзгелер төзбес сын берген шығар. Сен де шыда. Мен де шыдайын. Қыс өтер, көктем келер. Ораларсың. Әзірге қош бол, Муза. Қанатың талмай, жылы жаққа аман-есен жете ғой». Ахау-үйрек аһ ұрған... Аппақ болып кара жерге қар түскен күні Музаны сағынғаны соншалық, жылы жаққа ұшып кеткісі келген. Бірақ...

...Қаңтардың басында он күн аяз болған. Ахау-үйрек бүйтіп сағыныштың өртіне өртене бергенше өле салғысы келген. Бірақ ата салты, Ахау-үйректердің заңы бойынша қалайда тірі қалып, қыстап шығу керек...

Аспан тап-таза.

Ахау-үйрек қанатын қатты-қатты қағып, ұшқысы келді. Киіз үйдің орнындай ойыққа бір-екі сүңгіп шықты. Сілкінді. Тұмсығымен денесін ұзақ сипады. Қос қанатын кеңінен созып қағып-қағып, ақырын көтеріле берді. Тіпті, биіктеген де жоқ. Ұша берді. Көзі біраздан соң төбелесуге айналған әлгіндегі екі балықшыға түсті.

– Әй, сақал, есікті тауып алған мен ғой, сенің үйіңе неге апаруымыз керек?

– Ой, енеңді...

– Әй, сақал, осы сенің менің енемде нең бар, а? Одан да ана базарда жүрген қатынынды...

Ахау-үйрек олардың жанынан шүр етіп ұшып өтті. Балықшылардың дауысы еміс-еміс естіліп барып үзілді...

Бала күлкісі естілді. Ахау-үйрек ерекше ұнататын әдемі үн. Оларды айнала ұшты.

– Папа, папа, мылтық болса ғой, тарс еткізіп атып алушы едік.

– Қой, балам. Семейді пана көріп, қыстап қалған үйректің обалына қалам дегенің не, ол да сен сияқты біреудің баласы.

– Ой, папа, бөсесің ғой, маманың ішіндегі кішкентай бөпе сияқты ма? – деп, бала рахаттана күлді.

Отағасы баласына жауап берудің орнына ай-күні жетіп, әбден шаршап-шалдығып таза ауаға шыққан келіншегін қолтықтап алды.

– Қалайсың, жаным?

– Мені, роддомға апарасың ғой деймін, қарашы, – деп келіншегі күлімсіреген болды. – Қозғалады, ауыртпай тепкілеген болады.

– Ұл болар, – деді күйеуі.

– Қыз болса екен, папасы, ұлдарыңмен футбол ойнауға кетсендер де, мен үйде жалғыз қаламын. Қызым болса, жанымда болады ғой, әйтеуір... Ана құсты көрдің бе, төбемізден айнала ұшты? Қыз бала болар, – деп ырымдап жатыр келіншегі.

– Жаның аман қалсыншы, жаным, – деп күйеуі өбектеп жатыр.

Бала қолына ағаштың бір бұтағын алып, ұшып бара жатқан үйректі көздеп «пах! пах!» деп қояды.

Ахау-үйрек олардан ұзап бара жатып, Ертістің жағасындағы орындықта отырған кемпір-шалды көрді.

– Кемпір-ау, бір аяғымыз көрде, бір аяғымыз жерде тұрған шағымызда далада қаңғып қалдық қой...

– Келіннің ашуы басылар, бір-екі күн шыдайық, жас бала ғой, түсінер.

– Біздің босағаны аттағалы он бес жыл болды, қашан оған ақыл кіреді? Ана сенің ынжық ұлын бізді үйден қуып шыққанда бір ауыз сөз айтуға жарамады ғой.

– Өз баланды өзің табалап қайтесің? Қайбір жетісіп жүр дейсің қарағым. Оған да оңай дейсің бе? Келіннің кесірінен бір адаммен араласа алмайды, елдің баласы сияқты дұрыс қайын жұрт та кездеспеді.

– Өзі сорлы, – деді шал жерге бір түкіріп. – Түнде вокзалға қондық, енді бүгін қайда барамыз? «Ұлым, ұлым» дейді ғой маған аузын толтырып, ұл емес ол, нағашысына тартқан ынжық неме! Адал еңбек еттік, ешкімнің ала жібін аттаған жоқпыз. Қартайған кезімізде бар көргеніміз осы ма?

– Әкесі-ау, жалғыз ұлыңа ренжімеші, қайтесің енді. Саған айтуға батылым жетпей жүрген, соңғы уақытта темекі тартатын боп жүр. Денсаулығын құртып ала ма екен?

– Өзі де құрысын, ұл болмай кеткір!

– Ашуланғаннан кейін айтасың ғой, екеумізді кейін үйден қуып шыққанда артымыздан жүгіріп келіп, сенің құлақшыныңды, менің пимамды әкеп берді ғой, қайт дейсің құлыншағыма?! Қайдан ғана мынаған кезікті, тойып семірді ғой иттің қызы, босағамызды аттағанда үстінде өңі тозған жаман шыт көйлегі ғана бар еді.

– Өлемін! – деді шал тістеніп.

– Өлсең, өл, құдай тілеуінді берсін. Менің алдымда бір күн бұрын өлші, артымда жетім шал болып жаутандап қалғанша, – деп кемпірі кемсең-кемсең етті.

– Өлімнің аулы алыста боп тұр ғой, – деді шал, ұшып бара жатқан үйрекке қарап ауыр күрсінді. – Кеудемнен шыбын жаным ана үйрек құсап ұшып кеткенше, бізге тыныштық жоқ қой...

Ахау-үйрек биіктеп ұшып бара жатыр...

Аспалы көпір. Жаңа Семейге бара жатқан автобус ішінде он шақты жолаушы ғана отыр. Кеше қала бойынша жолақысы екі есеге көтерілген. Орындықта ойланып отырған жігіт әбден жүдеген, сақал-мұрты өскен. Ұсқынсыз. Кенет... Кенет... орнынан атып тұрды.

– Водитель, тормозни! – Терезені сындырардай соққылады. – Әсел, Әсел!

Қас-қағым сәтте қалыңдықтың ақ көйлегін киген Әсел автобустың терезесінен Ертарғынды көріп қалды.

– Аға, аға!

Әселдің көңіл-күйін бақылап жүрген жеңгесі ешкімге білдірмей қолтықтап алды:

– Айнам, жүр, машинаға барайық.

Автобус ұзай берді...

Ахау-үйрек аспанда аласұрды. Ғашық жүректе көз бола ма? Ахау-үйрек әлгінде ғана балықшы өкшесімен итеріп-итеріп жіберген мұзайнадан өз бейнесін көріп. Муза екен деп қалған болатын.

Мұзайна ағыспен жылжып барады.

Ахау-үйрек қиғаштай ұшады. Төмен ұшады. Биіктейді. Муза көрінбейді. Төмендейді. Жоқ. Қайта биікке самғай көтеріледі.

«Қайдасың, Муза? Жаңа ғана бар едің ғой».

– Водитель, тормозни. – Ертарғын екі қолымен басын соққылады. – Әсел, Әсел...

Көктем. Семей көңілді еді. Жазушы университеттің көркемсурет факультетінде оқитын Әселмен таныстығы да қызық болған.

Көрмеге барған. Студент қыздың алғашқы көрмесі. Кенет, «Дала» картинасына ұзақ карап тұрып қалған.

Суретші қыздың жанына келіп:

– Қарындасым-ау, сондай керемет жазушы болса, бұл қалада неғып жүр... Америкаға кетпей? – деді әзілдеп.

– Ой, ағалар-ай! – Қыз күйіп кетті.

Ертарғын екі қолын шапалақтап рахаттана күлді.

Көрмеге келгендер бұрылып-бұрылып қарады.

Қыз ештеңе түсінбеді. Әдемі көздері мөлт-мөлт етіп, екі бетінің ұшы қызарды.

– Рахмет саған, – деп Ертарғын студент қыздың бетінен сүйді.

Көрмеге келген көпшілік қол соқты.

Сол күннен бастап екеуі аға мен қарындас болып Ертістің жағасында бірге қыдыратын болды.

Әсел өзенде жүзіп жүрген үйректерге қарап ойланып кетті де:

– Шіркін, мына құстар қандай бақытты, қыс келе жатқанда жылы жаққа ұшып кетеді, – деді Ертарғынның иығына басын сүйеп.

– Сен де бір күні мені тастап, жылы жаққа кетесің ғой, – деді Ертарғын күрсініп. Оның көңіл-күйін бірден аңғарған Әсел еркелей сөйледі:

– Аға, аға деймін, балмұздақ алып берші.

– Тамағың ауырады.

– Аға деймін, аға...

– Сен қыз, қоясың ба, жоқ па?

– Қоймаймын, – деп бұртиды. – Сізге өкпелеп қалдым.

Ертарғын үндемеді. Ертісте алаңсыз жүзіп жүрген үйректерге қарап жазушы ойланып кетіп еді.

Сол... Сол үйректің ішінде Ахау-үйрек пен Муза да бар болатын. Бірге еді. Аналықтың көзіне түспей, қамыстың көлеңке жағында жүрген.

Ахау-үйрек Музаның мұзайнадағы бейнесін көргеннен бері ақыл-есінен айрылғандай... Қанатын қаға береді.

Жас жұбайлардың тойын түсіріп жүрген оператор жігіт камерада пайда болған үйректі көріп таң қалды...

...Қыз жүрегі – жұмбаққа толған шарайна. Әркім өзіне таныс бейнені көргісі келеді. Жазушы қанша талантты болса да, сол айнадан әзіл көре алмаған. Тіпті, ойламаған. Әсел жазушы ағасына деген сезімдерінің бәрін картиналарына жұмсады. Қазақтың жігіті, талантты адам жарқырап көрінсе деген адал ниеті ерекше еді. Барсырын жеңгесіне жасырмай айтқан.

Сол күннен бастап бәрі басталды. Бәрі... бәрі... Жазушы туралы не естімеді. Әсел өң мен түстің арасында жүргенде, жеңгесі бір жас жігітпен таныстырды. Көрікті, жақсы жігіт. Бәрі тез... Үш айдан кейін құдалар келген. Бүгін, міне, той...

Өң мен түстей... Өзгерген өмір. Сезім. «Жазушы ағасы».

Жұмбақ. Жұмбақ. Жұмбақтар.

– Қайтесің, жазушыны...

– Жеңеше, қателестім ғой, тым құрмаса, арманын жалғастырар артынан ерген ұлы да жоқ қой. Енді бәрі кеш. Қазақтың талантты жігітін тірідей өлтірдік қой, жеңеше...

Қалыңдық көз жасын тыя алмады.

– Қоя ғой, күйеу баладан ұят болады, – деді жеңгесі есі шығып.

Көңілді топтың ортасында тұрған күйеу жігіт әдемі қыздың құлағына сыбырлады.

– Бір күні сені ресторанға шақырамын.

– Көйлегім жоқ, – деді қыз.

– Онда саунаға барайық, – деді жігіт.

Қыз жыртың-жыртың күлді. Ашуланған жоқ.

– Әй, не түсіріп тұрсың? – деп, жағалай шампан құйып жүрген жігіт операторға айғайлады.

Ол аспандағы үйректі түсіріп жатыр. Міне, үйрек төмендеп барады. Қанатын қатты-қатты қақты. «Жаным, Муза-Мұңылығым!»

– Жеңеше, – деді Әсел жылап. – Мына дүниенің бәрі Ертарғын ағаның «айналайын» деген сөзіне тұрмайды ғой... Ол енді өледі... Шыдай алмайды... Онсыз да жалғыз еді...

– Жыламашы, айнам, түсінем сені. Қайтейін? Басқа амалым болмады. Жазушы болса қайтейін? Осы уақытқа дейін басында баспанасы жоқ адам саған қалай қамқор болады деген жазығым ба? Біз, әйелдер қателігімізді, бақытсыздығымызды көз жасымызбен жуып алуға ғана шамамыз келеді. Кәне, кәне, қоямыз жылауды...

Оператор үйректің әр қимылын қалт жібермей, түсіріп тұр.

Қатар-қатар машиналардың жанында күліп-ойнап тұрған көпшілік өздерінше мәз...

Камераның көзіне қалыңдық түсті. Ол да төмендеп бара жатқан үйрекке қарап қалған.

«Сен де бір күні мені тастап, жылы жаққа кетесің ғой» деген Ертарғын ағасының сөзі есіне түсті.

Ахау-үйректің есіне Мұңылық екеуінің сырласқан соңғы түні елестепті.

«Таң ата жылы жаққа кетесің ғой».

«Жаным, Муза, келе жатырмын. Сені ғана сүйемін».

Қанатын қатты-қатты қағып, Муза-Мұңылыққа жақындай берді... Жақындай берді.

Ахау-үйрек әлгінде ғана босаға жақтауы бүтін есіктің ішінен шыққан мұзайнаға барып қатты соғылды. Мұзайна быт-шыт болды. Ұп-ұсақ, мың-миллион мұз моншақтар су бетіне толып кетті. Мың-миллион мұз моншақтар...

Қалыңдық ұп-ұсақ моншақтарға қарап жылап тұр.

Жалғыз...

Мұз моншақтар...

Мөп-мөлдір...

ҚАНДЕН

Күнді түн жұтты. Ай қашып, жұлым-жұлым қара кебін ішін кезіп кетті. Тоқтамайды толған ай. Нені іздейді? Жұлдыздарды ма? Тұнық түнгі аспанды ма? Жоқ әлде...

Бақша ішінде отырған Елемес қалың ой құшағында, басы аспандағы табақтай аймен бірге айналды. «Құрып кетсін бұл өмір. Мына қатыннан құтылмай, маған тыныштық жоқ. Мені өлтіріп тынар...» Отыз жыл отасқан қатынын біраз жерге апарып тастады. Ұршық жел алма ағаштарының жапырақтарын шымшықтарша шулатып, бір айналып барып басыла қалды. Әп-сәтте жарық айдың беті көрінді. Тыныштық. Басына жабысқан жапырақтарды қолымен қағып-қағып тастады. Ай топтолық. Жарық. Төңірекке көз жүгіртті. Үйінің мұржасынан шыққан көк түтін бойын түзей алмайды. Терезелерде жарық жоқ. Тым-тырыс. «Иттің ғана қатыны мен салған бес құдық пештің түбінде борша-борша болып ұйықтап жатқан шығарсың. Сирағыңнан алып далаға лақтырып жіберейін бе?» Шал іштей кіжінді. Одан басқа қолынан келер ештеңе жоқ. Бойы тоңа бастады.

– Әй, қайдасың? – деді даусы қарлығып. Сыбдыр-сыбдыр. Құйрығымен кепкен жапырақты сабалап, қанден келді. Шарик сұп-суық тұмсығын қожайынының қолынан түрткілеп, жып-жылы тілімен бетінен жалап-жалап алды.

– Бірдеңе бар ма? – деді жолдасымен сөйлесіп отырған адам құсап. – Тапсаңшы энеукүні жазушы огород-

қа бір-екі шөлмекті көміп жүр еді ғой. Қанден иесінің сөзін әдейі естімегендей құйрығын бұлғаңдатты.

– Бар деймін, – деп ақырып қалды. Қанден жалт беріп жоқ болды. Шал үш жыл бұрын боранды күні біреуге пеш салып екі бөтелке арақ, бір консерві, елу теңгеге бауырын көтермеген осы күшікті алған. Адал еңбегін қанден ақтап ақ жүр. Қанден жақсы өсті. Қолды-аяқты. Айтқанын екі етпейді. Шаруаға кірісіп кеткен кезде шалдың қолқанаты. Темекісін, әр жерде қалдырған қалағын тістеп әкеп беріп жүреді. Тілі жоқ демесең бәрін ұғады. Төрт аяғы болғанымен, көрінде өкіргір енесінен ақылды боп шықты. Бұның бәрі өмірін бұзған қақпас енесі. Шал ішейін деп ішті ме? Әу баста араққа үйірлігі тіптен жоқ еді. Марқұм атасы ғой бұны ащы суға үйреткен. Қара жер хабар бермесін, жуас момын адам еді. Енесі екі иығын жұлып жеп, үйдің ішін ала-тайдай бұлдірген кезде, қыста моншаға, жазда сарайға қонып, жүдеп-жадап жүретін еді. «Балам, ренжіме, жынды қатын не айтпайды, кел одан да алып қояйық», – дейтін. Енді, мені көрмейсің бе? Марқұм атасының жолын қуып, Елемес те қыста моншаға, жазда сарайға қонып жүріп жатыр. Шал аспанға қарады. Толған ай толып тұрған сияқты. Түнгі аспан қара кебінін шешіп тастаған. Құс етті. Боп-боз. Жұлдыздар сирек. Жапырақтарды сытыр-сытыр басып, келе жатқан қанденге жалт қарады. Шариктің көзі айнадай жарқ-жарқ етеді.

– Күшігім сол, сен болмасаң қайтер едім. Бүгін түн өлетін едім ғой. Менің басымды ойлағаныңа рахмет. Үлкен іс бітіргенін Шарик иесінің дауысынан-ақ білген. Әнеу күні шалды абақтыдан алып шыққан түні жазушы жігіт Ахат екеуі моншада отырып біраз сілтеген.

– Сенің осы қанденің Чеховтың «Каштанкасына» мың есе артық. Осы итің туралы мен қатырып әңгіме жазамын деген. Көңілді, ештеңеге мойымайтын қайсар жігіт екен. Әй, өзі де бір молодес. Қырлы стақанмен сілтеген кезде қамшы салдырмайды.

– Аға, есіміз барда Шарикке көрсетіп, бір-екі жартыны огородқа көміп тастайық. Бас ауырып, балтыр сыздағанда қажет болар деп еді. Жазушы көпті көрген көреген екен. Айтқаны айнымай келді. Жас жазушы болса да бас жазуды жақсы білетін болып шықты. Ахат Шалдың моншасында бір аптадай тұрып, күндіз-түні жазуын жазды. Елеместің бір таң қалғаны «Әй, Ареке ептеп бірдеңе ұрттасаңшы шаршадың ғой десе. Жоқ, аға, ақ қағазға арақ ішіп отыруға болмайды. Бұл киелі қағаз деп қояды». Бір аптада киімдерін жуып, ауладағы пешке өз тамағын өзі істеп жап-жақсы болып қалған болатын. Кемпір емес пе, жас жігітті қуып жіберген. Қыстап шықса да болатын еді. Шал екеуі әңгімелесіп, шүйіркелесіп, бір-біріне сеп болатын. Баласындай болып кетіп еді. Бала демекші Елеместің ұлы мен келіні көрші ауылда тұрады. Мотоциклмен жарты-ақ сағатта жетіп келеді. Екеуі де жұмыста, ұлы шахтада, келіні аспаз. Тұрмыстары жақсы. Көктемде бұзаулы сиыр сатып алған. Әнеукүні келіннің қолынан қаймақ жеп бір жасап қалған. Келін айналып кетейін бір жақсы бала. Айына бір-екі келсе де, үйді қағып-сілкіп тамақ істеп, атасының киімдерін жуып, шашы мен тырнағын алып беріп, таза көйлек кигізіп кетеді.

– Қызым-ау, келген сайын әуре боласың, демалсаңшы, қарағым.

– Папа, сіз жүдеп жүрсеңіз ел не ойлайды? Бізге ұят қой. Жұмыс-жұмыс дей бермей, бір мезгіл өз денсаулығыңызды күтсеңізші, – деген келіні жалынардай болды.

– Қызым-ау, мені сыйласаң сені құдай сыйласын.

– Ол не дегеніңіз, папа? Менің әкемді ұлыңыз жақсы көреді. Мен де сізді сыйлауым керек. Осы сөзді естігенде шалдың жүрегіндегі ескі жараның аузы ашылып кетіп еді. Елемеске марқұм әкесі «Балам-ау, сен келіннің бетіне шешесінің қылығын қайта-қайта айтып баса берме, қайтсе анасы емес пе, көңіліне келеді. Ашындырма. Әйелді төменшіктете берсең, тілі шығады деп еді». Міне, енді көрмейсің бе ырың-жырың тірлік. Қартайған шағында өз үйінен пана таппай жүр. Әйтеуір, көңіліне бір демеу, жанынан бір елі қалмайтын қандені. Шарик туралы әңгіме де, анекдот та көп, тіпті қалаға келген Мәскеу циркінен ұрлап алынған, үйретілген қанден деген қауесет те тарады. Осындай сөздерге алғашқы кезде күйіп-пісетін. Ашуланатын. Қазір құлағы үйренген. Шал осы қандені үшін тәп-тәуір жұмыс орнынан айырылып қалды. Қарағай ішіндегі демалыс үйінде монша жағып, аула сыпыратын. Бір күні шетелден бір әйел келіп демалған. Мейірімді жан. Келген күннен бастап, Шарикпен достасып алды. Элизабет ханымның бауырмалдығы сондай, соңғы уақытта қанденді қойнына алып жататынды шығарды. Шал риза болып жүретін. Шетелдік әйел моншаға түседі дегенде, оның іші-сыртын тазалап, жаны қалмайтын. Әттең, тілін білмейді. Әйтпесе өзінің Шаригі туралы талай қызық әңгімелерді айтып беретін еді. Он шақты күн өткеннен кейін қаладан екі адам келіп, Шарикті бір күнге алып кеткен. Елемес сол күні алаңдап ұйықтамай шықты. Ас батпа-

ған, түстен кейін кешегі екеу Шарикті тор көз қорапқа салып, қайтадан алып келген. Елемес жүгіріп барған...

– Әй, оңбағандар мыналарың не, сендердің? Менің қанденімді тұтқындағаннан саусындар ма?

– Әрі тұр, – деді жуан қара. – Бұл шетелге кететін ит. Әбден саулығын тексеріп, үсті-басын тазалап, құжаттарын жөндеп алып келдік. Енді сенің қанденің мұхит асып кетеді.

– Ой, әкеннің, қайдағы мұхит, не сөйлеп тұрсың? Босатындар қанденді. Иесін көріп Шарик аянышты қыңсылады.

– Әрі тұр, – деп жуан қара кеудесінен итеріп қалғанда шал шалқасынан түсті. Орнынан атып тұрып қайта ұмтылды. Есік тарс жабылды. Елеместің жаны шығыш кете жаздады. Шағын ағаш үйді айнала жүгірді. Терезесінен сығалады. Перде жабық. Ештеңе көрінбейді. Бір кезде жаңағы екеу үйден шығып көліктеріне отырып жатыр. Жетіп барды.

– Інім, – деді ұзынтұраға жаутандап. – Шарикті сендер не істемексіндер?

– Бізге сенің қанденің көк тиынға керегі жоқ. Ана шетелдік әйел ертең өзімен бірге еліне ала кетпек.

– Оны не істейді? – деді даусы дірілдеп.

– Не істеуші еді, мүмкін еліне барған соң қарнын жарып, мүшелеп сататын шығар.

Шалдың үстіне біреу мұздай су құйып жібергендей қалтырап кетті.

– Қалай, қалай?

– Әй, әрі тұр, – деді жуан қарын машинаның есігін жауып жатып. – Шетелге ит түгіл баланы да әкетіп жатыр.

Машина қозғалып кеткен.

Шал тұрып қалды.

– Батя, – Иығына ауыр қол сарт ете түсті. Күзет бастығы. Енгезердей. Ерініп әрең сөйледі. – Батя, сүйегің шашылып қалмасын десен, сен шетелдік қонақ жатқан үйге бір метр жақындаушы болма. Менің мінезімді білесің, сүйегінді шашып жіберемін. Елемес безгек ұстағандай селкілдеп кетті. Ертістің жағасына барып отырды. Ой. Өле салғысы келген... Қанша уақыт отырғанын білмейді.

– Аға, аға, – деген дауысқа жалт қарады. – Ертістің жағасында от жағып жүрген жігіт «бері кел» дегендей қолын бұлғады.

Шал орнынан қозғалмады. Жігіт ерінбей төменге түсті.

– Ассалаумағалейкум, аға.

– Жүріңіз, аға бүгін қармағымды балық жақсы қапты. Сорпа ішейік, жалғыз өзіммін, – деп жігіт желкесін қасыды.

– Таңдай жібітетін бірдеңе бар ма?

– Бір шерік самагон бар, аға. Бірақ, маған бүгін ішуге болмайды.

– Аурумысың?

– Жоға. Бүгін жазу жазатын күнім, сіз өзіңіз ептеп...

– Не, тақпақ жазамысың?

– Солай десе де болады. Екеуінің танысқан түрі осы болды. Балықтың сорпасы бапты пісіпті. Әңгімелері жараспады.

– Бауырым, өзің алсаңшы.

– Аға, сіздерде бүгінше қонып шығатын орын бар ма?

– Неге болмасын, бар менің бөлмем кең, ол жаққа кешкі алтыдан кейін ешкім келмейді.

– Ахат, – деді жас жігіт қолын созып. – Бізді ел жазушы деп атайды.

Шал мінгірлеп атын айтқан болды.

– Таныстық үшін. – Стақандар сарт-сұрт етті. Жазушы көңілді жігіт екен. Аңқылдап сөйлеп жатыр. Елемес шыдамады, болған жағдайдың бәрін айтып берді. Ахат ойланды. Тістеп алған. Үндемей.

– Не істейміз, бауырым?

– Ертең журналистерді көтереміз. Баспасөз мәслихатын өткіземіз. Әйтпесе болмайды. Шетелдіктер әбден басынып бітті бізді. Елемес оның бір сөзіне сенген жоқ. Тіпті, өзін мазақтап тұрғандай сезінді. Олар ішті кетті... Ахат дарылдап өлең айта бастады.

«Арманымнан уайым кештім,
Мендей саған тілемес бақыт ешкім.
Аяулым, сүйе алмас мендей ешкім,
Арманымнан уайым кештім».

– Боташка, я тебя люблю, – деп айқайлайды. Жылайды. Жазушыны әрең жатқызған. Далаға шығайын деп келе жатыр еді күзет бастығын көріп қалып, ішке қайтадан қалай кіргенін өзі де білмей қалды. Бұқа мойынның жұдырығы қатты. Үлкен-кіші демейді. Қағып-соғыш жүреді.

Таңертең ерте айғай-шудан оянды. Көзін тырнап ашқан екеуіне күзет бастығы дінкілдеп тұр.

– Әй, шал, қанденін қайда?

– Шетелдік қатынның қойнында жатыр, – деді қырсығып.

– Жоқ, қашып кетіпті. Сен қай жерге тықтың?

– Сен үлкен кісіге қалай-қалай сөйлейсің? – деді Ахат.

– Әй, сен кімсің?

– Жазушымын.

– Бас жазушы шығарсың? Жүз грамынды іш те, қанденді табуға көмектес. Элизабет ханым жылап жатыр. Кешке самолетпен еліне қайтуы керек. Шетелдік қонақтан ұят болады, – деді діңкілдеп.

Шалдың қолына кісен салып, қалаға алып кетті. Іздеу басталды. Жоқ. Қанден таптырмады. Қарағайдың ішін мелисасы бар, орманшылары бар, шенеуніктер қосылып қарап шықты. Жоқ. Қанденсіз Элизабет ханым жылай-жылай Отанына қайтты.

Шал өмірінде мұндай тозақты көрмеген шығар. Қаны басына шапты. Түрменің тар бөлмесінде аласұрды. Жүрегі ауырды. Бір кез көзі ілініп кеткен екен, кілттерді шалдыр-шұлдыр бұрап ауыр есікті біреу ашты.

– Шық, саған келіп тұр. Шалдың тамағына өксік тығылды.

– Аға, хал қалай?

– ?

– Жүріңіз, үлкен бастық күтіп отыр.

Кең бөлмеге екеуі кірді. Төрде отырған жас жігіт орнынан тұрып, бұларға қарсы жүрді.

– Ассалаумалейкүм, ақсақал! – деп қос қолдап Елемеске амандасты. – Отырыңыз, жоғары шығыңыз.

– ?

Майор бір түймені басты.

– Мағжан Елубекович, тыңдап тұрмын.

– Айнұр, бізге шәй әкел. Ақсақалға сүт қосқан, қою күрең болсын.

Шай ішкен болды. Нәшәндік шалдан қайта-қайта кешірім сұрап отыр.

– Шопырыңыз келіп тұр, – деген Айнұрдың дауысы шықты.

– Кірсін.

Сарт-сұрт етіп форма киген жас жігіт келді. Қолында – кітаптар. Ахаттың көзі жайнап кетті.

– Жолдас майор, менің кітаптарым ғой.

– Ахатжан, сенен қолтаңба алып, жеңгене бір мақтанбасам. Сенің шығармаларың бәрімізге ұнайды. Жаңа үлгіде жазасың. Саған комсомолдық бір тапсырма – өз елінен ешқайда кеткісі келмеген ақсақалдың қандені туралы қатырып бір әңгіме жазшы. Келістік пе? – деп күліп қойды.

Ахат қолтаңба берді.

– Машина апарып салсын.

– Рахмет, өзіміз жетеміз, – деді жазушы.

Шал үндемеді. Тіпті, қоштаспады да. Далаға шыққаннан кейін қатты бір уһілеп:

– Шарикті алып кетті ме? – деді жыларман болып.

– Жоқ таптырмады.

«Уһ». Шал ауаны толғап-толғап жұтты.

Қарағай ішіне келгеннен кейін бұқа мойын күзет бастығы бұларды қабағын түйіп қарсы алды.

– Сен шал, бүгіннен бастап бұл жерде жұмыс істемейсің. Табаныңды жалтырат. Біздің фирманың имиджін түсірдің. Сүйегінді шашып жіберейін бе?!

Шал үндемей, оны-мұнысын жинастырып, қалаға қарай бет алды. Іші удай ашиды шалдың. Көз алды – тұман. Ахаттың сөзін тыңдағысы да келмейді. Аялдамаға жақындап қалды.

Қанден үрді.

Шал тоқтай қалды. Аялдама жақтан арсалаң-арсалаң етіп Шарик жүгіріп келді де, иесінің екі аяғының ортасынан өте шықты. Құлағын жымитып алып, құйрығын бұлғандатып айнала шанқыласын.

– Әй, әй, тоқта деймін, иттің баласы!

Шал жылап жіберді. Қанденді біресе боктайды, біресе айналып-толғанады. Сол күні Ахат екеуі моншаның ішіне кіріп алып, әй бір, сілтеді-ау. Баласындай бауыр басып кеткен Ахатты қақпас кемпір қуды ғой. Шал тісін шықырлатты. Қылқ-қылқ жұтты арақты.

Түнгі аспан. Ай қара бұлттан қашып жүр...

– Әй, Шарик, ана қақпасты сирағынан алып далаға лақтырып жіберсем, мені тағы да абақтыға қамай ма?

Қанден көзі жаутаңдап иесіне қарады.

Күнді жұтып алған түн айды ұстай алмай қуып жүр. Жыртық-жыртық қара бұлт арасынан бұлтың етіп көріне қалған ай жарығы қанденнің жасаураған түймедей көздеріне түсіп-түсіп қалады. Иесінің тізесіне басын қойған қанден жауап қата алмайды.

– Мен мас емеспін, шындықты айтам, – деді күжілдеп. – Осы сұмырай кемпір мені құртқан! Шешесінен аумай қалған, оңбаған қатын! Оның шешесі сенің шешен сияқты көрінген төбетпен ылығып, қаңғып жүретін, нағыз сука... жәлеп. Сенің шешен сияқты көрінген төбетпен...

Шалдың көзі жарқ етті. Қанден аяғынан жұлып-жұлып алды. Шалбары жыртылып, балтырынан қан шықты.

– Не істедің, иттің ғана баласы?!

Шалға жауап орнына қанден тісін ақситты.

Ай қашып жүр...

ЖАПА Әңгіме

Дәулет Сметовке

Тау етегі. Әрі қарай жап-жазық дала. Көкпенбек. Таңертең ғана сіркіреп жаңбыр жауып өткен сонау-сонау көз ұшында дөң басында кемпіркосақ ілінулі тұр. Әдемі.

Қазақтың жайлауының көкмайсасын тілімен бырт-бырт үзген қара-ала сиыр жайылып жүр. Ауылдың бар байлығын сатып әрең қол жеткізген арғы атасы белгісіз шетелдік жануар еді...

Шыбындамайды да. Рахат. Төңірек тып-тыныш еді. Бір кезде сиырдың құлағына дүрілдеген дыбыс келді. Әуелі ештеңе ұқпаған оттап жүре берген.

Бір кезде сонау көз ұшына өзіне қарай зулап келе жатқан қара ноқат жақындай түсті. «Мәссаған! Мынаны қара! Ұсқынсыз ғой мынау. Жалбыраған жалы бар, құйрығы одан да ұзын бұл неғылған жануар?» деп ойлағанынша дүбір жанына жақындай түсті. Қара-ала сиыр ап-анық байқады. «Өй, мынау не пәле? Тұяғы біздікіндей айыр емес екен ғой. Сирағы ұзын, желпілдеген бірдеңе ғой мынау. Менің жайлауымды таптайтын болды-ау» деп ішін қызғаныш өртеп кетті.

– Мына пәлені сүзіп өлтірейін, – деп жанынан желдей есіп өткен тұлпардың соңынан тұра қуды.

Біраз жер қуғаннан кейін қара-ала сиырдың екі бүйірі солқылдап, салпиған қарны жер сүзіп жарылып кете жаздады. Ыңқ-ыңқ етеді. Аузынан сілекей ақты.

Қазақтың кең даласында дүбірлете шауып бара жатқан тұлпардың соңынан ыңқылдап ұзақ қарап тұрды. Қарап тұрды. Қараааааап тұрды. Ыңқ-ыңқ етеді. Күйсей алмай қиналды.

Жер-ананың жүрегін тесіп шыққан ашпақ гүл самал желмен тербеле бастап еді. Осы кезде сиырдың артынан сасық неше күн жеген шөбінің қоймалжыңға айналған жапасы былш етіп жерге түсті.

Жапаның астында бәлкім ғашықтар бір-біріне сыйлайтын, бәлкім боз бала мен бойжеткеннің үзіп алатын, өмірге ғашық жанның үлкен тебіреніспен, үлкен махаббатпен үзіп алатын гүлі қалды...

Жапа астында...

Семей

КӨКПАР

Қылықты түн. Бағана ғана қызыл шардай домалап барып, көл бетіне шолп еткен күннің алапат өртінен қара күйеге айналған қамыс қоғаның арасынан Ай-аққу қаракөк аспан көгіне баяу қалықтап шыға келген. Шыға келген де қанатының астына таққан маржандарының сәулесін сиқырлана құбылтып, қобызының шанағы морт сынып, қапыда қалған Абыз-Атаның тымағындай шошайған Бұғылы тауының бауырында желдеп жайылған бір табын жылқының құйрық-жалын сүзіп, қасқыр таңдай қиялардың қыртыс-қыртысын қуалап, сай-саладағы қайындардың жапырақтарын сыбдыр-сыбдыр сөйлетіп, көл бетіне түскен өз бейнесін шөп-шөп сүйген күміс шабақтардың жонын жылтылдатып, қойнауға бейбіт қонған жылқышылар ауылына да кеп қалды-ау...

Ірге түрүлі. Түндік тартылмаған. Құс қанатындай сусылдап ескен түнгі самал жанымды бесікке бөлегендей әлдилейді. Шаңырақтан төгіліп түскен лағыл саумал сүйекті сандықтың бетіне шашырап жатқандай.

Менің ұйқым келер емес... Ақшам жамырап, ақ пен қызыл арасында көкем екеуміз құрық басы құлақтарына тисе қалт етіп тұра қалатын Теңбілкөк айғыр мен Ақбестіні мініп, бір бауыр жер желдіртіп, жаңбырлықтарын терлетіп көрмеге әкеп байлағанбыз.

Көптен ерге отырмағандыкі ме, тілерсегі қиылған бөлтіріктей қираландап қалдым. Қыл шылбырды күрмеп жатқан менің жаныма келген көкем аз үнсіз тұрды да:

– Қазыбекжан, келгенің жақсы болды. Аттарды таң асырып, ертең жол жүреміз, – деді. «Қайда?» деп келе

жатыр едім қабағын шытты. Мінезі белгілі. Көп сөзді ұнатпайды. Оқушыға жат қылығымды көрсе атам мен апамның баласы екеніме қарамай жазалауға бар. Күзде мектепке барып, мұғалімдерге сәлем беріпті. Сурет сабағынан беретін апай мақтап, есеп сабағының мұғалімі «үлгерімі орташалау» деген екен. Үйге келе салысымен, сурет салып отырған менің жағамнан ұстап бір-ақ көтерді. Қорқып кеттім. Осы кезде сырттан апам келе қалмасы бар ма? Менің бейшара халімді көріп жаны шығып кете жаздады.

– Біреудің баласында нең бар-ей? – деді даусын көтеріп.

Көкем мені тастай салып есікке қарай кетіп барады.

«Бесінші оқымай жатып мынандай, бара-бара не болады, әбден жаман үйреткенсіңдер».

– Е, дегенің, біз бала тәрбиелей алмасақ, сен қайдан шықтың, жақсы үйретсек те, жаман үйретсек те өз баламыз, жұмысың болмасын, о несі-ей, баланы оңашалап...

Қойшы, әйтеуір көкем бәледен машайық қашыпты дегендей мотоциклін дүр еткізіп жүріп кеткен. Апам мені айналып-толғанып, «Әлгі тым құрыса, шай ішіп те кетпеді-ау», – деп ауыр күрсініп алды.

Апам мен атам да қызық. Кейде үшеуден үшеу дастархан басында отырғанда: «Қазыбекжан, көкең сенің үлкен ағаң, жеңешенді сыйла, бауырларға жақын жүр, өзің біздің баламыз екенінді ұмытпа», – деп айтып қояды. Осындай сөздерден кейін үйге сирек келетін оларды кәдімгідей жиі-жиі ойлайтынды шығардым.

Сағынтып жеткен жазғы демалыс та келді. Ауылда достарымның бірі де қалған жоқ. Ішім жаман пысты. Екіндіде ауыз үйде сүт тартып отырған апамның жа-

нына бардым да: «Жайлауға барайыншы», – деп айтып салдым. Бетіме жалт қарады. Үндеген жоқ.

Сабаны ыстауға сайдан тобылғы шауып алып келіп, үйге кіре беріп тұрып қалдым. Мен туралы айтып жатыр екен. Әрине, жасырын. Сіздер ойламаңыздар, бұным оқушыға жат қылық екенін білмейді деп, білемін... Бірақ табалдырықта тұрып қалыппын. «Өз орманына қашайын дегені ме?» – деді апам. «Қой, енді жылағаны несі, ойын баласы емес пе, жайлауды қызық көреді де». Бұны айтқан атам. Ішке кіріп бардым да, апамның құшағына қойып кеттім.

– Апа, апа, жайлауға барайыншы екі-ақ күн боламын...

Апамның көкірегі сырылдай ұзақ үнсіз қалды.

– Барсаң бар, құлыным, құдай тіл-көзден сақтасын, – деді тарамыс саусақтарымен басымнан салалай сипап.

– Бір құдайға тапсырдым.

Атам бозқырау сақалын саумалдап теріс бұрылды.

Бозторғай оянып, тобылғы гүліндегі таңғы шық кеппей жолға шыққан біздер жылқышылар ауылына күн түйе қомына шығып, көлеңке құлын мойынданып қалған кезде жеттік. Шопыр ағай күн қағарын мандайынан көтеріп қойды да, «Ал, бауырым келдік, тай үйретем деп жығылып қалма», – деп күліп қойды. Ауыл адамдары түгел сыртта екен. Машинадан түсіп жатқан мені көрген жеңешем жүгіре басып келе жатты да, есіне бірдеңе түскендей кілт тұра қалды. Екі тәте кеп бетімнен сүйді. Атам мен апамның халдерін сұрап жатыр. Оларына рахмет. Елден жырылып онаша тұра беруге ұялды ма, қатарымызға жеңешем келді. Менсінбеген адамша маған бір қарады да: «Е, мынау екен ғой, – деп жинал-

ғандарды күлдірді. – Атаң мен апан қуатты ма?» – деді. Үндегем жоқ.

Талды ат қылып мінген үш бала шапқылап келді. Күнге әбден күйген тақырбас қара баланы көргенде жүрегім шымыр ете түсті. Шыңғыс...

– О, Шыңғыс бері кел, – дедім бауырыма. Ұмтылып едім, бұрылып алып құйғыта жөнелді.

Тәтейлер жеңешеме сөйлеп жатыр.

«Әй, осы сенің балаға қаталың-ай, тым құрыса бетінен сүйсең етті. Сонша жерден келгенде баланы наумез қылып». Жеңешем көңілдене күліп, «Біреудің баласында нем бар?» деді. Бірінші боп бетімнен сүйген кісі қолымнан ұстап жетектеп киіз үйдің ішіне кіргізді. – Бөпенді көрсетем.

– Атын Шынар қойдық, – деді жеңешем. Тал бесікте томпиып кішкентай қарындасым ұйықтап жатыр. Еңкейіп бетінен сүйдім. Тәтті екен.

– Көрімдік, көрімдік... – Ыңғайсызданып қалдым да, басымнан апам сырып берген тақияны шештім. «Алыңыздар». Бәрі күліп жатыр.

– Атасы мен апасының тәрбиесі ғой...

Ақбесті толғай кісінеді.

Бозай бөз шуағын бүйрек төбелерге жапты. Қылтым дүниеде қылт еткен қарекет жоқ сияқты. Қалғыған бір әлем. Ояумын. Өн-бойым ұйып барады. Түнгі бұлақ сылдырмағын қағып, бесік жыры естілді.

«Әлди, әлди бөпешім,

Ұйықтай қойшы көкешім.

Әлди, әлди балапаным

Ағаң келді ауылдан.

Әлди, әлди балапаным

Ағаң келді ауылдан,

Әлди, әлди, әлди-ай,
Сағыныштан сарғайған...»

Кішкентай кеудем шымыр-шымыр кайнай жөнелді. Қайдан біледі сағынғанымды. Тіпті, жанымдай жақсы көретін атам мен апама да жайлауда жүрген өздерін сағынатынымды айтқан жоқ едім. Бұл не жұмбақ. Аң-таңмын.

Жер-бесік тербеліп барады.

Бағлан ұйқы кірпігімді қағып, қалғып-қалғып барамын. Ана әлдиі.

«Айналайын». Әлемдегі ең киелі, ең қасиетті тал бесікте тербетіліп жатыр екенмін деймін.

...Бәрін де сезіп жатырмын. Шашымнан сипады. Маңдайымнан өпті. Жып-жылы, жұп-жұмсақ алақанынан саумал иісі білінеді.

Көзімді аштым. Жеңешем.

– Тұра ғой атасы мен апасының баласы. Осы сөздерді бір түрлі даусы дірілдеп айтты. Ғажап, бір-бірімізге қарап қалыппыз. Үнсізбіз. Кенет жеңешем көңілденіп сала берді.

– Кет әрі шіренбей, керек едің сен маған. – Кеудемнен алақанымен ауыртпай салып қалды. – Шіренуін шіркіннің. – Аузын жас балаша бұртитып ашуланған болды. Ат тұяғының дүбірі. Жеңешем орнынан паң тұрып шығып кетті. Көкемнің даусы естілді.

– Қонақ бала тұрды ма?

– Ұйықтап жатыр, қыздар ұрлап кетсе де білер емес, – деп қаттырақ күлді.

Жатқан жерімнен қалай ұшып тұрғанымды білмеймін. Тез-тез киініп сыртқа шықтым.

Күн көтеріліпті. Көкем аттарды ерттеп қойыпты.

– Шай ішіндер, – деді жеңешем. Таңертенгі шайды жедел ішіп, жолға жинадық. Көрші тәте басыма шыт тартты. – Жаңылай, қайның атқа мінді, тоқымқағар жасаймыз.

– Кел, жарығым. Жеңешем екі жағымнан алақандарымен қысып, мандайымнан сүйді. Тіл-көзден сақтасын. Жеңешем жылады.

– Атасы мен апасының баласы.

– Қой енді жылағаны несі екен...

Тақымды қысып қалдым. Ақбесті ауыздығын қарш шайнап, алға ұмтылды. Дөң асқан соң көкем екеуміз қатарласа жүрдік. Көкем сөйлемейді. Ерге қисая отырып, қияға қарап әлдене ойланып келеді. Мойнымды бұрып ауыл жаққа қарасам, жеңешем төбе басында әлі тұр.

– Көке, жеңешем неге қарап тұр?

Көкем мырс етіп миығынан күлді де қойды. Еттері қыза бастаған соң аттар бастарын шұлғып аяндай бастады. Аспан таза. Шүрегей төбелердің басын самал желпіді. Екеуміз үнсізбіз. Әлдеқайдан суыр жылайды. Көкем қасын керіп қабағын түйді.

– Ананы қара, көке!

Аспаннан тас түйін боп құлаған бір құс жартасқа соғылып быт-шыт болды. Желіп біз де жеттік. Көкем түте-түтесі шыққан бүркіттің жанынан кеп бетін сипады. «Ұлым, қара, көк тәңірісі қыранның адал өлімі». Мен аңырып тұрып қалдым. Көкем мені «Ұлым» деді. Аттарды қозы көш жер желдіртіп алдық. Қоян жон төбенің бетіне шыққанымызда қоңыр қаздың жұмыртқаларындай момын жатқан ауылды көрдім. Көнге тізген асықтардай қатар-қатар тұрған самаурындардан шүйделенген көк түтін балапан қаздай бас көтереді. Иттер үрген жоқ. Ат үстінде келе жатқан бізге ән ап-айқын естілді.

Ауылға тұмсық тіресімен көкем атынан түсіп жаяу жүрді. Киіз үйден әппақ сақалы кеудесіне түскен, қара барқыт шекпенін желбегей жамылған қарияға екі қолын ұсынып, тізесін сәл бүкті.

– Ассалаумағалайкум, Әз-аға!

– Уағалайкумассалам, құрдасымның баласы Шәкенбісін, көзіме оттай басылдың ғой...

– Иә, Әз-аға, былтырғы тумаға қайырлы болсын айта алмаған айыбым бар еді, құрдасаңыздың кенжесі мына Қазыбекті бетіме ұстап келген жайым бар.

– Жә, неге жалғыз-жарым жүрсің, жаныңа ерген жігіттерің қайда? Жоқ әлде, шу асауды құйрығынан ұстатырп еткізбейтін білегіңнің күшіне сеніп, көкірегінді кере келгенің бе?

– Жоқ, Әз-аға, қашанда іргеміз бүлінбеген тату ел емеспіз бе, тұғырымдағы бала қыранды сынайын деп жолға шықтым.

– Жөн, жөн онда, кел, аттан түс балам. Мен аттан түсіп қарияға маңдайымнан иіскеттім.

– Өренім, саған ар мен намыс тілеймін. Берер батам осы, – деп қария бойын тіктеп алды да, – үйге кіріңдер! – деді.

Осы кезде қайдан шыға келгенін білмеймін: үстіне жылт-жылт көйлек киген ап-арық қара тәте мені шап беріп сүйе бастады.

– Ойбай-ау, мынау әжесіне тартыпты ғой, Жаңылдың тұла бойы тұңғышы. Қарашы, Жаңылға да тартқан.

Үлкен кісі тұр-ау, деп ұялмайды екен өзі. Апам естісе ғой бұл сөзінді, көрсетер еді кімнің баласы екенімді. Ыза боп кеттім. Бірақ ашуым тез тарқады.

Балалармен бірге кіші үйден ет жеп, шай іштім. Олармен сөйлескім келген жоқ. Тымырайып үндемеген соң

ауыл балаларының менде жұмыстары да болған жоқ. Төңкерілген қазандай тарғақ тастың үстінде екі тіземді құшақтап жалғыз отырмын. Балалар бұлақ басында су шашысып шу-шу етеді.

Бар ынтам үлкендерде: қызық та, бар тәтті де сол үйде сияқты. Дауыстарын ап-анық естимін. Әзіл-қалжың...

Іштегілерге ыстық болды ма, сыртқа самаурын көтеріп шыққан әйел есік шиді түріп тастады. Маңдайы жарқ етіп, домбырасының құлақ күйін келтіріп отырған қызыл шырайлы жігітті ап-анық көрдім. Маңғаз. Қалтасынан күміс шақшасын суырып, баптанып насыбай атты.

– Мына бала Жүсекеңнің шәкірті, Бақанаста демалып жатқан жерінен арнайы кісі жіберіп алғыздым, – деді ақсақал.

– Ойпыр-ай, Әз-аға, алты қырдың астынан дауысын танып, ішім жылығанын сізден жасырып-ақ едім, ауылыңыз төр болса, менің жұртым босаға емес пе еді, жақсының көзі мінген атты ауылыма шалдырмағаныңыз қалай, Әз-аға! – деп көкем орнынан қозғалып қойды.

– Атажұртын алыстан аңсап келген, кешегі көшім баланың даусын тыңдайын, батамды берейін, бағыт сілтейін деген көңілімнің ақтығы болар жетектегі ат та ер салдырмай, бос келді. Болдырар, белсіз көлік жіберсем, сенің ауылыңа жетсе бір мұрат, жетпесе жағалай қонған ауылдың иттерін шабаландырып берекесі кетпес пе еді...

– Әз-аға, жеңдіңіз, буынды жерімнен дөп тигіздіңіз, жеңілдім, ат-шапаным мойнымда, ауылыңыздың алты ауызы болсын, Жәнібек бауырымыз ән салсын.

– Шырқа, шырқа.

– Айт, айта тұс ағадан қалған айбозым! – деп тұс-тұс-тан ауыл адамдары лебіз білдірді.

Жас әнші ерін астындағы насыбайын әдеппен сылып тастап, домбырасын көсіп-көсіп шырқай жөнелді.

Ал, Дауам, алдым қалам саған арнап,
Көзде жоқ, көңілде бар мен тірі аруақ,
Айырылу бар, айырылған, қосылу бар.

Сен «Атам» деп, мен «Ботам» жүрміз зарлап.

Көз алдымда дүние бетін жыртып, жанарын ағызғандай. Тау шөгіп, бұлақ құрғап, жер беті тілім-тілім жарылып, аңызак кеулейтіндей демім бітті. Ата зары. Зар. Ащы өкініш.

«Дауамды көрсем деген үмітім бар,
Заман бір жадыраса, түсі жылып...»

Көк майсадан айырылып қалардай жер бауырлап жата кеттім. Аунап жатырмын. Көзім тарс жұмулы. Қарашығымды көксеңгір аспанға қадасам, ол да «елім-айын» айтып, етегін жайып, гөй-гөй еңірейтіндей. Санам ояу: ойым шоққа салған қорғасындай бой-бой қашады. Етпетімнен аунап түстім. Жер, жер иісі. «Жерде жүрек бар ма, жердің де анасы бола ма екен?». Қара жерді құшырланып иіскеп жатырмын. «Тезірек көкем сияқты үлкен болсам екен».

Кенет, жердің жалына қанжар сұғып алғандай дір ете түсті. Шайқалып, теңселіп барады. Басымды жұлып алдым. Дегелең жақтан қап-қара саңырауқұлақ боп қою кара түтін аспанға көтеріліп, дәл қазір осы ауылды сол каракұрым түтінімен басып тастайтындай, жұмырланып дір-дір етеді.

Ән үзілді. Киіз үйдің ішіндегілер абыр-сабыр.

– Апыр-ай, іргемізді бүлдірді-ау.

– Тағы да атты ма?

– Тек, олай деме, қорғанымыз емес пе?

– Қорғаның ата-бабанның мүрдесін қозғаса, сен де көріңді қаза бер, – деді ашулы дауыс. Қайтадан жерге жата кеттім. Жер өксіп, таяқ жеген жетім баладай жылай алмай қыстығып жатқандай. Қалғып кетіпшін. Содан қанша жатқанымды білмеймін.

– Әй, Қазыбек, тұр, – деген көкемнің зор даусынан селк еттім. Көзімді ашсам, жалы төгілген Теңбілкөк айғырдың басымен алысып көкем тұр. «Неғып жатырсың, уызына тоймаған құлындай былжырап. Бол, атқа мін...» Кермеде жалғыз Ақбесті қалыпты. Шиыршық атып, қыл шылбырды керіп барады. Зорға шештім. Үзеңгіге аяғымды арта бергенде, көкем кеп желкемнен ұстап ердің үстіне дік еткізді.

– Анау төбенің басында бол, Майдақоңырдың етегімен шабарсың, атыңның көзін жазыққа түскенде бір сүртерсің, – деп оң жақтағы құлжа тауды нұсқады.

Бетегелі беткейге қарай Ақбестінің басын бұрып тебініп едім, мойнын тұқыртып, бөкендей желіп ала жөнелді.

– Тарт!

Артыма жалт қарағанда тізгінді шіреп жіберіпшін, Ақбесті аспанға қарғыды. Білегімді жазбай тұрмын. Ақ тұлпар ауыздығы мұз шайнағандай сықыр-сықыр еткізіп, жер тартып кісінейді. Әне көкем... әне көкем, жерге түсіп қалған серкені лып еткізіп көтеріп тақымына басып ала қойды. Бөрікті жуан қара атын саба-лап бір бүйірден килікті. Тартыс басталды. Теңбілкөк төрт тағандады. Бөрікті мінген дөң маңдай, жуан қара ат бір қырындап лықсып-лықсып кетті. Өзгелері көделі жердің шаңын бұрқыратып даурығып, аттарын кезек-кезек қамшылап тебінгенмен екеуіне жоламады.

– Иә, әруақ, – деп көкем атын тебінген кезде қара ат шөгіп қалды. Теңбілкөк ә, дегенде-ақ ат үстінен киіз сабалағандай дауырыққан көптің арасынан сытылып шыға берді. Жүрегім дүрс-дүрс соғып, өзімше ынғайланып-ақ тұрмын. Ақбесті арқырап жер тарпыды. Тақымында серке салақтап маған қарай шауып келе жатқан көкем, тағы атының басын бұрып, ереуілдей шауып келе жатқан топқа қарсы салды. «Көке» деп жанұшыра айқай салдым. «Көке, көке байқа, көке...»

Шаң. Екі ат шыңғырып барып құлады. Бұрқ-бұрқ. Әне, көкем, әне, көкем... Тағы да бөрікті екеуі білектесті. Көкем ер үстінен қисайып барып зорға оңалып отырды. Теңбілкөк екі езуінен көбік атып, есіктей омырауына ақ мамықтай шашады.

– Иә, Мотыш-баба, Доғал! Доғал! – деп көкем әруақ шақырды. Теңбілкөк аңырап, алдыңғы екі тұяғын жерге түйіп-түйіп тастаған кезде бөріктің айылы бытырбытыр үзіліп, ер-тұрманмен сүйретіліп барып қалып қойды. Қақпайлаған аттыларды әбден көкжеңдеттеніп алған айғыр кеудесімен қаға-маға тағы да сытылып шыға берді. Жанамайлап желіп келемін. Шауып кеп көкем серкені алдыма салып берді де:

– Тізгінінді босат, қамшылама, – деп айтып үлгерді.

– Шу, Ақбесті, шу...

Жануар бауырын жазып, жерге тұяғы тиер-тиместен шапты-ай келіп, артымда қуғын. Айғай. Жас парлаған көзімді жұма алмаймын. Ат жалына жатып артыма қарадым. Шаң. Құйындай үйірілген қалың шаңның арасынан екі қылаң суырылып шығып ілесіп келеді.

– Шу, Ақбесті, шу...

– Жіберме, түсірме жазыққа.

– Әкетті-ау, мына күшік.

Екі қылаң тақай берді. Қакпайлап орталарына алғылары келеді. Астындағы бүлік қарасын сауырға қатты қатты қамшылаған қарасұр жігіт үзенгі қағыстыруға ілесіп қалғанмен серкеге ұмтылған жоқ. Ағып келе жатқан ақ тұлпар ақырындай берді. Артыма жалт қарасам, екі көзі шапыраштанып кеткен қасқа маңдай, ала көз жігіт Ақбестінің құйрығының ұшынан ұстап тақымына баса алмай әуре.

– Көке, көке, мыналар...

– Өй, өңкей боқташак, тоқтат, – деген қарияның санқ еткен қаз дауысын ап-анық естідім. Жалт қарасам, боз жорғасын тайпалатқан ақсақал екен. Бата бергені есіме түсті.

– Шу, Ақбесті, шу...

Пыр-пыр еткен Ақбесті елтірі жусан иісін бұрқыратып аға жөнелді. Көзімнен жас парлап келеді. Сүлік қара мінген қалар емес. Жазыққа қарай бұрыла алмай-ақ қойдым. Оң қолымды ақырын босатып алдым да, қамшының басына байланған орамалмен Ақбестінің бота көздерін, екі құлағының түбін сүртіп, тебініп қалдым. Пай, пай тұлпарым-ай, қолтығы кеңіп зулады-ай келіп. Кенет... кенет. Жар. Көзімді тарс жұмдым. «Бісміллә» деп үлгердім ішімнен. Ақбестінің тұяғы жардың арғы бетіне дік еткізіп тигенде демімді бірақ алдым. Сүлік қара жар басында шаншылып қала берді. «Ә, бәлем, солай ма екен».

– Шу, Ақбесті, шу.

Төбе, төбелер, мылқау обалар тобылғы түбінен пыр-пыр ұшқан балапан бозторғайлар. Көз алдымнан кірпігімді қаққанша өтіп жатыр. Ұзақ шаптым.

Мамырлап мақпал кеш түсті. Ақбесті әбден еті қызып, тізгін тарттырмайды. Ән естіледі.

«Мен келем тау ішінде түнделетіп,
Аймақты күңіrentіп өлендетіп.
Астымда ақбозатым сылаң қағып,
Жалтақтап құлақтарын елендетіп».
Ит үріп, от тілі жарқ етті. Алқакотан отырған қойлы
ауыл.

– Апыр-ау, мынау кім болды?

– Ауылға ат қойғаны несі? – деп ауыл азаматтарының
сөздерін де естіп қалдым.

– Есті жануар басын бағындырды. Маған қарай шол-
пысы шылдыр-шылдыр еткен кішкентай бұрымды қыз
жүтіріп шықты.

– Дауа, Дауа байқашы.

Серкені жерге тастадым. Ауыл мәре-сәре. Артыма
жалт қарап едім жаңа ғана молынан туған ай жарығына
шомып қалған шолпылы қыздың күміс сырғасы жылт-
жылт етті. Тізгінді қоя бергем. Екі қолым өзімдікі емес,
құстың қос қанатындай. Самғап бір ұшатындаймын.

– Ұлым, ұлым, ақылыңнан айналайын.

Көкемнің даусы. Теңбілкөк айғыр арқырап кісінеді.
Көзім тарс жұмылды. Көз алдымда қыздың күміс сыр-
ғасы. Басқа ештеңе жоқ...

МОНШАШЫ, «ҰРЛАНҒАН ҚАЗДАР» ЖӘНЕ МЕН

Әңгіме

Ол кісінің азан шақырып қойған аты Ержық болса да, біреудің тобығынан шалып немесе жағасынан алып жанжалдасып жатқанын көрмелпіз. Тіпті, бүкіл ауылда көрген-білген жан жоқ. Болса естір едік қой...

Бозбалалық шағы сонау алпысыншы жылдардың бас кезінде өтеді. Ағамыз үйленеді. Ел-жұрт таңдайларын қағып, бастарын шайқап, жағаларын ұстауға шейін барады. Өйткені, Ержық ағам Кавказдан көшіп келген Отто деген неміс шалдың күнбағыс мінезді, көркіне көз тояттайтын, қол-аяғы балғадай Лея деген жалғыз қызын алады. Бірге түтін түтеткен ширек ғасыр уақыт ішінде жеңгеміз жоспарынан жаңылмай тура он бір құрсак көтереді. Қандай құпиясын барын бір құдайдың өзі білсін, балалардың біреуінің не көзі, не шашы нағашы жұртына тартпады. Жеңгеміз әлде риза болғаны, әлде ренжігені белгісіз былай дейді екен-мыс: «Құдайдың бергеніне шүкіршілік, әу баста қыз тапқым келіп еді... Ақымақ басым, байымның тілін аламын деп... Енді, міне, бай да жынды, бала да жынды, шашым ағаратын болды. Айта-йын десең елден ұят, қазақ десең өзіңе тиеді...»

Ержық ағамның арғы ата-бабаларында батыр, барымташы, сал-сері, ұры-қары көп болған деседі. Ол жағын анық таратып айтып бере алмаймын. Естігенмін. Ерағамды айтам, мен еңбектеуді қойып, ес біліп жүре бас-

тағанымда ауылымыздағы тас моншаны жағатын. Бұл анық...

...Сол жылы мен тағы да КазГУ-дің журфагіне түсе алмадым. Сосын ауылға келіп орталық жемшөп дайындау цехына дробильщик болып жұмысқа кіргем. Ұмытпасам, 1978 жылдың январының он төртін күні ғой деймін. (Сол күні біздің цехтың жігіттері бүгін жаңа жыл деп бір сомнан ақша жинап жүрген. Көпшілік жылудан жырылып қалмайын деген ниетпен мен де қосылғанмын). Диірменіміз бұзылып қалды да жұмыстан ерте шығып кеттік. Үйге қарай еріне басып келе жатып, көзім ұзын мұржасынан қою кара түтін будақтаған моншаға түсті. Пендешілік дегенді қойсаңызшы! Ерағаммен келісіп кешке моншаға түсіп алғым келді. (Әрине, тегін емес).

Саңылауынан бу шығып жатқан жабулы есікті жүді аштым. Тұман. Ештеңе көрінбейді.

– Ераға-ау, мен келдім, – дедім міндетсі дауыстап. Жауап болмады. Тағы да дауыстадым. Тым-тырыс. Ерағам жоқ. Жылжыдым. Аяғым жұмсақ бірденеге тірелді. Еңкейдім. Сұмдық... Ерағам алдымда жатыр. Шошып кеттім. «Аға, аға тұр... тұр...» Үн жоқ. Кішкентай өткір көздері аспанға қадалып қатып қалыпты. Сыртқа ұмтылдым. Айғай салып жүтіріп келем. Анандай жерде күпәйкесінің арқасы кислотаға күйген Аққозы деген механик жігіт келеді екен, тоқтай қалды:

– Ей, не болды-ей, қағынып кеттің бе, тал түсте айқайлап.

Жанына жүтіріп бардым. Дауысым шығар емес. Ол қабағын түйген күйі қалтасынан қорабының быт-шыты шыққан «Прима» алып шықты да:

– Мә, – деп темекінің майға малып алғандай бір талын ұсына берді.

– Жо-жоқ... тарт... анда Ержық аға... өліп жатыр.

– Не? – Механик Аққозының қолдары дірілдеп кетті.

– Ана жақта, моншада Ержық аға өліп жатыр, – дедім аптығып. «Қой... бағана ғана...»

Ол да мен сияқты қорқақ екен, темекісінің күлін шаша-маша екі аттап, бір тоқтап монша жаққа қарай бет алды.

Екеуміз де тірі жан емеспіз бе, ашық тұрған есіктен ішке үнілдік. Ол алда, мен артта.

Қайран Ержық ағам! Насыбайын ернінің астына тастап жіберіп, ышқырын бір көтеріп жүре беретін. Қайран, Ержекен, ажалың тас моншада жетті-ау?!

Ержық ағамды айтам, ойдың түлкісі мен қырдың түлкісіндей екі мінезді, қызық адам еді. Анада байғұстың менімен қоштасқаны екен ғой. Кешкілік гитараны тыңқылдатып жалғыз отырғам. Үйге кірді. Электр шамы жарқырап тұрса да маған күн сала қарады.

– Қал жақсы ме-ей, ұл?!

– Ассалаумағалейкум, Ержеке.

– Уағала... жоғары шығайын ба? – Менің «жоғары шығыңызды» айтқанымша Ержекен, осы марқұм моншашы етігінің ізін еденге баттитып жоғары шықты.

– Өленді көститіп отырсың-а, бала.

– Иә, көститіп отырмын, – дедім әдейі.

– Дұрыс, оның. Сен анада бір өлең шығарыпсың. Құдай тілеуінді берсін, Тақан шырағым, соны былай, айтып жіберші бір, құлағымның құрышын қандырып.

Бәлсінген жоқпын. Гитараны «сабап-сабап» алдым да «керзывийлау» даусыммен барылдатып ала жөнелдім:

«Ассалаумағалейкум, тас склад,

Есік пен терезеңнен жел ысқырат.

Ішінде бүрсеңдеген біз пақырға

Бір құдайдан басқа кім пысқырат».

– Ой, маладес, маладес. Еште екінші аузын айт. Ой, маладес! – Ержық ағам орнында бір-екі қопандап қойды.

«Үйіліп тоннасымен арпа жатыр,
Дравильщик жұмысшы біздер пақыр.
Күніне бес тоннадан тартсаң-дағы,
Бұл не деген бітпейтін дәнді-дақыл».

– Ой, Тақаным-ау, сол, құлағымның құрышын бір қандырдың ғой. Ой маладес! Көк, көк... түү, мына жөтелі бар болсын. Ал, Тақан, бұл өленді жуу керек қой, ә?!

Мен орнымнан тұрдым да шкафты ашып едім, орта бөтелке ақ арақ тұр екен. Қырлы стақанға орталап құйдым да Ержекеңе ұсындым. Оң қолымен стаканды аузына апарып қотара салды.

– Түү, саған деймін... сасқанымнан тілек те айта алмаппын. Тағы құй, бірдеңе деп жіберейін. – Мен тағы да құйдым.

– Ал, Тақан шырағым, мықты азамат бол. Азамат болғанда мына ағанды ұмытпа. Баяғыда осындай ағам болып еді деп шимайыңның бір жеріне қыстырып жібер. (Көзін қысып, ышқырын көтерді). Мықты, азамат еді де. Сен негізі маған бөтен емессің. Қайран, Бимәрім апам өліп қалды ғой, содан кейін алыстап кеттік. Араласпағанымызбен Мариям тәтем мен Төкен ағам мен десе ішкен асын жерге қояды. Давай, ол кісілерді ренжітпе. Ренжітсең мойныңды бұраймын, күшік! Төкен ағам ауырады ғой, ол кісінің жүрегі ауырады. Оны сен білесің бей-а, ақымақ, оқитын баласың ғой, ағаның арқасында. Баяғыда шешем марқұм: «Оқы, оқуға түсірейін» дегенде, мен дурак оқымадым ғой... Ендігі бір ферманы басқарып жүруші едім. Солай ма, ей, ұл?!

– Солай ғой, аға, солай.

– Әй, Тақан, сен осы үйдің өңге балаларындай емессің. Ашық-жарқын, қалжыңбас, жақсы жігітсің, Тек сенің...
– Ержық ағам күмілжіп, қолындағы стақанын жоғары көтеріп аузына апара берді де көзін қысты. Маған айтар «тілек» өз жайына қалды.

– Ал, Тақан, сый-құрметіңе рахмет. Мен моншаға барайын. Маған сол күйе-күйе моншадан басқа не қалды дейсің, шырағым... Мен өз көшімнен өзім қалып қойдым ғой, шырағым. Аға, тәтеге келіп, ептеп ұрттап кеткенімді айтарсың. Ол кісілер ренжімейді. Төкен ағам асыл адам ғой. Осы ауылда сол кісінің жақсылығын «көрмедім» деген адам жоқ шығар. Ағаны ренжітпе, сабака, ренжіп қалдың ба? Сен ренжіме, қатты айтсам – інімсің, саған ақыл айтпағанда кімге ақыл айтамын. Кімге, ойбай-ау?!

Ағам мен тәтем асыл адамдар ғой, халық сыйлайды. Сен бірақ оқымай кеттің... А, нешауа, бас аман болсын. Көп болса мен сияқты монша жағарсың...

«Тістегеннің тісінде, ұстағанның уысында» – Етігінің ізін баттитып басып, үйден шығып кетті. – Қайран, Ержық ағам менің, сонда менімен қоштасқан екенсің ғой. Қайтейін енді...

Иығыма ауыр қол сарт ете түсті. Селк еттім. Механик Аққозы екен. Қабағы түсіп кеткен, зорға сөйледі:

– Сен кеңсеге бар, ж-жоқ, қазір әбед... Сен тура Өмірғалидің ұлы Нұртасқа хабарла, мен осында отыра тұрайын.

Жазған құлда шаршау бар ма, арыстай азамат ажал тапқанда, кеттім құлдилап. Ентігіп, алқын-жұлқын басбухтың үйіне кіріп барғанымда қазы кертіп отырған басбух тіксініп қалды:

– Жайшылық па, қарағым? Жайшылық па?

– Моншада... моншада Ержық ағам өліп жатыр.

– Алда байғұс-ай, шиеттей балалары...

Басбухтың адымы алымды екен, моншаға менен бұрын жетті. Лезде ішке кіріп қайта шықты да:

– Қуарған қу арақ-ай, – деп табалдырыққа отыра кетті.

– Шиеттей балалары...

Аз үнсіздіктен кейін:

– Сен милиция мен дәрігерге бар, тез келсін, – деді басбух сәлден соң маған карап.

Хабарлап келсем жаманат жерде жата ма, біраз ел жиналып қалыпты. Бәрі моншашының қазасына қынжылып тұр. Әр жерден:

– Жақсы адам еді.

– Шиеттей балалары десеңші.

– Иә, ажалға дауа бар ма?!

– Ауырмай-сырқамай бір-ақ күнде...

– Осы туыстары кім еді, қалай естіртеміз?

Көңілі бос бір-екі әйел сыңсып жылаған болды. Мен моншаның бұрышына бардым да, сылқ етіп отыра кеттім. Ойыма нелер келіп, нелер кетпеді десеңші... Баяғыда жас бала күнімізде аш жүргендей осы марқұм ағамның екі қазын ұрлап тауға апарып, қуырып жегеніміз бар еді. Енді сол қаздың етінің дәмі аузыма келіп, денеме у болып тарап, есеңгіретіп бара жатқан сияқты ма...

– Ха-ха-ха... – Күлкіге жалт қарасам қазаға жиналған ел шынымен күліп тұр. Бірі ішін басып күлсе, екіншісі саусағын шошайтып ішек-сілелері қатып қалған. Мен аң-таңмын:

– Моншаға түсуге келдіңдер ме? – Ержық ағамның даусы! (Астапыралла, нақ соның өзі!?) Өне бойым біртүрлі болып кетті. Моншашы жаңағы сөзін тағы бір

қайталады да табалдырыққа жүрелей отыра кетті. Нұртас аға бір шелек суық су әкеліп басына құя салып:

– Ішінді... – деп бір сыбап үйіне қарай аяңдады.

Жұрт өліп-тірілген моншашыны мазақ қылып әуре.

Оқиға былай болыпты. Милиция, дәрігер, тағы бір-екі адам ішке енгенде «марқұм» Ержекен орнынан қозғалмапты. Қатты ұйықтап жатқан күйі жан тапсырса керек. «Милиция мен дәрігер қалам-қағаздарын дайындап жатқанда батыл басбух жанына барып моншашының бетіне үңілсе, ақырын ғана «уһ» деп алып, көзін (ашып-жұмған, әрине) қысыпты, – дейді. Басбухтың ашуы келіп «өліп» жатқан моншашыны (милицияның қой дегеніне қарамастан) жағасынан жұлып алып, жақтан дәу жұдырығымен салып өткенде «марқұм» шынтактай моншашы ұшып барып, қабырғаға соғылып, лақ-лақ құсып далаға беттеп бара жатыр дейді. Сыртқа шықса, өз қазасына жиналған халық, жыртың-жыртың күлкі, мазақ. Міне, бары осы. Енді жұрт мені қоршады.

– Бірге ішіп пе едіңдер?

– Ұрған жоқсың ба ішінен?

– Ой, сен өлімнен алып қалдың. Давай, ертең есін жиған соң костюм-шалбар сұра, сен болмасаң өлер еді. Жаныма механик Аққозы келді де:

– Ұят болды ғой, – деп моншашының өлмегеніне өкінгендей жөніне кетті.

Мен үндемей бұрылып жүре бердім. Сол күні бойымнан талай жыл арқалап жүрген ауыр кінәмнан арылғандай болдым. Бірақ та, не керек мен туралы өсек те өрши түсті.

Төкіштің баласы моншашымен бірге ішіп, артынан өлімші ғып сабап кетіпті.

– Қой ол бала да сондай ма еді?

– Айтасың-ау, ондай болмаса әкесі оны апарып оқуға түсіруге шамасы жоқ дейсің бе, сосын ғой табанын тіліп жұмысқа салып қойғаны.

Е, солай де бәсе...

Уақыт өтіп жатты. Баяғыда барымталаған екі қазды ойлауды қойғам. Қыс қатал басталды. Қаңтардың ортасында төпеп жаңбыр жауды. Тұяқты мал қолға қарап қалды. Ит-құс қатты.

Төрт дравильщиктің екеуіне тұмау тиіп үйлерінде жатыр. Мұхит екеуіміз таңның атысымен тұрамыз да, бұрқылдатып кешке шекті арпа тартамыз. Шаруашылық ауырлаған сайын ел азаматтарының қабағы салбырап жақ еттері солып... берекелері кетті. Әкем қалада ауруханада жатыр. Шешем бір барып келген, сонан кейін қатынаса алмадық. Жұмыстан титықтап шаршап келдім де үйге кеп, төсекке құладым. Әлден уақытта, (біз ас-суымызды ауызғы үйде ішеміз), шешеммен біреу сөйлесіп отырғанын естідім. Әрі-бері аунап ұйқымды ашып алдым. Келген Ержық ағам екен, даусынан болжадым сәл қызулау ғой деймін...

– Болады тәте, маған бола әуре болмаңыз.

– Тақан жұмыстан шаршап келеді ғой деп әзірлеп жатыр едім... үстінен келдің, жақын отыр (Шешем мені көрмеген).

– Мариям тәте, уыстағанның уысында, тістегеннің тісінде кетпеу керек қой, жай сол амандасайын деп ағадан хабар бар ма білейінші деп, тілеулес көңілмен келген ғой тәте... Ана Тақан әйтеуір жұмыстың шетінде жүр маған былай екі-үш қап жем тауып бере ала ма деген ғой тәте... болады... маған бола дастарқан жаймаңыз. (Бір аунап түстім де жата бердім).

– Құдай тілеуінді берсін, моншаң жылы болса кілтін берші, балалар түсіп алсын.

– Жо... жоқ тәте болмайды, ол не дегеніңіз. Закон есть закон.

– Бөтен бала емессің, ойбай-ау, ұмытып кетіппін ғой (Шешем шкафты ашып, бірдеңе алды ғой деймін).

– Ой, Мариям тәте, несіне әуре болдыңыз, болмадыңыз ғой.

– Шаршап жүрген шығарсың өзің құйып іше ғой... (Стақанға арақ құйылды).

– Ал, тәте, ағам тез жазылсын! (Ішіп салды).

– Осы ағамның деймін, тәте, таппайтын арағы болса-шы. Мына арақ сіздердің үйлеріңізде ғана бар.

– Шай іш. Ұл қазір кеп қалар. (Бүркеніп төр үйде мен жатырмын).

– Тақанның өңі жүдеу ғой. Ана жолы моншаға келгенде көрдім, ол күні монша кереметтей ыстық еді. Өзі жылдам шығып кетті.

– Ауырады ғой. Оның үстіне оқи алмай қалды, қатарынан қалғанға байғұс бала қынжыла ма... Қайтейін, жайрандап жүрген бала еді, – деп шешем жабырқай сөйледі.

– Жазушы болайын деп жүр емес пе?

– Ия, содан не шығады дейсің, әйтеуір күн-түн демей жазып жатады, түнеу күні аудандық газетте шимайын «нашар» деп сынады емес пе, елден ұят өзі...

– А, нешауа тәте, Тақан мықты азамат болады. Ержық ағам тағы бірді тартып салған сияқты.

– Ууу, жарықтық-ай... Тәте, бүгін монша суық ертең балалар түсер.

– Құдай тілеуінді берсін, Ержықжан, бөтен бала емессің, ана алдындағыны өзің құйып іше ғой.

– Тақан келмеді, ә?

(Мен бүркеніп жатырмын, ұйқым келер емес).

– Жақсы көмірің болса ескерсеңші, бөтен бала емессің, ағаң болса бәлністе. Биылғы алған көміріміз нашарлау болды. Ертең сырттан ер адам келгенде жүдеп-жадап отырғанымыз қиын ғой. Ұлға айтам, завхоздан барып көмір сұра деп, бетінен басады бала емес пе... көмір жағын ескер, қарағым...

– Жо... жоқ... тәте ол болмайды, закун есть закун, тіс-тегеннің тісінде уыстағанның уысында кетпеу керек қой. Мариям тәте болмайды ол. Ал, Мариям тәте сау болыңыз мен кеттім, әлгі Тақан келмеді ғой, ағаның халін білейінші деп келген ғой менікі...

– Ұлға айтармын өзіңнің келгенінді, көмір жағын ескерсеңші...

– Мариям тәте-ау, баяғыда Төкен ағам ферманы басқарып тұрғанда маған талай жақсылық жасап еді. Құдай, дені-қарына саулық берсін, ағам келгенде «бермеді» десеңіздер ұят болып жүрер, алыңыздар. Арғы шет жағынан алсын шытырлап жақсы жанады.

– Е, сөйдесеңші, ұлдарды жіберейін.

– Тақаннан басқа ешкімді жібермеңіз. «Таспен атыш ем, аспен аттың ғой мені».

...Сол күні үйдің қабырғасын қырау шалмақ түгілі, мұз қаптаса да көмірге бармадым, менен басқа біреу алуына болмайды: «закунь есть закун» ертеңінде совхоздан авансқа ақша алып, қолдан атасының құнын сұраса да екі тонна көмір түсірдім.

...Түнімен ақ қағазға ештеңе түсіре алмай аласұрып, қыстың ұзақ түнін түріп, қысқа таңын қарсы алып отырып қалыппын. Бөлмеме шешем сөйлей кірді.

– Ақ қағазда басың қалсын сенің, басың қалғыр. Отыр сөйтіп, түнімен жынымен сөйлескен бақсы құсап, күбір-күбір етіп, сенің кесіріңнен осы айға светке удайғып ақша ұстады.

– Не боп қалды тағы?

– Болғанда қайтер едің, түнімен жарқанат құсап ұйықтамайсың, күндіз қолың қалт етсе, ана тарсылдақ машинканды басып, әбден мазамызды кетірдің ғой өзі, ойбай...

– Не боп қалды өзі, айтсаңызшы.

– Бар да көр әні қыс бойы арпаға бөктіріп, семіртіп жүрген аталық қазды түнде біреулер қорадан ұрлап алып кетіпті. Момын адамның ашуы да қызық қой, шешем дүниенің бәрін бір тарының қауызына сыйдырып бара жатыр. Он төрт күрсақ көтеріп, жетеуін қара жерге беріп, қалған жетеуміздің қызығымыз бен шыжығымызды көріп келе жатқан шешемді аяп кеттім:

– Қазды қайтеді – өзі шығып кеткен шығар.

– Өзі сонда аузындағы құлыпты бұрап алып тастай ма? Жүрегім алқымыма тығылды. «Баяғыда біз де...»

– Мама, жүрегім.

– Ойбай... ойбай... тағы ауырып қалдың ба, дәрің қайда еді? – Су... су...

– Міне, қазір... түү зәремді алдың ғой балам, айналайын, байқашы отыр мына жерге, ақырын, қазы бар болсын сендер аман-сау болсаңдар болды...

Ертеңінде білдік: біздің қазды ұрлағандар моншаның ішіне барып қуырып жеп, екі-үш бөтелке «Вермут» ішіпті.

Мен солардың қазды емес қорада тұрған екі тоқтының бірін алып кетпегеніне шындап өкінген едім...

Арада төрт-бес жыл уақыт өте шықты. Қалада цемент зауытында ел қатарлы жұмыс істеп жүріп жатырмын. Шілденің шідерлеулі ыстығында кезекті демалысымды алып, аунап-қунап қайтайын деп ауылға келдім. Құлазып тұр. Әйтеуір тым-тырыс дүние. Көрші-қолаң, туған-туыстарға амандасып шықтым. Ішім пысты. Әуелде ауылға баратын автобуска билет аларда менде мынандай ой болған: «Барғасын туған-туыс, дос-жарандар жабыла қонаққа шақырар. Кекіреймей оң қабақпен барып, дұрыс қайтайын. Қа-ай-да, енді солардың халін қалай, ей, дегендерін күтіп үйде жатырмын. Осындай тәтті үмітпен екі-үш күнді өткіздім. Өліп кете жаздадым...

Сол күні құлқын сәріден тұрып алдым. Шөп таситын шопырлар болмаса ауыл тұрғындары ояна қоймаған. Біреу таңғы асына шақырғандай барымды киіп алдым. Түнде костюм-шалбарымды өтектеп қойғам. Далаға шықтым. Ыстық еңселерін басқанша түндегі тәтті түстерін айтып қалғысы келгендей құстар таңғы ауада ракаттана сайрайды. Ауыл шетіне қарай аяндадым. Біреу жөтеледі. Бұрылып қарасам, жаңа жобамен салған моншаның алдында, орыс бақшасында өте жиі кездесетін «Қаракшыдай» қалқайып баяғы Ержық ағам тұр. Қуанып кеттім. Аяндап жанына бардым.

– Ассалаумағалейкум, Ераға!

– Уағалейкум, – Қолымды өте көңілсіз, селқос ала салды.

– Аға халіңіз қалай? Үй ішіңіз аман ба? Лея жеңешем қуатты ма? – Неге екенін білмеймін Ерағамның қорақопсысын тергеп сұрап жатырмын, сұрап жатырмын...

– Иә, бала кім боласың, танымадық қой?!.

Мен аң-таң боп Ерағама қарадым. Шынымен танымағанын не әдейі мені мазақ қылып тұрғанын ажырата алмай дел-сал болдым.

Қырсықтығым ұстап қалды. Әке-шешемнің аты-жөнін, қай жылы, қай айда, қай жерде туғанымды жіпке тізіп айтып бердім.

– Уай, Тақан сенсің бе, айналайын. Латипаны, балаларды тақақтап сұрап жатқан бұл – кім десем...

Ерағам мені екі-үш рет айналып шықты да, тау халқының сері жігіттерінің әдетіне салып, басын шайқап, таңдайын қақты.

– Шикарнә, сен де адам болдың, ә?! Мен күлдім. Ашуланған жоқпын.

– Өстік қой, аға, – дедім көңілденіп.

Ағам мені тағы да екі-үш рет айналып шықты. Басын шайқай береді.

– Құдайдың шатастырғаны-ау, сені танымай, мына қымыз бен сүрі қазының кезінде ауыл-ауылды кезіп жүрген ревизорлардың біреуі шығар деп. Ренжіме, айналайын, өзімнің Тақаным екенсің ғой иә, баяғыда қаз... мен не айтып кеттім өзі. Айтпақшы, бұл келісің, әкешешене келін түсірейін деп, сол... (күлді). Дұрыс қалада жұмыс істейсің, ендігі биік үйден жеке өз басыңа пәтер алған шығарсың, маладес...

– Жоқ, аға, салт бастыларға үй бермейді. Жатақханада тұрамын. Үйленген соң болмаса...

– Иә, солай де. – Бетіме жиіркене қарады. Солай де... (шегінді). Әке-шешенің соры болдың ғой сен, отызға

келсең де он жастағы баланың ақылы жоқ сенде, сен дұрыс бала болмадың. Әу, баста сенен үміт күте қоймап едім... әй, әй... (басын шайқады). Сен – ақымақсың. Ана бауырларыңа қандай үлгі көрсетпексің, а? Әй, өзі сенде ұят, сана-сезім деген бар ма өзі, а? Тасқа ұялмай-қызармай махаббат деп, (қолын сермеп-сермеп қойды) адамгершілік деп сөз басқызасың. Әй, өзі сен кімсің-ей, а?!

– Аға!

– Тоқтат. Сен өзі мынаған жауап берші. Мына ағаң сияқты (кеудесін қолымен ұрғылады) немістен қатын алып, тіфә, тіфә, тіл-көзім тасқа, еш қоспасыз он бір қазақты тапқыза аласың ба-ай, а?!

Мен иығымды қикаң еткіздім.

– Ә, солай ма екен, – деді екі бүйірін таянып. – Қолыңнан келмейді. Сенің қолыңнан не келеді, а?!

Қазақ тілі сабағынан «екілікті» ала-ала тақта алдынан әбден жауыр болған оқушыдай екі иінім түсіп мен тұрмын. Моншашы ағам жерден алып, жерге салып ұрсып жатыр.

– Әке-шешенді бүкіл халық сыйлайды. Жақсы адамдар. Сенің өстіп жүргеніңе просты мен...

– Аға, – дедім ызаланып. – Аға, сіздің бұныңыз не... Мен құдайға шүкір, ел қатарлы жұмысымды істеп жатырмын. Қыз-келіншекке қырындамаймын... Театр, киноны құр қалдырмаймын. Айықтырғышқа түскем жоқ... Күнделікті газет-журнал оқимын.

– Әй, қоя тұршы-ей. Сен не өзі, мынаған жауап берші. Мына сендер үйлеріндегі жеті баласындар. Алтауы бір-біріне өте ынтымақты. Ал сені олар дағы адам деп те есептемейді. Сол бауырларың мейрам сайын бастарын туған үйлерінде қосады. Сені көрмейміз. Әй, сен сонда қайдан шыққан құдайсың, а?! Әй, әй, (қолымен мені

нұқып-нұқып қалды) сен өзі мына мен сияқты монша жаға аласың ба? Жазу-сызуды қайтесің одан да ауылға кеп менің көмекшім боп монша жақ, ағайыныңның арқасын ысып берсең де көңілін табасың...

Біртүрлі жасып мұңайып қалдым. Ерағамның нені меңзеп, нені көздеп айтып тұрғанын іштей мойындап тұрғандаймын. Ол кісі мінбеде үзіліс жасаған адамдай сөзін қайта жалғады.

– Жарайды, жасыма, жігіт емессің бе? Адам туған ұясының суығын да, ыстығын да көру керек, Көкек емес шығармыз... Қалған әңгімені кешке үйге кел, сонда жалғастырамыз. Ұмытпа. Мен де жеңгеңе ас салдырармын. Үйтілген қаздың еті бар. Арақ ішем деп дәмеленбе, мен үш жыл болды ішкенді қойғам, немерем бар, қалайда кешке үйге кел...

– Жарайды, – деп бұрылып кетіп бара жатыр едім, жеңімнен тартып тоқтатты.

– Тақан сен осы монша жаға аласың ба? – деді де бетіме қарады.

– Қазір жауап бере алмасаң кешке қонаққа келгенде айтарсың?

Үйге келдім. Ауызғы үйде шешем газға, әлі ояна қоймаған, оянса азан-қазан жылайтын, немерелеріне сүт қойып жатыр екен. Ұрса жөнелді.

– Қайда жүрсің, таң атпай астыңнан су шықты ма? Қорадан қаздар шығып кетіпті. Барып іздеп кел... Мынасы несі, шыттай киініп алғаны, әйтеуір жақсылық болғай.

– Қазы бар болсын. Соны неменеге асырайсың, бір бейнет қылып.

– Е, сен не келін түсіріп, бейнетімізді соның мойнына артып қойыппыз ба, о, несі, асырайын деп асырадым ба? Былтыр осы уақытта Ержық ағаң кеп, тәте, түсіме

Тақан кіріп жүр, үйленетін шығар, мына екі қазды соған әкелдім, мен берді деп айтарсыз, – деген. Былтыр олимпиаданы көруге Мәскеуге кеттің бе, ауылға беттемедің. Тақауда балапан шығарған. Бар енді шай қайнағанша іздеп кел, танымасаң бөтегесі қызыл бояумен боялған.

...Күн құрық бойы көтерілгенде қаздарды зорға дегенде іздеп таптым-ау. Көк қуалап ұзап кеткенге ұқсайды. Сияқты емес анық солай. Баяғыда біздің бала кезімізде Саржалдың маңы көк майса жайлау еді. Қыз бұрымындай бұратылып мөп-мөлдір бұлақ ағып жататын. Қазір сол қымбат көріністің бірі де жоқ. Жер тозған. Жүрген сайын көзіңе түсетіні, аяғыңа ілінетіні консервінің қалбыры, бос бөтелке, темір-терсектер. Тіземізден жалдап бір-бірімізге су шашатын арыққа тау-тау қып күл-коқыс төгілген.

Тақыр жермен бес қаз емес, бір қора қой айдағандай шаңға көміліп келе жатырмын. Пысынадым. Терледім. Шөлдедім. Мойнымдағы галстугімді ағытып, костюмімді шешіп алдым.

Борпылдақ шаңы бұрқ-бұрқ еткен жолмен қаздарды айдап келе жатып Ержық ағам жағып жатқан моншаның түтінін көрдім. Есіме ағамның қойған сұрағы түсті. Қалайда жауап беруім керек қой... Ойланып келем!

Сіз қалай ойлайсыз?!

Шынында да монша жаға алам ба?!

ОЛАР ЕКЕУ ЕДІ

Ымырт. Құлаққа тосқан ұлу қабығындай уілдеген желге қосылып, бытырадай ұсақ жаңбыр бүркіп тұр. Ұлтаннан сыз өтіп табанға сазбалшық жылбысқылана жабысып, онсыз да кібірттік жүрісіме күре салғандай. Асқазаным мазасызданып, бойымды әлсіз діріл биледі. Алдымнан ағарандап көрінген ақ үйдің жанына жеттім деп ағаш түбін паналадым. Ентігімді басып, екі иығымды қомдап едім, қолтықтарымның асты удай ашыды. Ыза болып балдақтарымды лақтырып тастағым келді. Амал жоқ, онсыз менде тірек жоқ.

Сығырайған екі көзін жұмбай, жер бауырлап жанымнан такси өтті. Мазақ қып кетті. Лай су шашырады. «Жығылғанға жұдырық» деген осы. Жолы болсын... Пиджагімнің жағасын көтеріп қойдым да, ақырындап жүріп кеттім. Бетпе-бет тәлтіректеген мас адам кездесті. Өзіне ыңғайланып жол беріп тұрған маған соқтыққан жоқ. Өзімен-өзі, жағасы жайлауда, әндетіп барады. Күлкім де келді. Пендешілігім де оянды. «Көрер едім мен сияқты бір аяғыңды тізеңнен төмен кескізсең талтандағаныңды». Тағы ішімнен бір-а-а-з сөздер айтып, әудем жерге барып қалыппын. Талтандаған замандасымның даусы естіліп барады. «Не мороз меня... моего коня». Аман бол, әйтеуір.

Айдаладағы аузы-мұрны жоқ ақ отауға енгендей боп жалдап алған пәтерімнің табалдырығынан да аттадым-ау. Жарықты жағып, су киімдерімді ауыстырдым-ау. Бойым аздап жылып, есінеп алдым.

Кенет... Кенет май иісі мұрныма келді. Жұтынып қойдым. Көршілерім кешкі тамақтарын әзірлеп жатқанға

ұқсайды. Бірде олар мені шайға шақырған, жастармен әңгімелесуден қашқақтап, екі шыны шай ішіп, қайтып кеткем.

Балдақтарымды бас жағыма сүйеп, зарлауық кереуетіме қисая кеттім. Қарным шұр-шұр етеді. Түстікте тіске басқан төрт құймақ пен екі стакан қара шай өз парызын өтеген сияқты. Көз алдыма ауылда жүргендегі өз үйімнің дастарқанына иісі бұрқырап жететін бір табақ ет келеді.

Оң жақ қырыма аунап түстім. Тамақ иісі. Иіс... Кемедегінің кебіндері де ұқсас. Олармен менің де күйкі тірлігім бірдей десе де болады. Қожайынымыз ортақ, жарық та ортақ. Гүжілдеген зор дауыс осыншама жарық жағып не болды десе, бітті...

Бір қақпанмен екі қоян ұстайтын қожайынымыз кәдімгі үлкендеу бір қосты ортасынан жұқа фанермен бөліп, қысқасы үй ішінен үй шығарып, бізді тұрғызып жатыр. Келген күні бір бүйірін тесіп, маған есік шығарып берген. Менен жиырма сом алады, жастардан қырық сом. Ай сайын белгіленген календарь беті жыртылғанда өл-тіріл, қожайынды ренжітпе...

Қол-аяғымды бауырыма алып, бүрісе түстім.

– Дәурен, картошканы байқай салшы. – Ылғи да сөз бастайтын келіншегі.

– Пісті. (Мен тамағымды жұтындым.)

– Ағаны тамаққа шақырам деп едің ғой, бар шақырып кел.

– Қазір, Сәлимаш. Аздық ете ме, колбасаны түгел тұрай салсақ қайтеді?

– Ертең не істейміз?

– Букинистке кітаптарды өткізем. Қолма-қол төлеуге келіскен.

– Онда жұқалап тура, тез қуырылады.

Сәлден соң еден солқылдап, іле үйге көршім кірді.

– Ассалаумағалейкум, Қадыр-аға! – деді.

– Уағалейкумассалам, Дәурен – батыр! Жоғары шық,
– дедім соншама нәзік қолдарын алып. – Хал қалай?

– Аға үйге жүріңіз, келініңіз дастарқан әзірлеп жатыр.

– Несіне әуре болдыңдар? (О, пақыр, әртіс боп кеттің бе?)

– Ештеме етпейді, жүріңіз.

Дәурен қолтығымнан демеп, балдақтарымды қолыма ұстатты. Үстелімнің үстінде тұрған кружка мен қасығымды алып, жас көршімнің қолына ұстаттым. «Ана жолы басы артық ыдыс көрмеп ем».

Келіншегі ұяла қарсы алды.

– Сәлеметсіз бе, аға, жоғары шығыңыз.

– Сәлеметпісің, айналайын. Осы жер болады, – деп төменгі жаққа отырмақшы едім, екеуі де қосарланып:

– Аға, мұныңыз не, жоғары шығыңыз, жоғары, – деп төрге отырғызды.

Тамақ алдында қол жумаққа ыңғайлана беріп едім, – отыра беріңіз, мен қазір... – деп легенмен бір банка жылымшы су алып келді.

Күні бойы тарамыс тартқан саусақтарымның бастары солқылдап ауырады. Жылы суға сабындап ұзақ жуған соң, қолдарыма жабысқан кеселден арылғандай болдым.

– Рахмет, рахмет, бақытты бол!

– Аға, тамақ алыңыз, – деді Сәлима.

Дайын асқа тік қасығымды қадап, кірісіп кеттім. Дәмді екен. Колбаса да жақсы қуырылған, картоп езіліңкіреп пісірілген. Тұз, бұрышы да ойдағыдай. Бойымды еркіндік билеп, соғып отырмын.

– Дәурен, әлгіні ағаң екеуің...

– Ой, тіпті, ұмытып кетіппін ғой.

Дәурен орнынан жүріп, кереуеттің басына қолын созып, бір бөтелке қызыл арақ алып шықты.

– Аға, бүгін қосылғанымызға тура екі ай болды, – деді Дәурен бөтелкенің аузын пышақпен ашып жатып. (Тәжірибесі жоқ екені көрініп тұр, бөтелкенің аузын зорға ашты).

– О, мұндай күнді кирпичный свадьба деуші ме еді?

Екеуі менің сөзіме күліп алды. Екі стақанға орталап қызыл арақ құйылды.

– Ал, аға, ұлыстың ұлы күні деп отырсыз. Ана жолы құр шай ғана болып еді... Бірдеңе деп қойыңыз.

– Сәлима күйеуінің иығына басын сүйеп, маған күлімсіреп қарап отыр.

– Ал, айналайындар, не айтамын, алтын тойларыңа дейін бар деп асып, жоқ деп тозып кетпеңдер. Ер жарды, жар ерді бағалап, екеуіңе ел тілегі жар болсын... Берер батам осы, – дедім стақанды қолыма алмай.

– Рахмет, аға.

– Айтқаныңыз келсін, – деді Дәурен стақанын қағыстырып. – Алып қояйық.

Келіншегі «Бүгін бұзау еміп қойыпты» деп әзілдеп, кара шай құйып берді.

Ішіп-жеп қарық боп отырмыз.

– Тойларың ауылда болды ма? – деп сұрадым.

– Жоқ, осында, мейрамханада жасадық, – деді Дәурен.

– Үлкен адамдар солай шешкен болды ғой, – дедім ойымда ештеңе жоқ.

Олар қатты ыңғайсызданып қалды. Екеуінің моп-момақан бола қалған түрлерін көріп, өзім жаман ыңғайсыздандым.

– Ата-аналарымыз білмейді біздің үйленгенімізді, – деді Дәурен үнсіздікті бұзып. – Былтыр қосылмақшы болғанымызда екі жақ қарсы болған. Биыл құрылыс отрядынан келген соң... үйлендік.

Келіншегі қызарақтап төмен қарады.

Үнсіз отырып стакандарды бір көтеріп қойдық.

– Сәлима медта оқиды, Қарағандыдан, мен Зайсаннанмын, жер шалғай, – деп күрсінді Дәурен.

– Тым қашықта екен, – дедім мүдіріп.

– Иә, алыс... – деді олар қосарланып.

Бөтелке таусылған. Менен ештеңе сұрамаса да өз өмірімді айтып жатырмын.

– Қарақтарым, мен де екі балам бар, әйелім де болған, бау-бақшадан да құралақан емес едім. Амал қанша...

– Неге? – деді келіншегі. Жігіт оған қарап қабағын шытты.

Мен қызып алдым ба білмеймін, көсіліп сөйлеп отырмын.

– Болымшы бір жараның кеселі, қазір су да, мал оттар шөп те әбден уланған емес пе. Күлдіреген түймедей жара бір жылда-ақ аяқтан айырып тынды. Алты ай осында ауруханада жаттым. Аяғымды кескеннен кейін бір жұмадан соң әйелім келді. Келді де жылады. «Кешір, – деді. – Қыдырбек, дәм-тұзымыз жарасып өмір сүрдік, ризамын. Азамат басыңның бағасын түсірмеймін... ана екі балаң үшін айтам. Оларды асырау үшін аяғы бүтін Адам керек...» Тағы... тағы... Басым айналып, есімнен танып кетіппін. Оянсам, басымда дәрігерім отыр. Дүниедегі ең жақсы сөзді сол жаннан, емдеуші дәрігерімнен ғана естідім, қарақтарым...»

Тамағыма өксік тығылып, сөйлей алмадым, қалтамнан темекімді іздеп жатыр едім:

– Міне, аға, – деп Дәурен сигарет ұсынды.

– Рахмет. – Қолдарым дірілдеп шылымды зорға ұстап отырмын. «Қой, тұр, әкеннің үйінде отырсың ба?» Тұруға ыңғайланып, кружка мен қасыққа қол созып едім, Сәлима:

– Аға, осында қала берсін. Қысылып-қымтырылмай бізбен бірге тамақтанып жүріңіз. Ештеңеден қысылмаңыз... – деді.

– Қарақтарым-ау, сендерге масыл болдым ғой.

– Жоқ, аға, ол не дегеніңіз, екеуміз де стипендия аламыз. Дәурен ініңіздің газеттен алатын қаламақысы бар.

Қызулық қой, сөйлеп тұрмын:

– Жөндететін аяқкиімдерің болса маған беріндер, ақысыз-ақ жөндеп беремін. Жолдас балаларыңа да айтындар, ештеңе алмаймын...

– Бізде бәрі бар, аға, – деп екеуі мені есігіме дейін шығарып салды.

Олар сөйлесіп жатыр.

– Дәурен, ағаға обал, ә?

– Сен де мені аяғым кесілген күні тастап кетерсің.

Құлағыма «Қыдырбек, мен сендікпін, сенші маған» деген әйелімнің сүйкімді даусы келді. Құлағымды қос алақаныммен жаншып-жаншып басып қойдым. Басыма тартсам аяғыма жетпейтін жамылғышымның астында бүрісіп жатырмын.

– Сен мені сондай деп ойлайсың ба? – деді Сәлима.

– Ойлаған жоқпын.

– Енді неге айтасың?

– Қойшы, жаным, соған өкпелеп қалдың ба?

– Айтпашы, Дәурен, ондайды, сенен басқа маған ешкімнің керегі жоқ.

– Жарайды, жаным, ренжіп қалдың ба, сені шын сүйетінімді білесің ғой.

– Білемін, жаным, білемін.

– Ұлымыз болады мынадай.

– Дәурен, қыз болсыншы, маған қыз...

– Көрсетем саған қыз тапқанды! Ха-ха-ха...

– Қойшы, Дәурен, қандайсың өзің...

– Жаным...

– Жаным менің.

Екеуі көпке дейін үнсіз қалды.

– Дәурен, арқанды қабырғаға тигізбе, суық тиіп қалады.

– Сен ашылып қаласың ғой, жаным.

– Қыс түскен соң не істейміз, а?

– Қардан аққала соғамыз.

– Маған қыстық етікті жөндету керек, жөндеуге келмесе жаңасын қалай аламыз?

– Көреміз.

– Ағаға жөндетіп алайық.

– Сөйтейік, ақы алмаймын деді емес пе. Маған жазу машинкасын алу керек.

– Дәурен, саған айтпаппын ғой. Бағана бір сабаққа қатыспай, Фаузияның үйіне кофе ішуге бардық. Ой-ой, үйлерін көрсең, прямо музей, хрустальдарын көрсең, араб кілем, гарнитур. Керемет...

– Қойшы сондайды...

– Қойшы дейді ғой. Айтшы, Дәурен, бізде қашан сондай үй болады, сенің кітабың шыққаннан кейін бе?

– Қойсаңшы сондай әңгімені.

– Дәурен, олардың үйлері керемет...

– Ну их к черту.

Жігіт ашуланды. Мен ұйықтап кетіппін.

Жалаңаш күз. Өкпе тесер өкпек жел. Жасыл желек-жамалынан айырылған ағаштардың бұтақтарында қалып қойған жапырақтар инеліктей қалтырайды. Қоңыр төбел тірлік. Жұмысқа уақытында барып, кеш қайтып жүрмін. Бесінші оқитын ұлымнан хат келген. Өзінің ағасымен әрнеге төбелесе беретінін, сабағына алаңдамауымды айтып, соңына алақанын басып, «Папа, сені сағындым» деп жазыпты. Кенже ұлға Дәуренмен ақылдаса отырып хат жаздым. Дәурен соңына мынадай сөздер жазды: «Бауыр еті тамырлас, ана сүті бір, ағайынның соғысынан қатерлі ештеңе жоқ! Енді жауап тосып жүрмін...»

Бауырым екеуміз моншаға бірге барып тұрамыз. Киім-кешектерімді бермесем де, Дәурен моншадан кейін сумкасынан алмай, келіншегіне жуғызып, үтіктетіп қояды. Ыңғайсызданып бірдеңе десем; «Аға, біз тұрғанда жүдеп жүргеніңіз жараспас» дейді Дәурен.

Сенбі күні үшеуміз комиссиялық магазинге барып маған қысқы пальто, малақай алдық. Дәурен өзіне ескілеу жазу машинкасын алды. Содан бері тыным жоқ. Тасыртұсыр... Кешкілік бас қосуға құлқы жоқ. Көз алдымда өзгеріп шыға келді. Шынымды айтсам, жазу машинкасы оған ауру болып жабысты. Біртүрлі қызық.

Титімдей қуаныш менің басыма да орнады. Қырыққа толған күніме көршілерімді шақырдым. Үшеуден-үшеу ұзақ отырдық. Пенде емеспін бе, аздап дайындалғам. Ішімдік те болды. Дәурен қызып қалды.

– Қыдыр аға, сізді жақсы көрем, – дейді құшақтап, – төзімдісіз, мейірімдісіз, сіз үшін аға, бәрін жасаймын. Қожайынды сабайын ба, а?

– Қоя ғой, бауырым.

– Қоймаймын, аға, қоймаймын, – деп жұдырығымен кабырғаны соққылады.

– Дурак что ли? – деді Сәлима қызарақтап.

– Иә, мен ақымақпын, бірақ сол ақылдылардың, сол ақылын басқа біреулер пайдаланғандардың ұрпағымын, сарқынымын. Қорықпаймын... Тек жазықсыз кеткен аруақтардан, бізден әлдеқайда биік тұрса да бетін кара түнек бүркемелеп, көрсетпей тұрған шок жұлдыздардан ғана қорқамын. Мұтылған ақын қайда? Қайран Мұтылған ақынның аруағы, қортық ұлдарыңды кешір... Шовинистер... халтурщиктер...

– Қой, ойбай, Дәурен, сотталып кетесің, – дедім даусымды ақырындатып. Байқа, бауырым!

– Қорықпа, Қыдыр аға, ерте ме, кеш пе уақыт біздің бар даусымызды шығарады. Шындық жер бетінде бар... Көшеде тұрған ұрандардың кейбірін жұлып тастағым келеді. «Еңбегіне қарай құрмет» деген өтірік. Бұлар беделіне қарай құрметтеп жүр. Айтқым келеді шындықты. Шындық жолында өлемін... өткен жылы «Олимпиада – 80» болды. Дұрыс... әр адамға жеке-жеке баспана деген құрылыс олимпиадасы біздің қоғамда қашан өтеді?

– Бұндай қорықпаспын. Сәлима екеуміз екі жақтап зорға дегенде үйлеріне апарып жатқыздық.

Қатты ұйқыдан зорға ояндым. Кішкентай терезеден күннің көзі көңілсіз түсіп тұр. Біреудің жылаған дауысы шығады.

«Көке, кешіріңіз!»

«Айтыңдаршы, бұларың дұрыс па? Мына жерде қалай тұрып жатырсыңдар, мынау үй ме, үй емес мола ғой?! Соня, айтшы, бұның не масқара, ел естісе сұмдық қой! Алдымызға кеп өтінсең тойыңды өзіміз-ақ дүрілдетіп өткізетін едік қой!»

Күжілдеген зор дауыс. Көз алдыма барынша таусылып, шаршап-шалдығып отырған етженді тершен адам келді.

«Кешіріңіз кө-ке, кеш...»

Сәлима жылап отыр.

«Кешіріңіздер, кейін айтамыз деп...»

«Шырағым-ау сен не, үйі жоқ, жұрты жоқ бір жетім қызды таптым деп жүрсің бе, а?»

«Аға мен олай...»

«Давайте кешке дейін әке-шешене хабар бар, тез келсін, мен ана кісілермен сөйлесіп келейін».

Сәлима солқылдап жылап отыр.

«Көке...»

«Түсінем, түсінем балалықтарың ғой, жеңгене жағдайыңды айтып хат жазғаның да жөн болды».

«Көке біздің өз үйіміз бола ма?»

«Мен тұрғанда бәрі де болады, ал, мен кеттім, жолығатын адамдарға жолығайын, кешке таман келемін».

Еден солқ-солқ етті. Көкесі шығып кетті. Олар үнсіз. Жүрегім сыздап ауырып барады.

Жұмысқа кетіп қалдым.

Ертеңінде демалысым еді. Төсегімнен тұрмай ұзақ жаттым. Мезгіл тал-түс. Табалдырықтан еңкейіп жас көршім кірді.

– Ассалаумағалейкум, аға!

– Хал қалай? Жоғары шық.

– Аға, біз көшетін болдық, – деді Дәурен. Қабағы түсіп кеткен. Түнімен ұйықтамаған ба, екі көзі қызарып тұр.

– Көш көлікті болсын, ағанды ұмытпа, бауырым!

– Неге ұмытайын, ағатай.

Құшақтап бетімнен сүйді де, шығып кетті.

«Дәурен, қазір машина келеді, менің көкем ғой, көресің әлі Фаузиялардың үйлеріндей...» құлағымды бастым. Олар бес жыл уақытша Сібірге кеткен адамдардың баспаналарын шарт бойынша алыпты.

Көпке дейін жалғыз тұрдым. Қожайынның өтінішін жерге тастамай тілегін орындап жүрмін. Тату-тәттіміз. Оларды сағынатыным соншалық жиі-жиі түсімде көремін. Дәуреннің соңғы рет келгеніне екі айдан асыпты. Хабарсыз.

Олармен көшеде кездестім. Дәурен ашық-жарқын қалпынан өзгермепті. Жүдеулеу көрінді. Сәлима ерінін ғана жыбырлатып анандай жерге барып тұрды. Аяғында шетелдік таптырмайтын қызыл етік. Кигені әдемі дубленка, құндыз бөрік. Таныс та бейтаныс боп көрінді.

Дәуренге кенже ұлдан хат келгенін айтып жатыр едім: – Болсаңшы, кешігеміз, – деп Сәлима күңк етті.

Дәурен ыңғайсызданып қалды да, қоштасты. Өз көзіме, өз құлағыма сене алмай мен қалдым.

...Тіршілік. Тасбақа қыбыр. Қыс өтіп, жаз келді. Қала құлпырды. Кезекті демалысымды алып ұлдарыма барайын деп қамданып жүргем. Ұлдарымды сағындым. Аяғы бүтін болмаса да өз әкелері керек екенін білемін.

Сол күні келушілер өте аз болды. Жұмыс аяғы құралдарымды жинастырып жатқанмын. Біреу кірді. Қарағам жоқ.

– Жұмыс аяқталды, ертең келіңіз, – дедім алақанымдағы шегені іріктеп отырған қалпы.

– Ассалаумағалейкум!

Жалт қарадым. Дәурен қолын ұсынып тұр.

– Ой, бауырым, кел жоғарыла!

Олар айырылысыпты. Сібірге кеткен үй иелері қайта келмейтіндерін айтып, екі мың сом ақша алып, баспананың тауқымет қағаздарын реттеп Сәлиманың атына аударыпты. Сосын... тағы... тағы...

Туфлин үнсіз шегелеп отырмын.

– Аға, ана пәтерде біреулер тұра ма?

– Екі ай бұрын жаңа қосылған жастар қоныстанған.

Дәурен үнсіз қалды.

Қоштастық. Тынысым тарылып далаға шықтым. Аяғым сыздап ауырды. Басым солқ-солқ етеді. Аспанға қарадым. Түнеріп кетіпті. Жаңбыр жауатын түрі бар. Терек басынан үзіліп сап-сары жапырақ қалқып кеп асфальтқа түсті. Ақырын сырғыды. Тоқтады...

Жылады, жапырақ жылады.

– «Асфальт, мен теректің жапырағымын. Тамырым тереңде, жіберші мені...»

– «Жапырақ айналайын, мен де биік жартасты тасы едім, үгіп әкеп, жон арқама ыстық май құйып, осы жерге мәңгілікке төседі. Менде де, қозғалар дәрмен жоқ, жоқ... жоқ...»

– Өстіп кетуге бола ма? – деген дауыстан селк еттім. Ой, аллай, күзге ұқсайтын сары қыз. Сондай әдемі. Қылқалам шеберінің суретінен түсе қалған сияқты.

– Атың кім, қалқам? – деп сұрап қалғанымды өзім де білмей қалдым.

– Баян, – деп есімін айтты да сұлу бойжеткен жылдамдата басып, ұзай берді. Таныс есім. Жас күнімде... Иә, Баян... Алғашқы махаббат. Қайда екен сол қыз. Менің алғашқы махаббатым... Кешірші, кешір мені, Баян...

Ішкі даусымнан үріккендей, теректен жапырақтар дымқыл асфальт бетіне жауа бастады.

Адамдар асфальтті көмкерген сап-сары жапырақтарды басып өтіп жатыр, өтіп жатыр...

Күздің алғашқы жаңбыры.

Күркемнің есігін жаптым да жаңа көршілеріме асықтым.

Күздің суық жаңбыры. Ымырт. Сіркірей жауған жауын астында Дәурен қолшатырсыз кетіп барады.

Сіздер, мүмкін олар туралы білетін де шығарсыз?!

ҮНСІЗ НОТА

Семейден кеткен жылы жазушы қатты ауырып қалған. Әрине, біреулер оның төртінші әйелінен ажырасқанын көрген. Алдыңғы үшеуі де жаман адамдар емес еді. Бар күнә расында жазушының мінезінен еді. Түн жарымда үйінің есігін теуіп ашып, кафе, ресторан, бильярд клубын аралап кететін. Таңертең қонақ үйдің бір бөлмесінде бүк түсіп жататын еді. Жазушының бір ғана төрт әйеліне жасаған жақсылығы – у-шусыз дүниені бөліспей, ұрыс-керіссіз, қай-қайсысына баспанасын тастап кететіндігі. Астананың орталығында бір бөлме, Талғарда бір дача, алты ай жаз сонда болатын. Өндіріп-ақ жазды, шетелге танылған бойда қаламақы қайта молынан біте бастады. Омбыдан келе жатып, Павлодарға тоқтаған бір жылы Ертістің жағасындағы жаңадан салынған үйден бір бөлмелі пәтер сатып алып, ішін бір ай жөнге келтіреді. Ең соңғы үлгідегі лифтсі оныншы қабатқа қас-қағымда жеткізеді. Әдеттегідей, бильярд клубына барғанында жүрек талмасына ұшырайды. Көзін ашса, білегін ұстап, мойылдай қара көздеріне жас келіп:

– Аға, қалайсыз? – деген сұлу келіншекті көрді.

– Мен қайдамын? – дегенді әрең айтты.

– Дәрігерлер сізді аман алып қалды ғой...

Қайтадан талықсып ұйықтап кетті. Бір ай ауруханада болғанында жанынан әлгі сұлу келіншек кетпейтін. Екеуі әңгімелесетін. Әңгіменің арты ағайынды қарындастай жақындастыққа әкелген. Жазушы оған бауыр басып қалған. Бір күні:

– Аға, рұқсат болса, киімдеріңізді тазалап жуып әкелейін, мен жақын жерде жатақханада тұрамын.

– О, не дегенің, арнайы жуатын орындар бар ғой.

– Менде кір жуғыш машина бар. Жақында кредитке алғам, – деп ұзын кірпіктерін қаға сөйледі сұлу келіншек.

– Айечка, күйеу бала не істейді?

Келіншек басын шайқады.

– Түсінікті... – деді Жазушы. – Жас адамсың, жалғыз болма, айналайын!

– Бір-ақ адамды сүйдім, аға. Ол керемет музыкант еді, шіркін! – деп күрсінді де:

– Мен сізді үйде күтемін, аға, – деді.

– Айя, сен ештеңеге әуре болмашы, айналайын. Дәрігерлер мені ертең шығаратын болды.

Бір жерден түстенейік, қаласаң...

– Тек, ресторан емес. Менің жатақханадағы бөлмеме қонаққа келіңіз.

– Әуре боп қайтесің? Ресторан бар емес пе, бұл қалада? – деп күлді Жазушы.

– Аға, сіз менің ағамсыз. Менен тура он алты жас үлкен екенсіз, – деді медбике қыз. Мен сіздің «Ыстықкөлдің салқыны» деген повесіңізді оқыдым. Настоящий про любовь қой!.. Ой, подругаларым да оқып, жылады ғой бәрі!

Жазушы тұңғық көздеріне қарап, оның айтқанынан қайтпайтынын біле қойды.

– Ертең қай уақытта барайын?

– Түсте. Анау теректің артындағы подъездің төртінші қабатында тұрамын. 31-бөлме. Күтемін сізді. Тұшпара түйіп қоямын. Сорпасын ұнататын боларсыз?!

– Сенің қолыңнан у ішсем де ризамын!

– Ой, ағашка, қойсаңыздаршы осындайларыңызды. Жасыңыз болса 55-ке келді. Ұят емес пе? Өзіңізден көп жас кіші келіншекке солай айта ма екен?!

– Түсіндім, барамын.

– Как раз ертең демалысым еді...

...Келесі күні түстен кейін ауруханадан шығатын қағаздарын реттеп, емхананың басшысы Елдос Оралхановичке алғысын айтып, дәрігерлерге супермаркеттен оны-мұны беріп, артынша Айяның жатақханасына келді.

– Ооо, аға, қош келдіңіз! Төрлетіңіз!

Жазушы келіншекті бірінші рет көргендей сұқтана қарады. Қап-қара шашы иығына төгілген, ақ тамағы бүлкілдеп, қып-қызыл бүлдіргендей еріннің астынан маржандай ақ тістері тізілген, кеудесіндегі қос анары тепсініп тұр, белі шіркін үзіліп кетердей, оқтаудай аяқтары, балтыры жұп-жұмыр екен. Әйел затынан мол тәжірибесі бар жазушы көзқарасын жасырғысы келгендей терезе жаққа қарап:

– О, ой, қар жауып кетіпті ғой, – деді.

– Күртешенізді беріңіз, іліп қояйын, – деді Айя. Жазушы жымыып күлді де, үстіндегі сырт киімін шешіп, дастарханның төріне барып отырды. Үлкен кесемен алдына келген дәмнің хош иісі мұрнын жарып барады.

– Аға, дәм ала отырыңыз.

Неше күн дәрі-дәрмек ішкен Жазушы асқазанына дәмді тағам барған соң, борша-борша терлемесі бар ма? Дәл бір моншаға түскендей болып еді-ау. Айяның үйінен шығып бара жатып конвертке салынған екі мың доллар мен жаңа үйінің екінші кілтін тастап кетті.

– Қарындасым, менің үйіме бас-көз боларсың. Жаңа өзін келісімінді бергеннен кейін солай деп айтып тұрмын, – деді...

Келіншек ақырын ғана күліп, басын изеді. Одан кейін жазушы Новосібір, Мәскеу, Моңғолия сапарларына осы Павлодар арқылы жүргенде үйінің таза болып тұратынына риза болатын. Тіпті, шетелде жүргенде Айяның телефонына қоңырау шалып:

– Гүлдерді суардың ба? Олар да сен сияқты әдемі ғой! – деп жарқылдай күлетін.

Жазушы бүгін де Керекуге келе жатыр. Аспаннан түсіп, жер басқаннан кейін Айяға телефон соқты:

– Мен келдім, айналайын! Рестораннан тамақтанайық.

– Жоқ, аға, мен сіздің үйіңізге келдім. Ет асып жатырмын. Саржалдың қымызын алып қойдым. Ни какой ресторан! Үйіңізге келіңіз.

Мәскеуден алған сый-сияпатын Аяға ұсынды. Вискиді журнал үстелінің үстіне қойды. Жазушы шыдамады, бас сап аймалай бастады сұлу келіншекті.

– Аға, қойыңызшы! Бұныңыз не? – деп дауысы әлсірей бастады.

Жазушының есіне виаграны ішпегені түсе кетті де:

– Айналайын, жуынып келесің бе? – деді. Келіншек үнсіз басын изеп, ванна жаққа кетті. Жазушы тез-тез сөмкесін ақтарып дәрісін ішіп үлгерді. «Енді жарты сағат өтсе болды» деді іштей. Сәл кешігіп, орамалға оранған сұлу келіншек шықты. Әлде шампунь, әлде өзінің табиғи «аромат» иісін сезді Жазушы. Бас сап келіншекті сүйгісі келіп еді:

– Аға, сіз де «как цивилизованные люди» жуынып келіңіз. Жазушы ваннаға кіріп кетті. Шала-шарпы жуы-

нып атып шықса, өз көзіне өзі сенбеді. Келіншек апыл-ғұпыл киініп жатыр екен.

– Не болды, айналайын?

– Аға, ол тірі. Мен сезгенмін, оның тірі екенін, – деді көзі боталап.

– Кімнің?

Сырттан ән естіліп тұрған еді...

«Өртеніп жаным,

Сүйдім мен сені.

Шын сырыңды,

Түйдім тұмар ғып...»

– Әне, әне, аға! Өз дауысымен, ол тірі... Мен оны сүйемін... шексіз...

Жазушы не айтарын білмей, сілейіп орнында тұрып қалған кезде келіншек үйден шығып үлгерді де, лифтімен төмен түсіп кетті.

Жазушы не киінерін, не киінбесін білмей терезенің алдына барды. Ән естіліп тұрды. Жазушының көзі терезе жақтауындағы алтын алқасына түсті. Алқаның ортасында ойылған нота тұрған екен.

«Мен сендей жаным,

Кінәлі емеспін.

Өртеніп жаным,

Сүйгенім үшін...»

Жауын астымен Айя Ертіске қарай жүгіріп бара жатыр. «Бұл келіншектің жүрегін жаулаған кім?» Қолына Айяның ноталы алтын алқасын ұстап тұрып күрсінді Жазушы.

Жауап орнына қызыл тілін жалаң еткізіп найзағай ойнады...

ҚЫЗҒЫШ ҚҰС

Мені жұмыстан шығарғалы жатыр. Шынымды айтсам: оған өзім өкініп отырған жоқпын. Көп болса шахтаға барып қайтадан жұмысымды жалғастырармын. Онда тұрған не бар. Достарымның бәрі шахтер болып істейді. Солардың жанында ойнап-күліп жүрмеймін бе? Бірақ, ешқандай кінәсіз-ақ жаныңа жұққалы тұрған қара күйені қалай ғана бойыңа дарытарсың. Қалай ғана ақталмақсың?

Ренжігенім, өзім қызмет жасайтын редакцияда, мәдениет бөлімінің меңгерушісінен басқа бірде-бір жігіт мені түсінгісі келмегендеріне. Түсінген қайда, «Таласқандарына қарағанда сұлу келіншек болды-ау, шамасы», – деп мырс-мырс күледі. Шыдайсың. Тістеніп үндемейсің.

Бөлімде жалғыз отырмын. Жоғарыда, редактордың кабинетінде менің үстімнен түскен арызды талқылап жатыр. Кім не деп жатыр екен? Не болса да тезірек бітсе екен?!

– Сені шақырады, – деді он тоғыз жасар секретарь қарындас, қабағын керіп, – Редакторға! (О, тоба, күні кеше ғана: «Ағай, командировкадан шаршап келдіңіз бе? Ағай, қазір театрда жақсы спектакль өтіп жатыр. Сізді туған күніме шақырамын», – деп талшыбықтай майысып тұрған да осы секретарь қарындас емес пе?!)

Жоғарыға көтерілдім. Коллективтің төрт көзі түгел отыр екен. Біздің «шефтің» өзі хатты дауыстап оқып шықты да, «Не айтасың, бала», – деп маған қарады. Үндемедім.

– Әлі жас қой, – деп бөлім меңгерушісі сөйлеп келе жатыр еді, көп суфлер дауыстар авансценадан шықты:

– Жұмыстан қуылсын. Төбелескен дегені не сұмдық! Қызмет бабымен жүріп.

– Мұндай моральдық жағынан азған адам арамыздан аластатылсын.

– Иә, иә, дұрыс айтады, қырып жазып жүргені де шамалы, коллективті кірлемей арамыздан кеткені жөн болар...

Дауыстар өрши түсті.

– Отставить! – деді майдангер редактор үстелді жұдырығымен қойып қалып. – Мен бұл жігітті шахтада істеп жүрген жерінен өзім қолқалап қызметке шақырғанмын. Ондағы ойым: бойында бірдеңесі болса осы қара шаңырақтан түлеп ұшсын дегенмін. Басқа ниетім де, ойым да болмаған. Сендер...

Өмірде адам баласын тану қиын ғой, редактордың маған жанашырлықпен қараған ниетін көпшіліктен бұрын аңғарған секретариатта істейтін жылпос қара жігіт:

– Ақырғы сөзін айтсын, – деп екі жақтың таразысына тең бөліне қойды.

Ақырғы сөз. Мен не айтам?! Арызда жазылғанның бәрі «жалған, жала, мен ақ адалмын», – деп байбалам салайын ба? Өйтіп, өтірік айту менің қолымнан келмейді. Дәл бүгін ақталмасам да, уақыт өзі ақтап алар. Мына қалың жұртқа махаббатын қызғыш құстай қорғап жүрген Назым қыздың, Наздың тағдырын неге айтпасқа?!

Тынысым тарылды. Костюмнің жанқалтасынан қол орамалымды алып, самайымнан сорғалаған терді сүрттім. Бәрі тым-тырыс. Редактор орнынан тұрды да

асықпай басып терезені айқара ашты. Үн-түнсіз қалып жұмсақ креслосына қайта кеп отырды.

– Сөйле, айналайын! – деді сосын маған қарап.

Мен костюмімнің жоғарғы түймесін салдым да, әңгі- мемді бастап кеттім.

– А-а-а-а! – Дәл қасымнан ыңырсып шыққан дауыс- тан көзімді ашып алдым. Жанымдағы керуеттегі науқас қатты қиналып жатыр. Қасында отырған үріп ауызға салғандай жас қыздың жанарына жас тұнған. Қиналып жатқан адамға мұңая қарайды.

«Қарындасы болар, ә, қарындасы болмаса: қазіргі қыздар мына мен сияқты, қара тырнағы алынып, ерігіп жатқан мен сияқты арамтамаққа да қарамай кетер...»

Менің де осы ауруханаға түскеніме екі жұмадай уақыт болды. Менікі жай, қолымның қарын ыстық суға күйдіріп алғам, әкетіп бара жатқан ештеңем жоқ. Сонда да дәрігерге көрініп ем: «Теріңіз қатты күйген. Емделмесеңіз болмайды», – деп жатқызып қойды. Содан осындағы дәрігер қыздармен қалжыңдасып, оларға өзімше қырындап, күндегі дәрі-дәрмегімді қабылдап, дос-жарандарымның әйелдері баптап жасап әкелген ыстық тамақтарына тыңқиып тойып алам да, сосын күн ұзақ газет-журнал оқуға кірісемін.

– А-а-аа!

– Хан, шыдашы... мен... келдім. Қыз солқылдап жылап отыр.

...Сөйтіп, күніне екі-үш мезгіл келіп-кететін сұлу қызбен әлі сөйлесіп, таныса қойған жоқпын. Реті келмеді. Бір түрлі ыңғайсыз. Тек екі көзім талғанша, ұрланып қараумен боламын. Шашы ұзын (ақылы қысқа болма-

гай), тілерсегін соғады. Бота тірсек, лағыл ерні алаулаған, нағыз періште.

Біз осылай бес күндей тіл қатысқан жоқпыз. Түскі тамақтың мезгілінде ұйқыдан ояматыным бар-тын. Бүгінде быржындап-тыржындап, есінеп, көзімді уқалап жатыр едім:

– Сіз, ұйықтағанда Лоренцеттоның «Дельфин үстіндегі өлі бала» деген туындысына ұқсайды екенсіз, – деді сұлу қыз маған қарап.

– Не? (біреу өліге ұқсайсың десе көрер ем?) а... не... иә... енді ұйқыдан басқа не қалды?! – деп, өп-өтірік күлген болып жатырмын. Бір жағынан қыздың өзі сөйлегеніне қуанып та қалдым.

– Ағаңыз жазылады, қам жеменіз, қазіргі медицина күдіреті дегеніңіз керемет қой, – дедім көңілін ауламақ ниетпен.

– Айтқаныңыз келсін, – өзі тірі қалса болды.

Онсыз да күйзеліп отырған адамнан: «Ағаңыз бұл жағдайға қалай тап болған?» – деп сұрауды жөн көрмедім. Неғұрлым арнайы басқосу, сұхбат құрдым:

– Осында оқисың ба?

– Иә, пединституттың көркем-сурет факультетінде.

– О, мен суретшілерді өте құрметтеймін!

– Өзіңіз кім боласыз?

Мен қайда қызмет істейтінімді, баяғы жылдары қандай туындыларымның жүлде алып, қандай лауазымды адамдар:

«Жарайсың, шырақ» деп арқамнан қаққанына (мұнша мақтаншақ болармын ба) шейін, түп-түгел тізіп айтып бердім.

– Қызық екен, мен сіздің жазғандарыңыздың бәрі дерлік оқып шыққанмын. Біртүрлі аянышты жазасыз.

Сіздің кей туындыларыңыз туралы өз басым екі пікірдемін. Тіліңізде шырай жоқ па деп қалдым. Жалпы, сіздің мені тандандыратыныңыз Мопассанның тұжырымдылығы мен Метерлинктің шеберлігін қатар меңгеруге ұмтылғаныңыз... Меніңше, толық меңгерген жазушыға бұдан үлкен жол жоқ!

– Рахмет.

Аз үнсіз отырып қалдық. Мен сөзімді қайта жалғадым.

– Есімің кім?

– Назым, Наз...

– Қай жерденсіз?

– Баянауылдан.

– А-а-аа...

Наз орнынан ұшып тұрды да, ағасының жанына барды. Мен оң қырыма аунап түстім де, іштей қиялға берілдім.

«Нағыз ақылды, салиқалы сөздің иесі, өмірде бұндай қыз жоқ деп жүруші ең... ал, соңына шырақ алып түссен де, айрылма! Болашақ жазушыға осындай терең білімді жар керек. Солай ма, солай. Неткен бақытты едім, қолымды күйдіріп ауруханаға түскенім мұндай тамаша болар ма?! Енді тек ер Төлеген болғаның ғана қалды».

Палата іші ыстық болып кетті. Тарпылдақ кебісті аяғымның басына ілдім де, далаға шықтым. Аурухана алдындағы бақтың бұрыш-бұрышында екеу-үшеуден шүйіркелескен адамдар. Қалың ойға беріліп, жүрдім де қойдым. Алыстан шырқалған ән талып естіледі.

«Жылжиды аққу айдында, жылжымайды,
Жақын барып, хал-жайын кім сұрайды?..»

Ымырт үйіріліп, күн қызыл иегін тауға сүйеген шақта ғана палатама бір-ақ келдім. Наз жоқ екен, «ағасы» та-

лықсып ұйықтап кеткен сияқты. «Қайда кетті екен, енді келмей ме?!»

Терезені айқара аштым, қоңыр салқын самал есті. Төменнен біреулердің даусы естіледі.

– Наз, саған не болған... тоқташы, түсіндірейін. Өзің ойланшы, ол енді жазылмайды ғой... Қайтесің оны, тірі қала ма, жоқ па?! Наз, ақылды едің ғой, керегі жоқ осы жігіттің, тіпті жанында қалай отырасың?

– Мен Ханды сүйемін. (Жүрегім дір ете түсті, ағасы екен десем!)

– Ха, Ха, Ха!!! Ана жігіттің жазылса да, адам болуы екіталай шығар... Сен Виласты білесің ғой... Ол саған ғашық!... Оның дача... «Волгасы» бар, ол нағыз фокер!

– Жоғал!.. Сені дос деп жүрсем?! Жоғал, енді менің маңымнан жүрме! Мен Ханкелдіні өмір бойы сүйемін!

– Ха-ха-ха... ақымақ, ойлан! Мен кеттім!

Ол да, мен де түнімен көз ілгеніміз жоқ. Наз үнсіз булығып жылаумен болды. Жұбатпадым. Жұбатпайын демедім, жұбататын менде күш болмады. Өмірде осындай өз махаббатына адал қызды «көрдім» деп біреу айтса, сенбес ем, енді міне...

Ертеңіне мені ауруханадан шығаратын болды. Жиналып жатып, Назға тіл қаттым:

– Айналайын, сеніңше махаббат деген не? Наздың ақша қардай жүзіне қызыл шырай жүгірді. Үндемеді.

Осы оқиғаны жұмысқа оралған кезде бөлімдегі жігіттерге майын тамызып айтып беріп едім: «Қойшы, осы сен де қай-қайдағыны айтасың...» «Бұның әңгімесінің өзі сол, қара да тұр, бір шығармасына прототип етеді» деп, өзімді қолға алды. Қойдым. Қайтып қозғағам жоқ.

Күнделікті тірлік Наз тағдырын ойлауға мұрша бермеді. Тіпті деймін, ұмытқандай болған шығармын. Қайдан таңертең тоғызға бес минут қалғанда енгіш келем... Кешкі алтыдан үш минут өткенде қабағымнан қар жауып, жұмыстан шығам. Бәрі тығыз, бәрі қауырт шаруа.

«Адамның кішісі болғанша, иттің күшігі бол» деп, секретариаттың жігіттері мені кейде баспакана мен редакция арасындағы курьерлік қызметке де жібереді. Жүтірем. Ешкіммен қабақ шытысуға болмайды. Сөйтіп, кешке сүріне-жығылып қала шетіндегі «Комсомольский» поселкісінде жалдап алған пәтеріме жетем. Таңертең түнде қойып ішкен қара шайымды ысытып, екі-үш қантпен өзек жалғаймын да, жазу столыма отырамын.

Бір күні редакторым шақырды. Біздің редактор соғысқа катысқан, қан майданда жараланған, пенсияға бір жылы ғана қалған адам. Кабинетіне кіргенімде тілінің астына дәрісін салғалы жатыр екен. Мені көріп, валидолды аппак қағаздың үстіне қойды.

- Отыр, бала. Иә, қалай, үйленетін ой бар ма?
- Рахмет. Жақсы. Әзірге жоқ.
- Ойлан бала, үйленсең, бұдан да жақсы жазасың.
- Сен бала... ертеңнен бастап командировкаға шығасың. шалғайдағы «Өндіріс» совхозында институтты биыл бітірген жас мамандар шаруашылыққа көптеген жаңалықтар әкеліп қосқан көрінеді, солардың өзіндік қолтаңбаларын мықтап зерттеп жаз. Жарай ма?
- Жарайды, аға...
- Ал, онда жолға қамдан.

Редакторымның алдынан ештеп жіпсіп шықтым. Қызық адам. мені көрген сайын, «Қашан үйленесің?» деп

сұрайды. Аанада жұмыс аяғынан кейін үйіне шахмат ойнауға шақырды. Онысы сылтау екен, мені қысылып келмей қоя ма деп, «алдап», әйелі жасап қойған пельменнің үстінен түсірді.

Түнімен дөнбекшіп таңертең шала ұйқылы күйі алыстағы, қаладан екі жүз шақырым жердегі, «Өндіріс» совхозына баратын автобустың ең артқы орындығына жайғастым. Жайғастым да, ұйқыға бастым. Діттеген жеріме түс әлетінде жеттім. Жолаушылар үйді-үйлеріне тарап жатыр. Қайда барарымды білмей, аялдамада жан-жағыма жалтақтап қарап тұр едім:

– Тастан, – деп біреу атымды атады. Жалт қарасам, әдемі ақ сары келіншек күлімдеп маған қарай келе жатыр. Тани кеттім, бір класта оқыған Зәуре деген қыз. Есепті ылғи осы қыздан көшіретінмін...

– Сәлеметсің бе, Зәуре!

– Иә, журналист, кеп қалдың ба? Халің қалай?

– Рахмет. Жақсы. Өздерің осындамысындар?

(Тұрмысқа шыққалы көргенім осы, бұл өзі мені тойына шақырмаған).

– Иә, жолдасым екеумізді осы совхоз жұмысқа шақырған, өзің не, үйленген жоқсың ба?

– Жоқ, қыздар қарамай жүр.

– Ой, жүрген-ақ шығар...

Зәуре сол баяғы: аузын ашса жүрегі көрінетін аңқылдаған қалпы. Сәл толып кеткені болмаса, мінезі өзгермепті. Мені өзіне тартып үйіріп барады.

– Күйеуің қайда істейді? – дедім.

– Өзімнің бастығым, осы совхоздың бас бухгалтері.

Зәуренің үйіне келдік. Күйеуі жұмыстан келген беті екен, таныстықтан соң өзімсініп сөйлеп жатыр.

– Иә, иә, сізді Зәукенжан айтып отыратын, жазғандарыңызды оқып маған Саржалдың жігіті деп мақтанып қоятын... қысылып-қымтырылмай, өз үйіңіздей еркін отырыңыз, – деп күйеуі ықылас білдірді. Орта бойлы, кара бұжыр (бар тапқаны осы шығар) отағасы маған салған жерден ұнаған жоқ. Амал жоқ, отыруға тура келді. Үй іші жиһазға толы, қарасаң көз тұнады. Шетелдік гарнитур, неше түрлі хрусталь сықып тұр (қабырғаға адамның жүрегін ауыртып, екі көзі мөлдіреп, құралайдың бас сүйегі ілінген). Осы мен кейде таң қаламын: біз ғой күндіз журналист, түнде жазушы боп танауымыздан қан кетіп жазу жазамыз, айлап кітапханада отырамыз, сонда езу тартып күлетініміз шамалы?! Ал, мыналар ше, жүр әні, шот қағып, жалғанды жалпағынан басып...

Дастархан үстінде үй иелері қосарланып жалынса да, ішімдіктен бас тарттым. Шайға зауқым соқпады. Алтын жалатқан қасықпен тамақ ішіп көрмеген едім, қысылып-қымтырылып, бір-екі кесе шай ішкен болдым.

– Аз іштіңіз ғой.

– Рахмет, болдым. Дәмді екен. Кеңсе жаққа барып, жұмыстарымды бітіре берсем деп едім.

Өзім асханаға бармай, осы үйге келгеніме өкіндім.

– О, не дегеніңіз, барамыз... барамыз... Өзім жігіттерге жолықтырам. Тоғымызды басып, отыра тұрайық.

– Сонда да бара барсем, – деп қиылдым.

– Жүріңіз... ал, Зәукен, шақырсаң келтіре алмайтын қонақ кеп қалған екен... Кешкіге дайындықты күшейт!

Зәуре бізді күлімдеп шығарып салды. Кеңсе алды кереметтей безендірілген екен. Құрылғанына бір-ақ бесжылдық болса да «Өндіріс» совхозы еңсесі биіктеп, етегін жауып алғанға ұқсайды. Көшелеріне оқтай түзу

ағаштар отырғызылған. Мен тақырыбымның тамаша болатынына іштей «шүкір» дедім.

– Мына суреттерді кім салған? – дедім таңырқап.

– Ә, осында бір келіншек, эне бір шеті көрінген шеткі үйде тұрады. Күйеуі кемтар ма бірдеме. Қазір жұмысында шығар, осы совхозда жалғыз өзі жұмыс істейтіндей таңертең келгеннен қадалып отырады! – Соны айтты да, ол темекісін тұтатты. Неге екенін білмеймін, біртүрлі күй кешкендей болдым.

– Мен барып жолықсам...

– Мейліңіз. Мен осы арада темекі тарта тұрайын.

Кеңсе ішіне кіре бергенімде, бір келіншекпен ұшырасып қалдым. (Құдай-ау бұл кім еді?!)

– Сәлеметсіз бе, Тастан аға.

– Сәлеметсіз бе, айналайын.

(Қайдан, қай жерден көріп едім, бұл бейнені?)

– Тастан аға, танымай қалдыңыз-ау деймін, мен Назбын ғой. Мен сізді бірден таныдым...

– А, айналайын, халің қалай? Осында?..

– Иә, аға. Хан екеуміз осында тұрамыз. Қайтейін тірі қалды ғой, әйтеуір...

Көйлегінің өңіріне екі тамшы жас тамып-тамып кетті (Бұл өмір неткен қатыгез еді).

– Кешіріңіз аға, мен үйге барайын.

Наз тағы бірдеңелерді айтқан болды, түк те түсінген жоқпын. Мең-зеңмін.

Сүйретіліп далаға шықтым.

– Иә, Тәке, қалай сұлу келіншек пе?

Бас бухгалтер темекісін бір сорды да, жерге тастады. Мең-зеңмін.

– Әй, өзіне талай ақша тиюі керек... оған біз беріп қоямыз ба... Картада парт деген болады... хе-хе-хе өзі

бір қияли, анада біздің бір жігіт ауданнан келе жатып, машинаны тоқтатып, қойып... хе-хе... біраз... көнбепті? Қиялилығы ғой, түн ішінде жиырма шақырым жаяу келіпті. Ана жолы мен кабинетте... хе-хе... көнбеді...

Мең-зеңмін.

– Сіз де былай хе-хе... Қаласаңыз, жігіттерден машина алып берейін... Былай атағыңыз бар, симпатичный жігітсіз... ептеп тамырын басып көрмейсіз бе, хе...хе...

– Мә, саған!

Қара бұжырды шықшыттың астынан пердім. Жерге ұшып түсті.

– Әй, бұның не? Мен саған...

– Хайуан!..

Бұрылып алдым да, Наздың үйіне қарай жүгірдім.

Махаббат – көл. Сол көлінді қорғаған қауқарсыз қызғыш құс екенсің ғой! Өз көліңнің қызғышы болу неткен бақыт!!!

Наз!

Махаббатына опасыз, арамтамақ, қуыс кеуде, көрсөкыр пенделердің жанында сен ұлы жансың, мен сенің аяғыңа жығылуға келе жатырмын (Бұрын мен ешкімнің алдында иілген жан емес ем). Жүгіріп барып оқшау тұрған үйдің ауласына кірдім. Үйдің терезесі айқара ашылды.

– Жаным, Наз, қиналдың-ау...

– Жок, Ханкелді, сен ештеңеге реңжімеші, әлі-ақ...

– Мен енді жазылмаймын, керегім не саған, өз бақытынды тап...

– Қарашы, өмір неткен тамаша, түңілме, жаным... екеуміз...

...Бәрі үнсіз қалған... Редактор мен бөлім меңгерушісі маған тіктеп қарайды. Қалған жігіттер менің көз алды-

ма театрдың шешінетін жеріндегі киім ілгіштегі көрермендердің сырт киімдері боп елестеді. Кешірерсіздер, әрине...

Құлағым шуылдап, ештеңе естімей қалдым. Хан мен Наз терезені айқара ашып, адамдарға қарап қалған. Терезе түбінде мен де тұрмын. Сіздерге не айтпақпын? Бір күдірет сол терезенің түбінде тұрған менің еңсемді биіктетіп жіберді.

Мен сіздерге карадым. Сіздерге...

ҮЙІРІН ТАБАР МА ЕКЕН?

Көз ұшында бұлдырап көрінген тау сағым құбылған сайын жұртта қалған сандықтай көрінер еді.

Жақындап барып қараңыз. Қайдағы сандық? Сарыарқаның құлжасы Шыңғыстау емес пе?! Көрдіңіз бе? Ә, не айтайын сізге, Ұлы тауды, Ұлы жерді бірден аңғармаған көзден не қайыр; ештеңенің иісін сезбеген қоңқиған мұрныңды жұлып алып жерге бір ұр дейін десем, әлем-жәлемді ғана көретін қос жылтырағыңыз бір-бірін жеп қоюға дайын тұр; бәлесінен аулақ, менің дархан жүректі, дала тұлғалы даламда қан аз төгілген жоқ; мың-мың адам көз жасын көл қып төкті; ұрпағының несібесі тістегеннің тісінде, ұстағанның уысында кетпесін деп ат үстінде қалғымай күй кешті, оны сіз сезбесеңіз, көрмесеңіз көрмей-ақ қойыңыз, әйтеуір амандығыңызды тілей отырып айтарым: Шыңғыстауды көзбен емес, тап-таза жүрегіңізбен көргеніңіз жөн. Сонда ғана ұғасыз, сосын адами қызғаныш адымыңызды аштырмай, періште көңіліңізді тұсап, пенденің әніне басарсыз: бұлбұлдай сайрасаңыз да Шыңғыстаудың бозторғайына жетпейсіз; амалыңыз құрып, мені арқанызға мінгізіп, әлемді жеті айналдырып келсеңіз де, жетпіс түйеге алтын артып алдыма әкеп қойсаңыз да, телқоңырымды құшақтап, «бермеймін» деп теріс қарап жатып алатыныма күмәніңіз болмасын, шыр етіп дүниеге келген сәттен бастап анамның әлдиімен бірге тербеткен жер-бесігімді сіздің алақандағы мұзға қалай ғана айырбастайын.

Күйкі тірліктің тот басқан ауыздығы езуімді жыртса да алқара топтан арқардай ауып алдымен өзіңе жетемін,

Шыңғыстау, сенен басқа басар жерім, бас иер тауым жоқ; бүйрегің байғыздай жылап, жылдың төрт мезгілін өксумен өткіздің; көз жасың суалып, ақселеу шашың жидіп түсті; сонда да еңкеймедің, еңсең биік болсын деп етектегі тасынды өрге тасыдым, қарым талып көзім қарауытса, бауырыңа бастың, қасиетіңнен айналайын, Шыңғыстауым; сенің құдіретің керемет қой, жарық дүниені бір көруге зар болған зағип жан бұлағына бетін жуса көзі ашылып, жусаныңның тамырына тиіспей дәмін татқан мылқауға тіл бітіп, қойтастарыңды құшақтап «анамды арқалап, Меккеге апарар едім» деп шын егілген бүкірдің бойы түзелер еді.

Аламан бәйгеде жебеушім сен болғансың, тұяғымның сүрінген жері жоқ, бауырыңдағы қозы көш жер созылып жатқан сап-сары Сарыжал топырағына үш аунап, бір сілкінсем, басқалардың құйрық-жалын сүзген «пырағы» менің жанымда тезек теріп далада қалады ғой...

Сенде тудым, сенде өлсем арманым не, Шыңғыстау. Бәрін де сеземін, бәрін де білемін. Дегелең жақтан қарақұйын көтерілген кезде омыртқанды опырып, жұлыныңды суырардай қиналасың қаранарым!..

... Әне, шілденің шаңын басына көтеріп қарайған келе жатыр. Машина екен.

Шопыр жігіт күн қағарын басыңқырап қойды. «Аллау, мына жазық біте ме, жоқ па? Тас жолға бір іліксем үш сағатта қалаға жетер едім».

Радиоқабылдағыштың өнешін қырылдатты. Шикшик бірдене. Өшірді. Көзіне мидай жазықтың бетінен қыбырлаған ілікті. Жылдамдықты үдетті. Жол шетінде екі аяқты Адам тұр. «Адасып жүр ме, мына қу далада?»

«ГАЗ-53» ентігіп барып тоқтады. Шаң-тұман. Жолаушы қарманып жүріп машинаның есігін ашты.

– Қалаға дейін...

– Отырыңыз.

– Үһ, жанып кеттім ғой, түге, – деді қарабұжыр желпініп. Кездескенің жақсы болды, бауырым.

Шопыр тас жолға шыққанша жақ ашпады. Үнсіздікті мінгескен адам бұзды.

– Құдаларыма келіп едім, бір апта қымыз ішіп... жақсы-ақ отдыхайт қылып едім, қойларын қырықтыққа апару үшін бүгін таңертең көшетін болды, көш деймін-ау, үйлерін арбаға тиеп мал соңынан еріп кетті.

– Қазақпыз ғой, ағашка, – деп әлде мысқылдағаны, әлде күлгені белгісіз, шопыр ыржалақтады.

– Қазақпыз дейсің бе, онда жөн сұрасайық, қайдан келе жатырсың?

– Дегелеңде шахтада істеймін.

– Қайдағы шахта?

– Әй, ағашка-ай, сіз де қызық екенсіз, кәдімгі шахта. Қаладан кабель тасимын, табыс жақсы... Өзім Курчатовтың подхозында тұрамын.

– Ол жақта қайдан жүрсің?

– Бір танысым бар еді, сол арқылы әрең орналастым. Курчатовта бәрі бар.

– Осы далада, жер астында самолет қонатын аэропорт бар екен, біздің құда қой жайып жүргенде көрдім дейді.

– Полигонда не жоқ дейсіз, офицерлердің ішкені алдында, ішпегені артында.

– Қойшы, бауырым.

– Қой түгіл ешкі де жоқ, ағашка. Құстың сүтінен басқаның бәрі бар. Жақында полигонның генералы әйелін, қызын, кәнден итін ертіп, самолетпен бір түнде Мәскеуге Алла Пугачеваның концертіне барып келді.

– Астапыралла!

Шопыр күн қағарын көтеріп, әңгімесін жалғады.

– Саржалдың жігіттері антеннаға кабельді менен сатып алып жүр. Қанша рет айттым, ауылды тастап Курчатовқа көшіп алындар деп. Туған жер, туған жер деген аяқтарын баспайды. Курчатов бай қала, бәрі бар, арзан, Америка оның қасында чепуха...

Кенет, жолаушы шок басып алғандай шар ете қалды.

– Токта, токта...

– Не болды?

– Әне, әне, сәл шегін, тағы-тағы.

Жол жиегіндегі жырада қасқа құлын жатыр. Екеуі секіріп түсті. Құлынның мойнындағы бұғалық аяғына оратылған. Шимайын екі жақтан әрең шешті. Құлын дір-дір етті, шопыр жалынан сипап, әрең дегенде құтыдағы суынан екі-үш жұтқызды. Көтеріп машинаның қорабына салды.

– Байлап қоймадық па? – деп жолаушы сақтық танытып еді.

– Әй, қайтер дейсіз, басын көтере алмай тұрғанын көрмейсіз бе? – деп анау қолын бір-ақ сілтеді. Машинаға жан біткендей жылжып кетті. Шопыр көңілді.

– Жақсы болды ғой, малыма мал қосылды. Қарабұжырдың кеудесін қызғаныштың мысығы тырнап-тырнап алды. «Мен ғой, тауып алған мен ғой».

– Біздің подхозда солдаттар шошқа бағады, жем жетеді, соларға қосып қоямын, жүрсін талпақ-танаулардың арасында тайрандап. Қыста базарға...

– Інішек, жол үлкендікі емес пе?

Шопыр радионың құлағын бұрады: бір топ жігіттер «кияқ-кияққа» басып жатыр екен. Өшірді.

«Мына, қарабұжыр қайдан ғана кездесіп еді?»

«Жөн білмейтін жаман жігіт қой, мынау».

Шопыр мен жолаушының көздері алда, көңілдері түү сонау қантардағы ет базарында.

Алдарынан жол жөндеушілердің белгісі көрінді. Машина тас жолдан еңкейіп, сүрлеу жолға түсті.

– Токташы, бала, кеудем...

Токтады. Екеуі бірден жерге түспей қорапқа мойындарын созды. – Ойбай, құлын секіріп кетіпті. Жолаушы бажылдады да қалды.

– Қап, әттеген-ай, бұйырмады. – Шопыр қолын бір-ақ сермеді. Жолаушыға салсаң, жаяу қуатын сыңайы бар.

...Қасқа құлын екі өкпесін соғып, обатастың көлеңкесіне жығылды. Күн еңкейіп, көлеңке ұзарғанша жата берді. Бөтен иісті сезді. Орнынан атып тұрып, дүрсілкінді. Жер бауырлап келе жатқан мақұлықтың бойын көрмей тұрып иісін сезді. Кісінеп, Шыңғыстауға қарай тартып отырды.

Қамшылар жақтан өзіне көлеңке косылды. Қасқыр... Жақындап... жамбасына өткір кездікпен осып жібергендей көзінен от жарқ етті.

Құлын Сарыарқа төсін қоңыраулатып кісінеп, зулады дерсің. Қасқырдың тілі салақтап, шоқиып далада қалды.

Қасқа құлынның тынысы ашылып, шұрқырай шауып келеді.

Күн еңкейді. Ақшам жамырап, ақ пен қызыл арасында айқасқасы жарқырап менің құлыным кетіп барады.

Қасиетті Шыңғыстау, тұяқ-ізімді бассын деп құдайдан сұрап алған жалғыз құлыным еді. Тіл-көзден сақта. Жебеп жүр.

Шыңғыстау! Алты алаштың аламан бәйгесінде алдынан құс ұшырмайтын арғымағың осы, қасқа құлын!

Тәтті ұйқыдан шошып ояндым. Бала кезімде күн батыр жақтан талай жарылыс болатын еді.

Енді-енді босаға жұлдыз төмендеп, айналайын, Күн-Ана көтерілерде шығыстан, қытай жақтан жарылыс үні шығатын болды.

Бүгін түнде түсімде тағы да Шыңғыстауда айналған қасқа құлынымды көрдім, әлем тек қана сап-сары жазық боп кеткен екен деймін...

Шыңғыстау – Құлын ұлан-ғайыр жазықтың бетінде шауып барады.

Құлыным менің, үйіріңді табар ма екенсің?!

ҚАҚПАН

«Наше – или ваше – счастье»

Рюноскэ Акутагава

Шал ерте оянған. Атты арбаға жеккісі келмеді. Күн шыққанмен, таңертеңгі шықта біртүрлі ызғар бар. Бойы тоңазыды. «Суырлар былтырғыдай ерте жатып қала ма екен?» – деп ойлады. Осы ой шалды шаршатты, шаршатқан емес, анығында қартайған. Кейінгі екі жылда шашы ағарған. Өзі де терісін сыпырған суырдай сұрықсыз. Кірпігі ағарып, шашы түсіп, қабақтары суалған. Мандай тісінің бір-екеуі ғана сойдиып, сөйлеген кезде түкірігі шашырап тұрады.

Ақырын аяңдады. Шал. Төбе басындағы зират. Бұл жерде жалғыз ұлы мен келіні жатыр. Осыдан екі жыл бұрын, қаладан келе жатып жол апатына ұшыраған. Қазір он жастағы немересі екеуі ғана...

Кәсібі – қақпан құру. Соңғы он-он бес жыл шалдың аты осы өңірде аңызға айналды. Қақпанның тоқсан тоғыз түрін білетін шығар. Суыр інінен шықты дегенше, осы шалдың тұзағына ілінді дей бер. Көмекшісі – мылқау жігіт Иван. Құлағы саңырау, тілі жоқ, арақты көп ішеді демесең, ширақ. Ақкөңіл. Жылдың екі мезгілі науқанды қыздырып жібереді. Биыл ауылға бір қытай пайда болған. Аты – Ла Тун Шәуешектен. Суырдың терісі мен етін қабылдайды. Тіпті, жолдың шетінен асхана да ашты. Әрі-бері өткен жолаушылар бұрышталған, сарымсақталған суырдың етін соғып алады. Басында жиіркенген ауыл адамдары «ойбай-ау, бұл суыр

дегенің таза бидайды ғана жейді екен, еті адал» деп айта бастады. Қытайдың саудасы қызды. Шал мен оның серігі мылқау жігіттің қалтасын қампитты.

Қытайдың дәмханасына бас сұққан шал. Қуанған Ла Тун алдына барын төкті. Әндетіп-ақ отыр еді, қайдан шыға келгенін кім білсін, жуан шұбар жылан ирелеңдеп барып, дәмхананың бұрышындағы қуысқа кіріп кетті. Шалдың бойы мұздады. Қытай қатты қуанды.

– Гыга, – деді қытайшалап. Ондағысы, аға дегені. – Осы даладан мынандай жылан көрсең, маған ұстап берші, бұл нағыз юани, юани ғой, – деп көзі жайнап кетті.

Шалдың қол-аяғы мұздады.

Қытай сампылдап сөйлеп отыр.

– Шал, енді бір бес жүз суыр ауласаң, қыста бос жатпайтын сияқтысың. Моторлы шаңғы алып беремін. Оқ дәріден кем болмайсың, қар бетінде қыбырлаған ит-құсты қырып саласың, – деді.

Шал қытайдың дәмханасынан асығыс шығып кеткен.

Бес жүз суыр дегенің шал үшін ештеңе емес, әрі кетсе бір айлық жұмысы... тек осы Ақмола даласында қыбырлаған суыр жүрсе болғаны.

Шал дұғаны ұзақ оқыды. Ағарған кірпігіне мөп-мөлдір жас тұнды. «Кешір, алла, суырдың ажалын кәсіп еттім. Мүмкін осының бәрі – сол суырлардың обалы шығар... Маған кінә қойма, құныққан құлқынымды тоқтата алмадым. Нәпсі. Пайда». Жоқ... Жоқ...

Шал күрсінді. Күбірлеп бетін сипады да, төмен қарай аяңдады. Марқұм кемпірі көзі тірісінде өлердей жалынып: «Шал-ау, өмірге немерең келді. Ақмоланың суырын қырғанда, саған алғыс айтатын кім бар дейсің, одан да жалғыз ұлдың тілеуін тілеп, құдай деп отырмайсың

ба? Қақпаныңды тасташы, сенсіз де ел баскиім киіп, итінің ұртын суырдың етімен майламай-ақ қойсын».

Шал тындады ма кемпірін?.. Тындамады. Қатты өкінеді. Жалғыз ұлдан айырылды. Осы қайғыдан кейін шалдың жүрегі қатайып алды. Қақпанын арқалап, тау-тасты кезіп кетті. Өкінеді. Кемпірінің зиратына баруға біртүрлі қорқады. Енді өкінді не, өкінбеді не?!

«Ата, ата», – деп туған әкесіндей күтіп, жағасына кір жуытпай жүрген келіні мен жалғыз ұл да, енді мәңгі жоқ. Өлгендер – бақытты, ал біз... біз... – күнәһармыз.

Сүрініп кетті. Шал. Күрсінді. Күн көтеріліп қалды. Шық кепті. Шаң жоқ. Шал үйіне келді. Мылқау атты арбаға жегіп жатыр. Оған қарап тыжырынып немересі тұр. Атасын көріп жақындады.

«Кейінгі уақытта немерем Иванды неге ұнатпайтын болды?»

– Ата, бүгін сабаққа бармай-ақ, суыр аулауға барайыншы, – деді немересі.

Үндемеді. Келіскені. Шалдың қол-аяғы мұздаған. Осыдан бір жұма бұрын қақпанға артқы аяғымен түскен суырдың екі қолын төбесіне қойып, еңкілдеп жылағанына қарамастан, немересі қолына сүймен темірді алып, жазықсыз мақұлықтың басынан ұрып-ұрып, екі көзін шығарып, сүт аралас қан-жынын аузынан ағызып, сүйретіп әкеп алдына тастағанда кәрі ат үркіп, арбаның дертесін сындыра жаздаған. Тілі байланды. Немересі мақтау күткен. Үндемеген.

...Олар ұзақ жүрді. Түс болды. Қақпанға түскен суырды кездестіре қоймады.

«Осы егістіктен суыр көшіп кеткен бе?» деп ойлады мылқау жігіт.

Арбадан аяғын жерге салбыратып, шалдың немересі алақ-жұлақ етіп, алқаптың о шетінен, бұ шетіне қарап

отыр. Кәрі ат арбаны жұлки тартады. Ауылға жалғыз қытай келгеннен бері, бидайдың сабағын менсінбей, арпа, сұлы жегеннен кейін бе, қабырғасына шыр бітіп, кейде суырдың інінен үркіп, оқыс мінез көрсететін болды. Кәрі ат аяндады, арбаның донғалағы жеңіл айналады. Бір кезде екеуі байқамай қалды, Иван арбадан секіріп кетіпті. Әне, бір суырды шырылдатып, тұмсықтан ұрып жатыр.

– Ата, осы саңырауды неменеге ертесің, тапқан пайданың тең жартысы далаға кетіп жатыр, – деді немересі.

– Әй, балам-ай, – деді шал жасаураған көзін сүртіп. – Ол бақытты адам, ешқашан қақпанға түскен суырдың адам баласы сияқты шырылдап, жылаған даусын естімейді ғой...

...Түн ортасы. Шал қиналды. Немересі пысылдап ұйықтап жатыр. Жүрегі ақырын-ақырын соғады шалдың. Таң атқанын көрмейтінін іштей сезді. Орнынан тұрып, ұлы мен келіні жатқан төбеге барғысы келді. Денесі қозғалмады. Ойланды. Ойланды. Ойланды...

Жүрегінің соғысын ап-анық естіп жатыр. Тық, тық, тық.

Тықылдаған жүрегі тоқтап, кемпірінің даусын ап-анық естіді. «Шал-ау, аңыз бойынша суыр бір патшаның қызы болған екен. Суыр да біреудің баласы ғой, баласы...»

Бір кезде байқап қалды, мың шақты суыр қолдарымен басын ұстап, ұлы мен келінінің зиратын қоршап, зар илеп жылап отыр екен. Ол – бұл сұмдықты көргісі келмей көзін жұмды. Қап-қараңғы, ештеңе естімейді.

Шал енді бақытты. Ол да ешқашан суырдың адам баласы құсап жылағанын естімейді. Естімейді. Естімейді...

«Шал да енді бақытты...»

ДАУЫС

Сенбі. Кешкілік қоныс тойын тойлауға оншақты адам жиналған. Төрде ата-енесінің дос-жарандары. Дастархан мол. Ақтан көңілді. Кезек-кезек тілек айтып, тіпті бір-екі ән де шырқалды. Бір кезде... Ақтан, неге екенін өзі білмейді, «ух» деп орнынан атып тұрды да, балконға шығып кетті. Жалғыз. Осыдан бір ай бұрын қос қабатты еңселі үйді салып бітірген болатын. Бүгінгі кеш қоныс тойы, Ақтанның көңіл-күйі ерекше еді. Бірақ...

Қонақтар үрпиісіп қалды.

– Өзіңнен тумай, ұл болмас, – деп тістенді атасы.

– Ренжіменіздерші, осы үйді жалғыз өзі салды, шаршады ғой, – деп жатыр енесі.

– Онда біз қайтайық, – деді қонақтардың бірі.

Ол балконда жалғыз.

Аспан жұлдыз тақиясын киіп, маңдайы айдай жарқырап тұр. Ақтан ойланды. ...Есіне түсті. Ең соңғы рет әкесін көргені. Күз еді. Күз болғанда жетім күшіктің көзіндей жасаурап тұрғанмен, арланның аузындай ызғарлы болатын. Совхоз орталығынан жиырма шақырым жердегі фермадан күні бойы жүргені. Жүрген емес-ау, тастақ жолдың қиыршығын шақыр-шұқыр шайнаған арбаны қайта-қайта тоқтатқан әкесі. Ішкен. Орыстың әйелі екеуі барылдап өлең айтқан. Қараңғы түскенде орталықтағы интернаттың алдына келіп бір-ақ тоқтады-ау. Қарсы алған. Күзетші әкесімен көп сөйлеспеген. «Түсіріп кет, балаңды» деп танауының астынан күнкөтті. Әбден араққа сылқия тойған орыс әйелі омырауына қолын салып, бір рубль сарықұлақ алып шықты да:

– На, сынок бери, купи себе пирожки, – деп қолына ұстатты. Әкесі болса, өзі де бір атадан жалғыз екенін, сен де менің жалғыз ұлымсың деп ықылық атып, біраз сөйледі де, арбасына отырып кете барды.

– «...Жайнаған гүлдей кұрбым сен,
Жағада тұрдың сен...»

Жел тұрып, жапырағынан айырылған теректердің басын ұлардай шулатып, әндетіп бара жатқан әке дауысын естіртпей жіберді.

Ақтан сасық иісі шығып тұрған бір рубльді жерге лақтыра салды.

– Жүр, балақай, бүгін түн менің лашығымда ұйықтайсың, ертең саған директор бөлме береді, – деді күзетші, мұны қолынан ұстап қараңғы ұзын дәлізге жетектеп бара жатып.

Қап-қараңғы дәлізде келе жатып, Ақтанның көзін сонау алыстан жылт-жылт еткен бір жарық көрініп еді.

Бір жылдан кейін аудан орталығында тұратын нағашы апасы қолына алды. Мейірімді адам еді жарықтық, күн батып бара жатқанда «Сенің шешең осы алқаштың кесірінен өлді» деп қарғап-сілеп, бір-ақ ұйықтаушы еді. Қарғысқа ұшырады ма, одан кейін әкесі бұлардың көзіне көрінген емес.

Жолы болып құрылыс институтына түсті. Сол жылы жалғыз қамқоршысы, нағашы апасы қайтыс болды. Ақтан қатты қиналған. Күндіз оқып, түнде жұмыс істеді. Каникул кездерінде курстастары ауыл-ауылдарына кетіп жатқанда, бұл жалғыз қалып, вокзалға барып, жүк түсіріп ақша табатын. Сөйтіп жүріп, ай десе аузы, күн десе көзі, тал шыбықтай майысқан Ажармен танысты. Ақылды қыз. Жастар жиналған жерге әкесінің машинасымен келетін. Әрі кетсе бір сағат, не екі сағат болып,

қайтып кететін. Ақтан шын ғашық болды. Арада үш жыл өткен соң, соңғы курста үйленді.

Тойды есіне алғысы келмейді. Азап болды. Өзі танымайтын адамдар, көл-көсір дастархан. Күйеу жолдастан басқа курстастарының біреуін де шақыра алмады. Ұмытпайтыны, бір жұма өткен соң Ақтан төрт жыл жинаған ақшасына екі бөлмелі шағын үй сатып алды. Үй болғанда жалғыз басты немістің кемпірінің төрт бөлмелі үйінің жартысы. Сол күні командировкадағы қайын атасын күтпей, жалғыз чемодандарын көтеріп, жас жұбайлар көшіп алған. Құтты үй болды. Үлкен ұл Ертарғын осы үйде туған. Қазір он төртте. Атасы сол үйге бір де бір рет бас сұқпаған. Келуін келгенмен машинадан түспей, Ажармен ғана сөйлесіп, қолындағы бірдемесін беріп, кері қайтып кететін. Қиналған. Ақтан соның бәрін ұмытты.

Уақыт өтті, жаңа заман келді. Бизнес басталды. Көрмегені жоқ, әйтеуір құрылыс компаниясының жұмысы бір қалыпқа түскен еді.

– Балам, суық тиеді ғой, – деп енесі бұның иығына костюм әкеп жапты. Папаларың қонақтарды шығарып салып кетті...

– Апа, коньяк ішейікші.

– Ойбай, балам-ай! Қазір, қазір, – деп енесі ішке кіріп кетті де, күміс табаққа тоназыған құстың етін салып, коньяк алып келді.

– Өзің құйып іше ғой.

Құйды. Тартып жіберді. Екіншісін құйып жатып, бірдеңе айту керек екені есіне түсті.

– Апа, сізге рахмет, – деді.

– Балам-ай, несіне рахмет айтасың, бірінші құдайға, екінші саған рахмет, балам, жанталасып жүріп жалғыз өзің осы үйді салдың. Көмегіміз болған жоқ. Біз енді кемпір-шал болдық, пенсиядамыз. Папаларың екеуіміз-

ге ренжімендер, жаңа қонақтар да үйді мақтап, Ажар екеуіңе бақыт тілеп кетті.

– Одан артық не керек?! – деді енесі көзі жасаурап.

– Апа, сіздей алтын адам үшін, – деп ішіп қойды. – Ренжіменіз, мен енді ұйықтаймын.

– Сөйте ғой, қарағым, шаршадың ғой.

Ұйықтаған. Тұяқ серіппей түске дейін жатты. Кіші ұлы қайта-қайта келіп мазасын алған соң, орнынан тұрды.

– Папика, кеше сен маған уәде бергенсің, овчарканың күшігін әперем деп. Түс болды. Жақсы күшіктер түске дейін сатылып кетеді. Жамандары өтпей тұрады, – деп жатыр.

– Папа, гараждан машинаны мен шығарайыншы, – деді үлкен ұлы. Ақтанның есіне әкесі ат ерттегенде бұған мықшындатып, айылды тартқызып қоятыны есіне түсті. Орнынан тұрды.

– Мама, несіне әуре болып тамақ жасадың, түннен қалған тамақты ысыта салмадың ба? – деді Ажар шешесіне.

– Ақтаннан ұят қой, түннен қалған тамақтарды ер-азаматқа беріп не болды сонша?

– Қайырлы таң! – деді Ақтан.

– Жақсы демалдың ба, балам?

– Рахмет. Мына жаман немереңіз Елжас таң атпай базарға барам деп оятпағанда, әлі ұйықтай береді екенмін.

– Базарға дейсің бе? Мен де барамын, – деп күйеуіне күлімсіреп қарады Ажар.

Үндемеді. Келіскені...

– Папа, гараждан машинаны мен шығарайыншы, – деді Ерттарғын әкесінің белінен құшақтап. – Енді үш жылдан кейін мектеп бітіремін ғой.

– Әкесі, мына ұлыңды еркелете берме, жетер енді, осыдан бір ай бұрын джинсы мен кроссовка әпергенмін, кара эне, не істегенін! – деді Ажар қабағын түйіп.

– Ұрыспашы балаға, ойын баласы емес пе, киім тозады, өмірлерің ұзақ болсын. Жүріңдер, кәне, тамақ ішейік, тауықтың сорпасы дайын, – деді енесі.

– Күн бұлыңғыр. Жаңбыр жауатын сияқты.

Базарға келуін келгенмен, машинаны қолайлы жерге қоя алмай біраз жүрді. Елжас әкесінің есін шығарды.

– Папика, күшікті алғанда екі құлағы тесік, чистый овчарка болсын. Күшікті енесімен қосып алайық, әйтпесе мамасын іздеп жылайды ғой.

Ығы-жығы халық. Ақтан ұлдарының қолынан ұстап алған. Базар құмырсқаның илеуі сияқты. Құжынаған халық, әрі-бері сапырылысып жатыр. Ақтан орнында сілейіп тұрып қалды. Жан-жағына қарады. Құмырсқаның илеуі.

– Папика, қолың неге дірілдейді? – деді алты жастағы баласы.

Үндемеді. Ақтан жан-жағына қарамады.

«... Өзіңмен Арыстың
Бойында таныстым...»

– Мынау менің әкемнің дауысы ғой, – деді де, Ақтан сапырылысқан халықтың ішіне кіріп кетті.

– Мама, папамның әкесі бар ма еді? – деді Ертарғын.

– Ура, у нас будет дедушка, – деді кіші ұл.

– Сендердің аталарың бар.

– Ол сенің папаң, – деді Елжас танауын көтеріп.

Ақтан халықтың ортасына кіріп, аң-таң болып қалды. Базар. Ығы-жығы халық. Дәл бір құмырсқаның илеуі дерсің.

Адамдар әрі-бері өтіп жатыр.

«... Сені іздеп арманым,
Сыр бойын шарладым...»

Күн жылап, құмырсқаның илеуіне көз жасын төгіп жіберді.

О, МАХАББАТ!

Алданған жүрек алданыш іздейді екен...

Жо-жок, аспан астында ақиқат барда менің елімді сағынғаным шындық. Жаралы жүрегіме ем таба алмай, аурухана төсегінде аласұрдым. Өзімді-өзім алдағым келген. Болмады. Елімді, Махаббатымды сағындым. Өлуге айналдым...

Қайдасың, елім?.. Мен келе жатырмын. Күшікбай бұлағынан толғап-толғап су іштім. Қасқабұлақтан асып кеттім. Жүрегім дүрс-дүрс етіп, кеудеме сыймайды. Алда жол... Жол. Жол. Жол. Үш қайтара айтқан сәлемдей!

Сонау алыстан Орда тауы көрінеді. Шөккен бурадай. Көшкен елдей. Жалдарын желге тосқан мың-мың жылқы сияқты. Сағым көтеріп тұр. Сағым. Сағым. Сағым.

Үш рет айтылған сағыныш әні сияқты.

Махаббат мекені Орда тауынан солға қарай бұрылар жерде жол мекемесі орнатқан құлынның ескерткіші тұр. Елеусіз ғана. Қарапайым. Бірақ, мен үшін ерекше. Қымбат. Құлын... Осыдан көп-көп жылдар бұрын мен осы құлынның маңдайын ақ бояумен бояп, «Бұл – Оралханның қасқа құлынының құрметіне орнатылған ескерткіш», ел айтып жүрсін деп, ырымдаған болатынмын. Бүгінде әрі өткен, бері өткен жолаушылар «Қасқа тайдың тұсынан түсіріп кет» деп айтады екен. Әрине, бұл күнде мен бояған бояу өшіп қалған. Әр-әр жерінде кішкене ақ дақтар қалғаны болмаса. Осы жолы әдейілеп тағы да құлынның маңдайын бояу үшін келе жатырмын. Алып-ұшып жеттім...

Орда тауы. Басынан бұлт көшіп жатыр. Бұлт емес-ау, жүздеген аппақ қаздар жарыса ұшып бара жатқан сияқты. Сұлу сурет. Отау үйдей қазбауыр бұлт тас құлынды бауырына алып, біраз тұрды да, жер бауырлап солға қарай жылжи берді. Таң қалдым. Тас мүсін қозғалып кеткендей. Тіпті, менімен сөйлескісі келген сияқты. Мен – адаммын, бірінші болып мен сөйледім.

МЕН: Қасқа құлыным-ау, сенің жаның мен бейнең тастан жасалған болса да, сен **ҰЛЫ ТАЛАНТ** Оралхан Бөкеевтің бір шығармасының символикалық бейнесісің. Мен – адаммын. Сенімен тілдескім келеді. Жаным жүдеді. Жалғыздығым арқама аяздай батады. Мың адамның ортасында жүрсем де, өзімді жападан-жалғыз сезінемін. Бір табақ қазы-қартаны өзім жалғыз жесем де, қарным ашып тұрады. Бұл не деген ас батпайтын асқазан! Бұл не деген көтерілмейтін көңіл! Мұңға толы кеуде. Сен айтшы, қасқа құлыным, мен кімін?!

ҚҰЛЫН: Мен сені керемет адам деп ойламаймын. Ортаңқол көп талапкер жазушының бірі ғанасың. Бірақ, құштарлығың, алға ұмтылысың бар. Соның бағасын білмей жүрсің. Менің **ИЕМ** – Оралхандай жазушы болу үшін саған көп еңбектену керек. Өзінді-өзің қолға ал. Жақсылықты ойла, жасық болма. Дәл қазір менің иеме еліктеген көптің бірі ғанасың.

МЕН (аз-кем үндемей тұрдым): Қасқа құлыным-ау, осы жазу үшін түн ұйықтамадым, күндіз ас ішпедім. Басымды тауға да, тасқа да соқтым. Осы жаз Махаббаты жолықтырғаннан кейін қайта түлегендей едім. «Қолда бар алтынның қадірі жоқ» дегендей, Махаббатымды ренжітіп алдым.

ҚҰЛЫН: Сен оны ренжіткен жоқсың.

МЕН: Қалай? Мен... мен...

ҚҰЛЫН: Иә, ол сені сынап жүр. Ал, сен байы ұрған жаман қатын сияқты бір жолғы сынға шыдамай, байбалам салдың. Төзімді болуың керек еді. Өзінді-өзің ұстай алмадың. Ашық болам деп, тантық болдың. Іштің. Жындандың. Өзінді-өзің бұралқы иттей көрсеттің. Шыдам болмады. Сабыр емес, Сайтанға ердің. Сен ынжықсың.

МЕН: Махаббат маған уәде берген. Ешқашан ұрыспаймыз деп. Сенбесен, кешке Орда тауының төбесінде жарқырап тұратын ҮРКЕР жұлдызынан сұра.

ҚҰЛЫН: Мен ешкіммен ештеңе сұрамаймын, сұрай да алмаймын. Менің жанымды ұғатын, менің тілімді ұғатын сен ғанасың. Сенемін саған. Бірақ, өзің ойлашы, ер азаматсың. Әйел жаны нәзік. Аялағанды, жылы-жылы сөйлегенді, өзіне үнемі назар аударғанды қалайды. Ал сен эгоиссің, өз қара басыңды ғана ойлайсың.

МЕН: Әй, тас құлын, сен осының бәрін қайдан білесің?

ҚҰЛЫН: Ә-ә, әлсіз пенде. Сен енді маған «Әй-ға» көштің бе? Есінде ме, осыдан он жылдан астам уақыт бұрын қу жаныңды сүйретіп, «Қытайға кетіп бара жатырмын, өлі келемін бе, тірі келемін бе?» деп алдыма тізерлеп отырып едің, қолдарын дір-дір етіп, маңдайымды әрең-әрең бояғансың. Күбірлеп көп сөйлегенсің. «Оралхан ағам Үнді жерінде қайтыс болды. Елінде кішкентай қасқа құлын бар еді. Оралхан ағамның қырқы өткеннен кейін ауыл азаматтары Оралханның құлыны тай болды, үйретеміз деп, мойнына бұғалық салғанда, иесі жоқ қасқа құлын ешкімге ұстатпай, құздан құлап өліпті. Иесін іздеп, о дүниеге кеткен шығар» деп едің ғой. Маған да жылы сөз айтқансың. «Классик жазушының қасқа құлынының символикасысың» деп едің

ғой. Енді бүгін тас жүрегім жібіп, «Дос жылатып, дұшпан күлдіріп айтады» демекші, өзіңе сын айтып едім, ер-тоқымыңды бауырыңа алып, тулап тұрсың. Тіпті, «эй-ға» көштің. Сенің сөзіңнің шыны қайсы, жалғаны қайсы екенін жақын адамдарың аңғармай да қалады. Олар сенің сөзіңді түсіне алмай қиналады. Өйткені, сен – эгоиссің.

МЕН: Қасқа құлыным-ау, аясаңшы мені. Шаршап-шалдығып саған жеттім-ау.

ҚҰЛЫН: Шаршадым дейсің бе? Әттең, орнымнан қозғала алмаймын. Тұяқтарым тасқа мықтап орнатылған. Әйтпесе, сені арқама мінгізіп алып, жалымнан ұстатқызып, қазбауыр бұлттармен бірге жөңкіліп кетер едім. Амал қанша?!

МЕН: Құлыным менің, кешірші мені. Кешірші, мені.

ҚҰЛЫН: Сен менен кешірім сұрама. МЕН – ТАС-ПЫН. Кешіре алмаймын. Кешірімді Махаббаттан сұра. Ол – Адам. Сені сол ғана кешіреді. Осыдан біраз уақыт бұрын 160 жылдық мерейтойында ол сені елегізіп күтті. Қарауылға бара жатып, жаутаң-жаутаң етіп маған қарады. Ал, тойдан қайтып келе жатқанда менің маңдайымдағы кішкентай ғана төбелге елеусіз ғана қарап, көзін тайдырып әкетті. Сен өзіңнің туған күнің 15 тамызда мен туралы не айттың? Көп-көп ойларды айтып едің ғой. Оған тіпті уәде бергенсің. Махаббат сенің бос сөздеріңнен, орындалмайтын уәделеріңнен әбден жалықты.

МЕН: Неге екенін білмеймін, мен өзімді есекпен бір арбаға жегілген бәйге аты сияқты сезінемін. Сол бәйге аты есекпен бір арбаны сүйреп келе жатып, аламан бәйгенің дүбірін естіп, құлағын қайшылап, тұяғын тарпыш, ұзақ кісінеп, есекпен бірге таңылған дертені сындыра

алмай қиналды ғой. Мен де сондаймын. Менің де тағдырым осындай...

ҚҰЛЫН: Түсінемін, түсінемін. Сен де әбден шаршандың. Махаббаттан көп үміт күтіп едің, араларыңа көп сөздер кіріп кетті. Сол сөздерді жоқ қылудың орнына, өнбейтін іспен шұғылдандың. Барды шаштың. Жоқты іздедің. Өстіп тентіреп жүргенінде Махаббат саған көмекке келіп еді. Оның да қадірін білмедің ғой. Сен анау Орданың биігіне шықшы. Шаршарсың. Шалдығарсың. Махаббатыңды ойларсың. Ол да адам баласы ғой, сенеді, түсінеді. Үмітінді үзбеші. СЕНІ КӨП ИТКЕ ТАЛАТЫП ДАЛАҒА ҚАЛДЫРМАС. Өмірде кешірілмейтін ештеңе болмайды. Өткен өтті. Сөз деген нө? Жел... Болашақтарыңды ойлаңдар. ӨТКЕН КҮННІҢ ӨКПЕСІМЕН ЕМЕС, БОЛАШАҚТЫҢ ҮМІТІМЕН ӨМІР СҮРІҢДЕР. Өйткені, сендердегі сезімнің тамыры – тереңде. Тауға шыға ғой. Тауға шық...

Бір сәтте қалың тұман көшіп келіп, құлын екеумізді қоршап алды. Тұман. Қалың. Есіме Махаббатқа: «Тұманды күнде жолыққанша» деп қалжыңдайтыным түсті. Тұман айықты. Тағы да есіме Махаббаттың: «Аға, сіз үнемі жол жүріп жүресіз, байқап жүріңізші. Сіздің амандығыңызды тілеймін» деп көзіне жас алғаны түсті.

Құлын үнсіз. Тас. Әбден тозған.

...Ойға шомып, орданың биігін көтеріле бердім. Төменге қараймын. Ұзын жолдың бойында анда-санда машиналар өтеді. Құлын орнынан қозғалмайды.

Кәдімгі өмір.

Бірақ, менің кеудемде басқа өмір. Сағыныш. Бұл жер – тарихи жер. «Абай жолын» оқып отырсаңыз, Абай мен Тоғжанның кездесетін жері осы маңай.

«Махаббат па? Осы ма? Осы болса, мынау дүние, мынау маужыраған тынысты нәзік түн... бесігі ғой. Сол сұлу саздың құлақ күйі ғой» деп Абай атамның Тоғжанды алғаш рет көрген кездегі кешкен көңіл-күйіне куә осы маңай...

Абайдың Тоғжанға ғашық болып, алғаш арнаған өлеңі де осы маңайда туған. «Таң... Жүрек таңы... Сол таңым, сенсің бе? Жарығымбысың? Кімсің?» Көз алдында Тоғжанның аппақ жұмыр білегі жас баланың етіндей, ақ торғындай мойын! Таң осы да... өзі ғой!

«...Ақ етің аппақ екен атқан таңдай» деп тебіренген Ұлы Абай Тоғжан ғашығына өстіп жыр арнаған жер осы маңай. Тоғжан әні. Кейінгі жылдары осы ән халық арасында көп орындалып жүр. Құдай-ау, қалай еді?

Кер таудың ат байладым аршасына,

Сәлем айт Тобықтының баршасына.

Екеуміз екі таудың киігі едік,

Қалмасын біз бейбақтың көз жасына, — деп келетін керемет әнді шығарған марқұм Жәнібек Кәрменов ағамыз еді ғой...

Тау басындамын. Жалғызбын. Үлкен Орда тауының ұшар басында қыран қалықтап жүр. Шіркін, құс болсам, Махаббатымды қанатыма отырғызып, аспан мен жердің барлық әдемілігін көрсетер едім. Кеш бата Үркер жұлдыздың астында фотоаппараттарымызды жарқ-жарқ еткізіп суретке түсер едік. «Енді ешқашан ұрыспаймыз» деп қол алысар едік. Бір-бірімізге серт берер едік. (Ант бір-ақ рет беріледі ғой). Мүмкін, әйтеуір, бір жақсы сөздер айтар едік қой... Тебіреніп кеттім.

«Ей, кең дала, тәкаппар таулар! Түсінсеңдерші мені! Адамдар түсінбесе, сендер жанымды түсінсеңдерші!»

Таулар үнсіз.

«Керім... Несін айтасың», – деді Абай.

– Әй, керім! Әй, керім! – деп Ербол да сұқтанып, тамсанудың үстінде еді».

Осы жер. Тоғжанынан айырылған Абайдың Шүкіманды алғаш көріп, Әйгерім деп ат қойған жері. Дәл осы жер Шілікті кезең. Махаббат мекені.

Жел қатты соғып тұр. Қаңку жел.

«Сен – жалғызсың. Жалғызсың. Жалғызсың».

Аспанға қараймын. Ештеңе жоқ. Үңіле түсемін. Жазу. Жазу. Жазу. Үш қайтара толғанған ішкі дерттің запыраны сияқты. Ащы. Бірақ, тәтті мәңгілік. «Көңілінді ашатын, жалыныңды басатын, жалғыздыққа, зарыққанда, талыққанда жүрекке ем болатын жалғыз ғана махаббат, адам шын сүйсе, махаббат – жүректі жаралайтын тікенең! Жар сүйсе, жүрек жазылады, сүймесе, өледі. Махаббат – бір тәтті у, дүниенің – у-шуы жүрекке махаббаттай әсер бере алмайды» деген Мағжан Жұмабаевтың асыл сөздерін тұп-тұнық аспаннан көріп, оқып-оқып алдым.

Махаббатым менің, сенсіз өмірім не болмақ?! Өлмеспін-ау, құр сүлдерімді сүйретіп, ит тірлік кешермін-ау. Мейлі, «мен ішпеген у бар ма?» Көрермін.

Бірақ, Құдайдан бір-ақ тілегім бар.

СЕН АМАН-ЕСЕН БОЛШЫ. СЕН БАҚЫТТЫ БОЛШЫ, МАХАББАТ...

Тау басында тұрып құлазып кеттім. «Әйел үшін арыстанды маймылға айырбастап жіберу түкке тұрмайды» деп еді бір журналист қарындасымыз. Неге айтты екен сол сөзді? Керен болғыр құлағым, осы сөзді қайдан ғана естідім? «Неге?» депмін. «Ақырған арыстаннан ағаш басындағы бананды алып берген маймыл сияқты боп қалады емес пе, құл болады ғой әйелге». Ойланып

қалдым. Сол оймен бүгін Орда тауының басында жападан-жалғыз тұрмын. Баяғы жыр қайта басталды. «Жалғызбын. Ұлым жоқ. Шынымды айтайын, оқырман. Айғайлай, айғайлай, қасқырдан да ұят болды».

Бәрі де жалған, қайтқым келеді Семейге. Асығыс. Дәл сценарий бойынша жұмыс істеп жүрген ассистент құсап, құлынның маңдайын асығыс боядым. Тас құлынға қарайлар емеспін. Өтіп бара жатқан бір машинаны тоқтатып, фотоаппаратымның түймесін басып қалуды өтіндім. Біздің елдің атқамінер әкім-қаралары болмаса, карапайым адамдары ақын-жазушыларды, жалпы өнер адамдарын қатты қадірлейді. Өтінішімді орындады. Сарт-сұрт. Сурет түсірілді (Көз алдыма пәуеске келді).

Ұзақ жол. Тура жол. Күшікбай бұлағына қайта тоқтадым. Денем өртеніп барады. Дем алар емеспін. Ойпырмай-ай, ауа райы да бұзыла қалды. Күздің сүйек сындырар кара суығы. Киіз үйді төңкерердей құтырынып тентек жел соқты. Басымды бұлақтағы ағып жатқан сұп-суық суға төседім. От пен су қашан бірігуші еді? Қалтырай бастадым. Сонда да қоймаймын. Басымды қайта-қайта суға тыға беремін. Тісім-тісіме тимейді.

– Балам-ау, саған не болды? Ауырасың ғой. – Жалт қарадым. Ақ жаулықты апай. «Қайдан көрдім?»

– Суық тиеді ғой, ауырып қаласың. Біздің машинаның ішіне кірші, айналайын.

«Москвичтің» ішінде отырмыз. Апай термостан шай құйды. Кесені өзі ұстатып, бір-екі рет ұрттатты. Жылы-жылы сөздер. Жаным кіре бастады. Рульде отырған жас жігіт:

– Брат, ептеп жүз грамм ішсең қайтеді? – деп бөтелкесін алып шықты.

– Әкет! – дедім. – Әкет. Көрсетпе көзіме. Менің түбіме жеткен осы, шошқаның...

Бойым жылып, жаным кіре бастады.

– Сенің елге келгенінді жаңа қасқа құлынның маңдайы жарқырап тұрғанынан-ақ сезіп едім, балам. Сен де біздің елден шыққан жазушысың ғой, аман жүрші, қарағым.

...Олар ұзап кетті. Есіме түсті. Түсімде көрген адамға өте ұқсайды. Ауруханаға жатар алдында түс көргенмін. Өңім екен деймін. Диванда сұлық жатырмын. Басымды көтере алар емеспін. Бір кезде жаныма басына жаулық таққан бір апай келіп, жылы алақанымен демеп, басымды көтерді де:

– Балам-ау, ана оңбағандар сенің мойныға білдіртпей екі жылан орап қойды, мына ақты мойныға орап берейін, ешқашан шешуші болма, – деп, баяғыдай пионер кезіміздегі қызыл галстук бар еді ғой, дәл сол формадағы, аппақ болғанда аппақ матаны мойныма орап берді.

Оянып кеттім. Таң атып қалыпты. Мына құдіретті қараңызшы, түсімде көрген әйел жаңағы мейірімді апайға қатты ұқсайды. Түс әлетінде Семейге жеттім. Пойызға отырдым. Алматыға бармақпын. Махаббатқа барып, бар сырымды ақтарғым келді. «Ботам-ау, қатыгез емес едің ғой». Қасқа құлынмен сөйлескенімді – бәрін-бәрін айтқым келді. Кешірім сұрамақпын. Кім өз бақытын кір жолдан іздейді? Менің Махаббатқа деген сезімім де, ниетім де ақ. Ақ гүлдер сатып алдым. Сұлтанмахмұт көшесі мен Мұстафин көшесінің қиылысына келдім... Үйіне тақап қалдым...

Кенет, жолымды...

Жолымды...

Қара мысық кесіп өтті...

МОЦАРТ

Түнімен ұйықтай алмаған Адам түс кезінде сүйретіліп орнынан тұрған. «Көзімнің ілінгені сол еді ғой, ұлым-ау. Пианиноңды дарылдатып, оятып жібердің ғой...» деді ішінен. Әжетханаға кіріп, шаруасын бітіре отырып, ұзақ ойланды. Анау-мынау емес, бір мың доллар. Кеше жігіттер берген тапсырма. Сіріңке. Шиді түртіп қалады – мың доллар. Мына ескі «Жигулиді» сағады, жаңасын алады. Тағы...тағы...ойлар...

Адам жаман кісі емес, ақ көңіл. Аңқау. Бір кісіге жетерлік жомарттығы да бар. Бірақ қорқақ. Өзі соған ыза болады. Бала болып ойнағанымен, төбелесіп көрмепті.

Музыканың үні өшкенде, суды сар еткізіп ағызды.

– Ну, папа, ты даешь, не ішің ауырып қалды ма? – деді Ботай күліп.

Үндеген жоқ. «Сіріңке алу керек». Жол шетіндегі өз «учаскесіне» барса болды. Бір мың доллар.

– Кеттік, балам.

– Қайда?

– Орманға.

– Ой, папа, қандай молодецсің. Шіркін, менің пианиноңды алып барсақ қой!

– Оны қайтесің? – деді Адам баласына таңырқай қарап.

– Папа, орманның өз әні бар ғой, сен білесің бе оны... Моцартты тындасаң ғой, папа!

Адам баласына күдіктіне қарады. «Есі дұрыс емес, әйтпесе жынды кісінің сөзін сөйлей ме?».

Бала жиналып жатыр. Үйдің ішінде ерігіп жүрген ақ пудель кірлеп кеткенін сезетін түрі жоқ. Ит. Адам емес. Адам ұқыпты. Таза жүреді. Қызмет. Бірақ онысынан қысқарып қалды. Мұғалім әйелі – базарда. Екі киоскісі бар. Налоговыйда ғой – балдызы. Жиенінде «КамАЗ» бар. Бауырмал өздері. «Ағалап, тәтелеп» тұрады. Өйтпей ше. Ештеңе жоқ, бәрі шешесінің көзі тірі кезінде осы үйде өсіп-өнген. Марқұм, өте мейірімді еді. Осы Ботайды алдына алып, ыңылдап ән айтып отыратын еді, жарықтық. Мектепке барғанын көре алмады.

– Жүр, папа, біз дайынбыз.

– Біздің кім?

– Шарик және мен.

– Жетіскен екенсің итпен дос болсаң...

Көптен адам болып ашуланғаны осы. Ашуланып жүріп машинасына от алдырды. МАИ бекетіне келгенде, жел соқса, құлағалы тұрған жүдеу, алатаяқты тоқтатты. Жүрегі су ете түсті. Правосының орнына сіріңке ұсыныпты ғой. Анау басын шайқаған.

– Байқап жүріңіз, – деді маңғазданып жүдеу неме. Бірдене дегісі келіп еді, бұған пысқырып та қараған жоқ, шидиген қолымен ала таяғын көтеріп, ағызып келе жатқан «иномарканы» шиқ еткізіп тоқтатты.

Адам өз «учаскесіне» келді. Ботай мен ақ пудель қалың қарағайдың ішінде ойнап жүр. «Ақымақпын, ақымақпын, баланы ертіп нем бар еді». Жігіттер ешкімге сездірмек түгілі, өздерінің тапсырыс бергені туралы тіс жармауын шегелеп тұрып тапсырған. Адам уәде берген.

– Папа, орманның иісі қандай тамаша! Иіскеші, бұл да ғажап музыка ғой, – деді Ботай.

«Точно», – деді ішінен Адам. «Точно, жынды, мұны ертең дәрігерге қарату керек».

– Папа, тыңдашы, бұл – Моцарт, – деді ұлы кассетаны қосып жатып. Жүріп кетті. Адам адымдаған. Жүз елу қадам. Мың доллар. Ойланып жүріп алды. Сірінке ұстаған қолдары дірілдеді. Бір тартты. Болмады. Тұтанбақ түгілі ши бел ортасынан шырт етіп бір-ақ сынды. «Китайский екен».

Алға басқан аяғы артқа кетіп, машинаға келді. Ботай танауы пысылдап, ұйықтап қалыпты. Қолында кассета. Лентасы шұбатылып жатыр. Магнитофонның оңдайы бар. Налоговыйдағы балдызы туған күніне жаңасын әперемін деген, ұмытып жүр. «Жезде, маған жұмысқа келсеңізші», – деп еді. Әйел көнбеді. «Үйде бол. Ботайды музыкаға кім апарып келеді».

Терлеп кетті. Бойтұмардай сақтап жүрген орамалды қалтасынан алып, маңдайын сүртті.

– Апамнан қалған көз ғой, – деді сыңсып тұрған қалың орманға қарап. Адам түшкірді. Ботай пысылдап ұйықтап жатыр. Ұйқысырады. «Моцарт, Моцарт...»

«Ертең осыны дәрігерге қаратпасам».

Адам шешімге келді. Жүрегін басты. Багажниктен бензинді алып, банкіге құйды. Төгіп алды. Қайта құйды. Шүпілдеп тұр. Канистрдің аузын жабар-жаппастан багажникке емес, машинаның ішіне апарыпты ғой. Уақыт жоқ. Аяғын тез-тез басып, бағанағы жеріне келді. «Осы жер ме, өзі? Онда машина алыстау тұрған сияқты еді». Уақыт жоқ. Бензин құйған банкіні жерге қойды. Қалтасына қол салып еді, сірінке емес, орамал шықты. Анасы қайтыс болғанда жыртысқа таратқан үш жүз орамалдың біреуі өзінде қалған. Еңкейе бергенде аяғынан біреу түртті. Бұтына жіберіп қоя жаздады. Адам қорыққанынан қалш-қалш етті. Ақ пудель. Мойнына

кассетаның лентасы оралып қалыпты. Иесінің қорыққанынан ыржиып тұр, иттің ғана баласы!

Адамның талайдан бергі күлгені осы. Өз-өзінен. Өмір бойында жоқ қайсарлық келе қалды. Бір минут батырлық бітті. Шап беріп ақ пудельді ұстап, үстіне шашамаша бензин құйды. «Әй, сенің де әйелім Түркиядан әкелген кілемнің үстіне істемегенің бар ма?» Шыбықтай иретілген құйрығының ұшына орамалды байлап қойды. Жерге жіберіп, «кә-кә, күшігім» деп еді, ит емес пе, алдыңғы екі аяғын көтеріп, тілі салақтап, шыр көбелек айналды. Ботай үйреткен.

– Қазір сені билетемін, иттің баласы, – деді тұңғыш рет кіжініп. «Ит – иесі үшін» деген атам қазақ, мына ораманды жалғыз өзім өртеп жүрем бе? Біреу көріп қайтса қайтпекпін. Ботай оянып кетсе, мамасына айтып қоймай ма?

Оп-оңай сіріңкені тұтатып тастай салды.

Отты шар айналған. Анасынан қалған орамалды алмақ болып қолын созғанда жалын шарпып түсті. «Орамал, орамал – апамнан қалған көз...»

Отқа оранған ақ пудель жан ұшырып барып, Ботай ұйықтап жатқан «Жигулидің» ішіне кіріп барды. (Жан беру оңай ма...)

Сол-ақ екен...

Өрт үш күнге созылған. Бүкіл қала болып жабылып, әрең өшіріп алды.

...Адам оң көзден айырылған. Жүз жылға қартайған. Шашы түсіп қалған. Ол түк емес қой, Ботайдың жылын бергеннен кейін өмір бойы бірге оқыған, бірге тұрған әйелі күйеуге шыққан. Кімге дейсіз ғой? Налоговыйдағы балдызының бастығына. Ел бір-екі ай сөз қылды. Сосын қойды. Ел сөз қылып жатқанда, «Гербалайфпен»

қоректенген әйел жалт-жұлт еткен қап-қара «Мерседеске» мініп, қаланың ішінде ағызып жүр. Жол ережесін бұзбайды.

Адам орманға келді. Өз учаскесіне. Өртенген орман.

«КамАЗ»-ға ыңқитып тұрып ағаш тиеген бауыры жанынан өте шықты. Таныды. Токтаған жоқ. Ауру ағаның керегі не? Бірге тумас болса да, бірге өлмек жоқ. «Заказды уақытында орындау керек, Адам аға!»

...Адам қара күйеге оралған, жалғыз қалған қарағайды құшақтап жылады. Ботайды – баласын сағынды. Айналасына қарады. Қылтиған түбірлер бір кезде Моцарттың әр нотасын басқан Ботайдың балғын саусақтарындай шошайып-шошайып тұр.

...МАИ бекеті. Бір кездегі жүдеу «гаишниктің» мойны жуандап, шыр біткен. Бірақ, түтіннің иісі тамағына келіп, жұтына береді екен. Таныс дәрігерлерінің бәріне қаралды. Сонда да болмапты. Ауырады. Өзі сондай беделді. Ешкімді менсінбейтіндердің өзі, оған «Бәленбай, Бәленбаевич» деп, жалпақтап жатады.

Күз ерте түсті. Баланың алақанындай жапырақтар жауды. Күн де жылы. Кепкен жапырақты шытырлаған бопыр ақшадай басып, жүріп жатырмыз.

Жексенбі күні ерте тұрдым. Желідегі тұрған қоңыр телефон кісінеп жіберді. Көтердім. Бас редактор.

– Жалықтым, – деді мұңайып. – Қолыңнан келсе, екі-үш беттік бірдеңе жазып, әкеліп берші. Халтурщиктерден әбден жалықтым. Том-том романдарын арқалап келіп, міндетсиді. Тәуір дүние болса, бір жақсы ғой. Мына заманда, олардың шимайын кім оқиды? Жаза алмаймын дейсің бе, онда өзің біл. Сенген қойым сен болсаң, күйсегеніңе болайын деп, трубканы тастай салды.

Қармағымды алып, балық аулауға жиналдым. Велосипедіме мініп, орманшылардың соқпағына түсіп алып, тіке тартып келе жатыр едім, алдымнан зират кезікті. Жанында «ЗИЛ» машинасы тұр. Бір кішкентай бала, бір әйел, сосын етік киген, жүдеу еркек.

– Аға, аға, – деді шопыр менің төбем көрінген кезде.

– Не болып қалды? – дедім сасқалақтап.

– Көмектесіп жіберіңізші, өтінемін сізден. – Мына кісі жолдасын жерлеуге әкеліп тұр. Өзіңіз де білетін шығарсыз, бұл жас жігіт мына МАИ бекетінде тұратын еді ғой, тамағы ауырып, бір-ақ күнде қайтыс болды. Адам қолында бар кезінде керек екен ғой, «Бәленбаевич» деп, бәрі жалпақтап жүруші еді, жерлеуге де келмеді ғой, иттің ғана балалары...

Көмектестім. Топырақ салдым. Көртопырақтың иісін бірінші рет сездім. Келген ізіммен кері қайттым. МАИ бекетінде жасыл түсті киім киген екі жігіт әрі-бері өткен машиналарды тоқтатып жатыр.

Бір кезде, маған сеніңізші, мәртебелі оқушым, сықытып ағаш тиеген жиырма «КамАЗ» келіп қатар-қатар тоқтады.

Сол-ақ екен...

Қара орманнан шар ете түскен сәбидің даусы естілді...

Павлодар
2000 жыл.

МЕРСЕДЕС

Омарташының жалғыз ұлы әкесінің қыркын берген күннің ертеңінде әйелімен айырылысып, қаладан бір сұлу келіншекті алып келген.

Ауыл шулады. Әрі-бері сөз қылды. Бар малды базарлап, жалт-жұлт еткен сүліктей қара Мерседес алған. Ұстараның жүзіндей лыпып тұр.

– Сен мені сүйесің бе? – дейді келіншек.

– Сүйемін!

– Дәлелде.

– Айта ғой.

– Құндыз тон керек.

– Аламыз.

– Ренжімесең...

– Айта ғой.

– Қойшы...

– Не, не? – деп, өзеуреді жігіт.

– Балама бір бөлмелі болса да, тіпті, екі бөлмелі пәтер керек.

– Қой, кішкентай балаға үйдің керегі не, әлі жас қой, мектебін бітірсін де.

– Иә, – деді келіншек қабағын түйіп. – Тумаған әкенің аты тумаған, бір күні мені тастап, ана салпы етек қатыныңа қайтасың ғой. Бұрылып жүре берді. Жігіт орнында сілейіп тұрып қалған.

Олар сол түні бірінші рет бөлек жатты. Келіншек бөлменің есігін ашпады.

Жігіт түнімен ішті дерсің.

Тал түсте көзін ашты. Басы сынып барады. Сүйгені кеп басын сүйген. Кеспе көже, қырлы стақанмен арақ берген. Қою күрең шайын айтсаңшы...

– Ашуың қатты екен, жаным.

– Сенің ештеңенің керегі жоқ, өзің аман болшы, – деді келіншек еркелеп.

– Ақылдым менің, сенен немді аяйын.

– Менің баламнан да ма?! – деді келіншек көзін төңкеріп. – Ел тумаған баласын қарамады демесін дегенім ғой.

– Аламыз, сенің менің балам, екі бөлмелі үй не болады, әкесін танытып тұрып үш бөлмелі, жо-жоқ, коттедж алып қоямыз, ел көрсін!

– Жаным менің, жүрші, түнімен сені сағындым, – деп, келіншек оны жатын бөлмеге апарып шешіндіре бастады...

Ертеңінде таң атар-атпастан оянып алып, жолға қамданды.

Келіншек үйден шығып кетіп еді, бақырып-шақырып жылап кірді.

– Не болды, жаным?!

– Ара, ара шағып алды. Құрт көздерін, тұрмаймын бұл үйде, мына жерге сен мені өлтіруге әкелдің...

Жігіт үйден атып шықты. Алак-жұлақ етіп біраз тұрды да, қоймадан екі шелек бензин алып шығып, омарта-ларға шаша бастады. Өзі «қазір-қазір» деп сөйлеп жүр. Кімге? Белгісіз. Кіжініп жүріп шырпы тұтатты. Қатар-қатар қаздай тізілген аралардың түрлі-түсті үйшіктері шатырлап жанып жатты.

Келіншек жүгіріп келіп мойнына асылды.

– Шын сүйеді екенсің ғой, жаным, коттеджді аламыз ғой, иә?!

– Иә, иә, – деді жігіт алак-жұлақ етіп, әкелші қолыңды сүйейін, ем болсын.

– Ауырмайды жаным, сен жанымда болсаң болды.

– Бар үйден дипломатта тұрған долларды алып шық, атасына нәлет, ел көрсін... біздің кім екенімізді...

...Олар жолға шыққан. «Қалаға баламды ала кетіңдерші», – деп, бір әйел тоқтатты. «Әдірісі мынау, апасы күтіп отыр».

Таудан түсе гүрілдеп ағып жататын өзен бар. Жаңадан аспалы көпір салынған. Сол көпірден өте бергенде «Мерседестің» ішіне бір ара ыз-ыз етіп кіріп кетті. Ал кеп келіншек байбалам салсын. Келіншек пен жігіт қолдарын әрі-бері сермеп әлек, бір кезде... бір кезде Мерседес аспалы көпірден аунап түсті.

Тау өзені сонау Германиядан келген сүліктей кара машинаны төмен қарай консервінің қалбырындай даңғырлатып ала жөнелді...

Обал. Обал. Обал.

Бәрінен бұрын қалаға бара жатқан еш жазығы жоқ баланы айтсаңызшы...

КҮЛ

Оралхан Қожамжаровқа

Жаңбырбай біреудің жалғыз баласы. Әкесі марқұм совхоздың бір отар қойын бағып, Өзендібұлақ деген жерде жалғыз үй болып отыратын. Совхоз орталығынан онша қашық жер емес. Күндіз – түтіні, түнде – жарығы көрініп тұратын ауыл еді. Қар түскенде мектепке шанамен, әйтпесе жаяулатып, арасында велосипед теуіп, не болмаса, мотоцикл, жигули, уазик, волга мініп Жаңбырбай сабағына келетін еді. Сөйтіп жүріп мектепті бітірді. Жаңбырбай әскерге майтабан болып, бармай қалып, үйленді. Үйленгені бар болсын, сол жылы әке-шешеден айырылды. Бауырынан жараған қысырақ келіншегі, бұны талақ етіп, басқаға тиді де кетті-ау. Жаңбырбай жалғыз қалған. Сол жалғыздық арқасына әбден батқан. Жүре-жүре бір отар қойды жекешелендіру кезінде біреу алды. Басында қорасыз үйі және үрерге иті қалды.

... Күні кеше ғана ақтылы қой өргізген жайлауы өзінікі емес, өзен де өзінікі емес, бәрі-бәрі өзгенікі болып шыға келді. Документ сөйлейтін заман туды. Отырған үйді өзі сұраған ақшасын аямай, бәсін беріп, сатып алғандар, «ағамыздың көзісің ғой, не ішсек соны ішесің, қысылып-қымтырылма» деп, бір қыс қыстап шыққан. Ақшасы таусылған.

...Жаңбырбайдың намысы оянған, озат шопан болған атасының орден, медальдарын, грамотасын, оны-мұнысын қоңыр чемоданға салып, совхоз орталығына барады. Онда әкесінің туған жиені Таңатар тұрады.

Ақкөңіл, адал жігіт. Атасы туған жиеннен несін аясын, бес өгізін етке тапсырып, елу қойын сойып, пұлдап, бір үй әперген. Жақсы жердің қызын келін қылып түсірген еді. Жалғыз жиен шалқыды, балқыды, көгерді, көркейді. Райком оған үй берді. Жүріп жатты, гулеп жатты. Бірақ, жылына соғым беріп, қамқор болатын нағашысы қайтыс болып еді. Аралары суымаған. Жаңбырбайды артынан өзі іздеп келіп еді. Бірақ сол малы құрғыр, жері құрғыр Жаңбырбайдың өзінің атында емес, өзгенің атында болып шықты. Туған жиен теріс айналмаса да, бұрылып кеткен. Жаңбырбай мойындамады. Қалай мойындайды? Әкесі, әкесінің әкесі, бабасы бәрі осы жерде отырған еді. Үлкен бабасы Жаңбырбайдың атымен бұ жер Жаңбырбай жайлауы деп аталған жер еді. Бұл тұрмақ, әкесі тумай тұрып, Жаңбырбай жайлауы аталып еді. Сөйтіп жүргенде совет өкіметі құлады. Құжаттар өзгерді. Жаңбырбай жайлауы – «Рассвет» деп аталды. Жаңбырбай қатты намыстанған, қалың чемоданды алып, орталыққа жаяу тартқан. Жиенінің үйінің ауласына кіргенде:

– Это вы, – деп қарсы алды келіні. Как вы похудели, ужас, ужас!

Артынша жиені шыққан:

– О-о-о, нағашы, – деп тотыққан түріне жиіркене қарап.

– Аманбыз, – деді. – Су беріндерші!

«Қазір» деп жиені үйіне кіріп кетті.

– Агашка, – дейді келіні. – Біз үйге ремонт жасап жатыр едік, бір аптадан кейін келерсіз. Өзімізде қазір бұл үйде тұрып жатқан жоқпыз. «Міне» деп осы кезде жиені бір кесе суды ұсынды. Суды ішіп тұрып, Жаңбырбай жылап жіберді: – Таңатар-ау, мен жалғыз қал-

дым-ау, бәрін алды ғой мыналар. Жаңбырбай жайлауын «Рассвет» деп атады ғой.

– Енді қайтесің бұл Горбачевтің қайта құруы ғой.

– Е-е, бұл қасқамандай құртты ғой қазақты!

– А, айтпақшы, нағашы мына «Москвичті» сізге берейін, онысы-мұнысын өзіңіз жөндеп аласыз. Біз үйде болмаймыз. Қорада бір шелек бензин тұр, соны берейін сізге, жөндеп алып, жететін жерге жетерсіз. Біз ремонт жасап жатырмыз. Екі апта үйде болмаймыз. Тірі адам тіршілігін жасар, өзіңіз бір ретін табарсыз, – деп жымыды жиені. Жаңбырбай бір күн, бір түн «Москвичті» жүргізуге жанын салды. Астына түсті, үстіне шықты. Бірақ, машина жүрмейді. «Жүргенде қайда барады екен, оны да білмейді». Көліктің ішіне ұйықтап тұрғанда, күн әжептәуір көтеріліп қалған екен. Орнынан есінеп тұрған Жаңбырбай, машинаның есігін жеңіл ашып, сыртқа шықты. Шөлдеп тұр екен. Шелектің бетіне қараса, кілк-кілк етіп бензин толып тұр екен. Тұрып, айнаға қараса, өз түрінен шошып кетті. «Ленин орденді шопанның баласының түрін қара!», «Семей ет комбинатына мыңғырған малды айдаған озат шопанның баласының түрін қара!», «Арман қуған жас шопанның түрін қара!», «Жерінен айырылған қазақтың түрін қара!» деп бір шелек бензинге жуынып, беті-қолын тазалап, өз-өзіне келді. «Қой, шындықты айту керек. Райкомға, милицияға, прокуратураға, сотқа барып айту керек қой, мұны» деген ой келді. Аяндап, теңселіп, осыдан біраз уақыт бұрын мандайшасына жазылған «әкімият» деген мекемеге келді. Қарсы алған күзетші:

– Туу, братан, бензин ішкенсің бе, не болды саған, әбден сасып кетіпсің ғой.

– Бензин ішкені несі? Мені бірінші хатшыға кіргізші!

– Бірінші хатшы деген жоқ қазір, бізде әкім деген ғана бар!

– Итің болса да кіргізші. Әкемнен қалған жерді алайын. Мен қатын алайын, үйленейін, бала таптырайын, бірінші қатыным жәлап болғанына мен кінәлі емеспін ғой. Ата-бабамның жайлауын «Рассвет» емес, «Жаңбырбай» деп баяғы атымен қалдырайын.

Күзетші жігіт сауатты, ақылды жігіт екен аяқасты өңі өзгеріп шықты: – Мен қаладағы құс фермасының бастығының ұлы едім. Оны бір еврей сатып алды. Шешем байға тиіп кетті. Мен қайын жұртыма келіп, күзетші болып отырмын. Енді маған не дейсің, бауырым-ау. Сен келді деп жазып қана қояйын. Қазір қазақтан кәсіп те, жер де, қадір де кетті ғой. «Темекің бар ма, бауырым?» – деп сұрап қалғанын білмей қалды Жаңбырбай.

«Міне!» деп мыж-мыж «Беламорканалды» алдына тастай салды. Жаңбырбай шырт еткізіп шырпыны тұтатты. Сол-ақ екен лап етті. Әкімияттан отқа оранған Жаңбырбай, алыс барып күлге айналды.

P.S. ... Ертеңінде бес-алты тауық әкімият алдында күл қопарып жүрді.

Күл...

ҚАСҚЫРДЫҢ СУРЕТІ

Қаланың төбесіне мамықтай қалқып түсіп келе жатқан мың миллион ұлпа қарды даладан асығып жеткен желікпе жел ұршықтай иіріп, етек-жеңін желпілдетіп, үкідей ұшырып, ала құйын мінезіне салды. Аялдамада тұрған қара бала айналасына жаутаң-жаутаң етіп қарайды. Бағыты – бас пошта, екі аялдамалық жер. Ауылына хат салмақ. «Атау, ешкімді танымайтын қалаға немене алып келдің, ауылда да мектеп бар емес пе? Мені қайтадан алып кетші» деген жолдарды жылап отырып жазып еді. Жанына бірнеше адам келді. Аузы-басын жирен жүн басқан дәу сарыны байқап қалды. Ыңғайсызданды. Үлкен адамға амандаспақ болды.

– Ассалаумағалейкум, – деді оң қолын жүрегiнiң тұсына қойып.

– Че надо тебе? – деп гүр ете түсті. Бұған ала көзімен қарап, жерге бір түкірді. Қойнында қыбырлаған бірденесі бар. Қара бала шынында да дәу сарыдан қорқып қалып еді. Ығысып шетке барып тұрды. Аялдаманың ықтасын жағында көкжал қасқырдың плакаты ілінген. «ГДК рок – концерт, 18:00 ч. 16.12.1987 г». Қара бала қасқырдың суретін көріп, дәл бір туысын көргендей іштей қуанып қалды. «Әй, мынау біздің қойға шабатын көкжал ғой, атам тор айғырға мініп қуған кезде Ақбақай төбетімізбен таласатын қасқыр емес пе...» Осы кезде дәу сарының қойнындағы кішкентай күшік сырғып жерге түсті де, қасқырдың суретіне қарап, ал шәңкілдеп үрсін кеп...

«Ти-ти» прекрати деп дәу сарықара балаға түсініксіздеу тілде сөйлей бастады. Жұдырықтай Ти-ти шәңк-шәңк етіп болмайды. Бала аң-таң боп қарап тұр. Бір кезде жел үдей түсіп, плакат жұлынып кетті де, қардың бетімен сырғып, Ти-тиға жақындай берді. Ол байғұс болса, денесіндегі бүкіл түгі дірілдеп, бұтына жіберіп қойды да, бұны келіп паналады баланы. Қара бала қосаяқтай кішкентай күшікті жерден жеңіл көтеріп, иесіне берді.

Дәу сары Ти-Тиді қойнына тыға салды да, қара балаға рахмет айтқан жоқ. Иесінің жылы қойнында тұрған Ти-ти ін аузындағы күзендей басын анда-санда шығарып қояды. Көздері түймедей жылт-жылт. Бірақ бағанағыдай шәңкілдеп үрген жоқ. Жуасып қалыпты.

Қар борай жауып тұр.

Автобус әлі көрінер емес...

ҚАРАТОРҒАЙ, ҰШТЫҢ ЗОРҒА-АЙ...

...Тал түс түймесін ағытқаны сол еді, Аспанға айыр қалпағын тіреген Алатооның ақбас шындары күнге шағылысып, жарқ-жұрқ етіп шыға келмесі бар ма...

Қолымды көлегейлеп, қонақ үйдің балконында сұлу суретке қарап біраз тұрдым да, бөлмені тапсырып, қол дорбамды көтеріп есік алдына шықсам... Жаңа ғана... көз алдымда ақшатырдай боп тұрған Алатооның эп-сәтте рені өзгеріп, биігінен төмен қарай ала тайдай шапқылаған бұлттар жөңкіліп жүр екен... Ол ол ма күркіреп, кісінеп, тұяқтарымен тастарды тарпып, дүбірлете жөнелді... Бытырадай ұсақ тамшылар Бішкек шаарының бөркін тырсылдатып ұра бастады...

Шіркін... жаңбыр иісі...

– Бәйке, такси күтіп тұр, – деді қонақ үй кезекшісі – Қол шатырыңыз бар ма?

– Жоқ, алуды ұмытып кетіп едім...

– Менікін алыңыз...

– Рахмет, чоң қыз, – дедім мойыл көздері мейірлене күлетін ақсары қызға. – Рахмет, Әсея!..

– Жолыңыз болсын, чоң бәйке...

Қонақ үйдің шынылы есігін әдеппен ашқан жас жігіт мені таксидің артқы орындығына отырғызды да, жүктерімді салғанша, малмандай су болды. Буланған терезені шертіп, «сау болыңыздың» ишарасын жасады...

– Ассалаумағалейкум, бәйке қандайсыз?..

– О, бауырым, рахмет! – дедім жас жүргізушіге... – Әуежайға...

– Білемін, диспетчер мана айтқан...

Шик-шиқ еткен терезе тазалағышқа қарап отырып ойладым, «Мына қырғыздар не деген мәдениетті халық... Қонақ үйдегі қызметі... Бәрі, бәрі...»

– Бәйке, инвесторсыз ба? – деген таксистің ашық дауысы ойымды бөліп жіберді...

– Жоқ, суретшімін... Баткен жақта жолдастарым тұрушы еді... Бішкекке кеше таңертең келгенмін, демалайын деп қонақ үйге тоқтағанмын...

– О, Баткен – Қырғыздың жүрегі... Қырғыздың трагедиясы... Қырғыздың мақтанышы... Мен, Жалалбадтанмын... Атым – Абдылдабек...

– Ертарғын... Семейденмін...

– Семей... Семей, Семипалатинский полигон... Сіздерде «АЭС» салады дейді ғой... Атқа мініп, сойылды қолға алып шықпайсыздар ма? – деп, таксист жігіт ашуға мінді...

Мен үндемедім. «Менің сөйлегенімнен... атқа мініп, қолыма сойыл алғанымнан, не пайда? Кім тындайды?... Кім қолдайды?...» Шик-шиқ етіп келе жатқан көліктің әйнегін тазалағышқа қарап отыра бердім. «Манас» әуежайына келгенімізде... Жердің буы мен аспанның суы айналаны анық көрсетпей тұр еді...

– Жол күрең қанша, бауырым?

– 200 сом.

– ?

– Бәйке, Сіз мына зонтикті алып ішке кіре беріңіз, мен жүктеріңізді алайын...

...Екеуміз әуежайдың ішіне кіргенде, ығы-жығы, әрі-бері сапырылысқан жолаушылар. Билет тіркейтін жерге келсек, сұлу қыз «бір сағаттан кейін келіндер», – деді. Абдылдабек ашуланып, сөйлей бастады. Сөзінен ұққаным, «Сен қырғыздың қызы емессің бе? Еліңе келген

қонақты әурелеп жүгіртіп қойғаның қалай?» Қойшы әйтеуір, қыз қанша сөз естісе де қабақ шытпай, билетті тіркеп берді...

– Ал, бәйке жүріңіз, Сізді кафеге жеткізіп тастайын... Ыстық шай ішіп отыра тұрыңыз, – деген кезде, оған ақша төлемегенім есіме түсті.

– Сенің ақшанды...

– Асықпаңыз, – деді ол күлімсіреп. – Қазір орын тауып алмасаңыз, самолет ұшқанша аяғыңыз талады. Бізде жиі болатын жағдай ғой...

Кафеге кіргенімізде адам қарасы көп екен. Шеткі екі кісілік үстелде жас жігіттер отыр екен, бізді көріп орындарынан атып-атып тұрды. Абдылдабек оларға рахмет айтты. – Жақсы жастар өсіп келеді деген кезде, күлкім кеп кетті... Қалтамнан он доллар алып бердім.

– О, бұныңыз қымбат, маған артық пұл керек жоқ, – деді. Өзі шай, оны-мұныны алып келді де, бір уыс ұсақ ақшаны алдыма қойды. – Міне, сдачаңыз.

– Кешіріңіздер, – деді егде тартқан адам қолындағы орындығын сүйрете ұстап. – Қызым отыра тұрсыншы...

– Ал, бәйке, сау болыңыз, келесі келгенде қонақ үйге түспей үйге келіңіз, міне таксистердің визиткасы «оныншы – Абдылдабек» десеніз болды. Мен кетейін деп орындығын үлкен кісіге ұсынды... Мені қапсыра құшақтады. – Сау болыңыз, бәйке!..

– Сау бол, бауырым!..

Шағын үстел басында үшеу болып отырмыз. Түсінгенім, бұлар туыс адамдар. Қыздың нағашысы... Оралда тұрады.

– Нұрболат аға, кездескен жерімізді қара, біз келгелі бір апта болды, жұмыс аяқ астынан бітіп, бастығымыз кері қайтындар деген соң...

– Иә, Ғалия-ау, мен сен... сен ба... деп әлі таңырқап отырмын... біздің жолаушылап жүргенімізге үш күн болды, бір тендерге қатысуға келгенбіз, жеңіп алдық... Өз жағымызда... Білесің...

– Нағашым-ау, білемін ғой, Фарида жеңгем қалай? Кішкентай кезімде мені «Қараторғайым» деп еркелететін едіңіз ғой, – деген кезде қыздың мойыл көздерінен мөлт-мөлт шыққан жас, ұзын кірпіктерін шылап, жерге домалап-домалап түсті. Ер адам қалтасынан орамалын алып, оның көз жасын сүртті. – Қараторғайым, жылағаның не? Қыз бала жат жұрттық деген, жиеншарым қалай? Биыл он жасқа толады ғой... иә...

– Жоқ, аға сегізге толады, ұмытып қалдыңыз ба? Фарида жеңгемнің елу жылдығына күйеу балаңыз екеуміз келдік қой... сол күзде дүниеге әкелдім ғой...

– Иә, айтқандайын, сен тым алысқа кеттің ғой, көз алдымызда жүрмегеннен кейін, жылдар ұзақ боп көрінеді екен.

– Ақжайықты сағындым, түсімде айнадай жарқырап ағып жатады... Оянып алсам, басқа елдемін... Алғашқы жылы қатты қиналатын едім. Енем сондай жақсы адам. Мен десе өледі... ұлынан артық көреді десем болады... Ағатайым... біздің үйдің жанынан жаңадан мектеп салыпты ғой... Бала кезімде жылайтын едім, «мектеп біздің үйден неге алыс» деп. Ондағы ойым балалар біздің үйден шай ішіп кетсе ғой дегенім... Бірде сізбен жайлауға шығып түлкіден қорыққаным. Аптап ыстық, бір сәмбі талдың көлеңкесінде отырсам... артымнан біреу демалатын сияқты, бұрылып қарасам, тілі салақтап, екі бүйірін соғып, бір түлкі тұр екінші талдың көлеңкесінде, ой... шошып кетіп айғай салдым, түлкі бір жаққа... мен бір жаққа қашқанымды білесіз ғой...

– Білемін, білемін, жарығым... «Қараторғайды» айтушы едің ғой...

...Мен оларға қарама-қарсы отыруға дәтім шыдамады. Буланған әйнекке қарап кеттім. Алдымда ақ қағаз, қолымда қарындаш... Көзім жұмулы... Алатооның ұшар басына қазақтың әні қалықтап көтеріле берді...

Басында биік таудың мұнары бар,
Мойнында көк бестінің тұмары бар, әпитөк.
Құрбылар, бұл қалай деп сөге көрме,
Ғашықтың тарқалмаған құмары бар, әпитөк.

Сөйлесуге

Тіл-хат жоқ,

Ақша маңдай, қаракөз,

Өзіңіздей бекзат жоқ.

Тым болмаса,

Хат пен хабар

Сөзің жоқ.

Басынан биік таудың мұнар кетпес,

Кей адам уәде берген сертке жетпес, әпитөк.

Кебістің жалаң аяқ басын киіп,

Ей қалқа, қош дегенің естен кетпес, әпитөк.

– Браво!...

– Керемет!...

– Чоң, о чоң!...

– What a great ring voice! – деген дауыстар естілді.

Әп-сәтте әуежай іші жап-жарық болып кетті. Алатоо басы бұлттан айырылған... Төңірек ашық... Абыр-сабыр басталды да кетті.

«Бішкек-Москва» на посадку...

«Бішкек-Алматы» Қолымдағы қағазға қарасам сурет. Қараторғайдың бейнесі... Мойылдай қара көздері...

Төменгі ернін сәл тістеген... Мен олардың соңынан жүгірдім. Тез шимайлап, қолымды қойдым да, «Мына сурет, Сізге», – дедім.

Ол таңырқай қарады. Таңырқағаны сондай:

– Бұл Сізде қайдан жүр? – деді. – Бұл сурет рамаға салынып, менің үйімде тұр ғой...

– ?

– This is a masterpiece! Would you sell this picture to me? – деп жанымызға келген ағылшын әйелге, – No, it's not for sale, – деп бұрылып кеттім...

– Ғалия-ау, жаңа ғана бұл ағаң біздің жанымызда отырған...

– Ал, ағатай, елге сәлем айтыңыз... Бүгін Москвада боламыз... Ертең Сеулге ұшамыз... Кінәламаныздар мені, енді менің өз отбасым бар, қимай сізді кетіп барамын, ағатайым... жеңгеме, ауылдастарыма сәлем айтыңыз... Оның өксік аралас дауысын естуге дәтім бармай, бұрылып кеттім...

...Аспандамыз. Жан дүнием астаң-кестең. Ақ шарбы бұлттарды үзіп-үзіп тастап, алдыға қарай ұшып келеміз. Жанымда күрең көйлек киген сұлу келіншек көзін төңкеріп қарап қояды. Мен кішкене дөңгелек әйнектен төменге қарап отырмын. Келіншек ып-ыстық алақанымен білегімді сипап: – Ағай, – деді. – Түскеннен кейін маған көмектесіп жібересіз ғой...

Мен үндемедім. Ойымда Бішкекте кездескен Ғалия. «Бұл бейнені қайдан көрдім?» «Бұл кім еді?»

– Ағай, кішкене виски алыңызшы, давлениені нормализует деп ойымды бөліп жіберді.

Келіншектің жылы қолынан «Вискиді» тартып жіберіп едім, ішімді тіліп түсті. Маңдайымнан сұп-суық тер шықты.

- Алматыда тұрасыз ба? – деді ернін бұрттытып.
- Жоқ, Семейде...
- Базаркомсыз ба?
- Жоқ, суретшімін... Біздің ұшақ әрі-бері мөңкіп-мөңкіп алды. Күрең көйлек киген келіншектің жартылай ашық омырауы шайқалып-шайқалып кетті.
- Сізді бүгін қонақ етсем... суретімді салып бересіз бе?
- Семейдің рейсіне үлгерсем деп едім.
- Қайда асығасыз, Сіздің қалаңыз қазір провинция ғой... қонағым болыңыз... дача бар Талғарда, баня бәрі бар, личный водитель... Я, одна живу...
- ...Алатау бізді бауырына басты. Қаздай қалқып барып қонған ұшақтан бәріміз шаршап түскен едік.
- Суретші мырза, мен сізді ешқайда жібермеймін, – деп көзін ойнатты да: – Я, покурю, жду вас на улице...
- ...Семейге кешігіппін... жарты сағаттан кейін Өскеменге ұшатын ұшаққа билет алдым.
- Екінші қабатқа көтерілдім. Еңселі Алатау. Маңғаз Алатау. Қазақ жастарының арманы мен махаббатының куәсі... Есіме түсті. Осыдан он екі жыл бұрын... иә, иә... Ғалия... есіме түсті. «Политехтың» бір топ студенттері диплом алған күндерінде «Жібек жолында» сурет салып отырған менің жаныма келген. «Ағай, Қыз-Жібектің» сінлісінің суретін саласыз ба? – деп әзілдеген. «Көрсетіндер!» – дегенмін. «Міне!» Мойылдай қара көзіне мейірім толтырған қазақ қызына үңіле қарағанмын. Ол екі беті дуылдап, тұра қашты. Бір құрбысы оның соңынан кетті. Қалғандары мені қоршап алған. Оларға қармаймын, тез-тез сұлу қыздың суретін салып шықтым... Бәрі «фотография» ғой деген... Енді міне, он екі жылдан кейін... сұлу қыз... Бішкекте жолықтық-ау...

«Алматы-Өскемен» бағытымен... Отырғызу басталды.

Артыма бұрылып та қарамадым.

«Қараторғай, ұштың зорға-ай...». Әнің құлағымда... жо... жоқ, жүрегімде... Әнің, дауысың жүрегімде... Алыстан, тым-тым алыстан Ғалияның дауысы үзіліп-үзіліп жетеді...

Сөйлесуге

Тіл-хат жоқ,

Ақша маңдай, қаракөз,

Өзіңіздей бекзат жоқ.

Тым болмаса,

Хат пен хабар

Сөзің жоқ...

«Қараторғай, ұштың зорға-ай, қанатыңды талдырып, әніңді үзіп-үзіп...»

Көзіме ып-ыстық жас келді...

«АХ, МОНА!»

Қарашаның күрек тісін қақсатқан қара суықтан соң желтоқсан жеңін түрер-түрместен қар борай жауды. Ол ол ма, екі-үш күннен кейін сүмелек жаңбыр бүркіп-бүркіп өткен. Көктайғақ басталған. Қала тұрғындары үйлерінен шығар-шықпастан көңілдері құлазып, аяқтары тайып құласа, көшедегі көліктер тасырқап, тұмсық түйістіріп, жүруден қалып еді...

Қырық құбылған ауа райы аяқ астынан жуасып, жылымық келе қалмасы бар ма. Бір-екі-үш күн жел соғып еді, қала қайтадан қарайып, қабағы ашылып, адамдар күні кеше ғана құдайдың күніне ренжігендерін ұмытып, «ойпыр-ай, жаңа жылды қарсыз қарсы алатын болдық, тіпті саяжайда ағаштар бүр жара бастапты» деген әңгімелер де шыға бастаған.

Темір жолдың бар тауқыметін жалғыз өзі көтеріп жүргендей, үйіне шаршап-шалдығып жұмыстан келген Ерболсын есікті өз кілтімен ашқанда, алдынан күлімсіреп келіншегі шыға келгенде таң қалды.

– Папасы-ау, сен қайда жүрсің? Ертерек келмедің бе? Ұялы телефоныңды қайтадан жұмысқа тастап кеткенсің бе? Бүгін бізді кешкі алтыға Дархан Бейсенбекович кітабының тұсаукесеріне шақырып еді ғой.

– Иә, шақырса, қайтейін. Бүгін күн сенбі болса да, жұмыс ауыр болды. Барсаң, өзің бар. Мен демалайыншы, а?

– Ты что, ол кісінің жақсылығын ұмытып қалдың ба? Сені осы жұмысқа орналастырған да сол кісі емес пе еді? Жақсылығын бір жылдың ішінде ұмытқаның ба? – деп келіншегі ашулана бастады. Ерболсын үндемеген күйі аяқкиімін шешті де, ақырын ғана қолын жууға

кетті. Соңынан ере келген Ақмоншак күйеуіне жалынғандай «Барайық та, ұят болады. Өзің білесің, қазіргі жазушылардың ішінде ең жасы да, ең мықтысы да осы біздің Дархан аға. Оның үстіне сені жұмысқа...»

– Барамыз, – деді күйеуі, – шайың бар ма?

– Әрине, әрине, – деп Ақмоншак қуанып кетті. Екеуден-екеу дастарқан басына отырды. Келіншегінің қою күрең шайы бойын сергіткені соншалық: «Сыйлық, бірдеңе алып па едің?» – деп сұрады. – Алдым. Parker қаламымен қоса, конвертке жүз доллар салып қойдым.

– Онда ерте күнді кеш қылмай, шаштаразыңа барып кел. Мен мызғи тұрайын.

– Ой, молодец, папасы. Мені түсінетін сен ғанасың. Дархан Бейсенбекович те: «Сен қыз, келмей қалсаң, қатты ренжимін» деген. Сен ұйықтамай-ақ қойшы, папасы-ау. Менің туфлиімнің тақасы босап қалыпты. Етікшіге апарып келші, жер астындағы өткелдегі етікшіге апаршы, ол мені өзі жақсы біледі. Ылғи «чаевые» тастап кететін жеңгең десең, өзі жақсы біледі. Келіскен. Үнсіз.

Ұршықтың басындай бір сыңар туфлиді орап алып, қолына ұстаған ол жолдың арғы бетіндегі, жерасты өткелінің бір бұрышында орналасқан етікшінің күркесіне аяңдап, асықпай келген. Еңгезердей етікші қолындағы балғасын қасық құрлы көрмей, жеңіл соққылап бәтеңке шегелеп отыр екен. Түк басқан қабағын түйіп, иегімен «Қойып кет» дегендей ишара білдірді, жанындағы қара жігіт: «Жарты сағаттан кейін келіңіз», – деп ернін жыбырлатқан болды. Ерболсын қайтадан жердің бетіне шыққанда, өз көзіне өзі сенбей бір орнында тұрып қалды. Қапалақ-жапалақ етіп, қайыңның жапырағындай қар жерге түсе бастапты. Сағатына бір қарады да, әрі жүрді, бері жүрді. Уақыт өтер емес. Аспаннан түскен қарды

көрсеңіз ғой, қара жерге шашу шашқандай, дәл бір той-бастарды бастайтындай, қала тұрғындыры қуанып, үдей жауып, үп еткен желсіз ұлпа қарды күрпілдете басып, көңілдерін көтеріп бара жатыр. Ерболсын неге екені белгісіз, жұмыстан шаршап шыққаннан кейін бе екен, жүрегі лүп-лүп етті. Білегін қайта-қайта түреді. Тық-тық еткен сағат тұп-тура отыз минут алдыға жылжығанда, үнемі бір ізбен ғана жүруге дағдыланған ол етікшінің күркесіне қайта келген. Күжірейген етікші Ақмоншақтың шетелдік туфлиінің өкшесін бізбен шұқылап отыр екен. Басбармағына кірші еткізіп біз сұғып алғанын терезеден қарап тұрған Ерболсын да байқап қалған еді.

– Мынау бір нағыз зинақор қатын екен. Наверное, күйеуінің үстінен жүретін нағыздың өзі шығар, қарашы бармағымды, – деп жанындағысына сөйлеп жатыр.

– Қане, мен көрейін, – деді көмекші жас жігіт. Туфлиді қолына алып, әрі-бері аударды да, тықылдатып отырып, көзі сырттарынан қарап тұрған Ерболсынды шалып қалды.

– Ағасы, дайын болды, сізден екі жүз теңге, – деп ыржалақтады. Сұрағанын берді де, жердің бетіне қайтадан шықты. Жай шыққан жоқ, сүйретіліп зорға шыққан. «Не деген, оңбаған адам, ә! Менің әйелімде несі бар, тіпті танымайды да ғой». Дүние аппақ. Қар жауып тұр. Тек байғұс қарға ғана «Мына аппақ әлемде мен ғана қара боламын ба?» деп әр бұтаға бір қонып, қарды сілкіп, түсіріп жатыр. Сауысқан шықылықтап, «Тым құрмаса көктемге дейін шыдашы, бәрі өзгереді, қараяды, көгереді» дегендей, әрі-бері ұшып, бұтаға қонбай, бүйірлеп жүр. «Етікші менің әйелімді неге білмесін... «Ылғи «чаевые» тастап кететін жеңген десең, өзі жақсы біледі» деп айтпап па еді...» Ерболсынның буын-буынынан әл кетіп барады. «Әй, әлгі етікші мүмкін біздің үйдегіні...».

Өз ойымен өзі арпалысып, бес қабатты үйдің қабырғасын тесіп шыққан кафенің тұтқасын ұстағанын өзі де білмей қалды. Ішке кірсе, екі еркек сыра ішіп отыр екен. Бір кішкентай бала ойын автоматын шикылдатып: «Әже, әже! Мен жеңдім, мен жеңдім!» – деп айқайлап қояды.

– Не қалайсыз? – деді даяшы қыз. – Бізде свежий сыра бар.

– Біреуін беріңіз. – Бізде алдын ала төлейді, – деп бір саптыаяқ сыраны әкелді де желкесіне тұрып алды. Мың теңгені суырып берген. Сұп-суық сыраны сіміріп алғанын өзі де білмей қалды. Тандайы тақылдаған даяшы қыз «Ағай» деді дауыстап: «Менде майда ақша болмай тұр, тағы біреуін құя салайын ба?». Ол басын изеді. Көз алдынан еңгезердей етікшінің біз сұғып алған бармағын сорып отырып: «Мынау бір нағыз зинақор қатын екен» дегені кетпей қойды. «Әже, әже, мен жеңдім». Атыс-шабыс ойнап жатқан баланың апасы шеттеу үстелде отыр. Басын бір иезеді де, оқып отырған газетіне қайта үңіліп кетті. Екі еркек даурығып сөйлей бастады

– Сен, бауырым, есінді жи, келінге сене берме, сен жоқ кезде не істеп жүргенін қайдан білесің? Он бес күн вахтыда жүресің, баяғыда мені әйелім солай қатырды ғой, міне, қартайған шағымда жалғыз қалдым емес пе...

– Аға-ау, олай айтпашы, менің келіншегім жақсы. Елдің бәріне сене береді. Арамдығы жоқ, ақкөңіл. Базарда кредитке де кіріп кетті ғой. Осы өсекті қою керек қой, кейде жұмыстан шығып, подружкаларына қонып қалады, шаршайды ғой, таксиге ақша болмай қалады. Не қыл дейсіз, аға, сыра мен балығыңызды алып беріп отырмын ғой. Қойшы, аға, осындай сөзді, онсыз да жүрегім ауырады, кел, алып қояйық! – деді жастау жігіт.

– Тұр-тұр, балам, тыңдама мыналарды, еркек емес, қатын ғой! Айтып отырған сөздерін қарашы! – Әже,

әже, әлі жарты сағатым бар ғой, мен жеңіске жету керекпін ғой!..

– Жүр, иттің баласы, мені тыңдасаң, әлі жеңіске жетесің. Мына ынжық өсекші еркектердің сөзін тыңдама! Жүр, кеттік!, – деп немересін жұлқылап есіктен шығып кетті. «Әже, мен жеңіп жатыр едім ғой» деп жыламсырап бара жатыр. Ерболсынның есіне Ақмоншақтың марқұм әжесі түсті. Қарапайым, үй шаруасындағы әйел болғанмен, өте ақылды, Ерболсынды ерекше жақсы көретін. «Күйеубалам емес, бұл менің немерем» деп отыратын. Алғашқы танысқан күні ас үйде жүрген Ақмоншақ пен әжесінің әңгімесін ап-анық естіп қалғаны бар. Үлкен адам ғой деп, онша мән бермеген...

«Өзі темекі тартпайтын, арақ ішпейтін, төбелесіп көрмеген, айтқанымнан шықпайтын жуас жігіт дейсің, – деді әжесі.

– Сендей қызға мықты жігіт керек. Сен болсаң, ерке өскенсің. Өмірде әртүрлі жағдай болады. Үйде еркектің дауысы, еркектің тәртібі болмаса, не береке болады? Ынжық жігіттің жаласы да шындық болып көрінеді. Өйткені олар ешнәрсе сезбейді, қолынан сөзден басқа ешнәрсе келмейді. Жете алмай қалып атынан, қайтып келіп қатынынан көретіндері тағы бар. Әлі кеш емес қой, мүмкін басқа бір жігітті таңдарсың. Өмірде не болмайды дейсің, еркекке әйелінің адалдығы да аздық ететін кездері болады». «Әжека, мен ешқашан күйеуімді алдамаймын. Басқа еркектің маған керегі де жоқ. Талай крутой жігіттер иномаркасымен келгенде қарамадым ғой. Осы Ерболсын ғана маған ұнайды. Әлі көресің, супер күйеу жасаймын. Ол мені Ақмоншақ емес, Мона деп еркелеткенін білсең ғой. Әжека, мені қолдашы». «Әдірам қал, Мона Лизадан, – деді әжесі.

– Бірінші Қозы Көрпеш-Баян Сұлу болып алындар. Жүр, үйге азамат келіп отыр ғой, дұрыстап шай берейік». Үйленіп, үй болғанда, алғашқы кездері Ақмоншақтың әжесінің осы сөздерін ұмытпай, есіне түсіріп, «Неге айтты екен?» деп іштей ойлайтын еді. Кейіннен келіншегі екеуі ренжісе қалса, жарықтық әжесі: «Осы сен қызға не жетпейді? Мынандай алтын жігіттің қадірін неге білмейсің?» деп ұрсатын.

– Аға, сізге сыра құйып қойдым, әкелейін бе? Мың теңгеніңден бес тиын ғана қалды.

– Без сдачи, – деді тістеніп.

– Әкел, сыраңды. Етікшінің сөзі Ерболсынның ойына қайтадан келе қалды. «Мынау бір нағыз күнәһар қатын екен. Наверное, күйеуінің көзіне шөп салатын нағыздың өзі шығар, қарашы бармағымды...» Іші қыж-қыж қайнады. «Мен сені Мона деп еркелеттім ғой... ал сен не істедің? Етікшіге дейін айтып тұр ғой».

Електен өткен қар құйып тұр. Қарғаның даусы естілмейді. Тек Ерболсынның іші қыж-қыж қайнады. Үйіне келе жатыр, буын-буынынан әл кете бастады. Қар. Қар үдей жауып тұр. Сыра асқазанына жақпады ма, ықылық атып, басы айналды. Тістеніп алған ол, пәтеріне лифтімен емес, жаяу көтерілді. «Демек, мен жоқта Ақмоншақ....».

Есікті ашып қалған Ақмоншақ: «Папасы-ау, сен қайда жүрсің? Кешігетін болдық қой».

– Мә, саған, – деп туфлиді әйеліне қарай лақтырып жіберді.

– Сен жәлеп қатын екенсің ғой... Ақмоншақ ештеңені түсінбей, күйеуіне шошына қарады да, бота көздерінен мөлт-мөлт етіп жас шықты.

«Ах, Мона, Мона. Тыңдадың ба, сен әженді!» Ах, Мона, Мона...

ШЫБЫН ЖАН

Әңгіме

Үш күн бойы ұйықтай алмаған Бауыржанды келіншегі таң атар-атпастан ауруханаға балаша жетектеп апарған. Таныс дәрігердің әрі-бергі тексерісінен кейін «денсаулығында еш кінәрат жоқ, аздап жүйкесі жұқарған, қан-қысымы мен жүрек соғысы қалыпты» деген жауап алғанда Сәния күйеуіне күдіктене қараған.

– Көз ілмегеніме бірнеше күн болды ғой, – деді Бауыржан дәрігерге, тым құрымаса аптаның соңында үйде болайын, бюллетень жазып бермейсіз бе?

Дәрігер жігіт мырс етіп күлген. – «Сіздің еш ауруыңыз жоқ, аға».

Сәния күйеуін қолтықтап аялдамаға келе жатыр. Екеуі де үнсіз.

– Осы дәрігерлер қызық, әшейінде ауырмайтын жерінді тауып алады да, ұйқым қашып, менің шаршағанымды неге түсінбейді екен, – деді.

Келіншек орнында кілт тоқтай қалып, мойылдай әдемі көздері шарасынан шығатындай болып біраз тұрды да, – Білемін сенің ауруыңды, ана диктор қызды ұмыта алмай жүрсің ғой, баяғыда Мерейдің үйіндегі есінде ме? – деп сұрады?

– ?

– Мен білемін ғой, эне дәрігер де айтты он екі мүшеңнің сау екенін, мә, ақша, обедінді сол жерден ішесің, кешке кеп ұйықтайсың, кешігіп келуші болма.

Бауыржан үндемей аялдамаға қарай аяңдады.

Күн көтеріліп кеткен еді. Кешігіп келген оны хатшы қыз жанұшыра іздеп жүр екен.

– Ондасынович, вы что, қайда жүрсіз, түс болды, ертең прямой эфир, сіз болсаңыз жүрісіңіз мынау, – деп төпелеп жатыр. – Тез Нұржан Жалғасовичке барыңыз.

Екінші қабатқа асықпай көтерілді. Әдеп бойынша бастықтың есігін екі рет қақты да кірді. Екі оператор жігіт отыр.

– А, кел, кел, Бауке, – деді курстасы. – Ертең тікелей эфир, өзіннің өңің боп-боз ғой, тыныштық па?

Ешқандай жауап қатпай, шеткі орындыққа жайғасты.

Курстас бастығы екі операторға тез-тез тапсырма берді де, телефонмен сөйлесе бастады. Басы солқ-солқ етеді. Не ойлап отырғанын өзі де білмейді. Мең-зең. «Әй, көке, саған не болған?» деген курстасының даусы шыққанда селк ете түсті.

– Ештеңе.

– Ештеңе болмағаны көрініп тұр, дәрігерге бармадың ба?

– ?

– Әлде, үйде бірдеңе боп қалды ма?

– ?

– Әй, көке, айтсаңшы не болғанын, бір жерің ауырып жүр ме, ертең ана тікелей эфирді өткізіп тастайық, сосын жұмыс жеңілдейді ғой, шыда енді, кезекті демалысыңды аларсың да, қайын жұртың Түлкібасқа барып, Шымкенттің салқын сырасын бір сілтеші. Әлде ақшадан тарығып жүрсіндер ме, айтсаңшы.

– Егер де сенсең, – деді досына қарап, – үш күн болды ұйықтамадым, тіпті кірпігім айқасар емес, дәрігерге барсам сап-саусың дейді. – Сәния болса...

– Түсіндім, түсіндім, – деді курстасы. – Осы ертеңгі жұмысты бітірейікші, бәріңе премия жазып берем, Сәнияның да көңілін табасың, өзіннің де құлағың тыныш болады. Саспа...

Сол күні Бауыржан тағы да ұйықтамаған болатын. Келіншегі болса бұған шындап жаны ашып: – Папасы-ау, ертең дәрігерге қайта барайық, – деді. Ол басын шайқады «ертең жұмыс».

Сарыла күткен таң да атты. Кезекші көлік есіктің алдында тебініп тұр екен, мініп алып жұмысына қарай зымырады. Кең студия ішіндегі асай-мүсейлерді тексеріп, режиссермен жоспарды қайта-қайта пысықтап болғанша, бес-алты көлік мінген қонақтар да келіп қалды.

«Тишина. Эфир.»

Бір сағаттық жұмыс бүкіл ұжымды аяқтарынан тік тұрғызды. Ол да бітті-ау. Өңкей бауырынан жарыған жүзіктің көзінен өтетіндей сұлу көліктеріне мініп шетелдік қонақтар да шандатып жөнep-жөнep берді. Бастықтың бөлмесі. Жарқылдаған әріптестері. Көз жасын бір сығып алған режиссер келіншектен кейін сөз алған диктор қыз «осы Бауыржан ағамыз болмаса» деп орнынан тұрды да өзін құшақтап, бетінен сүйіп-сүйіп алды. Француз әтірінің иісі мұрнын жарып жіберердей болды. Көңілін қытықтады.

Бастығынан рұқсат сұрамай, аяндап аялдамаға келіп, автобуска отырды. Жан-жағына қарайды. Бәрі бақытты адамдар сияқты, өйткені түнімен тыныш ұйықтаған адамдарға ұқсайды. Бауыржан өзін-өзі жалғыз сезінді. Көңілі жетім. Үшінші қабатқа лифтісіз көтерілді. Есікті келіншегі ашты.

– Ия, ия, көрдім. Тікелей эфирлерің өте жақсы өтті. Ана хабарды жүргізген диктор қыз да әбден төселіп қа-

лыпты-ау, сенің арқаң ғой деп. Қайтеміз, елге жақсылық істемей жүрмейсің ғой, ол да дұрыс шығар. Сания гүлді халатының жағасын қозғап-қозғап қойды. – Шайың дайын тұр.

Дәлізде тұрған киім ілгішке костюмі мен галстугін ілген болды. Ас үйге кіргенінде келіншегі мұрынын пыс-пыс еткізіп бұған жақындай берді. – Әй, сен қатындардың иіссуын сеуіп алғансың ба? – деді. Бір кезде, күйеуінің жағасындағы қып-қызыл ерін далабын көрді де, қолындағы карлен кесесі жерге түсіп кетті.

Быт-шыт...

Үш күннен кейін диктор қыз облыстық телеарнаға ауысып кетті. Сол күні Бауыржан жұмысқа баруға қиналған. Ұялған. Студиядағы ең тандаулы диктор қыздың басқа қалаға кеткеніне іші удай ашыды. Жұма. Үйінде жалғыз. Ертең сенбі. Демалыс. Ашық тұрған терезеден түймедей бір кара шыбын ұшып кірсін. Ыз-ыз. Кара шыбын ұшып жүр. Ыз-ыз. Қалың газетті бүктеп алып, үш бөлменің ішінде кара шыбынды ұзақ қуды. Сүрінді. Құлады. Бір кезде жалп еткізді-ау. Ал кеп есінесін. Көзі жұмыла берді. Ертеңінде түсте бірақ тұрды. Сәния телефонмен сөйлесіп жатыр. «Мен айттым ғой, ол қыздың көзін құртамын деп. Нұржан Жалғасовичке айтып едім...»

Ол төсегінен жеңіл тұрды. Көзі кеше ғана газетпен ұрып өлтірген шыбынға түсті. Жерден іліп алып, ұзақ қарады. Сәния құрбысымен әлі сөйлесіп жатыр. Күліп қояды.

Бауыржан шыбынды қолына ұстап ұзақ қарады. «Е» деді іштей, «біреу өлмей, біреуге күн жоқ екен ғой...»

ІНЖУ

Інжудің орындыққа отырғаны сол еді. Оң бүйірі қатты шаншып, маңдайынан сұп-суық тер шықты. Тынысы тарылды. Буын-буыны дір-дір етіп, біраз отырды да: «Ух!» – деп, терең дем алған кезде бойындағы әлсіздік бірте-бірте тарап, қалпына келе бастады. «Мен сені сыйлап едім ғой...» деп оң бүйірін сипады, «Сен жоқсың ғой», – деді іштей.

Ертіске қарап, үн-түнсіз ойына ештеңе оралмай, мөлдір көздері бақырайып, отыра берді. Дәл қазір біреу келіп, атын сұраса да, есіне түсіре алмайтыны анық еді. Ұялы телефоны шырылдады. Тіпті қояр емес, «Белгісіз нөмір». «Бұл кім болды, тағы?»

– Алло, тындап тұрмын.

– Инджа, қызым, бұл мен ғой...

– ?

– Мен, мен... Ескендір, мен ағаң, несчастный оператор, жоғалтып алдың ба, мені?

– А, а-а-аға, сіз бе, – деді таңырқап. – Сізді бір ауданда деп еді ғой.

– Иә, сондамын, бағана телевидениеге барып, «новостидің» қыздарынан телефоныңды алдым. Бұрынғысын ауыстырып жібергенсің бе?

– ?..

– Доча, тындап отырсың ба, мені? – деді Ескендір. – Инджа, бұл сен бе өзі? Басқа біреуге түсіп кеткен жоқпын ба, алло-у?

– Жоқ, аға, – деді Інжу ойын тез жинап. – Арыстан берген телефон, мен операцияда болғанда жоғалды ғой, аға.

– ?

– Алло, Ескендір аға, сіз қалаға келдіңіз бе?

– Иә, қызым, жалғыз келген жоқпын, жеңгенді ала келдім. Представляешь... жарты жылда үйленіп тындық. Аздап мінезі бар, бірақ пойдет... Ертең сағат кешкі алтыда, телевидениенің жанында «Мұнара» деген кафе бар ғой... соған кел. Жаман-жақсы болсын, 30 жыл жұмыс істедім ғой, марқұм тәтең де сонда істеген. Қара шаңырағымыз ғой, бір шай берейін деп, то есть, отбасымды құрғанымды атап өтейін деп едім. Все-таки семья есть семья. Солай емес пе, қызым?

– О, дядя Есеке, молодецсіз, міне, өмір басқаша болды!

– Иә, басқаша, басқаша ертең кешікпе, операторский команданы шақырдым, жаңалықтың қыздарын шақырдым, өсек соғатын редактор қатындарды шақырмадым, әлде шақырайын ба, как ты думаешь, Инджа?

– Ескендір аға-ау, менімен ақылдассаныз, бәрін шақырыңыз, ақша керек болса, берейін, кейін қайтарарсыз. Қысылмаңыз, айтыңыз.

– Жо-жоқ, ақша бәрі бар, Бородулихада үйіміз бар, она же доярка. Некеге отырдық, куәлігіміз бар, тек қонаққа келсең болды.

– Барамын, – деді Инжу мұнайып. – Барамын аға, осы күнді көп күттік қой, осы күні Арыстан болса, сізге көмектесер еді ғой.

– ?

– Алло, аға, естіп тұрсыз ба?

– Иә, иә, сен кешке хабарласшы, Инджа, мен саған ақша берейін, базардан он шақты килограмм жылқының етін, бес-алты килограмм қазы-қарта алып, таңертең ерте кафеге апарып тастай аласың ба? Мен ертең

таңертең тәтеннің зиратына барып, басына гүл қойып, кешірім сұрайын дегенмін...

– Иә, аға, иә.

Ескендір телефонын асығыс жаба салды. Інжу Ертіске қарап, ойланып отырды. «Ех, Арыстан, Арыстан, сен кеткелі, үшінші жылға да аяқ басты-ау. Оралмадың ғой. Осы орындықта отырып, екеуміз қанша сырласушы едік. Аруағың риза болсын деп, бір бүйрегімді, балаңның анасына бердім. Олар тірі. Ал сен жоқсың. Мен уәдемде тұрдым. Сен болсаң, өз өмірінді сақтамадың ғой, неге кеттің алысқа, неге, неге?..»

...Інжу Ертіске қарап отырып, донор болған күндерін ойлап кетті. Хирург жігітке операция алдында: «Менің бүйрегімді айырбастағаннан кейін, орнына косметикалық операция жасайсыз ба?» дегені есіне түсті.

– Айтқаныңыз болсын, сұлу қыз. Жасаймыз, тағы қандай талабыңыз бар?

– Менің донор болғанымды ешкім білмесін. Ана келіншек мүлдем білмеуге тиіс.

– Ой, сұлу қыз, бүгін психолог Дариға Қуанышовнамен әңгімелесесің. Ойыңызды жасырмағаныңыз дұрыс болар.

– Мен жынды емеспін, – деп қалай айтқанын білмей қалды Інжу, – маған психолог керек емес.

– Неге олай дейсіз, Американың президентінен бастап, мына алдыңызда тұрған жаман ағаңызға дейін, психологтың көмегіне сүйенеді.

– Өмір – майдан, – десеңізші деп күлді Інжу.

– Сіз ертегіге сенесіз бе? – деді хирург.

– Не? – деді таңырқап сөйлеген Інжу. – Ертегінің аты ертегі емес пе?

– Ертегінің соңы жақсы аяқталады. Сондықтан, оны ересектер мен балалар жақсы көреді.

– Онда сіздің өтінішіңіз бойынша, психологтың ертегісін тыңдауға барайын.

– Оның бекер, сұлу қыз. Дариға Қуанышовна өте білікті маман, тәжірибелі, адамгершілігі де мол. Сіздер достасып кетесіздер әлі...

– Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде, – деп бота көздерін төңкеріп, хирургқа қарады. – Інжу деген бір байдың ерке қызы болыпты...

Хирург сөзін жалғамай, анандай жерде тұрған қол жуғышқа барып, қолын сабындап жуды да, мұқият сүргіп, палатадан шығып кетіп еді-ау...

Бүйірін ұстап, қайтадан оң жағына қарай қисайып отырды. «Сен жоқ едің ғой. Мен сені Арыстанымның баласының анасына, сыйлап едім ғой. Әлде қате істедім бе? Мен өкінбеуім керек, жоқ, мен өкінбеуім керек». Қасынан велосипедін салдыр-салдыр еткізіп, біреу өте шыққанда, есін жинады. Жан-жағына қарады. Адам қарасы, бағанағыдан көбейіп қалыпты.

Арыстан бұл шағын алаңқайға орналасқан, демалыс бұрышын «Өмір бақшасы» деп атаған. «Неге, Арыстан?» деп Інжу сұраған кезде, «Қарашы, осы жерге неше түрлі адамдар келеді. Адам табиғаттың жемісі ғой. Жемістің ащысы да, тәттісі де болады. Сондықтан, маған бұл жер өмір бақшасы сияқты», – деп еді-ау...

– Апай, апай, сіз мені тыға тұрыңызшы, – деп көздері ботақандай, шашы бұйра, бір бес-алты жастағы бала Інжудің жанына келді.

– Кімнен тығыласың, балақай?

– Мамамнан.

– Бала деген мамасынан тығыла ма, екен?

– Апай, енді тыға тұрыңызшы, маған балмұздақ әпермейді, тамағың ауырады, – деп.

– Мен әперейін саған.

– Жоқ, бөтен адамнан ештеңе алма деген маған мам.

– Атың кім, балақай?

– Абылай.

– Балам, балам, қайдасың? – деп толықша келген ақсары әдемі әйел бұлардың жанына келді. Інжу қараса, орындықтың артына кішкентай бала тығылып алыпты.

– Абылай, – деді Інжу. – Мамаң сені іздеп келіп тұр.

– А, сізді, мазалады ма? Әй, қу-ай, қашан қоясың осындай әдетінді.

– Бала емес пе, – деп күлді Інжу, оң бүйірі қайта шанши бастады. – Ұрыс-па-ңыз-шы.

– Әй, иттің ғана баласы-ай, әбден шаршаттың ғой.

– Мен, иттің баласы емеспін. Мен – Арыстанның баласымын, аф-аф, жеп қоямын. Мен режиссердің баласымын. Папамды іздеп, Голливудқа барамын.

Баласын ерткен әйел одан ұзай берді.

Оң жағына бүк түсіп, орнынан тұра алмай, қалш-қалш етті Інжу. «Бұл сол әйел ме еді? Арыстанның баласын да осылай көрдім бе?»

Маңдайынан сұп-суық тер шықты. Інжу бір орнынан қозғалмай отырды да қойды.

Күн батып барады...

– Сәлеметсіз бе, сұлу қыз, – деген дауысты естіп, басын ақырын көтерсе, жымыып, хирург жігіт тұр екен. Бір күш Інжуді отырған орнынан көтеріп жібергендей болды. Інжу көтеріле берді. Көтеріле берді...

МАЗМҰНЫ

Қараңғы түннің жұлдызы (Аңызнама).....	3
Ойшоғыр (Повесть).....	45
Әңгімелер	
Аққудың өлімі.....	129
Кім кінәлі	138
Мұзайна.....	142
Қанден	154
Жапа.....	164
Көкпар	166
Моншашы, «ұрланған қаздар» және мен	179
Олар екеу еді.....	195
Үнсіз нота.....	208
Қызғыш құс.....	213
Үйірін табар ма екен?	225
Қақпан	231
Дауыс	235
О, махаббат	240
Моцарт.....	249
Мерседес	255
Күл	258
Қасқырдың суреті.....	262
Қараторғай, ұштың зорға-ай... ..	264
Ах, Мона!	272
Шыбын жан	278
Інжу	282

Талғат КЕҢЕСБАЕВ

Ойшоғыр

Повесть, әңгімелер

(Қазақ тілінде)

Редакторы: *С. Шәуленқызы*

Техникалық редакторы: *Т. Әлімжанұлы*

Безендірген: *М. Еңсенбай*

Мұқабадағы сурет:

Любовь Попова: «Композиция с фигурами» 1914-15 жж

Басуға 17.05.2017 ж. қол қойылды

Қаріптүрі «TimesNewRoman». Офсетті басылым.

Пішімі 84x108¹/₃₂. Шартты баспа табағы 15

Таралымы 5000+120 дана.

Тапсырыс № 243

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,

Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.

E-mail: priemni@dauir.kz, zakaz@dauir.kz

ISBN 978-601-80663-3-7



9 786018 066337



Талғат Кенесбай – жазушы. 1961 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Саржал ауылында қарапайым отбасында дүниеге келген. Семей педагогикалық институтын тәмамдаған. 1980 жылдан бері шығармалары баспасөз беттерінде жарияланып келеді. Республикалық «Жігер» фестивалінің лауреаты (1988). Тұңғыш кітабы «Француз әтірінің иісі» 1990 жылы жарық көрген. Еуразия жазушылары одағының мүшесі. Шығармалары шет тілдерге аударылған.

